

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Он екі томдық шығармалар жинағы

Қазақ және орыс тілдерінде

Екінші том

МАСА

Астана, 2022

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Қаз)

Б 20

Еуразия ұлттық университеті
«Алаш» мәдениет және рухани даму институты
Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» оқу-әдістемелік,
ғылыми-зерттеу орталығы

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы
бәсекелестікті жоғарылату, қазақтың мәдени мұрасын сақтау,
зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін
арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды
түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату»
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

Құрастырып, баспаға дайындағандар:

*С. Жүсіп, Р. Имаханбет, Д. Қамзабекұлы, С. Жұмағұл, Қ. Кемеңгер,
Х. Маслов, А. Мырзағали.*

Жауапты редактор: *Р. С. Имаханбет*

Жауапты шығарушы: *С. А. Жүсіп*

БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АХМЕТ

**Б 20 Шығармалары – Сочинения. Он екі том. Маса. Қазақ және орыс тілде-
рінде /Ахмет Байтұрсынұлы. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022.**

ISBN 978-601-337-715-5

Т. II: –384 б.

Ахмет Байтұрсынұлының 12 томдық шығармалар жинағының екінші кітабына «Маса» жинағының 1922 жылғы нұсқаның мәтіні бүгінгі жазуға сол қалпында қопарылып берілді. 1911, 1914 жылғы нұсқалары табылмады.

Жинақтың екінші бөліміне ағартушының орыс, қазақ тілінде жарық көрген мақалалары хронологиялық тәртіппен топтастырылды. 1912–1913 жылдар аралығындағы мақалаларының кейбірінің факсимилелері берілді.

Жинақ ЖОО студенттері мен оқытушыларына, магистранттар мен докторанттарға, ғалым-зерттеушілерге, сонымен бірге мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне, жалпы әдебиетті сүйетін оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-337-715-5

ISBN 978-601-337-727-8

© Байтұрсынұлы А. 2022

© «Алашорда» ҚҚ., 2022

© А.Байтұрсынұлы «Тіл–құрал» ОӘҒЗО., 2022

БІРІНШІ БӨЛІМ

МАСА

894
A-

МАСА

Түсіне қараб,
Ішінен түңілме!
Күшіне қараб,
Ісінен түңілме.

894
A-

ماسا
تۆسنىنە قاراب،
شىنىنەن تۆگىلمە!
كۆشىنە قاراب،
سىنىنەن تۆگىلمە.



СӨЗ ИЕСІНЕН.

Ызындаб ұшқан мынау біздің маса:
Саб-сары, аяқтары ұзын маса;
Өзіне біткен түсі өзгерілмес
Дегенмен қара йаки қызыл маса.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшыб,
Қаққы жеб, қанаттары бұзылғанша,
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызыңдаса?!

ЖАЗУШЫНЫҢ ҚАНАҒАТЫ.

Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар,
Құлағын біреу салмас, біреу салар.
Теб-тегіс көбке ұнау оңай емес,
Кейіне жарамаса, кейіне жарар.

На особый
Фонд

Т. П. Б.

ماسا

ГОС. БИБЛИОТЕКА
КСЕР им. А. С. Пушкина

عسوز اي سيمينان.

• چاقان منازو بولاش ماسا؛

• مالدارى اوزن ماسا؛

• روسى امزگەلدەس

• ياكى قىزلا ماسا.

• قىتاغانىڭ آيتلا اوجىب،

• مالدارى بوزلغانچا،

• يا ماسا بولمەس بەر ايگەن؟

• دىيىپا انىشاسار.

• مانۇقچىنىڭ قاتالغاتى.

• بىرەن بىرەن آلاماس، بىرەن آلاماس.

• بىرەن سالار.

• كىمە اۇناو اوگىي ايتىشنىڭ.

• كىيىنە چىزار.

Қайсысы ықыласын салып тыңдаб,
Жаратбай қайсыбірі, теріс қарар.
Дүниеде сүйгенім бар, күйгенім бар
Солардан аз да болса белгі қалар.

ТҰУЫСЫМА.

Болармын нағыб риза тұуысыма?
Тұуыббын таршылықдың ұуысында.
Шамам жоқ, жан жағыма қол созарлық,
Тар көрдің тығылғандай қуысына.

Айта алмай шын сөзінді қорғалайсын,
Тұуғаның бүйтіб хор боб құрысын да!
Бар пайдаң өз басыңнан артылмаса,
Мал ғұрлы мағына жоқ тұрысында.

ЖАДОВСКАЙАДАН.

Мінсіз таза меруерд
Сұу түбінде жатады;
Мінсіз таза асыл сөз
Ой түбінде жатады;
Сұу түбінде жатқан зат,
Жел толқытса шығады,
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады.

فایزیشی ایخلاسن سالاب نیکداب،
جاراتبای قایسی بیی تیرس قارار
دنییادا سقیکه، بار، سقیکه نم بار
سولاردان آزدا بولسا ییگی قالار

تۇۇسیما.

بولارمن ناغب ریزا تۇۇسیما؟
تۇۇبین تارچیلقدك اۇویسندا.
چامام جوق، جانجاغیما قیل سوزارلق،
نار کوردك تفلغانداى قۇویسینا.
آیتالماى چن سوزكدى قورغالايسن
تۇۇغانك بزیتب خور برب قوریسن دا!
بار پایدك اوز باسكئنان آرتلماسا،
مال غۇرلى ماغانا جوق توریسكدا.

جادو فسکایادان.

مئنسن نازا مبرورهرد
سۇۇ تۇبندە جاناى؟
مئنسن نازا آسل سوز
اوى تۇبندە جاناى؟
سۇۇ تۇبندە جاتقان زات،
جهل تولقتسا چقاى،
جاتقان سوز
چقاى.

PK

ГОС. БИБЛИОТЕКА
КазССР им. А. С. Пушкина
ИНВ. № 095536

ХОЖА НАСРЕТДИН АҚЫЛЫ

Бір күні Хожа Насретдин жиылған жұртқа үгіт айтуға мінбеге шығыб: «Азаматтар! Мен сөйлейін деб тұрғаным ненің жайы, білесіндер ме?» дебді. Жұрт: «Жоқ білмейміз!» дебді. Хожа: «Білмесендер білмейтін нәрселерінді мен қалай сөйлеймін» деб мінбеден түсібді. Жұрт қамтама қалыб, білмейміз дегеніміз ағат болған екен, енді сұраса білмесек те білеміз деб айталық дебді.

Екінші рет Хожа мінбеге шығыб тағы сұрабды:

«Азаматтар! Мен не жайын сөйлемекпін, білесіндер ме?» деб. «Білеміз! Білеміз!» деб жұртдың бәрі шұулабды. «Өздерің біліб тұрсаңдар, мен несін айттайын» деб Хожа мінбеден тағы түсібді. Жиылған адамдар, айтады: «енді сұраса білетіндер де, білмейтіндер де бар» деб айтбақшы болыб, сөз айтысды.

Үшінші рет Хожа мінбеге шығыб бұрынғыдай тағы сұрағанда, жиылғандар «білетініміз де бар, білмейтініміз де бар», дебді. «Олай болса, білетіндерің білмейтіндерінді үйретсін, білмейтіндерің білетіндеріңнен үйренсін!» деб Хожа мінбеден түсібді де жүріб кетібді.



خوجا ناسرتىدىن آقايلى

بۇ كۈنى خوجا ناسرتىدىن جيىلغان چۆرىتقا اۈگت
 بىتۇۋغا مەنبەگە چىقىپ: «آزاماتدار! مېن سويلەيمەن دېي
 رغانم نەنڭ جايى، بىلەنسەرمە؟» دېيىدى. چۆرت: «جوق
 بىلەيمەن!» دېيىدى. خوجا: «بىلەنسەڭدەر بىلەيمەن نارسەلەرنىڭ
 تەن، مېن قالاي سويلەيمەن» دېي مەنبەدەن ئۆتۈپتى.
 چۆرت قاتما قالىپ، بىلەيمەن دېگەنمەن آغات بولغان
 تەن، اپتىدى سۇراسا بىلەنسەڭدە بىلەيمەن دېي آيتالغى،
 بىدى.

اپتىدى خوجا مەنبەگە چىقىپ تاغى سۇراپتى:
 «آزاماتدار! مېن نە جايىن سويلەيمەن كېس. بىلەنسەرمە؟» دېي
 بىلەيمەن! بىلەيمەن! دېي چۆرتنىڭ بارى چۆرلاپتى. «اوزدەرڭ
 تۇرساڭدار مېن نەن آيتايمەن» دېي خوجا مەنبەدەن
 تاغى ئۆتۈپتى. جيىلغان آدامدار، اپتىدى سۇراسا
 بىلەنسەڭدە، بىلەنسەڭدە بار» دېي آيتىپتى بولپ، سوز
 تالسى.

اۈچىنچى رېت خوجا مەنبەگە چىقىپ بۇرنىغا تاغى
 چىققاندا، جيىلغاندار «بىلەنسەڭدە، بىلەنسەڭدە بىلەنسەڭدە»
 دېي «اولاي بولسا، بىلەنسەڭدە بىلەنسەڭدە بىلەنسەڭدە»
 دېي «اولاي بولسا، بىلەنسەڭدە بىلەنسەڭدە» دېي، خوجا
 مەنبەدەن ئۆتۈپتى دە چۆر كېتىپتى.

ОҚҰҒА ШАҚЫРҰУ.

Балалар! Оқуға бар! Жатба қараб!
Жуыныб, киініңдер шабшаң-рақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан;
Қараб тұр терезеден күн жылтыраб.

Адам да, ұшқан құс да, жүрген аң да,
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:
Кішкене қоңыз да жүр, жүгін сүйреб,
Барады аралар да ұшыб балға.

Күн ашық, тоғайлар шад, ың-жың орман,
Ойаныб жан-мақұлық түнде қонған;
Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы;
Сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған.

Өзенде балықшылар ау қараб жүр;
Тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған.
Аллалаб, ал кітабды қолдарыңа!
Құлдарын Хұдай сүймес жалқау болған.



НӘБЕК АТЫ.

Арабдың Нәбек деген жалғыз аты; —
Сол екен болған малы, мүлкі, заты,

اوقۇغۇغا چاقىرغۇ

بالالار! اوقۇغۇغا بار! جاتبا قاراب!

جۇفۇيىز، كىيىنىڭدەر چابچاڭ - راق!

چاقىردى تاۋۇق مانا آلدە قاچان؛

قاراب تۇر نېرەزەدەن كۈن جىلتىراپ.

آدامدا، اۇچقان قۇسدا، جۇرگەن آڭدا،

جۇمىسىز تېك تۇرغان جوق-بېج بۇرجاندا؛

كېچكەنە قوڭۇردا جۇر، جۇڭگىن سۇيرەپ،

بارادى آرالاردا اۇچىپ بالغا.

كۈن آچىق، توغايىلار چاد، اڭ - جڭ اورمان،

اويانپ جان ماڭلۇق تۈندە قونغان؛

چىغادى توقىلداقنىڭ توق - تۇق داۋىسى؛

سايىراغى سارغالداقنىڭ سىڭىرلاغان.

اوزەندە بالىچىلار آۋ قاراب جۇر؛

توغايدا اوراق داۋىسى چاڭ - چۇڭ اورغان

آلالاب، آل كىتابىدى قولىدارى!

قۇلدارن خۇداى سۇيمەس جالقاۋ بولغان.

نابېك آتى.

آرابىڭ نابېك دېگەن جالغىز آتى؛

سول اېسكەن بولغان مالى، مۈلكى، زاتى،

Озбайтын шабса жылқы асқан жүйрік,
Бітбеген өзге атдарға түр сифаты.

Күн сайын жал құйрығын сүзіб тараб;
Сұуарыб мезгілімен, жемдеб қараб
Өткізбей күндіз ыстық, түнде суық
Адамнан атын артық күтеді араб.

Бар екен Дайыр деген бір асқан бай
Малы көб, түрлі бұйым бәріне сай,
Мұңы зор: сонша байлық ортасында:
Аты жоқ жылқысында жарлы атындай.

Ал деді, аймады малын, затын;
Алмады, бермеді де Нәбек атын:
Атқұмар атын қимас, жанын қиар, –
Атынан еш нәрсе жоқ оған жақын.

Дайырда күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ;
Жарлыдай жалғыз атты, бай сиқы жоқ;
Алмаққа Нәбек атын амалменен,
Ойлайды алдайын деб бір фақыр боб.

Жүретін Нәбек һәман жолын біліб,
Үстіне сылқым-сылқым киім іліб,
Ауруу, халі мүшкіл, мүсәпірше.
Отырды жол шетінде – аһ, уһілеб.

اوز بايتن چابسا چلقى آسقان جۇيرىك،
 بىنبەگەن اوزگە آندارغا ئۇر سىفانى.
 كۈن ساين جال قۇيرىغن سۇزب ئاراب؛
 سۇوارب مېزگلى مېن، جېمىدەب قاراب
 اونسىزبەي كۈندىز استىق، تۈندە سۇق
 آدمنان آتن ارتق كۈتەدى آراب.
 بار اېكەن، داير دېگەن، ئېر آسقان باي
 مالى كوب، ئۇرلى بۇيم بارىنە ساي،
 مۇكى زور، سونچا بايلىق اورناسىدا:
 آنى جوق چلقىسىندا جارلى آتىداي.
 آل دەدى، آيامادى مالن، زاتن؛
 آلمادى، بېرمەدى دە ناپېك آتن؛
 آت قۇمار آتن قىماس، جانن قىار، -
 آئىنان ھېچ نارسە جوق اوغان جاقن.
 دايردا كۈندىز كۈلكى، تۈنكە اۋىقى جوق؛
 جارلىداي جالغىز آتتى، باي سىقى جوق؛
 آلماققا ناپېك آتن آمال مېنەن،
 اۋىلادى آلداين دېب ئېر فاقىر بوپ،
 جۈرەتنن دېك ھامان جولن بېلب،
 اۋستىنە سلقم - سلقم كىيىم ئالپ،
 اۋرۇ خالى مەزچىكل، مۇساپىرچە
 اۋىردى جول چېتىك - آھى، اۋھلەب.

Оңаша, жолдасы жоқ, жалғыз өзі
Нәбекті келе жатқан көрді көзі
Өтерде нақ қасынан, бишарасыб,
Ыңкылдаб, міне Дайыр айтқан сөзі:

«Е, жаным! Мен жолаушы, жолым алыс,
Адам жоқ бұл маңайда маған таныс,
Аурұу, дәм татбаған үш күндей аш,
Орнымнан жылжу маған қиын жұмыс.
Атыңмен анау елдің ортасына,
Жеткізсең берер едім көб-көб алғыс!»

Тоқтатыб, басын тартыб, Нәбек атды
«Жарайды, мінгесе ғой, кел!» деб айтды.
Сөйлейді тағы Дайыр, жыламсыраб:
«Халім жоқ, міне алмаймын, дертім қатты».

Атынан бұл сөзді естіб, түсті Нәбек
Көтеріб мінгізді ерге сүйеб, демеб.
Тиууі тізгін қолға мұң-ақ екен
Жөнелді, бір тебініб, Дәкең шүү деб.

Шығыб аб оқ бойы жер, қараб кейін,
Ойлайды: бірдеме оған деб кетейін.
«Әй, Нәбек! Кім екенім білдің бе енді?
Атыңмен қоштас, аңқау, сорлы ақбейіл!»

اوڭاچا، جولداسى جوق، جالغز ءوزى
 نابېكىدى كېلە جاتقان كوردى كوزى
 اوتەردە ناز قاسىنان، بېچارا سې،
 اڭقىلداپ، مەنە داير آيتقان ءسوزى: /

«اېە، جانم! مېن جولاۋچى، جولم آلس،
 آدام جوق بۇل ماڭايدا ماغان تاناس،
 آۋرۇ، ءدام تاتباغان ءۇچ كۈندى آچ،
 اورنەنمان جىلجۇ ماغان قىيىن جۇمس.
 آڭك مېن آناۋ اېلىڭك اور تاسىتا،
 جېتىكز سەڭك بېرەر اېدىم كوب-كوب آلس!»

توقتاپ، باسن تارتىپ، نابېك آتدى
 «جارايدى، مىنگە سەغوى، كېل!» دېپ آتتى.
 سويلەيدى تاغى داير، جىلامسىر اې:
 «خالم جوق، مەنە آلمايمن، دېرتەم قاتتى»

آتىنان، بۇل ءسوزدى اېستىپ، ءۇسىدى نابېك
 كوتەرب مىنگىزدى اېرگە سۇيەپ، دېمەپ.
 ءيۇۋى تىزگىن قولدا مۇڭ-آق اېكەن
 جۈنەلدى، بىر تېيىنىپ، داكەڭك چۇۋ دېپ.

چىغ آب اوق بويى جېر، قاراب كېيىن،
 اويلايدى: بىر دېمە اوغان دېپ كېتەيىن.
 «آى، نابېك! كىم اېكەنم بارىڭ-بە اېندى؟
 آڭك مەنە قوسداس، آڭقاۋ، سوزلى آق بېيىل!»

«Тұра тұр! Нәбек айтды, тоқтаб солай,
Атыма асық еді адам талай.
Тілейтін жалғыз сенен тілегім сол –
Адамға айта көрме алдың қалай!»

«Бұ не сөз? Не тілек!» деб бай танданды,
Мәнісін білейінші деб ойланды:
«Айтба деб, сонша өтініб, жалынасың,
Көрерсің айтсам онан не залалды?»

«Ойлама! Нәбек айтды «арбайды деб;
Қол жетбей, тілін құраб, жалғайды деб;
Оқиға бұл секілді шықса аузыңнан,
Білгейсің! Жайылмай, жай қалмайды деб.
Қалайша алғаныңды жұрт естісе,
Қарасбас шын фақырға алдайды деб.

Мұны естіб, Дайыр жылдам атдан түсді:
Ұққанға адал сөзден бар ма күшті?
Құлашын жайыб, қойнын ашыб келіб,
Нәбекті сүйіб Дайыр, мойнын құшды.



Ебі көб, дорбасы жоқ қайыршылар,
Ебіне Хұдай көнсе, байып шығар!
Арымай алдырғанға Нәбекшілеб,
Адам аз айтқанды ұғыб Дайыршылар.

«تۇر تۇر!» ناپېك آيتىدى، «توقتاڭ سولاي.
 آتېما آستى اېدى آدام تالاي؛
 تىلەيتىن جالغىز سېنەن تىلەگم سول -
 آدامغا آيتا كورمە آلدك قالاي!»

«بۇ نە سوز! نە تىلەك!» دېب باي تاڭداندى،
 «مانىسەن بلەينچى» دېب اويلاندى.

«آيتبا دېب، سونچا! اوتىنب، جاليناس،
 كورەرسەن آيتسام اونان نە زالالى؟»

«اويلاما!» ناپېك آيتىدى، «آرنابىدى دېب؛

قول جېتباي. تىلەن قۇراب، جالغابىدى دېب؛

واقىغا بۇل سېكىلدى، چىقسا آۇزگىنان،

بىلگىيسەن! چاچلىماي، جاي قالمايدى دېب.

فالايچا آلفانگىدى جۇرت اېستىسە،

قاراسباس چەن قاقىرغا آلدابىدى دېب.

مۇنى اېستىب، داير جىلام آتدان تۇسىدى:

اۇققانغا، آدال سوزدەن بارما كۇچتى؟

قۇلاچەن جايىب، قوين آچىپ كېلى،

ناپېكىدى سۇير داير، موينىن قۇچىدى.

اېبى كۆب، دورباسى جوق خاپىر چىلار،

اېيىنە خۇداي كونسە، باير چىغار!

آرىملى آلدىرغاندا ناپېكچىلەب،

آدام آز آيتقاندى اۇغىب داير چىلار.

Жақын бол, жақындықты ебiм дейдi,
Бергендi алдым еббен тегiн дейдi.
Қайтармай, қарыз алыб қайбiреулер
Алдадым, бермей кеттiм, жедiм дейдi.

Осындай ер басына iс көб келер!
Бiлмесбiз: кiмге қалай, кiм дөб келер!
Сұмдығы сұраушының азаймаса.
Не жөн бар? Қайырсыз деб жұртқа өкпелер!



СОРЛЫ БОЛҒАН МҰЖЫҚ.

Болған соң кәсiбi ұрлық ұры залым,
Ұрлауға ұят дей ме жұртдың малын?
Ойы арам қаны қара ол неғылсын!
Бiреудi зар жылатбақ, зор обалын!

Хұдай да, Құран да оған жалғыз қарын.
Сол үшiн қара жерге көмген арын.
Ұры енiб бiр Мұжықдың сарайына.
Сыпырыб кетiдi ұрлаб қоймай бәрiн.

Мұжығым жатарда бай, тұрса сорлы.
Байлықдың құр тып-типыл қалған орны.

جاقن بول، جاقىندى اېىم دېىدى،
 بېرگەندى آلدەم اېىب بېىن تېىگىن دېىدى.
 قايتارماي، قارز آلب، قاي بىرەۋلەر
 آلدەم، بېرمەي كېتىدىم، چېدىم دېىدى.
 اوسىنداي اېىر باسپىنا ءاس كوب كېلەر!
 بىلمەسېز: كىگە قالاي، كىم ءدوب كېلەر!
 سۇمىدىغى سۇراۋچىنىڭ آزايماسا .
 نە ءجون بار؟ خايرىز دېىب جۇرتقا اوكىلەر!

سورلى بولغان مۇجىق.

بولغان سوڭ كېسىپىر اۇرلىق اۇرى زالم،
 اۇرلاۋغا اۇيات دېىپە جۇرتنىڭ مالىن؟
 اويى آرام قانى قارا، اول ناغىلىسن!
 بىرەۋدى زار جلاتباق، زور اوبالنى!

خۇداي دا، قۇران دا اوغان جالغىز قارن.
 سول ءاۋچىن قارا جېرگە كومىگەن آرن.
 اۋرى اېىن بىر مۇجىقنىڭ ساراينىنا.
 سېپىر كېتىدى اۇرلاپ قويماي بارن.

مۇجىقم جاناردا باي، تۇرسا سورلى.
 بابلىقنىڭ قۇرتىپ - تىپىل قالغان اورنى.

Аһылаб, уһілейді, ұры алған соң,
Терімен маңдайының жиған қорды.
Туысқан, көрші, құда-құрмаласын,
Дос-жаран жиыб, Мұжық жәрдем сұрады

«Қайғымды, Мұжық айтды, «шағам, жұртым!
Сендерден жақын кімді табам, жұртым!
Ұшыраб зор қазаға, жайым мынау!
Не көмек бересіндер маған, жұртым?»

Жиылыб келген өңшең жақындары,
Мұжыққа ақыл айтыб жатыр бәрі
Сорлыға бар мүлкінен жұрдай болған
Мінеки берген көмек-ақылдары:

Карп деген бөлесі айтды: «Әуел басда
Бай деб ат керек еді шығармасқа!»
Құдасы Клим айтды: «Мұнан бұлай
Сарайды үйден оқшау салдырмасқа!»

Айтады көрші мұжық бір жасырақ:
«Болғаннан емес қой бұл сарай жырақ;
Қабаған кісі алатын төбеттерден
Қораға қоймағаннан ит асыраб.

Қаншығым балалады күні кеше,
Ал, сонан, аймамайын керегінше!

Бірталай, үйшік толған күшігі бар,
Ішінен табылатын қандай десе.
Көршіме көңілі жарым қимаймын ба?
Обалын мойныма артыб, өлтіргенше!»

Жүз ақыл берген шығар келген бәрі;
Бірі олай, бірі бұлай деб жас, кәрі.
Аямай тіл көмегін беріб, беріб,
Бір адам қарасбады сөзден әрі.

Ей, Мұжық! Жұртқа сенбе өзіңе сен!
Өледі аштан қонақ әрі-сәрі.
«Ауызыңды құрғақ қасық босқа қажар»
Шығынға құр айтқан сөз болмас дәрі.

Бұл сөздің мағынасы емес терең,
Сонда да қорытуын айтыб берем;
Һәр түрлі сыналатын жер болмаса,
Достықты, жақындықты шын-ақ дер ем;
Жаб жақын жайшылықта көб дос жарды,
Мен неге жамандықта сирек көрем?

Тар кезең, талма жерде табылу жоқ;
Қалады құлақтары болыб керең.
Осындай дүнианың ісін байқаб,
Достық бен жақындыққа талғаб сенем.

ئېر تالاي، اۇيچەك تولغان كۈچىگى بار،
 اچىنەن تابىلانن قانداي دېسە.
 كورچىمە كوڭلى جارم فيمايمىن با؟
 اوبالان موينىما آرتىب، اولترگە نچە!»

جۈز آقۇل بېرگەن چىقار كېلگەن ئېبارى؛
 ئېرى اولاي، ئېرى بۇلای دېپ جاس، كارى.
 آياماي ئۇل كۈمەگەن بېرىب، بېرىب،
 ئېر آدام فاراسبادى سوزدەن ئارى.

ابى، مۇجىق! جۇرتقا سېنىبە اوزىگە سېن!
 اولەدى آچدان فوناق ئارى-ئسارى.
 «ئۆزگىدى قۇرغاق قاسق بوسقا قاجار»
 چىغنا قۇر آيتقان سوز بولماس ئارى.

بۇل سوزدەك ماغاناسى اېمەس تېرەك،
 سوندا قوريتۇن آيتىب بېرەم؛
 ئۇر ئۇرلى سنالاتن جېر بولماسا،
 دوستقى، جاقندى چن - آق دېرايم؛
 جاب جاقن جاپچىلقدا كۈب دوس جاردى،
 مېن نېگە جاماندا سىرەك كۈرەم؟

تار كېرەك تالما جردە تابىلۇ جوق؛
 فالادى قۇلاقدارى بولب كېرەك.
 اوسىنداي دۇنيانىڭ ئاسن بايقاب،
 دوستق بېن جاقندىقا تالغاب سېنەم.

ҚАЗДАР.

Бір ұзын алыб қолға мықты шыбық
Қаздарын қалаға айдаб шықды мұжық.
Қуалаб байғұсдарды, келеді ұрыб,
Асығыб базар күнге жаны шығыб.

Тексерсек мұжық ісін байқаб, ойлаб,
Оған да дұрыс емес кінә қоймақ:
Асықды базар күнге, пайда көб деб,
Қаздарды ұрды ма ол босқа ойнаб?

Десеңдер: олсыз базар тарамайды
Дер едім, мұжық ісі жарамайды.
Пайдасы, базар өтіб, кетер жерде,
Қаз түгіл адамға да қарамайды.

Біздерше қаздар, бірақ, сынамады,
Оларға мұжық ісі ұнамады.
Жолыққан жолаушыға бәрі шұулаб,
Мұжықтың ісін айтыб, кінәлады.

«Бар ма екен? Бізден сірә соры қалың!
Қожасыб, қуалайды мұжық жарым.
Қорлайды ұрыб, соғыб ойламайды,
Мойнында қандай міндет қарыз барын!

قازدار.

بَر اوزن آلپ قولغا مقنى چىق
قازدارن قالاغا آيداب چىقى مۇجىق.
قۇۋالاب بايغۇسداردى، كېلەدى اۇرب،
آسىغىب بازار كۈنگە جانى چىق.

تېكسەرسەك مۇجىق ئاسن بايقاب، اويلاپ،
اوغاردا دۇرس اپمەس كىنا قويماق:
آسقىدى بازار كۈنگە، پايدا كۆب دېپ،
قازداردى اوردىما اول بوسقا اويناب؟

دېسە كدەر: اولسىز بازار نارامايدى
دېر اپدم، مۇجىق ئاسى جارامايدى.
پايداسى، بازار ئاوتىپ، كېتەر جېردە،
قاز تۈگۈل آدامقادا فارامايدى.

بزدەرچە قازدار، براق، سنامادى،
اولارغا مۇجىق ئاسى اۇنمادى.
جولققان جوللاۋچىغا ئبارى چۇۋۇلاب،
مۇجىقىدك ئاسن آيتىپ، كىنالايدى.

«بارما اپكەن؟ بزدەن ئسرا سورى ۋالك!
قوجاسىب، قۇۋالايدى مۇجىق بىارم.
خورلايدى اۇرب، سوغىب اويلامايدى،
مويىندا قانداي مىندەت قارز بارن!

Ойласа қайдан біздің асылымыз?
Румды құтқарған қаз нәсіліміз!
Айт істеб атамыздың құрметіне,
Өтбейді һәман онда жыл мейрамсыз!
Тайақ жеб жай қаздарша, жүргеніміз,
Наданға душар болыб бір білімсіз!»

Қаздарға жолаушы айтды: «Тоқтаңдаршы!»
Ауысқан ақыны айтыб жоқтаңдаршы!
Сендерді қадірлеуге не үшін міндет?
Мұжықды айыбты ғып боқтаңдаршы!»

– «Істеген атамыздың ісі қайда!?
Румды құтқарғаны азғантай ма?»
«Қойа тұр» жолаушы айтды, «көрдегіңді!
Өздерің келтірдіңдер қанша пайда!?»

– «Айтдық ғой атамыздың еткен ісін!
Әлде өзің сөзімізге сенбеймісің?»

– «Сенемін һәм білемін атаң жайын!
Сендерді қадірлеуге деймін не үшін?
Өткізді өз бастарың қандай еңбек?
Атаңда көрде жатқан жоқ жұмысым»

اويلاسا قايدان بۇزۇڭ ئاسىلىمىز؟

رۇمىدى قۇتقارغان قاز ئاسىلىمىز!

آيت استەب آنامزىڭ خۇرمەتتە،

اوتتەيدى سامان اوندا جىل مىرامسىز!

تايلاق چېپ جاي قازدارچا، جۇرگەنىمىز،

نادانغا قۇنچار بولۇپ بىر بىلىمىز!

قازدارغا جولۇچى آيتىدى: «ئوقتاڭدارچى!»

ئۇسقان آقنى آيتىپ جوقتاڭدارچى!

سېنىدەردى قادىرلۇڭ نە ئۇچىن مەن؟

مۇجىقدى آيتى غىب بوقتاڭدارچى!

— «استەگەن آنامزىڭ ئاسى قايدا؟»

رۇمىدى قۇتقارغانى آزانىما؟

«قويا تۇر!» جولۇچى آيتىدى، «كوردەگىدى!

اوزدەرلۇڭ كېلىرىڭدەر قانچا پايدا؟»

— «آيتىق غوى آنامزىڭ اپتىكىن ئاسى!

آلدە ئوزىڭ سوزىمىزگە سېنىدەيمىسىز؟»

— «سېنىمىن ئھام بىلەن آڭاڭ جايىن!

سېنىدەردى قادىرلۇڭ دېيىمىن نە ئۇچىن؟»

اوتكىزدى ئوز باسدارلۇڭ قانداي اپكىمەك؟

آڭاڭدا كوردە جاتقان چوق جۇمىسىم»

«Біздің бе? ... (1) жоқ өткізген еңбегіміз?»
«Әже жөн сыйламаса, көнбегіңіз:
Мені де атам жақсы, қадірле деб,
Таласыб қиын болар жеңбегіңіз.

Жақсы-ақ боб аталарың өткен шығар:
Ісіне қарай құрмет еткен шығар;
Қалдырмай асылынан артдағыға,
Өзімен жақсылығы кеткен шығар.

Көрдегі көмек болмас бабаларың,
Кем болса өздеріңнің бағаларың;
Көніңдер, ұрса, соқса, сойса дағы!
Болған соң қуырдақтық шамаларың».



Кетермін байандасам алысқа бек:
Лайық һәр нәрсеге керек ғой еб.
Жайынан жат қаздардың сөйлеген сөз
Көбіне жақын қаздың тиетін дөб.

Бетіне көрдегінің көнін ұстаб,
Деб жүрген көріктімін қазақтар көб.
Қысқартыб сөз айағын тоқтатамын,
Солардың өкпесіне қалармын деб.

1 ...Ойланыб, ойланыб

— «بۇزۇك بولۇپ؟» (*). جوق اوتۇنۇرگەن ايتىپ كېلىمىز؟»

— «آچە، جون سىلاماسا، كۈنپە كېلىمىز:

مېنى دە ئاتام جاقسى، قادىرلە دەپ،

تالاسىب قىيىن بولار جېڭىپ كېلىمىز.

جاقسى. — آق بوب، آتالار كۈنپە كېلىمىز:

اسىنە قاراي خۇرمەت ايتىپ كېلىمىز؛

قالدىرماي آسايىنان آرتىداغىغا،

«ئۆزى مېن جاقسىلىقى كېلىمىز چىقار.

كۈردەگى كۈمەك بولماس بابالار كۈ،

كېم بولسا ئۆزىدە رۇڭ كۈ باغلاپ؛

كۈنكۈدەر، ئۆرسا، سۇقسا، سۇيساداغى!

بولغان سۇك قۇردا قىچىپ چامالار كۈ»

كېتىمىز باياندا سام آلسقا بېك:

لايىق ئۇر نارسەگە كېرەك غۇي ايتىپ.

جايىپان جات قازدار كۈ سۇيا كەن سۇز

كۈيىنە جاقىن قاز كۈ نىيەتنى ئۆپ.

بېتىد، كۈردە كېلىمىز كۈننى ئۇستاب،

دېپ جۇرگەن كۈركىنى مەن قازدار كۈپ.

قىسقارتىپ سۇز آياغىن ئوقتا ئامىن،

سۇلار كۈ اۈكەسىنە قالارمەن دېپ.

(*). اويلاپ، اويلاپ.

ЕСЕК ПЕН ҮКІ.

Үркектеу, үйір емес онша қолға,
Бір Есек ұлы сапар шықты жолға.
Есекдің бойы тәуір болғанменен,
Есебде қосылмайды есі молға.

Және де бұл Есекдің көзі соқыр,
Басшысыз, соқыр қалай жүрсін оңға?
Ылағыб тура жолдан, қаңғыб кетді,
Қисайыб, қыңыржақтаб шығыб жонға.

Ішіне қалың орман барыб кірд,
Білмеймін, не жол тауыб неғыб жүрді?
Күн батыб, қас қарайған уақытда,
Есекдің ылаққанын Үкі көрді.

Үкі айтды мінгіз Есек мені! деді;
Мініб аб, мен бастайын сені деді;
Жолды айтыб, жөнді сілтеб мен отырсам,
Көзіңнің неш нәрсе емес кемі деді.

Бір ауыз сөз қайырмай, Есек көнді,
Мініб аб, Үкі отырды сілтеб жөнді.
Жерлерден адыр-бұдыр аман өтіб,
Ағаштың жиегіне жақын келді.

ابىسەك بىين اۋكى.

اۋركەكتەن، اۋىر ابىسەس اونچا قولغا،
 بىر ابىسەك اۋلى ساپار چەدى جولغا.
 ابىسەككە بويى تاۋر بولغان مېندى،
 ابىسەپدە قوسلمايدى ابىسى مولغا.

جانادا بۇل ابىسەككە كوزى سوقى.
 باسچىسىز، سوقى قالاي جۇرسىن اوڭغا؟
 اۋلاغمى تۇورا جولدان، قانچى كېندى.
 قىساپ، ئىكەر جاقىتاب، چىغىب جونغى.

اچىنە قالڭ اورمان بارى كوردى.
 بامەيمىن: نە جولى تاۋىب نە غىب جۇردى؟
 كۈن باتىپ، قاس قارايفان واقىدا.
 ابىسەككە اۋلاقاننى اۋكى كوردى.

اۋكى آيتىدى. مىڭز ابىسەك مېنى! دېدى؛
 مەن بىر آب، مېن باستاين سېنى دېدى؛
 جولىدى آيتى، جولىدى سىلتەپ مېن اوتىسام،
 كوزىڭنىڭ ھېچ نارسە ابىسەس كېمى دېدى.

بىر آۋىر سوز قايرماي، ابىسەك كوندى.
 مەن بىر آب، اۋكى اوتىردى، سىلتەپ جولىدى.
 جېرلەردەن آدر-بۇدر آمان اۋتەپ،
 آدامىڭ جىيەگىنە حاقىن كېلىدى.

Жол табқан қараңғыда басшысына, –
Ден қойыб, бастағыш деб, Есек сенді.
Бір кезде таң сарғайыб – машырықдан
Ағаштың арасына сәуле енді

Үкілер күндіз соқыр, түнде көргіш,
Есекең, іс мәнісін білмей ергіш
Үкіден, таң атса да айрылмайды,
Деб ойлаб Жарықда да жөн сілтегіш.
Күн шықды, жарық болды дүниа жүзі
Үкінің бұлдырайды көрмей көзі.
Өзгеге жөн көрсетіб, бастау түгіл
Әлі бар отырарлық жай – ғана өзі.

Сонда да Есегіне сыр бермеске,
Айтатын, білгішсініб, міне сөзі:
«Ал келдік жаман жерге! Енді сақтан!
Жолама! Сол жақтағы өзенге аққан.
Бетіңді оң жағыңа сала жүріб,
Аман өт! Мынау жатқан ылай қақтан
(Ол жердің өзені де, қағы да жоқ!
Білмеймін, соқыр Үкі қайдан табқан!)

چول تابقان فاراڭفیدا باسچىسىنا،
 دىن قوبى، باستاڭ دېب، ايسەك سېندى،
 بىر كېزدە، تاڭ سارغايىب - ماچرىقدان
 آغاچدىڭ آراسىنا سۈلە اېندى

اۈكىلەر كۈندىز سوفر، تۈندە كورگىچ.
 اېس - اېسكەڭ، اس مايسىن بامەى اېرگىچ
 اۈكىدەن، تاڭ آتسادا، آيرلمايدى،
 دېب اويلاپ جارقىدادا جون سلتەگىچ.
 كۈن چىقدى، جارق بولدى دۇنيا جۈزى
 اۈكىنىڭ بۇلدايدى كورمەى كوزى.
 اوزگەگە جون كورسەتەب، باستاۋ تۈكل
 آللى بار اوتتارلىق جاي - غانا اوزى.

سوندادا، ايسەگىنە سىر بېرمەسكە،
 آيتان، بىلگەچسەن، مە سوزى:
 «آل كېلىك جامان جېرگە! اېندى ساققان!
 جولاما! سول جاقداغى اوزەنگە آققان.
 بېتىڭدى اۈك جاقىڭما سالا جۇرب،
 آمان اۈت! مانا جاتقان الاى قاققان.
 (اول جېردىڭ اوزەنى دە، قاغىدا جوق؛
 بىلمەيمەن، سوفر اۈكى قايدان تابقان!)

Есекді Үкі билеб, алыб қолға,
Салыбды нақ ғазазыл түскен жолға.
Пәлен деб күн ілгері неғылайық,
Түскені ондай жолға бақпа? сорма?



Бұл сөзді байандаған болмас айыб!
Нәркімнің ісіне бар сөз лайық.
Көркем сөз мұнан артық таба алмадым
Тал түсте ылаққанға жолдан тайыб.

Көб білім, көбді үйретер, болмаса да,
Не пайда? Жабыққаннан құр мұңайыб,
Соқырға көрсеткенмен, көре қоймас!
Сонда да, үміт үзіб, отырмайық.
Арланбай, адасқанды әшкерелеб,
Қойалық погоннойын жұртқа жайыб.



Болады ақылсыздың мысалы есек,
Ғылымсыз надан адам соқырға есеб.
Қалбынан есек асыб ат болмайды,
Қойса да қорасына асыл төсеб.

Алтынды айағыңа басқанменен,
Болмайды асылы азыб, балшық кесек.
Жақсыны жақсы деген, мақтау емес,
Жаманды жаман десең, болмайды есек.

اپسەكدى اۈكى بېلەب، آلب قولغا،
 سالىدى ئاق غازازل تۇسكەن جولغا.
 پالەن دېب كۈن الگەرى نەغلايق،
 تۇسكەنى اوندای جولغا باق - با؟ سور - ما؟

~~~~~  
 بۇل سوزدى بايانداغان بولماس آيپ!  
 ھار كىنك اسىنە بار سوز لايىق.  
 كوركەم سوز مۇنان ارنى ئابالھام  
 ئال تۇسە اۋلاققانغا جولدا تايپ.

كوب بىلم، كوپى اۋىرەتەر، بولماسادا،  
 نە پايدا؟ جابققاننان قور مۇكايب،  
 سوقرغا كورسەتكەن مېن، كورە قويماس؛  
 سوندادا، اۋمت اۋزىب، اۋترمايق.  
 آرلانباي، آداسقاندى آچكارالاب،  
 قويالىق پوگونىوين جۇرتقا جايپ.

~~~~~  
 بولادى آقلىزدىك مىسالى اپسەك،
 غىلىمسز نادان آدام سوقرغا اپسەب.
 قالىپنان اپسەك آسب آت بولمايدى،
 قويسادا قوراسينا آسل توسەب.

~~~~~  
 آلتىدى آياغىكا باسقان مېندن،  
 بولمايدى، آسىلى آزب، بالچق كېسەك.  
 جاقسىنى جاقسى دېگەن، ماقتاۋ اپمەس،  
 جاماندى جامان دېسەك، بولمايدى اۋسەك.

Қауымынан мұсылманның шыққан жолды,  
Айыбба, ғазазылдың жолы десек.

Білгішсіб кей білімсіз жол айтыб жүр,  
Байқасақ, не оңды жол ол айтыб жүр.  
Халыққа надан адам басшы болыб  
Халықдың надандығын молайтыб жүр.  
Наданға надандықбен, жұрт ерген соң,  
Тал түсте ылақды деб соны айтыб жүр.



Жазған сөз жаным ашыб Алашыма;  
Алашдың адасқан аз баласына.  
Қаннан қан, еткен інім бауыр жұртым!  
Қараған «Қара таудың» қаласына;

Іші лас сырты таза залымдардың  
Алданыб құр сыртының тазасына.  
Мәз болыб байғазы алған балаларша  
Сатылыб жылтыраған танасына,

Әбілдің зиаратын аттаб өтіб  
Қабылдың бата қылма моласына,  
Қорыққанға қос көрініб қойдай үркіб  
Тығылыб дажалдың ит ханасына,

قارمىنان مۇسلماننىڭ چىققان جولىدى،  
 آيتىپ باغازارلىك جولى دېسەك.

بىلىگچىسى، كېيى بىلىمىز جول آيتىپ جۇر،  
 بايقاساق، نە اوڭدى جول اول آيتىپ جۇر.  
 خالققا نادان آدام باسچى بولب  
 خالقدىك ناداندىن مولايتىپ جۇر.  
 نادانغا ناداندىق بېن، جۇرت اېرگەن سوڭ،  
 تال نۇسە اۇلاقىدى دېپ سونى آيتىپ جۇر.

جازغان سوز جانم آچىب آلاچىما؛  
 آلاچىدىك آداسقان آز بالاسىنا.  
 قاننان قان، ايتىن اېتىم باور جۇرتىم!  
 قاراغان «قارا ناۋدىك» قالاسىنا؛

اچى الاس سرتى تازا زالمىاردىك  
 آلدان ب قۇرسونىنىڭ تازاسىنا،  
 ماز بولب بايغازى آغان بالالارچا  
 ساتىلىپ جلتىراغان ناناسىنا،

اېلىدىك زىيارانن آتتاب اوتىب  
 قابىلىدىك باتا قىلما مولاىسىنا،  
 قورققانغا قوس كورىنىپ قويداى اۋرىك  
 نغىلىپ داچالدىك بت خاناسىنا،

Ес кетіб, сабыр қалмай сасқалақтаб.  
Қорыққаннан көзің сыймай шарасына,  
Ұмытыб Хұдайды да, Құранды да,  
Бас ұрма, Лат – Манат ағашына!



### ҚАЗАҚ ҚАЛПЫ.

Қаз едік қатар ұшыб қаңқылдаған;  
Сахара көлге қоныб салқындаған:  
Бір өртке қаудан шыққан душар болыб,  
Не қалды тәнімізде шарпылмаған.

Алаштың адамының бәрі мәлім:  
Кім қалды таразыға тартылмаған;  
Дегендер мен жақсымын толыб жатыр,  
Жақсылық өз басынан артылмаған;

Тықылдаб, құр пысықсыб сөйлейтін көб,  
Екпіндеб, ұшқыр атша қарғындаған;  
Бос белбеу, босаң туған бозбала көб,  
Киіздей шала басыб, қарпылмаған;

Еңкеңдеб ет аңдыған шалдар да көб,  
Телміріб бір тойғанын ар қылмаған;  
Ақ көңіл, алаң-бұлаң адамдар көб  
Ішсе деб азын көбке, аңқылдаған;



اېس كېتىپ، ساپر قالماي ساسقالاقتاب  
 قورققاننان كوزىڭ سىماي چاراسىنا،  
 اۋمىتىپ خۇدايدىدا، قۇراندىدا  
 باس اۋرما، ئات - مانات آغاچىنا!

### قازاق قالپى.

قاز ابدىڭ قانار اوچىپ قاققىلداغان؛  
 ساغرا كۈلگە قوز سالقىنداغان؛  
 بىر اورتىكە قاۋدان چىققان ئۇۋچاز بولۇپ،  
 نە قالدى تانىمىدە چارپىلماغان.

آلاچىڭ آدمىڭ ئبارى ئالم؛  
 كىم قالدى تارازىغا تارتىلماغان؛  
 دېگەنلەر مېن جاقسى مەن تولۇپ جاتىر،  
 جاقسىلىق اوز باسىنان آرتىلماغان؛

تقىلداپ، قۇر پىشقىپ سويلەيتىن كۈپ؛  
 اېكىنلەپ، اوچىر آتچا قارغىنداغان؛  
 بوس بېلىپ، بوساڭ تۇرغان بوز بالا كۈپ،  
 كىيىزدەي، چالا باس، قارىلماغان؛

اېكەكەكەپ ايت آڭدىغان چالداردا كۈپ،  
 نېلمىز بىر تويغانن آرتىلماغان؛  
 آق كۈڭل آلاڭ بۇلاڭ آدم - ار كۈپ  
 اېسەپ، بىز آرن كۈپكە، آڭقىلداغان؛

Хайырсыз, неше сараң байлар да бар,  
Қайықдай толқындағы қалтылдаған;  
Бәрінен тыныш ұйықтаб жатқандар көб  
Ұмтылыб талаб ойлаб талпынбаған;

Солардың қатарында біз де жүрміз  
Мәз болыб құр түймеге жарқылдаған.  
Не пайда өнерің мен біліміңнен,  
Тиісті жерлеріне сарф ұрмаған.

Бұл бір сөз хасірет етіб, хатқа жазған.  
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.  
Байға мал, оқығанға шен мақсұд боб  
Ойлайтын жұртдың қамын адам аздан.

---

### **ҚАЗАҚ САЛТЫ.**

Қалтылдақ қайық мініб есбесі жоқ,  
Теңізде жүрміз қалқыб кешпесі жоқ.  
Жел соқса, құйын қуса жылжи беру  
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ.

Бұл күйге бүгін емес көбден кірдік;  
Алды, артын аңдамаған бетбен кірдік;  
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз:  
Алалық алты бақан дертбен кірдік.

خايرسىز، نېچە ساراڭ بايلاردا بار،  
 ئايقرى تولىقداغى قاتلداغان؛  
 بارىنەن تىنچ ئويقتاب جانتقاندار كۆپ  
 ئۆمىتىلەپ ئالاب ئويلاپ ئالپىنباغان؛  
 سولاردىڭ قاتارلىرىدا بىزدە جۇرمر  
 ئاز بولۇپ قۇر تۇيىمىگە چار قىلداغان.  
 نە پايىدا ئۆنەركى مېن بىلىمىگەن،  
 ئىيىستى جېرلەرىنە سارغى ئورماغان.  
 بۇل ئېر ئۆز خاسىرەت ئېتى، خاتقا چارغان.  
 قالماغان تۆك خاسىيەت، قازاق آزغان.  
 بايقا مال، اوقىغانغا جېن ماقسود بوب  
 ئۇلاين جۇرتىڭ قامىن آدم آزدان.

### قازاق سالتى.

قاللىداق قايىق ئۆتۈپ اېسىپەسى جوق،  
 پىڭزىدە جۇرەن قالقۇپ كېچىپەسى جوق.  
 جېل سوتسا، قۇيىن قۇوسا جىلجى بېرۇ  
 بولغانداى ئاپان تەرەپكە نارسە جوق.  
 بۇل كۆيىگە بۇگۈن اېمەس كۆيىدەن كىردى؛  
 آلتى، آرنى آڭدا ماغان بېت بېن كىردى؛  
 چىقارماي ئېر جېمىگەن قول، ئېر جېمىدەن سىز؛  
 آلالىق آلتى باقان دېرت بېن كىردى؛

Бейне бір құдіретді сынағандай,  
«Сақтар деб, сақтар болса» сертбен жүрдік  
Жат жақды жаратқанға күзеттіріб,  
Жақынмен ырылдасдық итдей үрдік.

Білдірдік елдің сырын, ердің құнын  
Елеріб ерегіске екі-үш күндік.  
Кіреді тентек есі түстен кейін  
Мүшкілін халіміздің жаңа білдік.

Әлі де саңылаусыз салтын бағыб  
Түрі жоқ іс айтатын пәлен дерлік;  
Ұлы той «көббен көрген» жалғыз мен бе?  
Деб отыр, не болса да жұртбен көрдік.



### **ДОСТЫМА ХАТ.**

Қырағы қиа жазбас сұңқарым-ай!  
Қажымас қашық жолға тұлбарым-ай!  
Үйілген өлексені өрге сүйреб:  
Шығармақ қыр басына іңкәрім-ай!

Жарқыраб жақсылықтың таңы атбай тұр:  
Түнерген төбемізден бұлт арылмай;

بېيىنە بىر قۇدرەتلى سىناغانداي،  
«ساقىتار دېيىپ، ساقىتار بولسا» سېرىت بېيىن جۇردىك  
جات جافىدى جاراتقانغا كۆزە تىدىر،  
جاقىن مېيىن ارلىداسىق ايتىدەي اوردىك.

بىلدىرىك ابلدىك سىرىن، ابلدىك قۇنىن  
اېلدىر بىلدىرەگىسكە اېيىكى - اۋچ كۈندىك.  
كرەدى تېنىتەك اېيىسى تۇسىدەن كېيىن  
مۇچكىلن خالىمىزدىك جاككا بىلدىك.

آلىدە ساكلاۋسىز سالتىن باغىب  
تۇرى جوق آس ايتەن پالەن دېرىك؛  
اۋلى نوى «كوب بېيىن كورگىن» جالغىز مېيىنە؛  
دېيىپ اوتىر، نە بولمىسادا جۇرت بېيىن كوردىك.

### دوستىما خات.

قراغى قيا جازباس سوڭقارم - آى!  
قاجىماس قاقچ جولغا تۇلىبارم - آى!  
اۋىلىگەن اولەكسەنى اورگە سۇيرەب:  
چقارماق قىز باسىنا اڭكاراڭ - آى!

جار قىراب جاقىلىقلىق تاشكى آتباي تۇر:  
تۈنەرگەن تۈبەمىزدەن بۇلت آرلىماي؛

Көк етті, көн терілі, көніб қалған,  
Сықса да шыдай беру жұрт жарылмай.

Кім біліб, ер еңбегін, сезіб жатыр?  
Кім шыдаб жолдасдыққа төзіб жатыр?  
Сасық ми, салқын жүрек санасыздар  
Алаңсыз ақ малтасын езіб жатыр;

Сынайтын, жақсы менен жаманды өлшеб,  
Кұлдыңдың қолдарында кезі жатыр;  
Кешегі кеңшілікте керек қылған  
Бостандық болмаған соң, безіб жатыр.

Айтқанмен таусылар ма оны-мұны?  
Талайдың таңдамалы түпкі сыры:  
Жанасқан шын көңілмен, жақындық аз –  
Көбінің іші салқын, сырты-ақ жылы;

Ақшаға абыройын арын сатыб  
Азған жұрт адамшылық қалмай сыны;  
Жаны ашыб жақын үшін қайғырар ма?  
Жаны мал, жақыны мал, малдың құлы.

گوك اپتتى، كون ئېرىلى، گونۇڭ قالغان،  
سۇسادا، چىداي بېرۇۇ، جۇرت چارلىماي.

كەم بىلب، اپر اپتتەگەن، سېزىپ چاتىر؟  
كەم چىداپ چولداستىقا تۈزىپ چاتىر؟  
ساقىمى، سالىق جۇرەدا سانسىزدار  
الاڭسىز آق مالتاسىن اپزىپ چاتىر؛

سنايتىن، چاقىسى مېنەن جاماندى اولچەپ  
فۇلدارىڭ قولىدارىدا كېزى چاتىر؛  
كېچەگى كېڭىچىلىككە كېرەك ئىلغان  
بوسمانلىق بولماغان سولۇ، بېزىپ چاتىر.

آيتقان مېن ئاۋسىلارما اينى-مۇنى؟  
تاللىنىڭ ئاڭلىنىڭ ئۆيىكى سىرى؛  
چاناسقان چىن كۆڭۈل مېن، چاقىرىق از-  
كۆيىڭ ئاچى سالىق، سونى-آق چىلى؛

آقچاغا آبرىدىن آرن سانب  
آزغان جۇرت، آدامچىلىق فالماي سنى؛  
جاننى آچىپ چاقىن ئۇچىن قايغىر ارما؟  
جاننى مال، چاقىنى مال، مالنىڭ قولى.



## ЖИҒАН-ТЕРГЕН.

Ойууын ойыб,  
Орындаб қойыб,  
Түр салғандай өрнекке;  
Қиыннан қиыб,  
Қиырдан жиыб,  
Құраб, сөзді термекке,  
Еңбекке егіз, тіл мен жақ,  
Ерінбесең, сөйлеб бақ!

Именіб көбден,  
Сақтық қыб еббен,  
Тасалама ойыңды!  
Ашынса етің  
Ашылмақ бетің,  
Тірі көмбей бойыңды,  
Жүрегіңнің жарасын  
Көрсет жұртқа! Қарасын:

Оқушым, ұқбай,  
Осқырыб шықбай,  
Сабырмен байқа сөзімді!



# جيغان - تېرگەن.

اويۇۋىن اويىب،  
 اورنداب قويىب،  
 ئور سالغانداي اورنەككە؛  
 قىيىننان قىيىب،  
 قىيىردان جىيىب،

قوراب، سوزدى تېرمەككە،  
 اپكەككە اپىگىز، تىل مېن جاق،  
 اپرىتەسەڭ، سويلەپ باق!  
 ايمەن ب كويىرەن،  
 ساقىق قىب، اپىب بېن،  
 تاسالاما اۋىگەن!

اچىسا اپىتەك،  
 آچىلماق بېتەك،  
 تىرى كۈمبەي، پويىڭى،  
 جۈرەگىڭنىڭ جاراسىن  
 كۈرسەت جۇرتقا! قاراسىن.  
 اۋۇۋچىم، اۋۇقبى،  
 اۋسۇقۇپ چىقبى،  
 ساپىر مېن بايقا سوزمىدى!

Шыққан соң сыртқа,  
Жайған соң жұртқа,  
Сөз тергеуге төзімді.  
Көб мағына аз ләфүз –  
Есек басбас тайғақ мұз.

Қарқылдар қарға,  
Шиқылдар арба,  
Бой сүйсінер сазы жоқ.  
Шешенсіб жұртқа,  
Мылжыңдар қыртба,  
Ой ісінер сөзі жоқ,  
Маған үлгі ол емес;  
Ол түсерлік жол емес.

Жолдар бар өзге;  
Жоба бар сөзге,  
Жүрекке дөб, ойға жөн.  
Жаманды жаман  
Демекпін һәман,  
Мейлің тұула, мейлің көн.  
Иланбасам айтбаймын;  
Иманымнан қайтбаймын.

چىلىغان سولۇڭ سىزنىڭ،  
 جايىغان سولۇڭ جۇرتقا،  
 سۆز ئېچىرگەنۈگە ئۆزىمدى،  
 كۆپ ماغانا ئۆز لافىز -  
 ئېسەڭ باسباس قايغاق مۇز.

قارلىدار قارغا،  
 چىقلىدار آرىبا،  
 بوى سۇيىسىنەر سازى جوق،  
 چېچەنسېب جۇرتقا،  
 مەلچىڭ ار قىرتىبا،  
 اوى ايسىنەر سۆزى جوق،  
 ماغان اولىڭى اول اېمەس؛  
 اول تۇسەرلىك جول اېمەس،

جولدار بار اوزىگە؛  
 جوبى بار سوزىگە،  
 چۆرەككە ئدوب، اويغا ئچون،  
 جاماندى جامان  
 دېمەكەن ھامان،

مېيلىك تۇۇلا، مېيلىك كون،  
 اېنانباسام ايتىمايمىن؛  
 ايمانمەن قايىتمايمىن،

Һәр жолды ойлаб,  
Ойыма бойлаб,  
    Ұқтым тайыз тереңді.  
Сайраған тілмен,  
Зарлаған үнмен,  
    Құлағы жоқ кереңді  
    Ұқтыра алмай сөз әуре,  
    Тек тұра алмай біз әуре.

Қараймын кейін:  
Орысқа шейін  
    Хан бағыбды қазақды.  
Баға алмай жөндеб,  
Басқаға көн деб,  
    Артқан жұртқа азабды.  
    Бас адамдар халықды  
    Сатыб, сыйлар алыбды.

Келген соң бері.  
Кейінгілері  
    Болды құмар шекпенге  
Өгіздей өрге,  
Өткелсіз жерге  
    Күнде айдаб жеккенге.  
    Бір күн тойса есектер,  
    Ми жоқ алдын есебтер.

ھار جولى اويلاپ،  
 اوينما بويلاپ،  
 اۋقۇم ئايىز ئېرەگدى،  
 ساير اغان ئىل مېن،  
 زارلاغان ئۇن مېن،  
 قۇلاغى چوق كېرەگدى،  
 اۋقۇترا آلماي سوز آۋرە،  
 تېك نۇرا آلماي بىز آۋرە،

فارايمن كېين:  
 اورسقا چېين

خان باغبىدى قازاقدى.  
 باغا آلماي جوندەب،  
 باسقاغا كۈن دېب،  
 آرتقان جۇتقا آزابدى.  
 باس آدامدار خالقى  
 ساتب، سىلار آلبىدى.

كېلىگەن سولك بېرى.  
 كېينگىلەرى  
 بولدى قۇمار چېكەنگە  
 اوگز دەى اورگە،  
 اونكەلسز چېرگە،  
 كۈندە آيداب چېكەنگە.  
 بىر كۈن نوبىسا اېسەكەر،  
 مى جوق آلدن اېسەبتەر.

Салыныб дауға,  
Сатыныб жауға,  
Болысдықты алысды.  
Қазық боб жұртқа,  
Қорған боб сыртқа,  
Кім ойлады намысды?  
Мақтады ұлұқ <sup>(1)</sup> болды мез!  
Қауым үшін қайғы аз.

Оқытды жасын,  
Өстірдіб шашын,  
Мал табуға салынды.  
Қаламнан хатдан,  
Жауабдан айтқан.  
Білді жалғыз алымды.  
Кейбірі шен алмақ да,  
Дінін шаншыб қармаққа.

Басында сәллә,  
Аузында Алла,  
Молдаларда не ғамал?  
Көздерін сүзіб,  
Жүздерін бұзыб.  
Алдаб жұртды жимақ мал.

---

<sup>1</sup> ұлұқ – хәкім

سالىنىپ داۋغا،  
 سالىنىپ جاۋغا،  
 بولسىدۇدى آلسىدى  
 قازق، بوب جۇرتقا،  
 قورغان بوب سرتقا،  
 كىم اويلادى نامىسى؟  
 ماقتىدى اۇلۇق (\*) بولدى ماز!  
 قاۋم اۋچىن قايغى آز.  
 اوقتىدى جاسىن. ءاسىن.  
 اۋستىر ب چاچىن،  
 مال نابۇۋغا سالىدى.  
 فالامىنان خاندان،  
 جاۋاپدان آيتقان،  
 بىلدى جالغىز آلمىدى.  
 كېسى بىرى چىپىن آلماقدا،  
 دىيىن چانچىپ قارماققا.  
 باسىندا سالالا.  
 آۋزىدا آلالا.  
 موادلاردا نە غامال؟  
 كوزدەرن سۇزىپ،  
 جۇزدەرن بۇزىپ،  
 آلداب جۇرتىدى جىمىق مال.  
 ~~~~~  
 (*) اۇلۇق = خاكىم!

Ұжмақ молда қолында;
Сауда-сатдық жолында.
Бергенге ұжмақ,
Бермесе дозақ
 Деб үйретер халыққа.
Ұжмахтың кілтін,
Алланың мүлкін
 Арендаға ⁽¹⁾ алыб па?
 Молда сатса тиынға,
 Ол Алла емес сыйынба!
Шалқаңнан жатыб,
Алланы сатыб,
 Аламын деб қорлама!
Еңбексіз ит жер,
Бейнетсіз бит жер,
 Берсеңдер, бер молдаға!
 Өзіңді бірақ, алдама!
 Ақшаға ұжмақ жалдама!
Ұлғайыб қайғы,
Уытын жайды,
 Айтбасыма болмады.



¹ Арендаға – жалдауға

اوجماخ مولدا فولندا؛
ساۋدا - ساتىق جولندا.

بېر گەنگە اوجماخ،
بېر مەسە دۇز اخ،
دېب اۋىرەتەر خالققا.

اوجماخدڭ كىلتىن،
آلدا نڭ مۇلىكن
آرېنداغا (*) آلب - با؟
مولدا ساتسا ئىيىنغا،
اول آلا اېمەس سىيىنبا!

خالقا كىنان جاتىب،
آلا ن ساتىب،

آلامن دېب خورلاما!
اېگىدە كىسىز ايت جېر،
بىيىنە نىسىز ايت جېر،

بېر سەگدەر، بېر مولداغا!
اۋز كىدى، براق، آلداما!
آقچاغا اوجماخ جالداما!

اۋلغا يېق قايغى،

اۋزىقتىن جايدى،

آبىنچاسىما بولمادى.

~~~~~  
(\*) آرېنداغا = جالداۋغا.

Қабағын түйіб,  
Қаһарын жиыб,  
Жан жақды бұлт торлады.  
Жаңбыр жаумай, жауса қар,  
Жұрт жұтайтын түрі бар.  
Балалық қалыб,  
Ес біліб анық.  
Ер жеткелі жиырма жыл.  
Байағы қалпы,  
Байағы салты,  
Бұ неткен жұрт ұйқышыл?  
Болсын кедей, болсын бай,  
Жатыр бейқам, жым жырт жай.  
Емшегін еміб,  
Анаға сеніб,  
Бала ұйықтайды жасдықбен.  
Қымызға қаныб,  
Қызарыб жаныб,  
Бай ұйықтайды масдықбен,  
Шалаб ішкен кедей мас.  
Міне жұртдың түрі оңбас!  
  
Ұйқышыл жұртды,  
Түксиген мұртты  
Обыр обыб, сорыб тұр.

قاناغىن تۇيىپ،

قاناغىن جىيىپ،

جانغا قىدى بۇلت تورلادى.

جاڭگىر جاۋماي، جاۋسا قار،

جۇرت جۇتايىن تۇرى بار.

بالالىق قالد،

اپس بىل بىل ئۆز،

اپر جىتسكەلى جىيىرما جىل.

باياغى قالپى،

باياغى سالتى،

بۇ نېتىسكەن جۇرت اۇيىقىچىل؟

بولسىن كېدەي، بولسىن باي،

جانر بى قام، جىجىرت جاي.

ايمىچەك گىن ايمىپ،

آناغا سېنىپ،

بالا اۇيىقتايدى جاسىق بېن.

قىزغا قانىپ،

قىزارب جانىپ،

باي اۇيىقتايدى ماسىق بېن،

چالاب اچكەن كېدەي ماس.

منە جۇرتنىڭ تۇرى اوكىياس!

اۇيىقىچىل جۇرتىدى،

تۇكسىگەن مۇرتقى

اوپر اوپ، سورب تۇر.

Түн етіб күнін,  
Көрсетбей мінін,  
Ойатқызбай қорыб тұр.  
Обыр болса қамқорың,  
Қайнағаны сол сорың!

Ойанған ерге  
Ұмтылған жерде  
Еруші аз, серік кем.  
Қас білген досды,  
Дос білген қасды,  
Мұндай елді көріб пе ең?  
Қыс ішінде бірер қаз  
Келгенменен қайда жаз!

Қазағым, елім<sup>1</sup>!  
Қайқайыб белің  
Сынуға тұр тайаныб.  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш, көзіңді, Ойаныб!  
Қанған жоқ па әлі ұйқың?  
Ұйқтайтын бар не сиқың?!

~~~~~

¹ Соңғы сегіз жол өлең төңкерісден бұрын шыққан «Маса»-лар-
да цензура рұқсат етбегендіктен басылмаған. Б.К.

تۇن اپتەب كۈن،
كورسەتەي مەن،

اوپانقز باي قورب تۇر.
اوپر بولسا قامقورك،
فایناغانی سول سورك!

اوپانغان ابرگە
اۋمتلغان چەردە

اپرۇۋچى آز، سېرك كېم.
فاس بىلگەن دوسى،
دوس بىلگەن فاسى،

مۇنداي اپلىدى كورب بەك؟
فس اچىدە برەر فاز
كېلىگەن مېنەن فايدا جاز!

فازاغىم، اپلىم! (*)
فايقايىب بېلك

سۇۋغا تۇر تاپانپ،
تالاۋدا مالك،
قاماۋدا جانك،

آچ كوزكلى اوپانپ!
فانغان جوقبا ءالى اۋىقك؟
اۋىقتايتىن بار نە سىقك؟!

(*) سوتقى 8 جول اولەك توككە سىدەن بۇرن
جەقان «ماسا» لاردا سېنزۇرا رۇخسات اپتەبەگەن كەن
باسلماغان.
ب. ك

АНАМА ХАТ.

Қарағым, дұғайғөйім, қамқор анам!
Арнаб, хат жазайын деб, алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтаб
Көруге жазғай еді Хақ Тағалам!

Бара алмай, өтірікші болыб әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлаб, кісі өлтірген айыбы жоқ,
Өкімет өр зорлыққа не бар шараң?

«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,
Жолдар көб жәннатқа да тарам-тарам.
Оқ тиіб он үшімде, ой түсіріб,
Бітбеген жүрегімде бар бір жарам.

Алданыб тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі арам.
Адамнан туыб, адам ісін етбей,
Ұйалмай, не бетіммен көрге барам?

Көб айтбай, қысқасынан сездіретін –
Балаңның мінезі бар сөзге сараң;
Кетер деб «суға құлаб, отқа түсіб»,
Қайғы жеб, менің үшін болма алаң!

آناما خات.

قاراغم، دۇغا كويىم، نامقور آنام!
 آرناب، خات جازاين دېب، آلدەم قلام.
 سېنى اوندا، مېنى مۇندا آمان ساقتاب
 كورۇۋگە جازغاي اپدى خاق تاغلام!

بارا آلماي، اوتىركچى بولب آيدان
 سېمەيدىك تۇرمەستە اوشر بالاڭ.
 مال اۇرلاب، كىسى اولترگەن آيىبى جوق
 او كۈمەت اۋر زورلققا نەبار چاراك؟

«اۋمىتىز چاپتان بولسىن» دېگەن سوز بار،
 چولدار كوب جاننەتمەكەدە تارام - تارام.
 اوق ئىيىب اون اۋچمەدە، اۋى ئۇسپىر،
 يىتەگەن جۇرەگىدە بار ئېر جارام.

آلداناب تاماغىيا، اۋنى اۋمىتسام،
 بولغانداي جېگەنمىڭ ئبارى آرام.
 آدامنان تۇۇب، آدام ئاسن ايتىبى،
 اۋيالماي، نە پېتىمپىن كورگە بارام؟

كوب آيتىباي، قىسقالىنىن سېزدەرەتن -
 بالاڭنىڭ مەنزى بار سوزگە ساراڭ؛

گېتەر دېب: «سۇۇغا قۇلاب، اوتقا ئۇس»
 قايسى چېپ، مېنىڭ اۋچىن بولما آلاڭ!

Отырмын абақтының бөлмесінде
Бұйрықсыз көз жетеді өлмесіме.
Есікдің құлбы мықты, күзетші көб,
Ажалдан басқа һешкім келмесіне.

Қоршаулы айналасы биік қорған,
Берік қыб салған темір терезесіне.
Қалайша мұны көріб көңіл сенбес?
Аттаныб жау келсе де бермесіне.

Қаламда Лаухул Махфуз ұмытқан ба?
Жазбабды бұл орынды көрмесіме.
Қаңбақпен салмағың тең бұл бір заман –
Ылаж жоқ, жел айдаса ермесіңе.

Тайпалған талай жорға, талай тұлпар,
Тағдырдың кез болыб тұр кермесіне.
Солардан жаным-тәнім ардақты емес,
Орынсыз күйзелейін мен несіне?



ТІЛЕК БАТАМ

Иә Хұдайым аққа жақ,
Өзіңе айан, мен нахақ.
Аққа деген жолымның
Абыройын ашбай, жаб!

اوترىن آباقتىنىڭ بولمەسنىڭ
 بۇيرىقىمىز كوز چىنەندى اولمەسىمە،
 لېسكىڭ قۇلىپى مەقتى، كۈزەنچى كوت،
 آجالدان باسقا ھېچ كىم كېلمەسىنە.

قورچاقلى آينالاسى بىيىك قورغان،
 بىرىك قىز، سالغان تېمىر تېمىرەسىنە.
 قالايچا، مۇنى كورب كوكۇل سېنىبەس؟
 آتەنەب جاۋ كېلسەدە بېرمەسىنە.

كالايدا ئاۋغۇلماخۇز اۋمىقان با؟
 جاز بايدى: بۇل اورنىدى كورمەسىمە.
 فاڭباق بېن سالماڭ تېڭ بۇل بىر زامان -
 الاج جوق، جېل آيداسا، اپرمەسىڭە.

تاپپالغان فالاي جورغا، نالاي تۇلپار،
 تافىدىردىڭ كېز بولب تۇر كېرمەسىنە،
 سولاردان جانم - ئانم ارداقتى اپمەس،
 اورنىمىز كۈزەلەين مېن نەسىنە؟

~~~~~  
 تىلەك باتام.

يا غۇدايىم آققا جاق،  
 اوزىڭكە آيان، مېن ناخاق.  
 آققا دېگەن چولمىڭ  
 آبروين آھباي، جاپ!

Айат пенен хадисде  
Адал ниет ақ іске,  
    Жаңылмасам, жоқ еді  
    Жаза тартсын деген баб.  
Мені ұстатыб, айдатыб,  
Зығырданды қайнатыб,  
    Масайрасыб, мәз болыб,  
    Қуанғанды өзің таб!  
Аз күндікке алданыб  
Аз нәрсеге жалданыб,  
    Адасқанын Алаштың  
    Түзу жолға түсір, хақ!

Жақын жерден жау шығыб,  
Мақұл сөзден дау шығыб,  
    Дұшпан ұстаб қолымнан,  
    Итдер тістеп тонымнан,  
    Маған тосу болған шақ.

Тұтқын болыб тарығыб,  
Жалғыз жатыб зарығыб,  
    Ашу қысыб, ойды алыб,  
    Өт жайылыб, бойды алыб,  
    Дерт жүрекке толған шақ.

آيات پېندن خاديسده  
 آدال نيهت، آق اسكه،  
 جاگلماسام، جوق ابدى  
 جازا نارتىمن دېگه ب باب.  
 مېنى اوستاتب آيدانب،  
 زغرلاندى فايناتب،  
 ماسايراسب، ماز بولب،  
 قۇوانغاندى ءوزك ناب!  
 آز كۈندككه آلدانب!  
 آز نارسهگه جالانب،  
 آداسقانن آلاچدك  
 تۇزۇ جولغا تۇسر، خاق!

جاقن چېردەن جاۋ ھېب،  
 ماقۇل سوزدەن داۋ ھېب،  
 دۇسبان اۇستاب قولمىنان،  
 ايتدەر تىستەب تونمىنان،  
 ماغان توسۇ بولغان ھاق.

تۇنقن بولب تاريغېب،  
 جالغز جانب زاريغېب،

آچۇ قىشېب، اويدى آل،  
 اوت جايلىپ بويىدى آل،

ГОС. БИБЛИОТЕКА  
 КазССР им. А. С. Пушкина  
 ИВБ. № 095536

Қатты айтды деб кекдемей,  
Сыйынғанды тек демей,  
Он екі имам әулие  
Жиырма сегіз әнбие,  
Қолда өңшең әруақ!



Қара балуан, Жәнібек!  
Қаз дауысты Қазыбек!  
Жетім қалған халқына,  
Тұлға болыб артыңа,  
Кім тианақ қазық ед?

Құнсыз болыб еріміз,  
Жесір болыб жеріміз,  
«Жай менікі» дей алмай,  
«Мал менікі» дей алмай,  
Ит пен құсқа азық ек.

Барын салыб таласқа,  
Арын сатыб қалашқа,  
«Жұрт болалық» деген жоқ,  
Жұрт қайғысын жеген жоқ,  
Іріб, шіріб азыб ек.

فانتىدى آيتىدى دېپ، كېكەمدى،  
 سىنىغاندى نېك دېمەي،  
 اون اپكى ايمام آفلىه،  
 جېيىرما سېگىز آنبە،  
 فولدا اوڭچەك، آرواح!

قارا بالوان، جانى بېك!  
 غاز داۋستى قازى بېك!  
 جېتىم قالغان خالقىكا،  
 تۇلغا بولب آرتىكا،  
 كىم نىئاناق قازق اپىد؟

قۇنىمىز بولب ابرىمىز،  
 جېسىر بولب جېرىمىز،  
 «جان مېنىكى» دېنى آلماي،  
 «مال مېنىكى» دېنى آلماي،  
 «ايت بېمىن قۇسقا آرق اپك.

بارن سالب تالاسقا،  
 آرن ساتىب فالاققا،  
 «جۇرت بولالاق» دېگەن جوق،  
 جۇرت قابىقىمىن جېگەن جوق،  
 «ارب، چىرىپ آزىپ اپك.

Мұны көріб көзіміз;  
Бірігер деб сөзіміз;  
Кен болар деб балшықты,  
Көл болар деб шалшықты,  
Біз үмітбен қазыб ек.  
Дәреті жоқ аяқдар,  
Қорсылдаған сайақдар,  
Былғамасын қасыңды,  
Қасиетті басыңды,  
Дегеніміз болмаса,  
Қазаққа не жазыб ек?  
Байлаттырған қолымды,  
Бөгеттірген жолымды,  
Жақыным бар, жатым бар,  
Хабарлана жатыңдар!  
Мен сендерге жүгіндім,  
Төресі әділ қазы деб!



### **ЖАУҒА ТҮСКЕННІҢ СӨЗІ.**

Жанға көңіл қалыб тұр:  
Жан бұл күйге салыб тұр.  
Тэнге көңіл қалыб тұр:  
Тэн шыдамай арыб тұр.

مۇنى گورب گوزىمىز؛  
 دىرىگەر دىب سوزىمىز؛  
 كېن بولار دىب دالچىدى،  
 كول بولار دىب چالچىدى،  
 بىز ئاۋىت بېن قازب اپك،  
 دارەتى جوق آياقدار،  
 فورسلىداغىن ساياندار،  
 بلغاماسن فاسكىدى،  
 خاسىيەتنى باسكىدى،  
 دېگەننىمىز بولماسا،  
 قازاققا نە جازب اپك؟  
 بايلاقىدىغان قولىمى،  
 بۈگەندىرگەن جولىمى،  
 جاقىنىم بار، جانىم بار،  
 خاپارلانا جاتىمىدار!  
 مېن سېنىدەرگە جۈگندىم،  
 تۈرەسى ئادىل قازى دىب!

جاۋغا تۇسىكەننىڭ سوزى.

جانغا كوئىل قالىب تۈر:  
 جان بۇل كۈيگە سالىب تۈر.  
 ئانىگە كوئىل قالىب تۈر:  
 ئان چىدامى آرب تۈر.

Жұртқа көңіл қалыб тұр:  
Жұрт жалғанға наныб тұр,  
Өтірік өрлеб күшейіб,  
Шын жеңіліб талыб тұр.  
Бақ дегенде байлау жоқ:  
Уағдадан таныб тұр;  
Тағдыр шіркін таб беріб,  
Тамағымнан алыб тұр;  
Бәле деген аңдушы  
Айағымнан шалыб тұр;  
Жала деген төбеті  
Балтырымнан қабыб тұр;  
Жау білегін сыбаныб,  
Пышағын қайраб, жаныб тұр;  
Сауысқан, қарға, қарақұс,  
Жемтік аңдыб, бағыб тұр;  
Көре алмаған күншілдің  
Көңіліне мұным жағыб тұр;  
Табалаған жаманның,  
Шайан тілі шағыб тұр;  
«Әй сені ме!» дегеннің  
Айызы әбден қаныб тұр;



جۇرتقا كۆڭل قالمى تۇر:  
 جۇرت چالغانغا ئاندى تۇر  
 اوتتۇر كۈچەپ،  
 چىن جېڭىلىپ، ئالدى تۇر.  
 باقى دېگەندە بايلاۋ جوق:  
 راغدادان ئاندى تۇر؛  
 ئاقىدىر چىرىن قان پېرىپ،  
 ئامانمەن ئالدى تۇر؛  
 بالە دېگەن آندۇۋى  
 آياغىمەن چالدى تۇر؛  
 جالا دېگەن توبەتى  
 ئالتىنمەن قاندى تۇر؛  
 جاۋىلەگەن سىيانى،  
 پىچاقىن قانداق، جاندى تۇر؛  
 ساۋساقان قارغا، قاراغۇس،  
 جىمىتلىك آندى، باغدى تۇر؛  
 كۈرە ئالغان كۈنچىلىك،  
 كۈڭلىنە مۇنەم جاغدى تۇر؛  
 ئابالاغان جامانىك،  
 چاچان ئىلى چاغدى تۇر؛  
 «ئى سىيىن مە» دېگەننىڭ،  
 ئىزى ئاندى تۇر؛

Жаны ашыған жақынның  
Жас көзінен ағыб тұр;  
Айыруға амал жоқ,  
Қылышын жерге шауыб тұр.  
«Әлдеқалай болар» деб,  
Жүрегі жұлқыб қағыб тұр;  
Түгі жылы, білмедім:  
Түледі ме? Нағыб тұр?  
Түлемеген түпкі дос,  
Түлегенің барыб тұр!..



### **АДАМДЫҚ ДИҚАНШЫСЫ.**

Адамдық диқаншысы қырға шықтым  
Көлі жоқ, көгалы жоқ қырға шықтым  
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім  
Көңілін көгертуге құл халықтың.

Қор болған босқа кетіб еңбек, бейнет,  
Құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет.  
Оттай бер! Жануарым, екі аяқты;  
Адамдық хайуанға қанша хажет!

جانى اچىغان، جانىڭ  
 جاس كوزىدىن آغاب تۇر!  
 آيىرۇلۇغا آمال جوق،  
 چايب  
 فليچن جېرگە چايب تۇر،  
 «آلدە فالاي بولار» دېيىپ،  
 جۈرەگى جۇلقاب قاغاب تۇر؛  
 تۈگى جىلى بىلمەدم:  
 تۈلەيدىمە؟ ناغاب تۇر؟  
 تۈلەمەگەن تۈبكى دوس،  
 تۈلەگەنڭ بارب تۇر!...

### آدامدىق دىقانچىسى

آدامدىق دىقانچىسى فرغا چىقىم  
 كولى جوق، كوگالى جوق. فرغا چىقىم  
 نۇفۇس آدامدىق چاچىم، ابكىم  
 كوگىلىن كوگەر قۇلۇگە قۇل خالىقىڭ.  
 نور بولغان بوسقا كىتاپ ابكىبەك، بېيىنەت،  
 قۇلدارغا قۇلدىدان جوق آرتىق زىيىنەت.  
 اوقتاي بېر! جانۇارم، ابكى آياقتى;  
 آدامدىق غايۇنغا قانچا خاجەت!

Жаратқан малды Хұдай не керекке?  
Мінуге, сойұу, соғу, жүндемекке?  
Жорта бер қамыт киіб, қамшыңды жеб,  
Бұйрық жоқ ұрасын деб үндемекке.

Тайаққа еті үйренген қойшы жайлаб  
Көк есек қозғала ма? Түрткенге айдаб.  
Есебден алданғандай болғандар көб  
Жасықды асыл ма деб білмей қайраб.



### **КӨК ЕСЕКДЕРГЕ.**

Не жазыб ем, Хұдай-ау, мен қазаққа?!  
Мүбтала ғыб салғандай бұл азабқа.  
Адамшылық есебіне кірісіб,  
Қолы жетсін дегендік бе азадқа?

Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа.  
Жол сілтедім жақын емес алысқа.  
Өзге жұртдар өрге кадам басқанда.  
Дедім: сен де қатарыңнан қалысба!

جاراتقان مالدى خۇداى نە گېرەككە؟  
 منۇۇگە، سوھۇۇ، شوغۇۇ، جۇندەمەككە؟  
 جورنا بېر! فامت كييب، قامچىگى جېب،  
 بۇيرىق جوق اۇراسن دېب اۇندەمەككە.

تاپانقا ابىتى اۇبرەنگەن قويچى جايلاپ  
 كوك ايسەك فوزغالاما؟ تۇرتكەنگە آيداب.  
 ايسەبدەن آلدانغانداى بولغاندار كوپ  
 جاسقدى آسلەما دېب پلىمەى فايراب.

~~~~~  
 كوك ايسەكدەرگە.

نە جازب اېم، خۇداى - آۇ، مېن فازاققا؟
 مۇبئالا غېب سالغانداى بۇل آزابقا.
 آدامچىلىق ايسەبىندە كرىسب،
 قول جېتىسەن دېگەندەك بىز آزادقا؟
 جۇن كورسەتەم فازاق دېگەن نامسقا.
 جول سلتەدم جاقن اېمەس آلسقا.
 اوزگە جۇرتدار اورگە قادام باسقاندا.
 دېدىم: سېن دە فائاركنان فالسبا!

Бар ма қазақ мұнан басқа қылғаным?
Неңді шаштым неңді бұздым былғадым?
Аштан өлген аталарың бар ма еді?
Тамақ үшін сатқан итдер иманын.

Көң тасыған көк есекдер, бәріңе,
Қалдырмастан жағалай жас, кәріңе,
Үрім бұтақ нәсіліңе қалғандай
Нық басылар кетбейтін мөр тәніңе.

Бәріңді де іздеб қараб көрермін;
Табқанымды тастамасбын терермін;
Миллат үшін еңбекдері сіңген деб,
Өсиет қыб кейінгіге берермін.

Асықбандар! Артымызда қазы бар.
Тергеб талай сүйектерің қазылар.
Пайғамбарды сатыб отыр тілла алған,
Йаһудамен бірге атдарың жазылар

Қинамайды абақтыға жабқаны;
Қиын емес дарға асқаны, атқаны;
Маған ауыр осылардың бәрінен.
Өз ауылымның итдері үріб қабқаны.

بارما فازاق مۇنان باسقا قىلغانم؟
 نە ئىدى چاچىدىم، نە كىدى بۇزىدىم، بلغادىم؟
 آچىدان اولىگەن آتالارڭ بارما اوينى؟
 تاماق، ءۇچىن سانسقان اينىدەر ايمەنن.

كوك ئاسىيغان كوك ايسە كىدى بارىڭ،
 فالدىرماستان جاڭغالاى جاس، كارىڭ،
 ءۇرم بۇناق ناسىلىڭكە فالغانداى
 نىق باسىلار كېتىپتەن ءمور تانىڭ.

بارگىدى دە ازىدە فاراب كورەرمەن؛
 ئابىقانىدى ناسناماسىن تېرەرمەن؛
 ءمىللەت ءۇچىن اېڭىپە كەردى سىڭگەن دېب،
 واسىيات فې كېيىنگىگە بېرەرمەن.

آسقىباڭدار! آرتىمىزدا نازى بار.
 تېرگەپ تىلاى سۇيە كىمىڭ نازىلار.
 پايشامباردى سانب او تىر، تىللا آلەان،
 يامۇدا مېن بىرگە آقدارڭ جازىلار.

قىنامايدى آباقتىغا جابىقانى؛
 قىيىن ايمەس دارغا آسقانى، آتقانى؛
 ماغان آۋر اوسىلاردىڭ بارىنىن.
 ءوز آۋلىمىڭ اينىدەرى ءۇرپ قابىقانى.

ҚА... ҚАЛАСЫНА.

Хош! Сау бол, Қа... жуылмаған!
Айдай бер қалса адамың қуылмаған.
Әдебді сыпайы елдің қалбында жоқ
Жасырын дыбыс шықды шуылдаған.

Бүркеніб арсыздарың шайнауына
Жем табды пісірмеген қуырмаған.
Шыққан соң талғамайтын доңыздарың
Қасыңа қиын болар жуу маған.



ЖҰРТЫМА.

Бірлік қыб іс етуге шорқақ жұртым!
Табылса оңай олжа ортақ, жұртым!
Сиақты қара қарға шуылдаған
Үрейсіз, қойан жүрек қорқақ, жұртым!

Білмейсің жөнің менен терісінді,
Ел болыб іс етбейсін келісімді.
Үміт қыб бәйге атындай талай қосыб,
Байқадық шабыс түгіл желісінді;

قا... قالاسىنا.

خوچ! ساۋ بول، قا... جۇلماغان!
 آيداي بېر قالسا آدامڭ قۇلماغان.
 آدەتى سېلىي ابلدڭ فالېندا جوق
 جاسون دېس چقدى جۇلداغان.
 بۇركەنب آرسىزارڭ چايناينا
 جېم نابدى بىسمەكەن قۇرماغان.
 چىققان سوڭ ئالغامېتن دوڭزارڭ
 فاسىكا فېين بولار جۇۇۇ ماغان.

~~~~~  
 جۇرتىما.

بىرك قىب ئاس ايتۇۇگە چورقاق، جۇرتىم!  
 ئابلىسا ارڭاى اولجا اورقاق، جۇرتىم!  
 سىياقتى قارا قارغا جۇلداغان  
 ئۆرەيسىز، قوبان جۇرەك قورقاق، جۇرتىم!  
 بىلمەيسىز، جونڭ مېندىن تېرىسكىدى.  
 اهل بولاب ئاس ايتىدەيسىز كېلىمەسدى.  
 ئۆمىت قىب بېگە آنداي ئالاي قوسىپ،  
 بېقادىق چايس تۇڭل جېلىسكىدى؛

Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,  
Шығасын қолыңа ала керісінді;  
Бытыраб бет-бетіңе жөнелгенде,  
Көрдік қой жайылатын өрісінді;

Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсыңдар,  
Қайтейін өзге десе көнгішінді!  
Сықылды сынық бұтақ төмендесең  
Кім жұлмас оңайдағы жемісінді?



### ЖҰБАТҰУ.



Әлди-әлди, ақ бөпем!  
Ақ бесікке жат, бөпем!  
Жылама, бөбем, жылама,  
Жілік шағыб берейін;  
Байқұтанның құйрығын  
Жібке тағыб берейін.  
(Қазақдың бала жұбатұу өлеңі)

Қайран, еркін  
Замандарың!  
Тарлыққа жоқ  
Амалдарың!

Еркін дала  
Еркің қайда!?  
Еркіндегі  
Көркің қайда!?

جۈن آيتقان جۇرتچىلىققا ئادام بولسا،  
 چىقاسن فولىغا ئالا كېرىسكىدى؛  
 بىتىراپ بېت-بېتىگە جونەلگەندە،  
 كوردك غوى جاپلانتىن ئورىسكىدى؛

كەلگەندە ئوزدى - اوزىگە مقنى - آق سىندار،  
 فابىتەين اوزگە دېسە كۈنگىچىكىدى؛  
 سىقلىدى سىنىق بۇناق نومەندە سەك  
 كم جۈلباس اوڭايداغى جېمىسكىدى؟



جۇباتۇۇ.

ئالدى - ئالدىنى، آق بوپەم!  
 آق بېسكىكە جات، بوپەم!  
 جلاما، بوپەم، جلاما!  
 جلك چاغى بېرەين؛  
 باي قۇناننىڭ قۇيرىغىن  
 جىكە تاغى بېرەين.  
 (قازاڭنىڭ بالا جۇبانۇۇ اولەڭى)



اېرىكىن دالا  
 اېرىككە قايدا؟  
 اېرىكەڭگى  
 كۈرككە قايدا؟

فايران، اېرىكىن  
 زاماندارك!  
 ئارلىققا جوق  
 آمالدارك!

Нұулы, нұулы  
Жерің қайда!?  
Сұулы, сұулы  
Көлің қайда!?  
Еркін көшкен  
Елің қайда!?  
Ел қорғаны  
Ерің қайда!?  
Тұура айтатын  
Биің қайда!?  
Би бардағы  
Күйің қайда!?  
Адал көңіл  
Андың қайда!?  
Жалған антдан  
Сакдық қайда!?  
Бауыр тартқан  
Жүрек қайда!?  
Намыс қызған  
Сүйек қайда!?  
Нұулы жерден  
Күшті айырды,  
Сұулы көлден

Сұсты айырды.  
Ер орнына  
Еркек қалды;  
Көлеңкеден  
Үркек қалды;  
Би орнына  
Биің болды;  
Би деу бірақ  
Қиын болды,  
Қаралды би  
Жактау болды;  
Қараны жан  
Ақтау болды;  
Бауыр, жүрек  
Талас боб тұр;  
Намыс, сүйек  
Қалаш боб тұр.  
Малың алдау,  
Талауда тұр;  
Жаның арбау,  
Қамауда тұр;  
Айағыңды  
Тұсау қысды,

سۇسنى آيردى،  
 ابر اورنىنا  
 ابركەك قالدى؛  
 كولەنكەدەن  
 اوركەك قالدى؛  
 بى اورنىنا  
 بىيىك بولدى؛  
 بى دېھۇ براق  
 فېين بولدى،  
 فارالدى بى  
 جاقناي بولدى؛  
 فارانى جان  
 آقتاي بولدى؛  
 باور، چۆرەك  
 ئالاس بوب تۇر،  
 نامس، سۈيەك  
 قالاچ بوب تۇر،  
 مالڭ آلدان،  
 ئالاۋدا تۇر،  
 جانڭ آرباق،  
 قاماۋدا تۇر؛  
 آياغىڭدى  
 نۇساۋ قىسدى،

نۇۋلى، نۇۋلى  
 چېركاڭ فايدا؟  
 سۇۋلى، سۇۋلى  
 كولڭ فايدا؟  
 اپرەكن كوچكەن  
 اپلڭ فايدا؟  
 اپل قورغانى  
 اپرڭ فايدا؟  
 تۇورا آيتانن  
 بىيىك فايدا؟  
 بى بارداغى  
 كۈيڭ فايدا؟  
 آدال كوڭل  
 آقدىق فايدا؟  
 جالغان آنتىدان  
 سافىق فايدا؟  
 باور ئارتقان  
 چۆرەك فايدا؟  
 نامس قىزغان  
 سۈيەك فايدا؟  
 نۇۋلى چېردەن  
 كۈچتى آيردى،  
 سۇۋلى كولەن

Жақтарыңды  
    Құрсау қысды.  
Көрмесіңе  
    Пердең мықты;  
Өтбесіңе  
    Кермең мықты;  
Енді жатыб  
    Ұйықтау қалды,  
Ұйықтағанды  
    Мақтау қалды  
«Әлди-әлди!»  
    Деб тербеткен,  
Ұйықтасын деб.

Көб тербеткен,  
Қарның ашса  
    Ұлықтарың  
Жілік шағыб  
    Май бермекші;  
Тоңсаң түлкі  
    Құйрықтарын  
Жібке тағыб  
    Бай бермекші.  
Әлди-әлди!  
    Мен де деймін;  
Сірә, «әлдиге»  
    Сенбе деймін.

### Н. Қ. ХАНЫМҒА.

Рахатсыз өтсе де өмір жасым,  
Бұл жөнімнен Хұдайым айырмасын.  
Ұзақ жолға ниет қыб бір шыққан соң,  
Жарым жолдан қайтбасбын, қарындасым!  
    Сұу да болар ол жолда, тау да болар;  
Жаудың оғы, жайған тор – ау да болар;  
Мынау пайда, мынасы зиан демек,  
Ол ерліктің ісі емес – сауда болар;

كوب تېر بەتكەن،  
 قارنىڭ آچسا  
 اولۇقدارنىڭ  
 جلك چاغى  
 ماى بېرمەكچى؛  
 نوڭساڭ تۈلكى  
 قۇيرقدارنى  
 جبكە تاغى  
 باى بېرمەكچى.  
 ئالدىى - ئالدىى!  
 مېندە دېيىن؛  
 سىرا «ئالدىى» گە  
 سېنبە دېيىن.

چاقدارنىڭدى  
 قۇرساۋ قىلدى.  
 كورمەسىگە  
 پېردەڭ مەتنى؛  
 اوتىمەسىگە  
 كېرمەڭ مەتنى؛  
 اپىندى جاتى  
 اۇيقتاۋ قالدى،  
 اۇيقتاغاندى  
 ماقتاۋ قالدى.  
 ئالدىى - ئالدىى!  
 دېپ تېر بەتكەن،  
 اۇيقتاۋ دېپ

ن. ق. خانىمغا.

راخاتسىز اوتىمەدە ئومر جاسم،  
 بۇل جونىدىن خۇدايىم آيىر ماسن.  
 اوزاق جولغا نيەت قىب ئېر چىققان سولۇ،  
 جارم جولدىن قايتىباس بىن، قارىنداسم!  
 سۇۋدا بولار اول جولدا، تاۋدا بولار؛  
 چاۋدىڭ اوغى، جايىغان تور - آۋدا بولار؛  
 مازا پايدا، مەنسى زىيان دېمەڭ،  
 اول اپىرلىكىڭ ئاسى اېمەس - ساۋدا بولار؛

Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар.  
Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.  
Қайратданыб, қажымай тырмыссаң да,  
Шыққызбайтын жолыңда өрлер де бар.

Шаршайды деб ойлама шалдыққаннан;  
Ұзақсыныб жатбасбын жалыққаннан;  
Жұрт, қолымнан келмесе, өкпелемес,  
Барын сақтаб мен айаб алыб қалман.

Ел мұнымды білемін ұқпайтынын;  
Көтермеге талғанда шықбайтынын;  
Шалыс басыб айақды жығылғанда,  
Жатқаныңнан тұрма деб мықтайтынын.

Мен өлсем де өлемін жөнімменен.  
Тәннен басқа немді алар өлім менен.  
Өлген күні абарыб тығары көр,  
Мен жоқ болман көміліб тәнімменен.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім;  
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін;  
Жұрт ұқбаса, ұқпасын жабықбаймын:  
Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін.



چالدىغانن، چارچايتن چېرلەردە بار.  
چالدىقناغا مۇقالماس اپرلەردە بار.  
فايراندانې، قاجىمى تىر مىسسالنىڭدا،  
چىققىز بايتىن جۈلەڭدا اورلەردە بار.

چارچايدى دېپ اويلاما چالدىقناغان؛  
ئوزاقسىنىپ جانباسىن چالدىقناغان؛  
جۇرت، قولمىنان كېلىمەسە، او كېلەلمەس،  
بارن ساقتاب مېن آياپ آلب فالمان.

اپل مۇنىدى بلەن ئۇ ئبايتۇن؛  
كوتەرمەگە تالغاندا چىقبايتۇن؛  
چالسىن بىلىپ آياقلىرى جىغلاندا،  
جانقاننىڭنان تۇرما دېپ مۇقنايتۇن.

مېن اولسەمدە اولەن چۈنم مېنەن.  
ئاننەن باسقا نەمدى آلاز اولم مېنەن.  
اولگەن كۈنى آبارب تىقارى كور،  
مېن جوق بولمان كومىلىب ئانم مېنەن.

ئان كومىلەر، كومىلەس اپتىكەن ئاسم؛  
اويلايتىندار مېن ايمەس ئىر كۈنگىس؛  
جۇرت اۇقباسا، اۇقباسن جابقبايمىن؛  
اېل بىر گۈنچىل، مېنىكى اېرتەنكى اۇچىن.  
اۇچىن اۇچىن

## АҚЫН ІНІМЕ.

Азырақ сөзге құлағың сал, ақын інім!  
Ойымыз, рухымыз жақын, інім!  
Ағалық правасын қолыма алыб,  
Келемін айтайын деб, ақыл інім!

Өзімді ағаңмын деб үлкейтемін;  
Онымды көремісін мақұл, інім!  
Адасқан ағаңыздың жері болса,  
Тілеймін ете гөр деб ғафұу, інім!

Жай жатсаң жаңылмайсын, адасбайсын,  
Күресде кім кетбейді қабыл, інім!  
Ат қойған аз көбіне қарамастан,  
Ақылға біздер жарлы, фақыр, інім!

Доңыздай талғамай жеб семіргендер,  
Саналыб ақылдыға жатыр, інім!  
Сүйікті милләтыңа болам десең,  
Нашардың көбірек же, хақын інім!

Сыйласын десең жұртың қадір тұтыб,  
Айғырсыб момындарға ақыр, інім!  
Білімді ел ішінде болам десең,  
Шешенсіб жоқды сөйлеб лабыр, інім!

آقن انىمە.

آزراق فۇلاڭ سال، آقن انىم!

اويىمىز، رۇخىمىز جاقن، انىم!

آغالق پىراۋاسن فولىما آل،

كىلەن آيتايىن دېي، آقن انىم!

اوزىمىدى آغا ئىمىن دېي اۆلىكەيتەن؛

اۋنىدى كۈرەيمىسەن ماقۇل، انىم!

آداسقان آغا كۆزىڭ چىرى بولسا،

نەلىمىن اپتە گۈر دېي غافۇ، انىم!

جاي جاتساڭ جاڭلىمايسەن، آداسبايسەن،

كۈرەسەن كىم كېتسەيدى غافل، انىم!

آت قويغان از كويىنەن فاراماسقان،

آقلىغا بىزدىر جارلى- فافىر، انىم!

دوگىزدای قالغاماي جېي سېمىرگەندەر،

سانالب آقلىقىغا جاتىر، انىم!

سۈيىكتى مىللەتلىككە بولام دېسەڭ،

ناچارلىق كۈپرەك چە خاقن، انىم!

سىلاسن دېسەڭ چۆرىڭ قادىر تۇتىپ،

آيغىر سې مۇمىن ارغا آفر، انىم!

بامىدى ابل اچىدە بولام دېسەڭ،

چېچەنسې چوقىدى سۈيىلەپ لاير، انىم!

Қолыңнан мұның бірі келмес болса,  
Кісімісін ең болмаса қақыр, інім!  
Сөзіңді тындатайын десең жұртқа,  
Ет асыб табақ-табақ шақыр, інім!  
Аузымен орақ орыб бәрін де етер,  
Қымызды шара-шара сабыр, інім.

Ет пенен қымыз беріб, сөйлеб көрсең,  
Айтқаның жұртқа балдай татыр, інім!  
Ақылың Афлатондай болсадағы,  
Қымыз бен еті жоқ құр татыр білім.



### **И. Б. ЖЕЗДЕМ ХАТЫНАН.**

Тұрмысың жырақ.  
Аман ба? Шырақ!  
Күйзелібсін көбірек,  
Милләт үшін бегірек.  
    Һәмәнда сақтан!  
    Сақтамақ Хақдан,  
Қоршаған дұшбан төңірек.

Милләтке қызмет,  
Жұмлаңа міндет.

دولىكەن مۇنۇڭ بىرى كېلەمەس بولسا،  
 كىسەمىب اپىڭ بولماسا فاقىر، ئانم!  
 سوزىڭدى تىگىداناين دېسەڭ جۇرتقا،  
 اپت آسب ئاپتاق-ئاپتاق چاقىر، ئانم!  
 آۋىزى مېن اوراق، اورب بارىدە اپتەر،  
 قىزدى چارا-چاراساپىر، ئانم!  
 اپت بېنەن قىز بېرىت، سويلەپ كورسەڭ،  
 آيتقانڭ جۇرتقا بالداى تانەر، ئانم!  
 آقلىڭ آۋلاقونداى بولسا داغى،  
 قىز بېن اپتى جوق قور تانەر ئېلىم.

~~~~~

يې. ب. جېزىدەم خاتىنان.

تۇرمىسڭ چىراق.
 آمانبا؟ چىراق!
 كۆيزەلىس كۆپرەك،
 مېللات ئۇچىن بېگىرەك.
 ھاماندا ساققان!
 ساققانماق خاقدان،
 قورچان دۇسبان تەڭرەك.

~~~~~

مېللاتكە قىزمەت  
 جۇملا ئۇ مۇرەت.

Ұйқыны аш! дер ек,  
Надандықтан қаш! дер ек.  
Болмайды үндеб:  
Дұсбан тұр күндеб,  
Бізде бұл бір індет.

Әр сөзің алтын.  
Ұғар ма екен халқың?  
Сынаған да шығарсын  
Милләтдің қалпын.  
Тіл алмас деб қорқамын,  
Дер едім тартын.



Мода (<sup>1</sup>) болды кіділік.  
Сал сөзді елегіш.  
Бір жөнге тарту жоқ;  
Шалқайақ ерегіс,  
Алалықдан күш бөлу,  
Бұл қанша керек іс?  
Шемен бар әуе дерлік;  
Сасық бар бүйе дерлік;



---

<sup>1</sup> Ресім

اويقىنى آج! دېر اپك،  
 نادانقدان قاچ! دېر اپك،  
 بولمايدى اۇندەب:  
 دۇسبان تۇر كۈندەب.  
 بزدە بۇل بىر اندەت.

ھار سوزك آلتن.  
 اۇغارما اپكەن خالقك؟  
 سناغان دا چغارسن  
 ميللاتىك قالپن.  
 تىل آلماس دېب قورقامن،  
 دېر اپدم، تارتقن.

مودا (\*) بولدى كدىلك.  
 سال سوزدى اپلەگج.  
 بىر جونگە تارتۇق جوق؛  
 چالقاياق اپرەگس،  
 آلانقدان كۈچ بولۇق،  
 بۇل قانچا كپرەك اس؟  
 چېمەن بار اۋە دېرلك؛  
 ساسق بار بۈە دېرلك؛

(\*) رەسم.

Замана түрленді,  
Жақсылар кірленді,  
Азасынан ұу жерлік.

.....



### **ЖАУАБ ХАТДАН.**

Аманбыз, жезде!  
Солай ма сізде?  
Амандасбақ жол, әдет.  
Тағымға – тағым,  
Назымға – назым  
Тілеушілік ол әдеб.  
Жолдан мен де шықбайын,  
Сөзбен сыйлаб мықтайын.



Жолға сіз көсем,  
Сөзге һәм шешен,  
Оның менде бірі жоқ.  
Іздемей жоғын,  
Шайқамай тоғын,  
Қараб жатқан тірі жоқ.  
Мен де соның бірімін.  
Өлгенім жоқ, тірімін.



زامانا ئۆزلەندى،  
 جاقسىلار كرلەندى،  
 ازاسىنان اوۇ جېرلەك.

• • • • •

جاۋاب خاتدان.

آمانبىز، جېزىدە!  
 سولايما سىزدە؟  
 آماندا سىناق جول، آدەت.  
 تاغزىمغا - تاغزىم،  
 نازىمغا - نازىم  
 نەلۇ چىلەك اول - آدەت.

جولدان مېندە چىقايىن  
 سوز بېن سىلاب مۇقتايىن.

جولغا سىز كۆسەم،  
 سوزگە سىم چىچەن،  
 اونىڭ مېندە بىرى جوق،  
 ازىمەنى جوغىن،  
 چايقامى توغىن،  
 قاراب جاتقان ئىرى جوق،  
 مېندە سونىڭ بىرى مەن  
 اولگەنم جوق ئىرى مەن.

Ағаның ақыл,  
Айтқаны мақұл,  
Жаны ашыған жақындық.  
Мен жазған кеңес,  
Мақтаныш емес  
Ат шығармақ ақындық.  
Ер батқанда жорғалық;  
Молда жоқта молдалық!

~~~~~  
Байқасақ, жезде!
Бауыздар кезде
Үн шығу бар емес пе?
Үндемей өлсек,
Сүйекпен көмсек,
Кейінгілер демес пе:
Ұлақ құрлы бақырмай,
Өлген екен, апырмай!

~~~~~  
«Милләтке қызмет,  
Бәріңе міндет».  
Деб айтасыз өзіңіз.  
Милләттен безұу  
Әйтбесе төзұу,  
Шын болса сол сөзіңіз.

Маса

آغاناڭ آفل،  
 آيتقانى ماقۇل:  
 جانى آچىغان جاقندىق.  
 «مەن جازغان كېڭەس،  
 ماقىتاج ايمەس  
 ات چىقارماق آقندىق.  
 اپر بانقاندا جورغالق؛  
 مولدا جوقدا مولالىق.

~~~~~  
 بايقاساق، جەزدە!
 باۋزدار كېزدە
 «ئۇن چىغۇۋىبار ايمەس بە؟
 اۋندەمەي اولاسەڭ،
 سۈيەڭ بېن كومسە،
 كېيىنكىلەر دېمەس بە:
 اولاق قۇرلى باقۇرماي،
 اولىگەن اپكەن، آپرماي!

~~~~~  
 «مىللەتكە قىزمەت  
 بارىڭكە مىندەت»  
 دېپ آيتاسز «اوزىڭز.  
 مىللەتدەن بېرۇۇ  
 آيتبەسە ئوزۇۇ،  
 چەن بولسا سول سوزىڭز.

Кей іс шарты құрбанмен,  
Болмас қорқыб тұрғанмен.

~~~~~

Мен бұқтым, жатдым,
Сен бұқтың, жатдың,
Кім істемек қызмет?
Ауызбен айтыб,
Істерге қайтіб.
Жоламасақ не міндет?
Тек жүрсе, тоқ жүрмекді
Қиын деме білмекті.

~~~~~

Жезде-еке, солай!  
Көрмессіз қолай  
Жан сақтаудың ебіне.  
Айтбайтын жыр бар,  
Ашпайтын сыр бар  
Тымақтының көбіне.  
Сізге жаздым ұғар деб,  
Тымағы жоқ шығар деб.

.....  
~~~~~

كېيى ئاش چارنى ئۇرغان مەن،
بولماس ئورقۇ ئۇرغان مەن.

—

مەن بۇقتىم، جاتتىم،
سەن بۇقتىڭ جاتتىڭ.
كىم استەمەك قىزمەت؟
أوز بېن آيتىپ،
استەردە قايتىپ
جولاماساق نە مەدەت؟
ئېك جۇرسە، توق جۇرمەككى
قىيىن دېمە بىلمەككى.

~~~~~

جېزە - اېكە، سولاي!  
كورمەسسز قولاي  
جان ساقىتادىڭ اېيىنە.  
آيتىبايتىن جىر بار،  
آچىبايتىن سىر بار  
ئىماقتىنىڭ كوبيىنە.  
سىزگە جازدىم اۇغار دېيىپ،  
ئىماقنى جىق چىغار دېيىپ.  
• • • • •

## ҒЫЛЫМ.

Ғылымдар дүниалық сихыр болмақ;  
Оқыған ол ғылымды кәфір болмақ;  
Зулатыб шариғатды шарт жүгініб  
Молдекең отырғанда мойнын толғаб.

Сондықтан заман жүйрік, біздер шабан;  
Артында ілесе алмай жүрміз һәман;  
Күн сайын өзгеріліб, өнер артыб,  
Бәрі де бара жатыр алға таман.

«Заманың түлкі болса, тазы боб шал!»  
Деген сөз аятбенен бірдей маған  
Алақдаб артымызға қарағышдаб  
Жүргенде-ақ озыб, ұзаб кетді заман;  
Нәрсені түске енбеген өңде көрдік;  
Соларды табқан ғылым, дейміз жаман.

Ғылым деб нені үйрендік біздер жасда  
(Айтқаным бекер болса, алмай таста.  
Табылар ақтайтын да, боқтайтын да,  
Сөз емес арнаб жазған дос пен қасқа)

Ғылым бар бет жұуу да талай дедік;  
Жұуған жөн былай бастаб, бұлай дедік;

غىلىم.

غىلىمدار دۇنيالىق شېخىر بولماق؛  
 اوقىغان اول غىلىمدى كافر بولماق؛  
 زۇۇلاتى چارىغاتىدى، چارت چۇگىنىپ  
 ەولدا-ئېكىكك اوتىغاندا موينىن تولغاب.

سۈنىقدان زامان جۇيرىك، بىزدەر چابان؛  
 آرتىندا الەسە آلماي جۇرمىز جامان؛  
 كۈن ساين اوزگەرىلىپ، اۈنەر آرتىپ،  
 بارىدە بارا جانر آلتا تامان.

«زامانك ئۆلۈكى بولسا، تازى بوب چال!»  
 دېگەن سۆز آيات بېنەن بىردەى ماغان  
 آلاڧداب آرتىمىزغا قاراغچىداب  
 جۇرگەندە- آق اۈزب، اۈزاب كېتىدى زامان؛  
 نارسەنى تۇسكە اپنىگەن اۈكئە كوردك؛  
 سولاردى ئاپقان غىلىم، دېيىمىز جامان.

غىيام دېپ نەنى اۈيرەندك بىزدەر جاسدا  
 (آيتقانم بېكەر بولسا؛ آلماي ناستا.  
 ئايىللار آقتايتىن دا، بوقتايىتن دا،  
 سۆز اپمەس آرناب جازغان دوس بېن فاسقا)

غىلىم بار بېت جۇۇۇدا ئالاي دېدىك؛  
 جۇۇۇغان جۈن بىلاى باستاب، بۇلاى دېدىك؛

Жұусандар солай етіб сауабы көб,  
Жаза бар жумағанда олай дедік.

Шартдар көб дедік ғұсыл кұйынғанда;  
Шаһуат пәлендей боб кұйылғанда;  
Қалайша көзде... деб айтбады екен?  
Үйрет деб мұның бәрін бұйырғанда!

Әйелмен пәлен бар деб жанасқанда;  
Пәлен деб ұйқысыраб адасқанда;  
Үйрету балаларға қандай жақсы!  
Ақылға салыб, ойлаб, бал ашқанда!

Мектебде оқымаған білмей жүр ғой!  
Жердегі мал-махұлық, құс асбанда?  
Айтамын молдекең жоқ оңашада,  
Сөз бермес кәфірсің деб таласқанда.

~~~~~  
НАДСОННАН.

Шайылған көз жасымен жердің бетін
Өткізіб, тым өлшеусіз, өкіметін
Жауыздық жалғандықпен қабдағанға;
Адал жол, ақ ниетді, арам жеңіб,
Жазықсыз жанды қинаб, қанды төгіб
Бұзықдық, түзікдікті табтағанға;

جۇسۇ ئىدارىسىلاى اېتىب ساۋابى كۆپ،
جازا بار جۇمماغاندا اولاي دېرىك.

چارتىدار كۆپ دېدىك غۇسل قۇيىنغاندا؛
چاھۇت پالەندەى بوپ قۇيىلغاندا؛
فالابچا كوزد. دېپ آيتىداى اېكەن؟
اۋىرەت دېپ مۇنىڭ ئبارن بۇيرغاندا!

آيەل مېن پالەن بار دېپ جاناسقاندا؛
پالەن دېپ اۋىقىسىيراب آداسقاندا؛
اۋىرەتۇۇ بالالارغا فاندای جاقسى؛
آقلىقا سالىپ، اويلاپ، بال آچقاندا.

مېكىتەبدە اوقىماغان بلىمەى جۇر-غوى؛
جېردەگى مال-ماخلوق، قۇس آسپاندا؛
آيتنامن مولدا- اېكەك جوق اوڭاچادا؛
سور بېرمەس كافر سىن دېپ ئالاسقاندا.

نارسونان

چايلغان كوز جاسى مېن جېردىڭ بېتىن
اونىكىزىپ، تم اولچەۋسىز، اۋكۇمەتىن
جاۋزدىق جالغاندىق بېن قاپتاغانغا؛
آدال جول، آق نىيەتىدى، آرام جېڭىپ،
جارتىسىز جازدى قىناب، قاندى توگىپ
بۇزۇقنى، تۇز كىدىق تاپتاغانغا؛

Қиналыб, кім болсаң да, талыққандар,
Түңіліб, үміт үзіб жабықпаңдар!
Қайтадан жақындық кеб, қасдық қашыб,
Жарқыраб жақсылыққа атар таң бар.



Еңкейіб еңсесіне бейнет артбай,
Шөгер тәж шынжыр киіб, азаб тартбай,
Жақындық келер күшті сәулетінде;
Көз жасы, тірі мола, құлдық, хорлық,
Дар-ағаш, қылыш – қанжар, өшдік, зорлық,
Бірі жоқ жақындықтың дәулетінде;
Жанға жұт, жарық сәуле, жоқ мұқтаждық,
Сырт берер адамзатдың әулетіне;
Артықша тасқан қайтыб, толған солыб,
Құритын кез келмекші нәубетіне.



Демеңдер! Жақсылық таң жай үміт құр,
Заман тар, жауыздық зор, тым қысыб тұр,
Айналаң қараңғы түн, тым түнерген.
Қиналыб, талар дүниа азаб шегіб,
Қалжырар жалмауыздар қанға бөгіб,
Болдырар, алыс-жұлыс жұлына ерген.

قېنالب، كىم بولساڭدا، ئالققاندار،
تۈگىلىپ، ئۈمىت ئۈزۈپ جاپىغا ئىدار!
قايىمادان چاقىندى كېيىپ، قاسىقى قاچىپ،
چار قىراپ چاقىسىقا ئاتار ئاڭ بار.

~ ~ ~ ~ ~
اېڭىكەيىپ اېڭىسىنىڭ بېيىنەت آرتىباي،
چوگر تاج، چىنجر كىيىپ، آزاب تارتىباي،
چاقىندى كېلەر كۈچتى ساۋلەتتە؛
كۈز جاسى، ئىرى مولا، ئۇلىق، خورلىق،
دار-آغاچ، قىچ-فانچار، اوچىك، زورلىق،
ئىرى چوق چاقىندىڭ داۋلەتتە؛
جانغا چۈت، چارق ساۋلە چوق مۇختاجدىق،
سەرت بېرەر آدام زاننىڭ ئۆلەتتە؛
آرنىچا ئاسقان قايىتە، ئولغان سولەپ،
ورىيىتىن كېز كېلىمەكچى، ئۆلەتتە.

~ ~ ~ ~ ~
دېمەككەن! چاقىسىلىق ئاڭ جاي ئۈمىت قۇر.
زامان ئار، چاقىزدىق زور، تەم قىسىپ تۇر،
آيناللاڭ قاراڭغى ئۆن، تەم تۈنەرگەن.
قېنالب، ئالار دۇنيا آزاب چېگىپ،
قالچىرار چالماۋىدار قانغا بۈگىپ،
بولدىرار، آلس-چولس چۈلىنا بېرگەن.

Жүре алмай, дымы құрыб сонда әрі,
Соқпалы, содыр жолдан шығар бәрі;
Талған күш, қиналған тән, ауырған жан,
Дертіне жақындықты етер дәрі.



БАҚ.

Бұлттар басыб жасырған,
Жана түсіб басылған,
Таң шафағы сөніб тұр:
Жаңаланған өмірден,
Жаңа шығыб көрінген
Гүл қамауда сеніб тұр.
Балалықтан басталыб.
(Тастаймын аз жасды алыб,
Есім нағыз енгенше)
Көрдім қызық, көрмедім?
Көрсем баға бермедім,
Бозбала жас келгенше.
Құстай түлкі алатын,
Жайыб алтын қанатын,
Уұылжыған от лепді
Жігіттік жас келді де
Ойды бір-аз бөлді де
Тұрағы жоқ ол өтді.

جۈرە آلماي، دىمى قۇرب، سوندا ئارى،
 سوقبالى، سودر چولدان چقار ئبارى؛
 ئالغان كۈچ، قىنالغان ئتان، ئورغان جان،
 دېرتىنە جاقىندى اپتەر ئدارى.

~~~~~  
 باق.

بۇلقدار باسب جاسرغان،  
 جانا ئۆسب باسلغان،  
 ئاڭ چافاغى ئسونب تور؛  
 جاڭلانغان اومردەن،  
 جاڭا چقب كورنگەن  
 گۈل قاماۋدا سېنب نۇر.  
 بالالقدان باستالب.  
 (ئاستايىمىن آز جاسدى آلب،  
 اپسم ئاغز اپنگەنچە)  
 كوردم قزق، كورمەدم؟  
 كورسەم باھا بېرمەدم،  
 بوز بالا جاس كېلىگەنچە.  
 قۇسداي قۇلىكى آلاقىن،  
 جايىب آلتىن قاناتىن،  
 ئۇۇلىغىغان اوت لېپتى  
 چاڭتەك جاس كېلىدە  
 اويىدى ئېر - آز بولىدە  
 ئۇراغى جوق اول ئوندى.

Құудым бақты, іздедім.  
«Табамын – ғой тез» дедім.  
Азаб шекті тән-жаным.

Қараб жақын жырақты,  
Жақтым түрлі шырақты,  
Табдырмады қуғаным.

Үміт сүйрер жыраққа,  
Жетесің деб мұратқа  
Талықсам да ізденіб.

Қашан көңіл жасарар?  
Арқа басың босанар,  
Рақаты жаз келіб?

Қашан жаныб шамшырақ?  
Сәуле беріб жарқыраб,  
Болар жарық төрт тараф?

Қашан маған іздеген,  
Күліб жылы жүзбенен,  
Болар серік бақ қараб?



قۇيۇدم باقىدى، ازىدەدم.  
«قايامىن - غوى تېز» دېدىم.  
آزىاب چېكىدى ئان - جانم.

قاراب جانن جرافىدى،  
جافىدم ئۇرلى جرافىدى،  
تابىرمادى قۇيغانم.

ئاۋىت سۇپىرەر جرافىقا،  
جېتەسن دېپ مۇراقىقا  
ئالەمسامدا ازىدەنب.

فاچان كوئىل جاسارار؟  
آر فا بىلىك بوسانار،  
راخاننى جاز كېلىب؟

فاچان جانن چام چراق؟  
سانۇلە يېرىب جارقىراب،  
بولار جارق ئورت تاراف.

فاچان ماغان ازىدەگەن،  
كۆلۈپ جىلى جۇز بېنەن،  
بولار سېرىك باق قاراب؟



## ПУШКИН Уалтерден.

Қыздыр дейсін тоб жиынды, жан дейсін,  
Қыздыратын жасты қайдан ал дейсін?  
Өмірімнің таңын қосыб кешіне  
Бер қайтадан өткен күннің һәммесін!

Бере алмасаң, кең салалық бейілді;  
Жас қызығын көрсін жастар кейінгі.  
Тәтті өмірмен нәфсі көңілін ауладық,  
Қалғанымен алданталық зейінді!

Уа, дариға! Өтдің басдан, қызық жас!  
Өзіңе жөн, өзгелерге бұзық жас.  
Қайғы, Хасірет дертін жанға батырмай,  
Қайран жастық! Қызуымен қылған мас!

Көрінбестен өмір көбі өткен шақ,  
Тіршіліктің сән, ләззаты кеткен шақ.  
Ойын күлкі, мәжілістен , қызықтан  
Мезгіл құуыб: «Шық!» деб, әмір еткен шақ.

Жасың айтса, көнбегеннен не пайда?  
Уақыттың тілі шолақ: «Жүр!», «айда!»  
Тұрлауы жоқ, өзгерілгіш өмірдің  
Өтбесіне еткен, сірә, кім айла!



## پۇۋچكىن ۋالتىردەن.

قۇردىڭ دېيىش تۈب جىيىندى، جان! دېيىش،  
قۇدىراتىن جاسدى قايدان آل دېيىش؟  
«ئومرىڭ ئاتىن قوسىپ كېچىنە  
بېر قايتادان اۈنكەن كۈنىڭ ھاممەس!»

بېرە آلماساڭ، كېڭ سالالىق بېيلىدى؛  
جاس قىزىغىن كورسەن جاسدار كېيىڭى.  
«تانتى ئاۋەر مېن ئافىسى كۈكلەن آۋلادى،  
قالغانى مېن آلدانئالىق زېيىندى!»

اۋ، دارىغا! ئۆزىڭ باسار، قىزىق جاس!  
اوزىڭگە ئاۋەر، اۈزگەلەرگە ئۇزۇق جاس.  
قايىقى، خاسرەت دېزىتىن جانغا باتىرماي،  
قايران جاسدىق! قىزۇى مېن قىلغان ماس!

كورنەيسەن «ئومر كۈبى اۈنكەن چاق،  
تريچىلىكىڭ ئسان، لازىراتى كېتكەن چاق،  
اۋىن كۈلىكى ماچاسەن، قىزدان،  
مېزىگىل قۇتۇپ، «چاق!» دېيىپ، ئامر اپتكەن چاق

جاسىڭ آيتسا، كۈنەگەننەن نە پايدا؟  
واقىدىڭ ئاۋى چولاق: «جۈر!»، «آيدا!»  
تۈرلەۋى جوق، اۈزگەلەرگەچ ئاۋردىڭ  
اۈتەيسىڭە اپتكەن سىراكم آيدا!

Мүмкін десек адамзатқа екі өлмек,  
Бірі соның – «жасым жетді» деб көнбек;  
Бұл елімнің ардақтысы – аруы,  
Мұнан кейін өлім-бе, сол дем сөнбек?!




### АТ.

Сен неге, тұлпар атым! Кісінейсің?  
Жабығыб неден көңілің, түсді еңсең?  
Ерігіб, ауыздығың қарш-қарш шайнаб,  
Бұ қалай, бұрынғыдай сілкінбейсің?

Әлде мен, бабың тауыб, бақпадым-ба?!  
Болмаса, жемнен қысыб, сақтадым-ба?  
Әйтбесе, әбзелдерің сәнді емес пе?  
Жібектен тізгініңді тақпадым-ба?  
Малдырыб саф алтынға үзеңгіңді,  
Тағанды шын күмістен қақпадым-ба?

Жауабы иесіне берген атдың:  
«Сұрайсың не сәбебден мен жабықтым,  
Алыстан құлағыма келер дүбір  
Һәм дауысы керней тартыб, атқан оқдың.

مۇمكىن دېسەك: آدام زاتقا اپكى اولمەك،  
 بىرى سونىڭ «جاسم جېتىدى» دېي كۈنبەك؛  
 بۇل اولمەك آرداقتىسى - آۋىرى؛  
 مۇنان كېيىن اولم - بە سول دېم سۈنبەك؟



### آت.

سېن نېگە، ئۇلپار آتم! كسىنەيسىن؟  
 جايغىغ نەدەن كوڭلاڭ، ئۇسبى اپكسەك؟  
 اپرىگىب، آۋزىڭىڭ فارچ - فارچ چاپنا،  
 بۇ قالاي، بۇرنىغىداي سىلىكىنەيسىن؟

آلدە مېن، بابىڭ ئازىب، باقىدام - با؟  
 بولماسا، جېمىندىن قىسب، ساقىدام - با؟  
 آيتىسە، آيزەلدەرك ئۇسندى اپمەسبە؟  
 جېدە كدەن ئزگىنىڭىدى ئاقىدام - با؟  
 مالدىرب شاف آلتىغا ئۈزەنگەڭدى،  
 ئاغاكىدى چىن كۈمسەن ئاقىدام - با؟

جاۋابى ايسەسېنە بېرىگەن آندىڭ:  
 «سۇرايسىن نە سابەبدەن مېن جاقىدم،  
 آلسدان قۇلاغىما كېلەر دۇر  
 ئھلم داۋسى، كېرنى ئارتىب آتقان اۋۇرك

Кісінеб себебім сол мен аһ ұрған:  
Көб жүріб далада енді сейіл құрман.  
Әбзелмен жарқыраған әсем басыб,  
Аз қалды сыйлы, сынды күндер тұрған.

Жақында жаны ашымас жау кеб шабар;  
Қалдырмай әбзелімнің бәрін тонар;  
Соқтырған шын күмістен тағаларды;  
Сұуырыб айағымнан, олжалаңар.

Күйзеліб, жаным ашыб, ауырыб бек,  
Қайғырыб, уайым ғыб, тұрмын жүдеб;  
Орнына желбуіштің терінді әкеб,  
Терлеген бүйіріме жабады деб».



### **ДАНЫШПАН АЛЕКДІҢ АЖАЛЫ.**

Жар салыб, жасақ жиар білімді Алек.  
Білімсіз хұзарлардан алмаққа кек.  
Қаласын, егіндерін ызасы үшін,  
От пенен қойған арнаб қылышқа деб.  
Қол бастаб, киіб сауыт – Тсарградды<sup>1</sup>,  
Сыр мінез таңдаб мініб сенімді атды.

---

<sup>1</sup> Тсарград – Ыстанбұл қаласының бұрынғы аты; Сауыт Тсарград – сонан шыққан сауыт.

كسىنەب سايەبىم سول مېن آه اۇرغان:  
 كۈب ءجۇرب دالادا اپىندى سېپىل قۇرمان.  
 آبزەل مېن جار قىراغان آسەم باسب،  
 آز قالدى سىلى، سىندى كۈندەر تۇرغان.

جافىندا، جانى آچىماس، جاۋ گېپ چاپار؛  
 فالدىرماي آبزەلمەڭك ءبارن تونار؛  
 سوقترغان چىن كۈمسەن تاغلاردى؛  
 سۇۇرب آياغىمىنان اولجالانار.

كۈيزەلب، جانم آچىپ، آۇرب بېك،  
 قايعىرب، وايم غىب، قۇرمن جۇدەب؛  
 اورنىنا چېلىپۇۋچىڭ تېركىدى آ كېپ،  
 تېرلەگەن. بۇيىرىمە جاپادى دېپ».

### دانهچىبان آلېكىڭك آجالى

جار سالب، جاساق جىيار ءبلىمدى آلېك.  
 ءبلىمسى خوزارلاردان آلمانقا كېك.  
 ئالاسىن، اپگىندەرن ازاسى ءۇچىن،  
 اوت بېنەن قويغان آرناب قىلچقا دېپ.  
 قول باستاب، كىيىپ ساۋت - تسارگراددى، (\*)  
 سر مەنز، تاكداب ءمنىب سېنىمدى آندى.

(\*) تسارگراد استانبول قالاسىنىڭ بۇرنىنى آتى؛ ساۋت  
 تسارگراد - سونان چىققان ساۋت.

Далада келе жатыб, кінәз көрді  
Ішінен қалың орман шыққан қартты.

(<sup>1</sup>) Перұнға көнген, берген ықыласын,  
Болжаған болар заман уақиғасын,  
Қасына Алек келді қарианың  
Өткізген құлшылықпен, балмен жасын.

«Не болар, айтшы, бақсым! Хұдай сүйген;  
Ілгергі өтер жасым нендей күймен?  
Жауымды жан жақтағы құуандырыб,  
Топырақ тез басар ма? Денеме үйген.

Ашыб айт! бүкпей бәрін, еш қаймықпа!  
Аласың таңдаб жақсы ат айтқандыққа!». –  
«Бақсылар кінәз сыйын қылмас хажет  
Һәм қорықпас болғандардан ие жұртқа;

Олардың тілі еркін, сөзі хақ-ды,  
Құдірет әмірімен ынтымақты  
Қараңғы таңдағылар танытбайды  
Жүзіңнен саған деген көрем бақды.

---

<sup>1</sup> Перұн – дінсіздер табынан бұт.

دالادا كېم، جانىب، كىناز گوردى  
 اچىنەن فالك اورمان چىققان قارىدى،

(\*) پېرۇنغا كۈنىگەن، بېرگەن ايغلاسن،  
 بولجاغان بولار زامان واقىغاسن،  
 قاسىنا آلېك كېلىدى قارىبانك،  
 اوتىزگەن قۇلچىياق پېن، بال مېن جاسن.

«نە بولار؟ آيتچى، بىلىشم! خۇداى سۇيگەن؛  
 الكىرگى اوتىز جاسم نېندەى كۈى مېن؟  
 جانۇمدى جانجانداغى قۇواندىرب،  
 توپراق تېمز باسارما؟ دېنەمە اۋىگەن.

آچىب آيت! بۈكبەى بارن ھېچ نايەمبا!  
 الاسن قانداق جاننى آت آيتقانداقا»  
 — «بانسىلار كىناز سىيىن قىلماس خاجەت  
 ھام قورقپاس بولغانداردان ايە جۇرتقا؛

اورلادىك ئىلى اپىرگىن، سوزى خاقىدى،  
 قۇدرەت آەرى مېن انتىقماقتى  
 قارا ئىقى ئا كىداغىلار تانتىبايدى  
 جۇز ئىنەن ساغان دېگەن كۈرەم باقىدى.

(\*) پېرۇن — دېنەسزەدە تايىن تىن بىت.

«Ұмытбай, ал жадыңа! Сөзін қартдың,  
Батырға қымбат пұлы дабыс-даңқдың.  
Атың зор, айбының мол жау мұқатқан  
Қалқаның қақ басында Тсарграддың.

Айамай, берген саған бақ-талайды,  
Күніркеб, дұспандарың көре алмайды;  
Жер сұу да, бәрі саған бағынулы,  
Толқыны көк теңіздің ала алмайды;

Айбалта, оқ найза да, сом қанжар да,  
Ешбірі саған залал қыла алмайды;  
Астына көк сауытың жара түсбес,  
Қорғаушың көрінбейтін бар бір сайлы.

Қатерлі не бейнеттен қорықпас атың;  
Сезеді қозғалғанын, қалай таңым.  
«Тұр!» десе жауған оққа қимылдамас  
«Шұу!» десе не қамалға кірер батыл;

Сұуыққа, соғысқа да тұлпар шыдар;  
Ажалың, бірақ осы аттан болар...»  
Сөзіне шалдың айтқан күлді Алек,  
Әйтсе де ой мен жүзі торғылданар.



اۈمىتباي، آل چادىڭا! سوزن فارىڭ!  
 بانىرغا قىمبات پۇلى داپس - دا ئىقش.  
 آڭ زور، آيىڭ مول جاۋ مۇقائىقان  
 قالقانڭ قاقباسىندا تىسارگىرادىڭ؛

آياماي، بېرگەن ساغان باق - تىلايدى،  
 كۈنر كەب، دۇسىبانىڭ كۈرە آلمايىدى؛  
 جېر سۇۋدا، ئبارى ساغان باغىنۇۋلى،  
 تولىقىنى كۈك تېڭىڭك آلا آلمايىدى؛

آيىالتا، اوق ناپىزادا، سوم فانىجارد،  
 ھېچ ئبرى ساغان زالال قىلا آلمايىدى؛  
 آستىنا كۈك سەۋىڭك جارا قۇسبەس،  
 فورغاۋچىڭ، كۈرنەيىقن، بار ئبرى سايلى.

فاتەرلى نەبىيىنەندەن قورنىس آڭك؛  
 سېزەدى قوزغالغانن، قالاي ناقم.  
 «تۇرا» دېسە جاۋغان اوققا قىمىلداماس  
 «چۇۋا» دېسە نە قامالغا كرەر باتل؛

سۇۋققا، سوغىسقادا تۇلپار چىدار؛  
 آجالڭ، ېراق، اوسى آندان بولار..  
 سوزىنە چالدىڭ آيتقان كۈلدى آلېك،  
 آيتىسەدە اۋى مېن چۇزى تورغىلدانار.

Көңілсіз, ойдағы жоқ естіб ісді,  
Үндемей, ерге асылыб аттан түсді.  
Сипалаб, қасыб, қағыб мойынға атын,  
Айнымас досбен кінәз хош айтысты:

«Бақыл бол, серік атым, ренжіме!  
Айырылар мезгіл жетсе, айырмас не?  
Дамыл ал! Хош аман бол! Мені ұмытба!  
Айағым тимес алтын үзеңгіңе.

Келіндер, бозбалалар, атды алыңдар!  
Жетектеб, тоғайыма апарыңдар!  
Жабыңдар! Жабуына түкті кілем;  
Тазалаб, жуыб, бағыб, бабдаңыздар!

Жеміне ең қалаулы сұлы алыңдар!  
Бұлақтың сұуымен һәм суарыңдар!»  
Кінәзға, атын алыб, тосды басқа ат;  
Өтеді мұнан кейін неше жылдар.



Басында бір қорғанның Алек тойлаб,  
Жасақпен жанындағы күліб ойнаб,  
Қайғы жоқ, хасірет жоқ, ішіб бәрі,  
Күндерді бастан кешкен сөйлер ойға аб.

كۈڭلەن، اويداغى جوق اپستېن ئاسدى،  
 اۋندەمەي، اپرگە آسىلاپ آندان ئۇسىدى،  
 سىپالاب، قاسب، قاغب مويىغا آتن،  
 آينىماس دوس بېن كىناز خوج آيتسىدى:

«باقىل بول، سېرك آتم، رەنجىمە!  
 آيرىلار مېزىل جېتىسە، آيرماس نە؟  
 دامل آل! خوج آمان بول! مېنى اۋمتبا!  
 آياغم تېمەس آقن اوزەنگىكە.

كېلىڭدەر، يۈز بالالار، آندى آلەڭدار!  
 جېتەكدەب توغايىيا اپپارڭدار!  
 جاپڭدار! جابۇۋىنا تۇكتى كەلم;  
 نازالاب، جۇۋب، باغب بابداڭدار!

جېمىنە اپڭ قالاۋلى سۇلى آلەڭدار!  
 بۇلانڭ سۇۋى مېن ئھام سۇۋارڭدار!  
 كىنازغا آقن آلېب، تۇسىدى باسقا آت;  
 اۋتەدى مۇنان كېيىن نېچە جىلدار..

باسىدا ئور قورغانڭ آلېك ئويلاپ،  
 جاساق بېن جاننداغى كۈلب اويىتاب،  
 ئايغى جوق، خاسرەت جوق، ئاچب ئارى،  
 كۈندەردى باسدىن كېچكەن سويلەر اويىغا آب.

Ескерді бір мезгілде атын Алек,  
Сұрайды: «Есен-сау ма һәм қайда? деб:  
«Жүрісін, жүйріктігін танған жоқ ба?  
Жабығыб қалмады ма?» дейді жүдеб».

Қайда деб, жоқтаған соң Алек атын,  
Айтады біреу тұрыб: «Кіназ батыр!  
Басында биік қырдың әлдеқашан;  
Тыныштық алыб, атың ұйықтаб жатыр».

Мұны естіб, Алек жерге қараб төмен,  
Ойлайды: «Отдаб босқа шал не жеген?!  
Құу бақсы! Өтірікші, алжыған шал,  
Атымды айырыбсын босқа менен».

Көруге атдың сүйек-сайақтарын,  
Ертіб аб «Игор» менен қонақтарын,  
Сарайдан шығыб, Алек келе жатыр,  
Жағалаб Днепрдің <sup>(1)</sup> алабдарын.

Құуарған жатыр сүйек қыр басында,  
Селеулер жел құбылтқан тұр басында.  
Құм көмген, жаңбыр жуған сүйекдердің  
Аралаб кіназ Алек жүр қасында.

---

<sup>1</sup> Днепр – өзеннің аты.

اېسكەردى بىر مېزگلدە آتنىڭ،  
 سۇرايدى: «اېسەن، ساوما ھام قايدا» دېيىپ؛  
 «جۇرىسەن، جۇيرىكىدىگەن ئاتقان جوقبا؟  
 جايىغىپ قالمادى-ما؟» دېيىپ «جۇدەب».

قايدا دېيىپ، جۇقتانغان سولۇڭ آلبىك آتنى،  
 آيتادى بۇرۇق تۇرۇپ: «كناز-بائىر!  
 باسندا بىك قىزىڭ ئالە ئاچان!  
 تىچىق آلبىك، آتنىڭ ئۇيقتاپ جاتىر»،

مۇنى اېستىپ، آلبىك جېرگە قاراپ نومەن،  
 اويلايدى: «اونداپ بوسقا چال نە جېگەن؟!  
 قۇۇ باقسى! اونىركىچى، آلبىك چال،  
 آتمىدى آيىرىپ سەن بوسقا-مېنەن».

كورۇۇگە آتنىڭ سۇيەك. سايافدارن،  
 اپىزىپ آب «ايگور» مېنەن قوناقدارن،  
 سارايدان چىقىپ، آلبىك كېلە جاتىر،  
 جاغالاپ دىنپىردىڭ (\*) آلابدارن.

قۇزارغان جاتىر سۇيەك قىزىپاسندا،  
 سېلەۋلەر جېل قۇيلىققان قۇرىپاسندا.  
 قۇم كومىگەن، جاتىر جۇرغان سۇيەك-دەردىڭ  
 آزالاب كناز آلبىك جۇر فاسندا.

(\*) دىنپىر-اوزەننىڭ آتى.

Ақырын, аяғын саб, шығыб басқа,  
Сөз сөйлер, кінәз тұрыб өлген досқа:  
«Жат, достым! Кәрі иеннен қайтқан бұрын,  
Қүдірет қарамайды көб-аз жасқа.

Жазыбды сені асыма сойғызбасқа.  
Қаныңмен топырағым тойғызбасқа.  
«Ажалың атдан болар» деб сандалыб,  
Шал мені қорқытқаны осы бас-па?!»

Білдірмей, бас ішінен жылжыб шығыб,  
Кінәзға қара жылан шабды ысқырыб.  
Оралыб аяғына, шаққан кезде,  
Батырдан шықды дыбыс, жаны ышқыныб...

Алекді жоқтаб жұрты көб жылайды,  
Өлген соң, жылағанға ол тұрмайды.  
Днепр жағасында асын беріб,  
Көбіршіб сабты аяқдар быжылдайды.

«Олга мен кінәз «Игор» дөң басында:  
Тойлаған жасақдары һәм қасында:  
Күндерді, бастан кешкен сөйлей түсер,  
Сабдты аяқ жүрген сайын ортасында...



آقیرن، آیاغن ساب، چغې باسقا،  
 سوز سویلەر، کنار تۇرب اولگەن دوستقا:  
 «جات، دوستم! کاری ایه گەن قایتقان بۇرن،  
 قۇدرەت قارامایدی کوپ - آز جاسقا.


✓ جازبدی سېنى آسیما سویغز باسقا.  
 فانگ مېن توپراغم نویغز باسقا.  
 «آجالگ آزدان بولار» دېب ساندالاب،  
 چال مېنى قورقتقانی اوسى باس - با؟»

بیلرّمەى، باس اچینەن جلیج چغې.  
 کنارغا قارا جلان چابدی اسقیرب.  
 اورالب آیاغینا چاققان گېزدە،  
 بانردان چقدی دبس جانی اچقینب...

آلپکدی جوقتاب جۇرتی کوپ جلایدی،  
 اولگەن سولگ، جلاعانغا اول تۇرمایدی،  
 دنپیر جاعاسندا آسن بېرب،  
 کوپرچب سابتی آیافدار بجلدایدی،

«اولگا» مېن کنار «ایگور» دۇگ باسندا؛  
 توپلاغان جاساقداری هام قاسندا؛  
 کۈنەردی، باسدان کپچکەن، سویلەى تۇسەر،  
 سابنی آیاق جۇرگەن ساین اورناسندا...





## БАЛЫҚШЫ МЕН БАЛЫҚ.


Теңіздің жағасында кемпір мен шал  
Тұрыбды отыз үш жыл нақ дәлме дәл.  
Күн көрген бишаралар балық аулаб,  
Болмабды төрт түліктен ырымға мал.

Үсті шым, асты шұңқыр жерден жырған,  
Баспана мекенінің сиқы тұрған.  
Бала жоқ қолғанатдық екеуінде,  
Иіріб кемпір жібін, шал ау құрған.

Бір күні шал апарыб ауын салды;  
Балық жоқ ауға оралған балдырды алды.  
Салғанда жана ауын екінші рет,  
Теңізге бітетін бір шөб оралды.

Тағы да үшінші рет ауын салыб,  
Сүйретіб, шығарды бір алтын балық.  
Шал байғұс өз көзіне өзі сенбей,  
Аңырайыб тұрды біраз аң-таң қалыб.





تېگىزدىڭ جاغاسىدا كېمپىر مېن چال  
تۇرىدى اوتىز ءاۋچ جل ناق دالمە ءدال،  
كۈن كورگەن بېچارالار بالق آۋلاب،  
بولمايدى تۇرت تۈلكىدەن ارىغا مال.

ءاۋستى چىم، ءاستى چۇقر جېردەن جىرغان،  
باس پانا مېكەنىڭ سىقى تۇرغان.  
بالا جوق قولغاناتىق اپكەۋىدە.  
ءايىرب كېمپىر ءجېن، چال آۋ قۇرغان.

بىر كۈنى چال آپارب آۋىن سالىدى؛  
بالق جوق آۋغا اورالغان بالىردى آلىدى.  
سالىغاندا جانا آۋىن ابكىچى رېت  
تېگىزگە بىدەن بىر ءچوب اورالىدى.

تاغىدا ءاۋچىچى رېت آۋىن سالىب،  
سۈيرەتەب، چىغاردى بىر آلتىن بالق؛  
چال بايغۇس ءوز كوزىنە ءوزى سېنىدى،  
آكرايىپ تۇردى بىر آز آڭ - ئاڭ قالىب

Жарқыраб үсті-басы, оттай жаныб  
Адамша сөз сөйлейді алтын балық:  
«Жанымды бір шыбындай қи, ақсақал!  
Бар болса не хажетің менен алыб».

Шал сасыб, абдырайды, есі кетіб,  
Балық деб, бұ неғылған, тілге жетік?!  
Керемет мұндай сірә көрген емес,  
Ау салыб отыз үш жыл кәсіб етіб.

Ойланыб: «Тегін емес балық» дейді,  
Қалмайын киесіне алыб, дейді;  
«Ғеш нәрсең керек емес жолың болсын,  
Сайран ет теңізіңде барыб» дейді.

Балықты жіберді де, үйге қайтды,  
Не ғажаб көргенінің бәрін айтды.  
«Жібердім еш нәрсе алмай», деген соң-ақ,  
Кемпірі шалға көзін бажырайтды:

«Ақымақ!» дейді: «Алжыған» кеткен есің:  
Былжыраб айтыб тұрсын, сөз деб несін?  
Жаңа астау тым болмаса, алсаң едің,  
Астаудың жарылғанын білмеймісін?»

چار فراب ئۇستى - باسى، اوندای جازب  
 آدمغا سوز سويلەيدى آلتىن بالق؛  
 «جانمىدى بىر چىندای قى، آفسا قال!  
 بار بولسا، نەخاجەتڭ مېنەن آلب»

چال ساس، آبىرايدى، اپسى كېتەب.  
 بالق دېپ، بۇ نەغلغان، تىلگە جېتەك؟  
 كېرەمەت مۇندای سىرا كورگەن اېمەس،  
 آۇ سالب اوتىز ئۇچ جىل كېسەب اېتەب.

اويلانەب «تېگەن اېمەس، بالق» دېيدى،  
 قالماين كىەسىنە آلب دېيدى؛  
 «ھېچ نارسىڭ كېرەك اېمەس جولىڭ بولسەن،  
 سايران ايت تېگىزگەدە بارەب» دېيدى.

بالقىدى جەردى دە، اۇيگە قايتىدى.  
 ۋە غاجاب، كورگەننىڭ بارىن آيتىدى.  
 «جەردەم ھېچ نارسە آلماي» دېگەن سولۇق - اق،  
 كېمپىرى چالغا كوزىن باجرايتىدى.

«آخماق!» دېيدى: «آلجىغان، كېتىكەن اېمەڭ،  
 باجىراب، آيتەب قۇرسەن، سوز دېپ نەسەن؟  
 جاڭئا آستانا، تەم بولماسا، آلساڭ اېدەڭ،  
 آستاناڭ جارىغانىن بىلەي مېسەن؟»

Балыққа шал жөнелді жолықпаққа:  
Ыдысқа астау алыб молықпаққа.  
Жыбырлаб, сұудың беті шимайланыб,  
Балық кеб: «Не айтасың?» деді қартқа.

Шал айтды, қол қусырыб, тағзым етіб:  
«Кемпірім ұрысыб, әбден мазам кетіб,  
Жаңа астау сұрайын деб келдім, тақсыр!  
Жарамсыз астауымыз, жарық-кетік».

«Қайғырма! Балық айтды: «үйіңе бар!  
Сол болса бар жұмысың, оның болар!»  
Қуаныб, шал үйіне қайтыб келсе,  
Бір астау әп-әдемі жатыр дайар.

Ұрсады кемпір шалға келісімен:  
(Сақтасын долы қатын перісінен!)  
«Алыбсың астау сұраб, ақылы жоқ».  
Айырылған, ахымақ шал» дейді, есінен!  
Деб ұрысты: «Миы ашыған, құу көксақал!

Астауда қызыққандай, қанша еді мал?  
Қуаныб құу астауға келген несі!  
Көб нәрсе әкелібсін, адырағал!  
Үйіңнің үстіндегі сиқы мынау!  
Балықдан барыб, тәуір үй сұраб ал!»

بالقا چال چۈنەلدى چولقباققا:

ادسقا آستاۋ آلې مولقباققا.

جېرلاپ، سۇۋۇڭ بېتى چىمايلاپ،

بالق كېپ «نە آيتاسن؟» دېدى ئارقىغا.

چال آيتىدى، قول قۇۇسۇرې، ئاغزىم اپىتې:

«كېمىرېم ئۇرسې، آبدان مازام كېتې،

جاڭكا آستاۋ سۇرايىن دېپ كېلىدىم، ئاقسۇر!

جارامسىز آستۇيىمىز، چارقى - كېتەك».

«قايغۇرما!» بالقى آيتىدى: «اۋيڭە بار!

سول بولسا، بار جۇمىسك، اونڭ بولار!

قۇۋانېپ چال اۋيىنە قايتې كېلىسە،

بىر آستاۋ ءاپ - آدەمە جانر دايار.

ئۇرسادى كېمىر چالغا كېلىسى مېن:

(ساقئاسن دولى ئاتىن پېرىسىنەن!)

«آلې سىن، آستاۋ سۇراب، آقىلى جوق».

آيرلغان، آخماق - چال» دېيىدى «اپسىنەن»،

دېپ ئۇرسىدى: «مېن آچىغان، قۇۇ، كوكسانال!

آستاۋدا قىزققانداي، قانچا ابىدى مال؟

قۇۋانېپ قۇۇ آستاۋغا، كېلىگەن نەسى؟

كوب نارسە آكېلىپ سىن، آدراغال!

اۋيڭىڭ اۋستىگەگى سىقى مناۋ!

بالقدان، بارې، ئاورى سۇراب آل!»

Тағыда шал жөнелді теңіз жаққа:  
Балыққа, арыз айтыб, мұң шақбаққа  
Бұзылыб судың түсі лайланыб  
Балық кеб: «Не айтасың?» дейді қартқа.

Шал айтды қол қусырыб, тағзым етіб,  
Бөлеге қалдым, тақсыр! Мазам кетіб.  
Үй алмай, астау алдың алжыған деб,  
Барады сүйегімнен сөккені өтіб».

Арызын ақсақалдың қабыл алыб,  
«Қайғырма! Үйіңе қайт!» деді балық...  
Орнында лашығының ағаш үй тұр,  
Келеді шал құуаныб, таңырқаныб.

Салған үй салтанатты сәніменен;  
Бойаған, ойұулаған мәніменен;  
Сайраған бақшасында түрлі құстар,  
Келтірер көңіл хошын әніменен;

Асылыб терезеге кемпір тұрыб,  
Ұрсады келісімен шалға ақырыб:  
«Балықтан барыбсың да үй алыбсың,  
Ахмақ, мыйың ашыб, кеткен шіріб.

ئاغيدا چال جونەلدى تېڭز جافقا:  
 بالققا، آرز آيتىپ مۇڭ چاڭباققا  
 بۇزىلىپ سۇۋۇڭ ئۇسى، الايلان  
 بالق كېپ: «نە آيتاسن؟» دېدى فارتقا.

چال آيتىدى، قول قۇسۇر، ئاغزىم اپىت،  
 بالەگە قالدۇم، ئافسەر! مازام كېتەت.  
 ئۇنى ئالماي، آستاۋ ئالدىڭ آچىغان، دېب،  
 بارادى سۇيەگەنەن سوككەنى ئوتتە.

آريزن آتسافالدىڭ قابىل آلب،  
 «فايغۇرما! ئويگە قايت!» دېدى بالق...  
 اورنىدا لاچىيىنىڭ آغاچ ئۇنى تۇر.  
 كېلەدى چال قۇۋانپ، ئاكر قانپ.

سالغان ئۇنى سالتاناتنى سانى مېنەن؛  
 بويانغان، اوپۇۋۇلاغان مانى مېنەن؛  
 سايرانغان باققاسىدا تۇرلى قۇسدار،  
 كېلتىرەر كوكۇل خوجى ئانى مېنەن؛

آسىلاپ تېرەزەگە كېمپىر قۇر،  
 اۇرسادى كېلىسى مېن چالغا آقير:  
 «بالقدان بارب سندا ئۇنى آلب س،  
 آخماق، مېيىڭ آچىپ، كېتكەن چىرپ.

Ізіңмен үйге кірмей, қайт балыққа!  
Қадірсіз мұжық деген ат халыққа.  
Айтбасқа қарашекпен қатыны деб,  
Ақсүйек етсін мені, айт балыққа!»

Балыққа шал келеді қайтыб тағы,  
Кемпірдің мұң-мүддесін айтыб тағы.  
Тағзыммен қол қусырыб арыз айтыб,  
«Азабды келдім деді, тартыб тағы.

«Қайғырма!» Балық айтды, «болар» дейді;  
«Ақсүйек дәрежесі қонар» деді...  
Қатыны қайтыб келсе, болған ханым,  
Қасына шал қалайша жолар енді?

Биік үй салтанатты, сәнді түрі,  
Бәрі мол, бәрі байлық, бәрі ірі;  
Үстіне неше түрлі асыл киіб,  
Паңсыныб сыртқы есікте тұр кемпірі;

Қолында толған өңшең алтын жүзік,  
Зүмрет, березелі бар білезік;  
Үстінде қамзол ішік, тысы қамқа,  
Меруерт омырауы қойған тізіб;



«ازك مېن اۋىگە كرمەي، فايت بالققا!  
 قادرسىز مۇجىق دېگەن آت خالققا.  
 آيتباسقا قارا چېكىن قاتىنى دېب،  
 آق سۈيەك اپتسن مېنى، آيت بالققا!»

بالققا چال كېلەدى قايتىب تاغى؛  
 كېمىردىڭ مۇڭ مۇدداسن آيتىب تاغى.  
 ئاغىزم مېن فول قۇۇسرب، آرز آيتىب،  
 آزابدى كېلىدىم، دېدى، ئارقىپ تاغى.

«فايغىرما!» بالىق آيتىدى، «بولار» دېدى؛  
 «آق سۈيەك دەرەجەسى قونار» دېدى...  
 قاتىنى قايتىپ كېلىدە، بولغان خانىم.  
 قاسىنا چال قالاچا جولار اپىندى؟

بىيىك ئاۋى سالتاناتى، ساندى تۇرى،  
 ئبارى مول، ئبارى بايلىق، ئبارى ئارى؛  
 ئۈستىدە نېچە ئۇرلى آسل كىيىپ،  
 پاكىسىنىپ، سىرتقى ايسىككە تۇر كېمىرى؛

فولندا تولغان اوڭچىڭ آلتىن جۈرك،  
 زۇمرەت، پېرەزەلى بارىلەزك؛  
 ئۈستىدە قامزول اچك، تىسى قامقا؛  
 مېرۋەت، اوڭراۋى قويغان ئۆزب؛

Айақта сақтианнан ойұулы етіб;  
Бұрынғы мұжықтығы естен кетіб,  
Жұмсаб тұр біріне ұрсыб, бірін ұрыб,  
Ақырыб малайларға әмір етіб.

Шал келіб: «Сәлем бердік, ханым!» деді,  
«Ризалық табды ма, енді жаның?» деді.  
Жаратбай шалдың сөзін, кемпірі ұрсыб  
«Әдебсіз, ақылы жоқ, жарым» деді.  
«Ат бақсын, ат қораға апарыңдар!  
Мұжықтың мына біреу шалын» деді...



Қанағат болды десек етер шағы,  
Құтырды, өскен сайын кемпір бағы;  
Өткен соң бірер жұма, шақыртады,  
Балыққа жібермекке шалды тағы.

Айтады: «Қазір жылдам бар, балыққа!  
Жеткен жоқ жаным әлі ризалыққа.  
Ақсүйек дәрежесін азсынамын,  
Падша етсін, мені дереу бір халыққа!»

Шал айтды: «Құтырдың ба? Түзу ме есің?  
Болмасын астамшылық, мұның кесір!  
Білмейсің іс ретін, сөз мәнісін,  
Жұрт күлер: қор болған деб бахыт, есіл!»

آياقدا ساقتياننان اويۇقلى ايتك؛  
 بۇرنغى مۇجقديغى ايسەن كېت،  
 جۇمساب تۇر بىرىنە اۇرسى، بىرن اۇر،  
 آقرب مالايلاغا آمر ايتى.  
 چال كېل؛ «سالەم بېرىك، خانم!» دېدى.  
 «ريزالي. تابىدى-ما ايدى جانك؟» دېدى.  
 جارائىبى چالدىك سوزن، كېمپىرى اۇرسى  
 «آدەبسىز، آقېلى جوق جارم» دېدى.  
 «آت باقسىن، آت قوراغا آپارگدار!»  
 مۇجىقدىك مەن بىرە چالنى «دېدى...

قاناغات بولدى، دېمەك، ايتەر چاغى،  
 قۇتردى، اوسكەن ساين، كېمپىر باغى؛  
 اوتكەن سوك بىرەر جۇما چاقىر نادى،  
 بالققا جېرەمەككە چالدى تاغى.

آيتادى: «غازر، جانام، بار بالققا!  
 جېتەكەن جوق جانم، آلى ريزالقا.  
 آق سۇيەك دارەجەسىن آزىنىمان:  
 پادچا! ايتىسن مېنى دارە بىر خالققا؟»

چال آيتىدى: «قۇترلك-با؟ نۇزۇمە ايسەك؟  
 بولماسن آستامچىلىق، مۇنك كېمپىر!  
 بامەيسىن اس رېتىن، سوز مانىسىن،  
 جۇرت كۇلەر: قور بولشان دېپ باخت. ايسىل!»

Бұл сөзге кемпір қатты ашуланыб,  
Жіберді шалды жаққа салыб-салыб.  
– Қалайша маған қарсы сөз айтасың?  
Сен мұжық мен ақсүйек қой деб - таныб!

Сөз айтар шалда хәл жоқ, жөнеледі.  
Қарайыб теңіз беті түнереді:  
Шақырған шал дауысына балық келіб,  
«Ақсақал, не айтасың? Сөйле!» деді.

Шал айтды: «Өлдім әбден тынышым кетіб;  
Тайанды жындануға кемпір, жетіб.  
Ақсүйек дәрежесін азсынамын,  
Бір жұртқа қойсын, деді, падша етіб».

«Қайғырма!» Балық сөйлеб «Кәрім!» деді,  
«Істермін айтқанындай бәрін» деді,  
«Жүргізіб жұртқа, әмірін мейілінше,  
Айбынды болар падша жарың», деді.

Шал қайтса, салтанатты сарайлар тұр;  
Ішінде сарайлардың кемпірі отыр;  
Асыныб айбалтасын, есіктерде  
Күзетші, түсі сұуық, малайлар тұр;

بۇل سوزگە كېمىر فانتى آچولان،  
 جەردى چالدى چاققا سالب-سالب،  
 - قالايچا ماغان فارسى سوز آيتاسن؟  
 سېن مۇجى مېن آقسۇيەك، قوى - دېيىپ، تازى!  
 سوز آيتار چالدا خال جوق، جونەلدى.  
 قارايىپ تېگىز بېتى، ئۇنەرەدى:  
 چاقىرغان چال داۋسىنا بالى كېلىپ،  
 «آقسافال، نە آيتاسن؟ سويلە!» دېدى.

چال آيتىدى: «اولدىم، آبدان تىنچم كېتىپ؛  
 تاباندى جىدانۇرۇغا كېمىر، جېتىپ.  
 آقسۇيەك دارەجەسىن آرسىنمان،  
 بىر جۇرتقا قويسىن، دېدى، پادچا ايتىپ».

«فايغۇرما!» بالى سويلەپ «كارم!» دېدى،  
 «استەرمىن آيتقانگىداي بارن» دېدى،  
 «جۇرگىزب جۇرتقا، آمىرن، مېنىلنچە،  
 آيىندى بولار پادچا جارك» دېدى.

چال فايغۇرما، سالتاناتنى سارايلارنۇر؛  
 اچىدە سارايلاردىك كېمىرى اونىر؛  
 آسىنىپ آيىالتاسن ايسىككەردە  
 كۆزەتچى، ئۇسى سۇق، مەلايلار نۇر؛

Жарқыраб, алтын киіб, оттай жаныб,  
Падшасыб кемпір отыр, ызғарланыб;  
Ақсүйек өңшең бекзад қызметінде,  
Ішкізіб арақ-шараб, азабданыб.

Билетбей, шалға бойы, буын құрыб  
Сарайға шал сескеніб келді кіріб,  
Бас ұрыб кемпірінің аяғына:  
«Болды ма жаның риза?» деді тұрыб.

Есіркеу кемпірде жоқ, шалын айаб;  
Адам деб, елеб оған қарамай-ақ;  
Деб еді: «Шығарыңдар!» Сол-ақ екен –  
Жұдырық жан-жағынан жауды тайақ.

Желкелеб, сүйреб жұлқыб жұлмалайды,  
Ағына сақалының кім қарайды?  
«Ақымақ, әдебі жоқ, алжыған құл!»  
Кірлейсің аяғыңмен, деб, сарайды.

Жұрт күліб, шал екенсің, деді жарым.  
Ақылың кем болған соң кімге обалың?  
«Болмаса өзің шанаң, отырма» деб  
Бұрынғы айтбаб па еді мақалдарын?

چارقاراب، آلتىن كىيىپ، اوتتاي جانىپ،  
پادىشاھ سىڭىپ، اوتتاي جانىپ،  
آقسۇيەك، اوڭچەك بېك زادا فرمىدى،  
چىقىرىپ، چاراب، چاراب، چاراب.

بىلەن، چالغا بويى، بۇيۇن قۇرب.  
سارايغا چال سېسىگەن، كىيىپ،  
باس، اۇرۇپ، كىيىپ،  
«بولدى، ما جاننىڭ رىزى؟» دېدى تۇرۇپ.

ايسىرگەن، كىيىپ، چالغا،  
آدام دېيىپ، ايلەپ، اوغان قارامايلاق؛  
دېيىپ، «ھىچكىم!» سول، آق،  
جۇدۇق جانجاغىنان، جۇدۇق،

جېلىگەن، سۇيۇپ، جۇلقىپ،  
آغىنا ساقالىنىڭ كىم قارايدى؟  
«آخماق، آدەبى، جۇز،  
كەلەمسەن، آغىنا، دېيىپ، سارايدى.

جۇرت، كۆل، چال،  
«قېلىڭ كىم بولغان سول،  
«بولماسا، اوزۇڭ،  
بۇرنىنى، آيتىپ،



Бір-екі мұнан кейін жұма өтді.  
Тілейтін жаңа тойат кезі жетті.  
Қызығы падшалықтың тозды жылдам;  
Жарлық қыб, кемпір падша шалды іздетті.

Шалды айдаб, алыб келді дірдектетіб;  
Байғұстың түсі қашқан, өңі кетіб.  
Үстінде алтын тақтың кемпір падша  
Табсырды шалға жұмыс, әмір етіб.

«Бек тығыз бұйырамын саған» деді:  
«Сөз қатсаң, жыртылады жаған» деді,  
Мақсатым сұуды билеб, сұуда тұрмақ:  
Балыққа айт, менен көб-көб сәлем» деді,  
Қаратыб теңіздерді қол астыма,  
Шабарман болсын өзі маған», деді.

Әлді жоқ сөз қайырап, шал кетеді.  
Қорыққаннан жылдам жүріб, тез жетеді.  
Қара бұлт, қара дауыл толқынды айдаб;  
Сапырыб теңіз сұуын, желдетеді.

Балықты шақырыб шал, сөзін айтды  
Жұмыстың тығыздығын, тезін айтды;  
Кемпірдің сұрағанын естіб балық,  
Бір соғыб сұуды бетке, кейін қайтды.



بۇر - اپكى مۇنان كېيىن جۇما<sup>۱</sup> ئوتىدى.  
 نەھىتىن جاڭكا توپات كېزى چېتىدى.  
 قىزىغى پادچالقاڭ تۈزدى جىلام؛  
 چارلىق قىب، كېمپىر پادچا چالدى ئۆزىدى. .  
 چالدى آيداب، آلب كېلىدى، درىدە كىتەتە؛  
 بايغۇسىڭ تۇسى قاچقان،<sup>۲</sup> ادۇڭى كېتەتە.  
 ئۈستىدە آلتىن ئاقىڭ كېمپىر پادچا  
 ئابىسىردى چالغا جۇمس،<sup>۳</sup> ئامىر اپتەتە.  
 «بەك تىغىز بۇيىر امن ساغان» دېدى:  
 «سۆز قاتساڭ، چىرىلادى جاڭقا» دېدى.  
 ماقسۇدم، سۇۋىدى بىلەپ، سۇۋدا تۇرماق:  
 بالقى آيت! مېنىڭ كۆپ كۆپ سەلەم» دېدى:  
 قاراتىپ تېڭىز دەردى قول آستىغا،  
 چاببارمان بولسىن<sup>۴</sup> ئۆزى ماغان» دېدى.  
 ئاددى جوق سۆز قايىتارار، چال كېتەدى.  
 قورققانان جىلام<sup>۵</sup> جۇرۇپ، تېز چېتەدى.  
 قارا بۇلت، قارا داۋۇل ئولقندى آيداب؛  
 ساپىرىپ تېڭىز سۇۋىن، چېلدەتەدى.  
 بالقى چاقىرىپ چال، سۆزىن آيتىدى  
 جۇمسىڭ تەزدىغىن، تېزىن آيتىدى؛ .  
 كېمپىرڭ سۇراغانىن اېستەتە بالقى،  
 بىر سوغىپ سۇۋىدى بېتىككە، كېيىن قايتىدى.

Балықтан жауап күтіб тұрыб-тұрыб,  
Шал қайтды кешке жақын, әлі құрыб.  
Көре алмай салтанатты сарайларды,  
Көз салды жан жағына мойнын бұрыб.


Қараса, лашығында кемпірі отыр;  
Байағы жарық астау жырық-жырық;  
Түсіріб таз кебіне бір-ақ күнде,  
Қойыбды құу қақбасты Хұдай ұрыб.



Маса


بالقىدان جاۋاب كۈنى تۇرب، تۇرب،  
 چال قايندى كېچكە جاقىن، \* آلى تۇرب.  
 گۈرە آلماي سالتاناتتى سارايلاردى،  
 كۈز سالىدى جانجاغىنا موينىن تۇرب.  
 قاراسا، لاچىغىدا كېمپىرى اوتىر؛  
 باياغى جارق آستاۋ جارق - جرق؛  
 تۇسىرىپ تاز كېيىنە بىراق كۈندە،  
 قويىدى قۇۇناقباسدى خۇداى اۇرب.





### АЛТЫН ӘТЕШ.

Беріде емес әріде,  
Пәлен жұртдың жерінде,  
    Болған жақсы хан Дадан.  
Талай көріб хауібді,  
Талай жұртты шауыбды,  
    Жасында боб бек мазақ.  
Жас жеткен соң жабығыб,  
Аттаныстан жалығыб,  
    Жай жатұуға ойлабды.  
Кәрі ханды қажалаб,  
Енді өзгелер, мазалаб,  
    Жай жатқызыб қоймабды.



بېرى دە اېمەس آرى دە،  
 پالەن جۇرتىڭ جېرىدە،  
 بولغان چاقىسى خان دادان.  
 تالاي كۆرۈپ خاۋفدى،  
 نالاي جۇرتىدى ھاۋىدى،  
 جاسنىدا بوب بېك، مازاڭ.

جاس جېنىكەن سولۇ جايىغى،  
 آتەنسىدان جالغىغى،  
 جاي جانۇرغا اويلايدى.  
 كارى خانىدى قاچالاب،  
 اېنىدى اوزگەلەر، مازالاب،  
 جاي جاتقىزىپ قويمايدى.

Жаудан Дадан жерлерін,  
Қорғамаққа елдерін,  
                    Һәман тұтды көб әскер.  
Қолбасылар қалғымас,  
Тұс-тұсынан шықты қас,  
                    Қайсысына жетісер?  
Оңнан күтсе, жау солда;  
Қырдан күтсе, жау сұуда;  
                    Арқадан да, Құбыладан;  
Жан жағынан жау ұрды,  
Жылаб-жылаб жіберді  
                    Ызасынан хан Дадан.

Қатты күйді, қайғырды;  
Хан ұйқыдан айырылды;  
                    Һәман қауіф-қатерде.  
Ойлаб, ойлаб қарайды:  
Не қылсам деб жарайды?  
                    Білмейді не етерге.

Безген, ат боб, белінен,  
һәр нәпсінің желінен,  
                    Бар екен бір данышпан,  
Жұлдыз санаб қарайтын,  
Сонан ақыл сұрайтын  
                    Сасқан йаки адасқан.

جاۋدان دادان جېرلەرن،  
 قوزغاماققا اپلەرن،  
 ھامان تۇتدى كۈب غاسكەر.  
 قول باسىلار قالغىياس.  
 نۇس تۇسىنان چىقىدى قاس،  
 فايسىسىنا جېتتەسر؟

اوڭنان كۈتسە، جاۋ سولدا؛  
 قردان كۈتسە، جاۋ سۇۋدا؛  
 آرفاداندا، قىلادان؛  
 چانچاغىنان جاۋ ءوردى.  
 جلاب - جلاب جېھەردى  
 ازاسىنان خان دادان.

قاتتى كۈيدى، فايغردى؛  
 خان اۋىقىدان آيرلىى؛  
 ھامان خاۋف قاتەردە.  
 اويلا، اويلا، قارايدى؛  
 نە قىلسام دېپ جارايدى؟  
 بىلمەيدى، نە اپتەرگە.

بېزگەن، آت بوب، بېلىنەن،  
 ءھار ئافسىنىڭ جېلىنەن،  
 بار اپكەن ءبىر دانچىبان،  
 جۇلىز ساناب قارايتىن،  
 سونان آقل سۇرايتىن  
 ساسقان ياكى آداسقان.

Арнаб кісі шабдырыб,  
Көб-көб сәлем айтдырыб,  
Шақыртады хан Дадан  
Шақырғанға бұ барды;  
Алтын әтеш шығарды,  
Аузын шешіб дорбадан.

Ханға тұрыб сөйлейді;  
Сөйлегенде бүй дейді:  
«Мынау алтын әтешім;  
Қондыр сырық басына!  
Қой сарайың қасына!  
Болар мықты күзетшің.

Бұл отырса тыб-тыныш,  
Жоқ неш жерде қорқыныш.  
Қатер болса бір жақта,  
(Соғыс па иә әлдене?  
Болсын мейлі не бәле)  
Қараб әтеш сол жаққа,

Күдірейіб дауыстар:  
Ол дегені «Хауіб бар!»  
Риза болыб, айтар хан:  
«Бұйым, алтын күміс бе?  
Басқа мүдде, жұмыс ба?  
Тауаныңды қайтарман.



آرناب كسى چاپئرب،  
 كوب - كوب سالام آيتترب،  
 چاقرتادى خان دادان  
 چاقوغانغا بۇ باردى؛  
 آلتن آتەچ چاغاردى،  
 آوزن چېچىب، دوربادان.

خانغا تۇرب سويلەيدى؛  
 سويلەگەندە بۇي دېيىدى:  
 «مناۋ، آلتن آتەچم؛  
 قوندر سرق باسينا!  
 قوى سارايڭ فاسينا!  
 بولار مقنى كۆزەنچك.

بۇل اوتىر ساندب - تىنچ،  
 جوق ھېچ چېردە قورقنچ.  
 فاتەر بولسا بىر چاقدا،  
 (سوغىس - بايا آلدە نە؟  
 بولسىن مېيلى نە بالە)  
 قاراب آتەچ سول چاققا،

كۆدەيىب، داۋستار:  
 اول دېگەنى «خاۋى بار!»  
 ريزا بولب، آيتار خان:  
 «بۇيىم، آلتن كۇمس - بە؟  
 پاسقا مۇددا جۇمس - با؟  
 ناۋالىكىدى قايتارمان.

Сенен немді айармын!  
Қашан болса, дайармын,  
Не сұрасаң беруге.  
Не десең де еткізіб,  
Не мүддеңе жеткізіб,  
Өз көңілімдей көруге».



Биік сырық басында,  
Хан сарайы қасында,  
Қарауылдаб халықды,  
Қатер болса, жұлқыныб,  
Солай қарай ұмтылыб,  
Әтеш айқай салыбды.

«Кіри-ку-ку, жат, ханым!  
Жатыб жұртды бақ, ханым!»  
Дадан ісін асырды:  
Жауын ерте көрген соң,  
Ұрыб, сыйын берген соң,  
Жау тыйылды, басылды.

سېنەن نەمدى آيارمن!  
 قاچان بولسا، دايارمن،  
 نە سۇراساڭ، بېرۇنۇگە.  
 نە دېسەڭدە، اېتىكىز،  
 نە مۇددىگا جېتىكىز،  
 «اوز كوكۇلمدەي كورۇنۇگە».



بىيىك سىرق باسندا،  
 خان سارايى فاسندا،  
 قاراۋلدا بى خالقدى،  
 قاتەر بولسا، جۇلقىنىپ،  
 سولاي قاراي اۋمىتىلىپ،  
 آتەچ آيقاي سالىدى.  
 «كۈرى - كۈ - كۈ جات، خانم!  
 جاتىب جۇرتىدى باق، خانم!»  
 دادان اسن آسردى:  
 جانۇن اېرتە كورگەن سوك،  
 اۋرب، سىيىن بېرگەن سوك،  
 چاۋ تىپىلىدى، ناسلىدى.

Бір жыл өтті, екі жыл;  
Табды рахат жұрт дамыл;  
    Өтеш отыр жай, тыныш.  
Бір күн ұйықтаб хан жатды.  
Сер әскер кеб, оятды,  
    Бар деб бәле – қорқыныш.

Хан аша алмай ұйқысын,  
«Не бәле бар? Не қысым?»  
    Дейді отырыб есінеб.  
Жауаб берді сер әскер:  
«Өтеш көрген бар қатер;  
    Жұрт хауібде, түйсініб».

Хан қараса әйнекден;  
Өтеш отыр әндеткен;  
    Күншығысқа қарабды.  
«Не тұрыс бар? Жүрууге!  
Жылдам атқа мінууге!  
    Алыб қарұу-жарақды!»

Хан ғәскерін айдайды,  
Үлкен ұлын сайлайды,  
    Бастық етіб үстінен.  
Өтеш тағы жай тыныш,  
Хауіб-қатер, қорқыныш  
    Шықды жұртдың есінен.

بۇر جل ءاۋىندى، اپكى جل :  
 نابدى راخات جۇرت دامل؛  
 آتەچ اوتىر جاي تىنچ.  
 بۇر كۈن اۋىفتاب خان جاندى.  
 سېر آسكەر گېب، اوياندى،  
 بار دېب بالە - قورقنچ.

خان آچالماي اۋىقيسن،  
 «نە بالە بار؟ نە قىسم؟»  
 دېيىدى اۋىتېر ب اېسىنەب،  
 جاۋاب بېردى سېر آسكەر:  
 آتەچ كورگەن بار قاتەر؛  
 جۇرت خاۋفدە، تۇيىسىنب».

خان فاراسا آينە كەن؛  
 آتەچ اوتىر آندە تىكەن؛  
 كۈن چىقسقا فارابدى.  
 «نە تۇرس بار؟ جۇرۇۋگە!  
 جىلدام اتقا مەنۇۋگە!  
 آلې قارۇۋ - چارافدى».

خان غاسكەرن آيدايىدى،  
 اۋلەكەن اۋلن سايلايدى،  
 باستىق اېتېب اۋستىنەن.  
 آتەچ تاغى جاي تىنچ.  
 خاۋف - قاتەر، قورقنچ  
 چىقدى جۇرتنىڭ اېسىنەن.

Қол шыққалы жеті күн,  
Әскерден жоқ хабар-үн:  
Ашықды ма? Тоқба әлі?  
Жеткен жоқба? Жетді ме?  
Жау жатыр ма? Кетді ме?  
Соғысды ма? Жоқ ба әлі?

Міне, әтеш бақырды:  
Хан өзге қол шақырды;  
Кіші ұлына бастатды.  
Күншығысқа бет беріб,  
Қаруу, қабшық бөктеріб,  
Қосын артыб, қол тартды.

Әтеш тыныш, қылмыс жоқ;  
Әскерден түк дыбыс жоқ.  
Тағы өтеді жеті күн.  
Жұрт айырылды сауықдан,  
Ел жайғасбай қауыбдан,  
Әтеш тағы берді үн.

Үшінші қол шақырыб;  
Тастайындай жапырыб,  
Құтты болғай деб қадам,  
Күн шығысқа жол алыб,  
Азық-түлік мол алыб,  
Шықды өзі хан Дадан.

قول چىقالى جېتى كۈن.  
 غاسكەردەن جوق خابار-ئۇن:  
 آچقىدى-ما؟ توق-با، ئالى؟  
 جېتىكەن جوق-با؟ جېتىدى-مە؟  
 جاۋ جانرما؟ كېتىدى-مە؟  
 سوغىسىدى-ما؟ جوق-با، ئالى؟

مەن، آتەچ باقردى:  
 خان اوزگە قول چاقردى:  
 كېچى اولينا باستاندى.  
 كۈن چىقسقا بېت بېرىپ،  
 قارۇۋ-قابىچى بوكتەرب،  
 قوسن آرتىپ، قول ئارتىدى.

آتەچ ئىچ؛ قىس جوق؛  
 غاسكەردەن تۈك دېس جوق.  
 تاغى اوتەدى جېتى كۈن.  
 جۇرت آيرىلدى ساۋقدان،  
 اپىل جايغاسباي خاۋقدان،  
 آتەچ تاغى بېردى ئۇن.

ئۇچىچى قول چاقىرىپ؛  
 تاستاينداي چاپىرىپ،  
 قۇتتى بولغاي دېپ قادام،  
 كۈن چىقسقا جول آلب،  
 آرتىق-تۈلك مول آلب،  
 چىقىدى ئوزى. خان دادان.

Күн-түн демей, қол жүріб;  
Бітті әбден болдырыб,  
    Нешбір белгі жолда жоқ.  
Мола да жоқ, көр де жоқ,  
Салық салған жер де жоқ,  
    Соғыс да жоқ, қол да жоқ.

«Бұ не хикмет! Не ғажаб!»  
Дейді Дадан ойға қаб.  
    Жетінші күн батыр хан,  
Қолды жиын жүргізіб,  
Тау ішіне кіргізіб,  
    Көрді жібек шатыр хан.

Маңайында ел де жоқ;  
Ызыңдаған жел де жоқ;  
    Жалғыз ғана сол шатыр.  
Өзекдерде, ойларда,  
Жыбырлаған қойлардай,  
    Қырыб салған қол жатыр.

Хан шатырға кірмекке,  
Бұ не ғажаб білмекке,  
    Жылдамрақ жүреді.  
Хан алдында екі ұлы,  
Жан шошитын бар сыны,  
    Жатқандарын көреді.



كۈن-ئۇن دېمەي، قول جۇزب؛  
 ئېندى ئابدان بولدىرب،  
 ھېچ ئېر بېلىڭى جولدا جوق.  
 مولادا جوق، كوردە جوق،  
 سالىق تۇسكەن جېردە جوق،  
 سوغىس دا جوق، قولدا جوق.

«بۇ نە غىكىمات! نە غاخاب!»  
 دېدى دادان اويغا غاب.  
 جېتىنچى كۈن باتىر خان،  
 فولدى جىيىن، جۇرگىزب،  
 تاۋ اچىنە كۈرگىزب،  
 كوردى جىبەك چاتىر خان.

ماڭايندا اېلدە جوق؛  
 ازگداغان جېلدە جوق؛  
 جالغىزغانا سول چاتىر.  
 اوزە كەردە اويلارد،  
 جېرلاغان ئويلاردى،  
 قىر سالىغان، قول جاتىر.

خان چاتىرغا كىرمە كىكە،  
 بۇ نە غاخاب بىلىمە كىكە،  
 جىلدام-راق جۈرەدى.  
 خان آلدىندا اېكى اۋلى،  
 خان چۈچىتىن بازىنى،  
 جاتقاندا رن كۈرەدى.

Бір біріне қылышды  
Сұғыб, табқан тынышды;  
Сауыт, қалқан жоқ бәрі.  
Жапырылыб жаншылған,  
Қара қанға малшынған,  
Шөбді жеб түр атдары.

«Екі азамат сұлтаным!  
Екі лашын-сұңқарым!  
Ауға түскен, алданған.  
Маған күйік! Маған дерт!  
Маған өлім! Маған мерт!»  
Деб жылады хан Дадан.

Хан жыласа, қалар ма?  
Ерген жасақ олар да  
Еңіресді, жыласды.  
Тау күрсініб, күңіреніб,  
Ой ыңылдаб, ыңыраныб,  
Бәрі бірге ұласды.

Сонда шатыр ашылыб,  
Нұры күндей шашылыб,  
Шамаһанды билеген,  
Нөкері жоқ, жаб-жалғыз  
Шыға келіб патша қыз,  
Ұшырасды ханменен.

بىر بىرىنە قىلچىدى  
 سۇغىب تاپقان تىنچىدى؛  
 ساۋت قالقان جوق بىرى.  
 ئاجاپرىلىب جانچىلغان،  
 قارا قانغا مالچىنغان،  
 چۈبىدى جىپ تۇر اندارى.

«ئېكى آزىمات سۇلتانم!  
 ئېكى لاچىن سۇڭقارم!  
 آۋغا تۇسكەن، آلدانغان.  
 ماغان كۆيك! ماغان دېرت!  
 ماغان اولام! ماغان مېرت!»  
 دېپ جىلادى خان دادان.

خان جىلاسا قىلارما؟  
 ئېرگەن جاساق اولاردا  
 ئېگرەسدى، جىلاسى.  
 ئاۋ كۆرسىنىپ، كۆكرەنب،  
 اوى اڭلداپ، اڭرانىپ،  
 بىرى بىرگە اولاسدى.

سوندا چانر آچىلىپ،  
 نۇرى كۈندەى چاچىلىپ،  
 چاماماندى بىلەگەن،  
 نوكرى جوق، جاب جالغىز  
 چىغا كېلىپ پادچا قىز  
 اۋچىر اسدى خان مېنەن.

Қуыршаққа қуанған,  
Балаларша уанған,  
Жылағанын хан қойды.  
Сылаңдаған, сызылыб,  
Қызға көңіл бұзылыб,  
Бөлмей, жармай, берді ойды.

Керіле басыб, кекекдеб,  
Ханды қолдан жетектеб,  
Қыз шатырға апкетді.  
Дастарханды жайады;  
Түрлі тағам қояды;  
Көрсетеді құрметді.

Әбден сыйлаб бағады;  
Барша төсек салады,  
Тынықсын деб жол шеккен...  
Бір жұмадай тойлар хан,  
Басқаны жоқ ойлар хан,  
Басы айналған, ерік кеткен...



Міне, қолын, қосын аб,  
Қызды өзіне қосыб аб,  
Кейін қарай хан басты.  
Келмей жатыб алдынан:  
Пәлен екен деб пәлен –  
Түрлі лақаб, сөз қашды.

قۇرچاققا قۇۋانغان،  
 بالالارچا اۋۋانغان،  
 جلاغانن خان قويدى.  
 سلاڭداغان، سزىلب،  
 قوزغا كوڭلى بوزىلب،  
 بولمەي، جارماي، بېردى اويدى.

كېرىلە باسب، كېكە كەب،  
 خاندى قولدان چىتەكەب،  
 قز چاترغا آبكېندى.  
 داستار فاندى جايادى؛  
 تۇرلى ناغام قويادى؛  
 كورشە تەدى خۇرمە تدى.

آبدان سىلاب باغادى؛  
 بارچا تۈسەك سالادى،  
 تىنقىسن دېپ جول چېككەن...  
 بىر جۇماداي تويلار خان.  
 باسقانى جوق اويلار خان.  
 باسى آينالغان، اپرىك كېتسكەن...

منە، قولن، قوسن آب،  
 قزدى اوزىنە قوسب آب،  
 كېيىن قارى خان باسدى.  
 كېلىمەي جاتىپ آلدېنەن:  
 پالەن اپكەن دېپ پالەن -  
 تۇرلى لاقاب، سوز قاچىدى.

Тайанғанда қалаға,  
Дұулаб, шұулаб далаға,  
Хан алдынан ел шықды.  
Жұрт жүгірер артынан;  
Хан, сағынған халқынан,  
Алар сәлем, құлдықды.

Көб ішінен көреді:  
Біреу сәлем береді;  
Ақ бөркі бар басында;  
Ет жоқ, ұрты сұуалған,  
Сақал, мұрты құуарған,  
Қара қыл жоқ шашында.

Шал сәлемін хан алыб,  
Кәрі досын тез таныб,  
«Жақын кел» деб шақырды.  
Дейді: «Аманба? Қарт бабам!  
Не қосасың? Айт, бабам!  
Данышпаным, ақылды»

Шал айтады: «Хан Дадан!  
Бар-ды айтқан уағдаң:  
Тілегімді берүүге;  
Не десем де еткізіб,  
Ризалыққа жеткізіб,  
Өз көңіліңдей көрүүге.

ئايانغاندا ئالاغا،

دۇۋلاب، چۇۋلاب دالاغا،

خان الدىننن اپل چىدى.

جۇرت جۇگىرەر آرقىننن؛

خان، ساغىنغان خالاقىننن،

آلار سالەم، قۇلدىدى.

كوب اچىنەن كورەدى:

برەۋ سالەم بېرەدى؛

آق بوركى بار باسندا؛

ايت جوق، اۇرتى سۇۋالغان،

ساقال، مۇرتى قۇۋارغان؛

قاراقل جوق چاچىدا.

چال سەلمەن خان آلب،

كارى دوسن تېز تەنب،

«چاقىن كېل» دېب چاقىردى.

دېيدى: «آمان - با؟ قارت بابام!

نە قوساسىن؟ آيت، بابام!

دانچىبانم آقلىدى».

چال آيتادى: «خان دادان!

باردى آيتقان واغادالڭ:

تەگمىدى بېرۇۋگە؛

نە دېسەمدە، ايتەككىزىپ،

ريزالققا جېتەككىزىپ،

«اوز كوڭلىكىدە كورۇۋگە.

Ақы алатын күн жетті,  
Мойнындағы міндетті  
Өте, бүгін қарызды.  
Сүйсең көңілім тынұуын,  
Бер, Шамаһан сұлұуын!  
Қабыл ет, хан, арызды!»

Хан таңданды бұл іске;  
Ойдағы жоқ ұлы іске.  
Шалға айтды: «Сен несің?  
Пері енді ме, түсіңе!  
Жын кірді ме, ішіңе?  
Алжастың ба, бар ма есің?

Мен саған шын қарыздар:  
Қарызда да шама бар –  
Қыз ол саған не қажет?  
Қой, шалым, тым зор тұтба!  
Мен кім! Оны ұмытба!  
Міндетден бар зор міндет.

Сұра менен қазына!  
Қараман көб-азына.  
Шен десең, шен беремін.  
Ат қала да, атымды ал!  
Зат қала да, затымды ал!  
Ел жарымын һәм беремін».



آفنى آلانن كۈن جېنىدى،  
 مويىڭداغى مېندەتتى  
 اونە، بۇگۈن قارزدى.  
 سۈيسەڭ كوكام تىنۇۋىن،  
 بېر چامامان سۇلۇۋىن!  
 قابىل اپت، خان آرزى!  
 خان تاشقاندى بۇل اسكە؛  
 اويداغى چوقاۋلى اسكە.  
 چالغا آيتىدى «سېن نە سىن؟  
 پېرى اپىندى - مە تۈسىگە!  
 جىن كىردى - مە اچىگە؟  
 آلچىڭ - با؟ بار - ما ايساڭ؟  
 مېن ساغان چىن قارزدار:  
 قارزداردا چامما بار -  
 قىز اول ساغان نە خاجەت؟  
 قوۋى، چالم، نىم زور تۇتبا!  
 مېن كىم! اونى اۇمتبا!  
 مېندەتدەن بار زور مېندەت.  
 سۇرا مېنەن قازىپنا!  
 قارامان كۆب، آزىنا.  
 چىن دېسەڭ، چىن بېرەمىن.  
 آت قىلادا، آتمىدى آل!  
 زات قىلادا، زاتمىدى آل!  
 اېل چارىمىن مۇھام بېرەمىن».

«Керек емес» деді шал:  
Елің, шенің, бұйым, мал.  
Берсең, маған қызды бер!  
«Түф!» деб жерге түкіріб!  
Хан айтады жекіріб,  
(Қысылғаннан шықды тер)

«Құураған шал! Сый алмай,  
Қыз сұрайсың ұйалмай,  
Соққан сені захмет.  
Түк нәрсе де бермеймін,  
Түк есебді көрмеймін.  
Сау тұрғанда, жоғал! Кет!»

Ханға жауап қайырыб,  
Таласұуға бой ұрыб,  
Шал айтқанша қамданыб...  
Хан асамен маңдайға  
«Таласатын қандай? Мә!»  
Деб жіберді бір салыб.

Етбетінен шал түсді;  
Тәннен безіб жаны ұшды;  
Қыз «хы-хы-хы! Ха-ха-ха!»  
Қорықпайды екен обалдан.  
Күлген болды һәм Дадан.  
Жұрт ренжуу, хан хафа.

«گېرەك اېمەس» دېدى چال:  
 اېلىڭ، چېنىڭ، بۇيىم، مال،  
 بېرىسەڭ ماغان قىزدى بېر!  
 «تۇف!» دېپ چېرگە تۇكىرب!  
 خان آيتادى، چېكىرب،  
 (قىلىغانان چىقىدى تېر).  
 «قۇزارغان چال! سى آلماي،  
 قىز سۇرايسىن اۇيالماي،  
 سوققان سېنى زاخمەت.  
 تۇك نارسەدە بېرىمەيمىن،  
 تۇك اېسەيدى كۆرمەيمىن،  
 ساق تۇرغاندا، جوغال! كېت!»  
 خانغا جاۋاب قايتىرب،  
 تالاسۇغاي بوي ائۇرب،  
 چال آيتقانچا قامدانىپ...  
 خان آسامىن ماڭدايغا  
 «تالاساتىن قانداي؟ ما!»  
 دېپ جېرىدى ئېر سالىپ.  
 اېت بېتىنەن چال تۇسىدى؛  
 تانەن بېزىپ، جاننى اۋچىدى؛  
 قىز «خى - خى - خى! خا - خا - خا!»  
 قورقمايدى اېكەن اوبالدىن.  
 كۈلگەن بولدى ئام دادان.  
 جۇرت رەنجۇق، خان خانا.

Не тұрыс бар далада?  
Хан кіреді қалаға,  
Жұрт көшеге толады;  
Сырығынан түсіб кеб,  
Алтын әтеш ұшыб кеб,  
Хан басына қонады;

Тұмсығымен шабды да,  
Ханның миын шақды да,  
Әтеш кетті асбанға;  
Арбасынан хан ұшды;  
Кеудесінен жан ұшды;  
Қалды барша жұрт таңға.

Ғайыб болды, қыз кетді.  
Сөз айағы һәм жетті  
Істеу шабан, айтұу тез;  
Ертегінің шыны аз;  
Шыны аздың құны аз;  
Жанаб айтқан жай бір сөз.




نە تۇرس بار دالادا؟  
خان كرەدى ئالاغا،

جۇرت كوچەگە ئولادى؛  
سرىغىنان ئۇسب كېپ،  
آلتىن آتەچ اۇچب كېپ،  
خان باسینا فونادى؛

ئۇمىسىقى مېن چاپىدىدا،  
شانىڭ مېين چاپىدىدا،  
آتەچ كېتىدى آسانغا؛  
آر باسینان خان اۇچىدى؛  
كېۋدەسىمەن جانى اۇچىدى؛  
قالدى بار چا جۇرت ئاڭغا.

غايىب بولدى، قىز كېتىدى.  
ئسوز آياغى ھام جېتىدى.  
استەۋ چابان، آيتۇۋ تېز؛  
اېرنە كېيىڭ چنى آر؛  
چنى آزدىڭ قونى آر؛  
جاناب آيتقان جاي ېر ئسوز.





## ЛЕРМОНТОФ ДАН.<sup>1</sup>

Екі өзен – Кура, Арагуа ағып келіп  
Кездесіп бір-біріне сәлем беріп,  
Жерінде екеуінің нақ көріскен,  
Аңсаған ағайындай бауыры еріп.

Монастыр тұрұшы еді бұрын-рақ.  
Өзі жоқ, бұл күнде бар орны бірақ.  
Жайауға таудан шыққан көрінеді  
Бағандар қақба орнында қалған құлаб.

Бұзылған шіркеудің тұр қабырғасы,  
Көрінбес қазір, бірақ, онда шырақ.  
Бұл күнде (<sup>2</sup>) монахтар да жоқ ішінде,  
Көб үшін дұға қылғыш тілек сұраб.

Құлаған орнын қараб бағатын бір,  
Жан түгіл, өлім зорға табатын бір,  
Күзетші, жарымжан шал молалардың  
Тасдарын сүртіп, шаңын қағатын бір.

---

<sup>1</sup> Отрывок из поэмы Лермонтова «Мцыри».

<sup>2</sup> Монах – софы.



ابكى اوزەن كورا، آرا گۇا آغب كېلب  
 بېزە سب بىر بىر يەنە سالەم بېرب،  
 جېرەندە اپكەۋىنىڭ ئاق كورسكەن،  
 آڭساغان آغاينىداي باۋىرى اېرب،  
 ماناستىر تۇرۇۋچى اېدى بۇرن-راق.  
 "اوزى جوق بۇل كۈندە بار اورنى براق.  
 جايلاۋغا ئاۋدان چىققان كورينەدى  
 باغاندار ئاقبا اورنىدا قالغان قۇلاب.  
 بۇزىلغان چىركەۋىدەك تۇر قابىرغاسى،  
 كورنەس خازىر، براق، اوندە چىراق.  
 بۇل كۈندە (\*\*)) مانا خداردا جوق. اچىندە  
 كۆب اۋچىن دۇغا قىلغى تىلەك سۇراپ.  
 قۇلاغان اورنىن قاراپ باغاتىن بىر،  
 جان تۇگىل "اولم زورغا ئاپاتىن بىر  
 كۈزەنچى جارمجان چال موللاردا  
 ئاسدارىن سۇرتىپ چاڭىن قاغاتىن بىر.

(\*) Отырвоқ из поэмы Лермонтова «Мцыри».

(\*\*) ماناخ - سۇفى.



Сөйлейді тас жазуы өткендерін  
Қайрылмай қандай дәурен кешкендерін.  
Мәселән пәлен падша пәлен жылы  
Орысқа жұртын табыс еткендерін.



Бір жылы монастырға тұрған жолда  
(Ішінде монахдары бар кезі онда)  
Келді де орысдың бір жанаралы,  
Қасында жау баласы түскен қолға,  
Тифлис шаһарына өтіб кетді,  
Баланы науқастанған тастаб сонда.

Шамасы бала сонда алты жасар,  
Құурайдай жіб-жіңішке, нәзік, нашар;  
Сықылды тау киігі жатырқағыш  
Жоламай жанға жақын сырттап қашар.

Батса да дерті жанға қанша қинаб,  
Сыр бермей жатды бала күшін жинаб,  
Қайысбас тұқымына біткен қайрат  
Шынықды дертбен қатар іште шираб.

Ауырыб жатсадағы өлім халда  
Аңқылдаб шақбас дертін еш адамға



سويلەيدى تاس جازۇۋى اوتكەندەرن  
 قايرلىماي قانداي داۋرەن كېتەكەندەرن  
 ماسالان: پالەن پادچا پالەن جلى  
 اورسقا جۇرتن تابىس اپتەكەندەرن.

بۇر جلى ماناسترغا تۇرغان جولدا  
 (اچىندە ماناغدارى بار كېزى اوند)  
 كېلىدە اورسنىڭ بۇر جانارالى،  
 قاسىدا جانۇ بالاسى تۇسكەن قولغا،  
 تىغىلىس چاھارىنە اۋىب كېتىدى،  
 بالانى ئاۋۇقستانغان تاستاب سوندا.

چاماسى بالا سوندا آلنى جاسار،  
 قۇۇرايداي جب چكچكە، نازك، ناچار؛  
 سىلى تاۋ كىيىگى جاترقاغچ  
 جولامى جانغا جان سرتتاب قاچار.

بانسادا دېرىنى جانغا قانچا قىناب،  
 سىر بېرمەى جاتىدى بالا كۇچىن جىناب،  
 قاپىسباس تۇقىمىنا بىتكەن قايرات  
 جەندى دېرت بېىن قاتار اجدە چىراب.

اۋىب جاتسا داغى اولم خالدا  
 اگىلاراب چانباس دېرتن ھېچ آدامغا

Жалғыз-ақ ишаратбен білдіреді  
Мейлі шабпағанын дәм-тағамға.

Біреуі манахдардың жатсынбай-ақ,  
Қарады, бақды есіркеб баланы айаб;  
Емімен жаны ашыған жақындықтың,  
Өлімнен аман қалды, барыб тайаб.

Әуелі жүрді бәрін бөтенсініб;  
Бала боб жоқ ойнау еш жеңілшілік;  
Жатырқаб жан адамға жоламасдан  
Үндемей дәйім оқшау бөлек жүріб,  
Сағыныб туған жерін, күн шығысқа  
Қойады қараб, қараб құр күрсініб.  
Сонан соң жат қолында жалғыздыққа  
Көрінді үйренгендей тілін біліб.



Баланы шоқындырды поп бабасы;  
Өскен соң манах қылмақ ер адасы;  
Танысбай дүниамен талақ етіб,  
Қалыбды қол табсырар уағдасы.

Бір түні жоқ боб шықды қашыб зытқан  
Айнала қалың орман, тауға шыққан.

جالغزاق ايچاراتىپىن بىلىرىدى  
مىيلى چاپباغانن دۇم ناغامغا.

بىرەۋى مانا خداردك جاتىسنىبايق،  
قارادى، باقدى ايسركەب بالانى آيىپ؛  
ايمى مېن جاني آچىغان جافندقدك  
اولمىنەن آمان قالدى، بارب تاياب.

آۋوۋىلى جۇردى مەرن بوئەنسىنىپ؛  
بالا بوب جوق اوينانۇ ھېچ چېكىلچىلىك؛  
خاتىرقاب جان آدمغا جولاماسدان  
اۋندەمەي دايم اوفچانۇ بولەك جۇرب،  
ساغىنىپ تۇۇغان جېرن، كۈن چىقسقا  
قويادى قاراب، قاراب، قۇر كۇرسىنىپ.  
سۇنان سوك جات قولندا جالغزدىقا  
كۆرندى اۋىرەنگەندەي ئىلن ئېلىپ.

بالانى چوقندىردى پوپ باباسى؛  
اۋسكەن سوك ماناخ قىلىق ايراداسى؛  
تەنسىباي دۇنيا مېن، تالاق اېتىپ،  
قالدى قول تەبسىرار واغاداسى.

بىر تۇنى جوق بوب چىقدى، قاچىپ چىققان.  
اينالا قالك ارمان تاۋغا چىققان.

Үш күндей әуре болып іздеб, іздеб  
Үмітді үзердей боб әрең табқан.

Табдық деб жатқан жерде есін таныб,  
Қайтадан манастирға келісді алыб.  
Тартқандай ашдық, бейнет, дерт азабын  
Бозарыб, қатты жүдеб, қалған арыб.

Неш кімге сұраса да түк үндемей,  
Солады күннен күнге бейне гүлдей;  
Өлерге тайанғанда қарт манах кеб,  
Үгітдеб, «қылмысың бар, – деді, – нендей?

Балаға шалдың сөзі болды қайрақ,  
Көтеріб жерден басын, көзі жайнаб,  
Қатайыб қалған бойда күшін жиыб,  
Тарқатыб шерді бала айтды сайраб:

«Сен келдің, өлерде айтар сыр тыңдауға;  
Ризамын, келгеніңе бұл тыңдауға;  
Көкірек жеңілткенім маған жақсы,  
Сөзімді керек қылса, кім тыңдауға;

Қылмыс жоқ, бәhre алыб пайдаланар,  
Ісім бар, айтыб өтер құр тыңдауға!  
Айтұуға жан жарасын тіл жете ме?  
Сала бер құлағыңды, мұң тыңдауға!

«ئۈچ كۈندەي آۋرە بولب، از دەب، از دەب،  
 ئۈمىدى اوزەردەي بوب، آرەك تايغان.

تابدى دېب جانتقان جېردە اېسن تانب،  
 قايتادان مانا ترغا كېلىدى آلېب.

تارتقانداي آچىق، بېيىنەت، دىرت آزاين  
 بوزار ب فانتى جۇدەب قالغان آرب.

ھېچ كىمگە سۇراسادا تۈك اۋندەمەي،  
 سولادى كۈننەن كۈنگە بېيىنە گۈلدەي؛

اولەرگە تايانغاندا قارت ماناخ كېب

ئۈگىدەب: قىلمىسك بار-دېدى، نېندەي؟

بالاغا چالدىك سۈزى بولدى قايراق.

كوتەرب جېردەن باسن كۈزى جايىتاب،

قاتايىب قالغان بويىدا كۈچن جىيىب،

تارتىپ چىردى بالا آيتىدى سايراب:

«سېن كېلىدىك اولەردە آيتار سرتىكىداۋغا؛

ريزامن كېلىگەنيسكە بۇل تىكىداۋغا؛

كۈكرەك چېكىلتىكەنم ماغان جاقسى،

سۈزمى كېرەك قىلسا كىم تىكىداۋغا؛

قىلمىس جوق باھرە آلېب پايدالانار،

ئاسم بار آيتب اوتەر قۇرتىكىداۋغا!

آيتۇۋغا جان چاراسن تىل چېتەمە؟

سالايمىر قۇلاغىكىدى مۇك تىكىداۋغا!

Дүниа болды маған аз-ақ серік,  
Ол-дағы тұтқындықта, қамауда еріб;  
Бұл түрлі тіршіліктің екеуіне  
Толық бір өмір алғу сатса беріб.

Жалғыз-ақ, ұлығ тұтдым ойдың күшін;  
Жалғыз-ақ, бір құмарды сақтады ішім;  
Жанымды құртдай жайлаб, жегідей жеб,  
Күйдіріб сол құмар-ақ бітірді ісін.

Шақырды құмар мені бұл орыннан,  
Бықырсыб, пысынаған жылы орыннан.  
Қатерден қан қайнайтын жерге шық деб  
Өлімге тіршілігі құл орнынан.

Ой ұшды, адам құсдай, азад жаққа;  
Өлім мен өмір қатар қабат жаққа;  
Таулары басын бұлтқа жасыратын,  
Ләззат мол тіршілікте ғажаб жаққа.

Сол құмар мен жасымнан баққан бабтаб,  
Айтбастан неш адамға ішде сақтаб.  
Асыраб көз жасымен түн болғанда  
Жасырын жұртдың бәрі жатқанда ұйықтаб.

دۇنيا بولدى ماغان آز-آق سېرىك،  
 اولداغى تۇتقندىدا قاماۋدا اپىرپ؛  
 پۇل تۇرلى تىرىچىلىككە اپكەۋىنە  
 تولق بىر ئاۋمىر آلۇۋسانسا بېرىپ.

جالغزاق اولۇغ تۇتدىم اويدىك كۈچى؛  
 جالغزاق بىر قۇماردى ساققادى ئاچم؛  
 جانمىدى قۇرتداي جايلاپ، چېكىدەي چېپ،  
 كۆيدىرىپ سول قۇمار-آق بۇتىدى ئاسن.

چاقىردى قۇمار مېنى پۇل اورنىنان،  
 بىقىرىپ، پىشماغان جىلى اورنىنان،  
 قاتىردەن قان قاينايتىن چېرىگە چىقى دېپ  
 اولمىگە تىرىچىلىگى قۇل اورنىنان.

اۋى اۋچىدى ئادام قۇسداي آزاد جاققا؛  
 ئولم مېن ئاۋمىر قاتار، قابات جاققا؛  
 ئاۋلارى باسن بۇلتقا جاسىراتىن،  
 ئاززات مول تىرىچىلىككە غاجاب جاققا.

سول قۇمار مېن جاسمىنان باققان باقتاب،  
 جاسمىنان ھېچ ئادامغا اچدە ساقتاب،  
 ئاسىر ئاۋ كوز جاسى مېن ئۇن بولغاندا  
 جاسىر ئۇ جۇرتنىڭ ئۇرى جاتقاندا ئۇيقتاب.

Мұнымды жариа ғыб мойныма алыб,  
Һешкімге жалынбаймын, кеш деб ақтаб.



Жел жұлған жабырақдай ұшыб келіб,  
Күн түсбес күнгірт жерде солдым семіб;  
Өлімге ара тұрыб, алыб қабысң;  
Қажет не? Жақсы еді ғой қалған өліб!  
Тұнжыраб тұшшы жүз жоқ, өстім жалғыз,  
Сопылық, бала басым күнін көріб.

Сүйікті «әкем», «шешем» дейтін сөздер,  
Оны айтбай еш адамға жан не төзер?  
Жүрекпен бірге туған тәтті сөзден,  
Ұмытыб жат қолында дедің безер.

Жанмен бір тұуған үндер жоғалар ма?  
Қарасам үлкендерге, балаларға:  
Тұуысқан, үйі, ұлты, дос-жары бар,  
Жоқ екен маған жақын молалар да.

Төкпейін көздің жасын дедім текке,  
Ант ішіб өзімді-өзім салдым сертке:  
Болсада түсі қанық, тұуғаны бір  
Төсімді тайаб жақын көкірекке.



مۇندى جارىلاغىم مويىدا آل،  
 مېچ كىگە جالنايمىن كېچ دېپ آفتاب.



جېل جۇلغان جاپرادىنى اۇچى كېلىپ،  
 كۈن نۇسبەس كۈنگرت چەردە سولدىم سېنى؛  
 اولۇكە آرا تۇرىپ، آل ناپس؛  
 خاجەت نە؟ جافىنى اپىدى غوى قالغان اولبا؛  
 تالنجىراب تۇرچى جۇز جوق اوستم جالغز؛  
 سەفلىق بالا باسما كۈن كورب.

سۈيگىنى «آكەم»، «چەچەم» دېتىن سوزدەر؛  
 ونى آيساي مېچ آدامغا جان نە سوزەر؟  
 تۈرەك يېنى بۈگە تۇۇغان ئانتى سوزدەن،  
 ازمىتىپ جات قىلىندا، دېدىك پوزەر.

جان مېن بىر تۇۇغان اۇندەر جوعالارما؛  
 قاراسام اولۇكەندەرگە، بالالارغا؛  
 تۇۇسقان، اۇنى، اۋاتى، دوس-جارى باز؛  
 جوق اۈكەن ماغان جاقىن مولالاردا.

تۈكەيىن كوزۇڭ جاسىن دېدىم تېكى؛  
 نەت اۋىب اۋزىمدى اۋزۇم سالىدىم سېرىكە؛  
 بولسادا ئۈسۈن ئاتۇ، تۇۇغاننى بىر  
 تۈسەمدى ئايلاپ جاقىن كۈكە كىكە،

Құмардан ерте-кеш пе, шықпақ едім,  
Өлетін болсам да нақ сол минөтте.  
Дариға, ол қиалым баққан жастан,  
Жоғалды, енді артына қайрылмастан.

Жат жерде, жау қолында жалғыз өлем,  
Жетімдік, тұтқындықтан құтылмастан.



قۇماردان اپرتە، كېچىگە چەقباق اېدىم،  
 اولەتن بولسامدا ناق سول مېنۇتدە.

دارىغا! اول خىالم باققان جاسدان،  
 جوغالىدى اېندى آرتىنا ناير لىماستان؛  
 جات چېردە، جاق قولندا جالغىز اولەم  
 چېتىلدە، نۇتقندىدان قۇتلىماستان.





**ЕКІНШІ БӨЛІМ**

# **МАҚАЛАЛАР**

*1912-1914 жылдар*

## ШАҒЗАМАН МЫРЗАҒА

Мырза! Көзіңіз шатынап, шеке тамырыңыз шығып, аузыңыз көпіріп, таласқа кетіп барасыз. Таластан қазақ баласы пайда тауып жүрген жоқ. Сабырмен отырып, ойласып істелік. Қазақ тіліндегі дыбыстарды көп, иә аз деп көрсетіп, борышыма берейін деп отырғаным жоқ ғой. Мақсат – сіз болып, біз болып, ақылдасып отырып, дыбыс басына хәріф белгілеп, жазуымызды бір жөнге салалық деген. Осы күнде һәркім һәр түрлі жазып жүр, бір жөнменен жазылатұғын жазу жоқ. Жазғанымыздың хата, дұрыстығын айырарлық емле жоқ. Оның жоқтығы қазақ тіліндегі дыбыстарға ашып-арнаған хәріфтер жоқ. Бір сөзді екі кісі екі түрлі жазады. Хаттә бір кісінің өзі де бір сөзді екі түрлі жазады. Мысалы, сіз де «өзен-үөзен» екі түрменен жазып көрсеттіңіз. Соның екі түрін жазғанша бір-ақ түрін дұрыстап, кесіп айтсақ болмай ма? Сіздің жазған сөзіңізден байқаймын: қазақтың тілінде неше һәм нендей дыбыстар бар екен деп, һеш уақытта ойланып қарамағансыз. Өзгелердің қазақ тіліндегі дыбыстар турасында жазғанын оқымағансыз. Дыбыс менен хәріф екеуін бір затқа санайсыз. Мен қазақ тіліндегі дыбыстарды айтамын, сіз арабтың хәріфтерін алып келіп көрсетесіз. Сіздің қарауыңызша: араб хәріфтеріне дұрыс келетін дыбыстар қазақ тілінде бар болмақшы, дұрыс келмейтін дыбыстар тіпті жоқ болмақшы. Олай болғанда арабтың хәріфтері қазаққа келмей тұрған уақытта, қазақта һешбір дыбыс болмасқа керек ғой. Араб хәрфінен бұрын қазақ сөйлемеді дейсіз бе? Біз ойлаймыз, қазақ араб хәрфінен бұрын да сөйледі деп, сөйлеген соң дыбыстары да болды деп. Ол дыбыс-



فاندایغنه خلق بولساده بلمی علمی، ملکند۔  
 دهگی چغانن گازینی ورژورنالداری منن،  
 ادبیاتی منن اولچهندهدی. قای جورط بیلیدی  
 بولسه اول جورط اچندن چغانن گازیتده  
 کوب بولادی. نادان خلقده برهویک بولمایدی.  
 ایندی فزاق قرغن خلقنده فلانراغه کروگه وقت  
 بولدیغوی. فاجانغه چیلر کپیز اوبیلرمن منن  
 صاری قهزغه ماس بولوب کونمزدی اونکده،  
 آو جورط آچایق کوزمزدی! اومطلاق علم،  
 بولمگه!

معلم: ولی الله حلیلی (قوسطانی).

کیرهک بهیدی. ۱. ب. ایندینگ جالفز فاز  
 بیلگان منن جاز بولاما؟ دیگانی سیافتی آلطی  
 میلیوندن آرتیق فزاق خلقی اوچون بر گازیت  
 منن بر ژورنال چققان منن خلقدک صوصنی  
 باصلمایدیغوی. صوندهده هوداغی فازغه فاراب  
 فولکدغی طورغایدی اوچرما! دیگان سیافتی  
 کوب ژورنال، کوب غزیتده دهین مناو  
 فولمزدغی ایکی فوسمزدی اوچرما، چامادن  
 کیلگانچه ایل، جورط بولوب، جیم، میل بیر وب  
 دوام ایثونه اجتهاد قیلابی. «کوب نوکرسه  
 کول بولادی» دیگانغوی.

### شاه زمان مرزاغه

لکزی

بر سوزدی ایکی کسی - ایکی توری جازادی،  
 خطده بر کسی نك اوزیپده بر سوزدی ایکی  
 توری جازادی، مثلا: سزده «أوزن - ئوزن»  
 ایکی تور منن جازوب کورسهندکیز؛ سونك  
 ایکی تورن جازغانچه بر اق تورن دورستاب  
 کیسوب آیتساق بولایما. سزدك جازغان  
 سوزك دك باقیاین: فازانك نلنده نیچه هم  
 نیندهی دبستار بار ایکن دپ هیچ وقتده  
 اوبیلانن فارامانغوسز. اوزگلدرك فازاق  
 نلندهگی دبستار توراسنده جازغانن اوقوما-  
 غانسز. دبس منن حرف ایکنون بر زانقه  
 سانایسز. مین فازاق نلندهگی دبستاردی  
 آیتامن، سز عربدك حرفلرن آلوب کیلوب  
 کورسهندسز. سزدك فاراوكیز چه: عرب حرفلری-

مرزا! کوزكز چانناب، چیکه نامرکیز  
 چغ، آوزكز کوپر، تالاسقه کینب باراسز.  
 نالاستان فازاق بالاسی فائده نابو جورگن  
 جوق. صبر منن اوتروب، اوبیلاسوب، اس  
 استهلک. فازاق نلندهگی دبستاردی کوب،  
 یا آز دپ کورسهند، بورچما پیرهین دپ  
 اونرغانم جوقغوی. مقصود - سز بولوب،  
 بز بولوب، عقلداسوب اوتروب، دبس باسنا  
 حرف بیلگناب، جازومزدی بر جونگه  
 سالاق دیگن. اوسی کونک هرکم هر توری  
 جازوب جور؛ بر جون منن جازلا توغن  
 جازو جوق. جازغانزدك خطا یا دورستغن  
 آبرارلق املا جوق. اونك جوقدیغی فازاق  
 نلندهگی دبستارغه آچب آرنانغان حرفلر جوق.

тарының араб хәріфтеріне тура келетіні де бар, келмейтіні де бар деп. Бәрі тегіс келмейтін себебі: араб әліфбасы қазаққа деп арнап шығарған әліфба емес, араб тіліне арнап шығарған. Һәр халықтың тіліндегі дыбыстардың ішінде бөлектік болады. Бірінде бар дыбыс, бірінде жоқ болуға ықтимал.

Мысалы: с(сса)-ث, х-ح, з-ذ, з-ض, ф-ف, һ-ه дыбыстар арабта бар, қазақта жоқ; ۋ (о), ى (ы), ۋ (э), پ (п) дыбыстар болмаса, бұл дыбыстарға тура келетін хәріфтері де болмасқа керек. Сіз қалай ойлайсыз? Араб әліфбасында тура келетін хәріфі жоқ дыбыстарымызды тіпті жоқ қылу керек пе? Негізінен ойлаңызшы: тіл хәріф үшін шығарған нәрсе ме? Болмаса хәріф тіл үшін шығарған нәрсе ме? Әлбетте, хәріф тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса хәріфі жоқ деп, тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ хәріфті іздеп табарға керек. Ол жалғыз бізде емес, өзге жұртта да болған, хәріфке бола тілді бұзбайды, тілге бола хәріфті бұзып өзгертеді. Өзіңіздің көрсеткен хәріфтеріңіздің ішіндегі «چ» (ч), «ج» (ж), «پ» (п) осындай түсін бұзумен табылған хәріфтер емес пе?

Бұл ойыңыздың негізгі хатасы. Негізгі хата болған соң, әрмен қарай басқасы да хата бола береді. Қазақ дыбысының бәрі де жарты дауысты дейсіз. Оны да қазақ сөзін алып, дыбысын қарамай, араб хәріфтеріне қарап айтасыз. Мысалы: «баран» деген қазақта да, руста да сөз бар (бар); «бор» деген қазақта да, руста да сөз бар (бор), осындағы «а», «о» дыбыстарын рустар жарты дауысты дыбыстар демейді. Олардың «о», «а» дыбыстарынан біздің «о», «а» дыбыстарымыздың һеш кемдігі болмаса, біз қалай жарты дауысты дейміз? Бұл дыбыстарды жарты десек, қандай дыбысты бүтін



деп айтармыз? Қазақ тілінде тіпті «о» дыбысы жоқ дейсіз: «Бор – бор», боз – боз, жол – жол, ол – ол» мұнан басқа да ішінде «о» келетін сөздер толып жатыр, бұларды қазақ сөзі емес дейсіз бе? Біз бұларды қазақ сөзі дейміз, хәм олардың ішіндегі дыбыстардың бәрі де қазақ тілінде бар дейміз. «Ы» дыбысы жоқ дейсіз. Аз – азы (азы), бар – бары (бары), жар – жары (жары), бас – басы (басы). Бұл сөздерді қазақ сөзі емес пе?

«Э» дыбысы қазақта «**آ**-э» емес, «**آ**-и»-ге жақын дейсіз. Мен қазақ тілінде бұл дыбыс қандай екенін бек жақсы білемін, бірақ арабта тура келетін хәріф болмаған соң «**آ**»-менен жазалық деймін. Мұнан көрі «**آ**»-менен жазу қолайлы десеңіз, олай да жазып көрелік: «Ер» деген сөзді сізше «иер» деп жазу қолайлы болмақ, «кесек» деген сөзді сізше «киесек» деп жазу қолайлы болмақ, «керек» сізше «киерек» деп жазылмақшы. Қайсысын жазу қолайлы хәм не үшін қолайлы, сіз айтпасаңыз, мен айта алмаймын. Астына екі ноқатты қойыуды қолайлағаным бұрынғы жазып жүргенімізден тым алыс болмасын деген еді. «**آ**» иә «**آ**» қолайлы, көп ұнатқаны болсын.

*(Ақыры болашақ) А.Б.*

## ШАҢЗАМАН МЫРЗАҒА

*(Басы 9-шы нөмірде)*

Сіздің айтқаныңызша, «**ج**» (**ж**), «**ف**» (**ф**) қазақ дыбыстары болмақшы. «**ج**» (**ж**)-ды қазақ тілінде бар дейсіз де, сөзіңізді сыпаттау үшін «жорнал» деген сөзді көрсетесіз. Бұл сөз қазақ сөзі емес, Франсуз сөзі ғой. «**ج**» (**ж**) қазақ дыбысы десеңіз, қазақ сөзінен

тауып берерге керек. Әңгіме: қазақ тілінде қандай дыбыстар бар һәм оларды қандай хәріфтерменен жазу турасында. Франсуз дыбыстарын қойа тұрып, әуелі өз тіліміздегі дыбыстарға хәріф арнап, сөзді бір жерге қойалықшы. «**ف**» (ф) дыбысы қазақ тілінде бар дейсіз де, қай сөздерге жазылатынын көрсетпей, азырақ әдіс айтып бұлтарып кетесіз. «**ف**» (ф) дыбысы бар сөздер қазақта есепсіз көп болғандықтан жазып көрсетпеймін дейсіз. Есепсіз болса бәрін жазу мүмкін емес, бірақ, бір-екеуін жазып көрсетсеңіз, қазақ тілінде «**ف**» (ф) дыбысы рас бар екенін көрер едік. Көрсетпей тұрғаныңыз көптігінен емес, жоқтығынан болар. Олай әдіс жұмсайтын бұл ісіміз қазақтың сайлауы емес еді, бірақ өзіңізге ұнағаны сол шығар. Өзіңіз айтқан Ахметһади Мақсуди кітабында һәм «Төте оқу» кітабында осы екі дыбысты иә ноғай, иә қазақ сөздерінде бар деп, көрсетпеген ғой. «**ژ**» (ж)-ды рус сөздеріне жазған, «**ف**» (ф)-ны араб сөздеріне жазған.

«**ش**» (ш), «**چ**» (ч) турасында сөзім бұрын айтылған: не үшін «**ش**» (ш)-ны алмай «**چ**» (ч)-ны алғанымды жазғанмын, сонан басқа айтарым жоқ. Қазақта «**ش**» (ш) дыбысы бар һәм жалғыз: оған «**ش**» (ш) иә «**چ**» (ч)-екеуінің біреуі-ақ алынады. Қайсысын алу қолайлы, көптің ұнатуы болсын. Чана, чаң, чаңрақ, чал, чала, қанча, ақча, қачақ. Осы сөздердегі «**چ**» (ч) қазақ айтқанда бәрінде де бірдей айтылады, өзгеше айтылатыны жоқ. Олай болғанда: хәрфінде де өз басқалық болмай, бәрі иә «**چ**» (ч) хәрфіменен жазылады, иә, «**ش**» (ш) хәрфіменен жазылады; біреуіне «**چ**» (ч) біреуіне «**ش**» (ш) жазылмаса керек.

«**ص**» (с) менен «**ط**» (т)-ны қазақ сөзіне керексіз дегенім мәнісі мынау: «**ژ**» (з) дыбысы қазақта біреу

болса, «س» (с) дыбысы да біреу; «د» (д) дыбысы қазақта біреу болса «ت» (т) дыбысы да біреу. «С» дыбысы һәм «т» дыбысы қазақта бір-бірден болса, оған екі-екі хәріфтен алып, арнау қажеті не? Сіз айтарсыз: «ص» (с) менен «ط» (т) жуан сөздерге жазылады, «س» (с) менен «ت» (т) жіңішке сөздерге жазылады деп; онда неге «س» (с) менен «ت» (т)-ны жуан сөздерге жазамыз. Мысалы: бас, басқа, жас, жақсы; ат, ата, айту, жату – бұлардың бәрі де жуан сөздер; бұларға неге «ص» (с) менен «ط» (т) жазбай, «س» (с) менен «ت» (т)-ны жазамыз. Жуан сөзге кіріскен дыбыс жуан болып айтылады. «س» (с) менен «ت» (т)-ның һәмән жіңішке айтылмай, жуан да болып айтылуын көрсетеді. Бір дыбыс жуан да, жіңішке де айтылатын болса, оның екі түрлі айтылғанына екі хәріф алмаймыз: Ондай дыбыстардың жуан, жіңішке айтылу ықтияры дауысты дыбыстарда болады. Ол жалғыз біздің тілімізде емес, басқа тілдерде де солай. Өзіңіз ойлап қараңызшы! Осы күнде жазып жүрміз: бас – басқа, басқару, бастыру, атау, тау, айту, тура.

Бастапқы төрт сөзде «с» дыбысы екі түрлі жазылғанменен, айтылуы екі түрлі емес – жалғыз-ақ түрлі. Екінші төр сөзде «т» дыбысы екі түрлі жазылғанменен, айтылуы екі түрлі емес, жалғыз-ақ түрлі. Екі түрлі жазуымыздың пәлендей мәнісі бар деп айтып беріңіз! «ص» (с) менен «ط» (т)-ны қазақ сөзінен шығармалық.

Қазақта сөз екі түрлі: бір түрі – жуан, екінші – жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады. Жалғыз-ақ түрлі айтылатын дыбыстар екі түрлі сөздің бір-ақ түріне кіріседі. Һәмән

жуан айтылатын «ق» менен «غ» жіңішке сөзге һеш уақытта кіріспейді, һәмән жіңішке айтылатын «ك» һәм «گ» жуан сөзге кіріспейді. «س» (с) менен «ت» (т)-ның жуан сөздерге де, жіңішке сөздерге де кіріскені жуандық – жіңішкелік екі түріне де тұтынуға жарайтындығын көрсетеді.

Онан әрі айтасыз: «қағидасыз қойылған «ة» дәйекші белгіден не мағына шығады» деп. Сіз не қағидамен «ة»-ның үстіне «ة» қойып отырсыз, мен де сол қағидамен қойамын. Сіз қойасыз жалғыз «ة»-ны жіңішкерту үшін. Мен қойамын жалғыз «ة» емес, басқа дауысты дыбыстарды да жіңішкерту үшін. Сіз айтасыз: «жіңішкелік белгілері бек жақсы ретке салынған» деп. Оны сыпаттау үшін көрсетесіз «өзен» йаки «үөзен» (өзен) деген сөзді. Мұныңыз дұрыс ғой, егерде, (ө) дыбысты алғы сөздің басында келсе, сөздің ортасында келсе қалай жазылады деп, ретке салынғанын? Оны да айтуыңыз керек еді. Мысалы: жон (арқа), жөн (түзу, дұрыс), боз (түс), бөз (шүберек), бол (істе, бітір), бөл (бөлекте) деген сөзімізді алалық. Бұлардың біреулері жуан, біреулері жіңішке. Жуандарынан жіңішкелерін айыру үшін не тәртіптер салынған, айтсаңыз екен. Менің «ة»-ні жалғыз «ة»-ның үстінен алып сөз алдына қойғаным мәнісі: «ة»-ні жалғыз «ة»-ның үстіне қойсақ, жалғыз «ة»-ны жіңішкертуге ғана жарайды; өзгелерді жіңішкерту үшін де тағы басқа белгі алу керек болады. Мен оларға басқа белгі алынбай, осы «ة» бәріне де жарайтын болсын деймін. Олай болуы үшін «ة» жалғыз «ة»-ның үстінде тұрмай, сөздің алдында тұрсын деймін. «ة» қойыудың асыл мағынасы жіңішкерту ғой, болғанда «ة» жіңішкелік белгісі. Бұл белгі сөз алдында тұрса, келесі кейінгі сөз жіңішке екендігін біліп, жіңішке оқырға. Ахметһадиде

хәріфті қалыңдату үшін үстіне ноқат қоймай ма? Ол не қағидаменен қалыңдық ноқатын қойған?

Бұлардан басқа сізге күлкілі көрінген мынау болса керек: «менің айтқандарымды дұрыс емес дегендер наху, сарф қағидаларынан сыпат көрсетіп, дұрыс емес жерін айтсын» деген сөз. Наху, сарф дегеніміз тіл заңының ғылымы. Тіл болса, оның заңы боларға керек. Заңы болса, оның ғылымы боларға керек. Су тоңса – мұз болмақшы, хлор менен натрий қосылса – тұз болмақшы, бұлар табиғаттың заңы. Осындай заң тілде де бар. Хлор менен натрий қосылса, тұз болатындығын байқау, қарау, іздеуменен тапқан. Тілдің де заңы сол жолменен табылады. Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді. Бұл тіліміздің заңы емес пе? Осындай заң тауып жазсақ, айтсақ, ол наху, сарфтың қағидасы емес пе? Наху, сарфты мен грамматика мағынасында тұтынамын. Басқа жұртта грамматика үшке бөлінеді: Фонетике (Фонетика), Морфологія (Морфология), Синтаксис (Синтаксисъ). Менің бұрынғы жазған сөзім һәм осы жолы жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер. Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады. Біздің сөйлеп, қарастырып отырғанымыз қазақ фонетикасы. Сіздің ойыңыздың қателігін мен көрсетерге керек, фонетикадан ыспат келтіріп. Менің ойымның қателігін сіз көрсетуге керек, фонетикадан ыспат келтіріп. Бұлай деп сізді тағы «қорқытамын». Сіздің қорықпайтын батыр екендігіңізді көрдім. Көре тұра қорқытатыным, өткен жолы шаншып алатын найзаңызбен бұлтарып кететін айлаңызды көрсеттіңіз. Бұлардан басқа өнерлеріңізді де көрмек үшін.

*(Ақыры болашақ) А.Б.*

## ШАҒЗАМАН МЫРЗАҒА

*Басы 9 һәм 10-шы нөмірде*

Мен ойлаймын сіз менің кейбір сөздерімді теріс түсініп, теріс кеттіңіз-ау деп. Сіздің хата түсінген жерлеріңіз мынау шығар деймін: әуелі мұсылманша оқудың былғалақ-шырғалағы көп деген, екінші – араб әліфбасі дінменен байласқан, онан басқа әліфбани қазақ қабылдамайды деген, үшінші – қазақ тілінен шығарып тасталатын хәріфтерді қазаққа тіпті білуге керегі жоқ деп, айтады деген шығарсыз.

Русша, мұсылманша оқу жайын сөйлегенде басқалар емес, қазақ бұл оқуларды қалай оқып жүргенін айтамын. Басқа жұрттың мұсылманша оқуы кемелденген шығар, оған таласпаймын, бірақ қазақ арасында мұсылманша оқу, азын алмай, жалпақ көбін алғанда, байағы «қызғаныш заман»ның оқуынан алысқа кете қойды дей алмаймын. Усул жәдит йаки төте оқу жолы бар екенін білеміз, бірақ сол жол қазақ арасында аз таралған соң, біздің мақсатымыз да сол – оқуды қазақ арасына көбірек жайу. Усул жәдит жолын сіз 28 хәріф оқыту мағынасында ұқсаңыз, оныңыз хата, усул жәдит – жаңа жол. Ахметһади кітабында сіздің көрсеткен хәріфтеріңізден басқарақ хәріфтер бар. Мысалы: «ұ, э, с» оныменен Ахметһади усул жәдит жолынан шығып кетпейді ғой, біз де бір-екі белгі қосқаннан усул жәдит жолынан шықпаспыз.

Әлде сіз қазақ арасына усул жәдит жолы жайылып болды, мұнан артық һешнәрсе керек емес дейсіз бе? Екінші, теріс жорыған сөзіңіз: араб хәріфтерін алуға зорланады деген. Мен қиналғанымды білдірейін дегенім жоқ, сол сөздердің ішінде қиналдым, зорлан-

дым деген сөз жоқ шығар. Ол сөзді келтіргенім мәнісі: біреулер араб әліфбасынен қазақ тіліне жақсырақ келетін хәріф бар дейді, хәтта басқа хәріфтермен кітап шығарғанда да бар. Мен соларға айтқан сөзім еді: басқа хәріфтер қазақ тіліне жақсы келсе де, оларды қазақ қабыл алмайды, басқа жаққа алаңдамай, керегімізді араб әліфбасынен қаралық дегенім еді. Қазақ қабылдамағанда не үшін қабылдамайтын себебін айтайын деп, араб әліфбасының дінменен бірге байласып, сіңгендігін көрсетіп едім. Оны сіз не себептен теріс жорығаныңызды білмеймін.

Үшінші, хата түсінді ме дейтінім: қазақ тілінен шығарған хәріфтер. Сіз бұларды, тіпті оқытпасқа керек деп, ойлады ма деп шүбаланамын. Бұл хәріфтерді балалар қазақ сөзіндегі хәріфтерді біліп болған соң оқиды. Мысалы: татарларда тіліне керек емес деп, бүлік шығарған: ث (с), ذ (з), ح (х), ض (з), ظ (з), ع (ғ) хәріптерін оқытпай тастамайды, бірақ араб сөздеріменен оқытады ғой. Біз де солай етеміз.

Сөзіңізді бастапсыз «бірге қозғалайық» – деп. Не үшін бұлай сөз бастағаныңызға анық түсіне алмадым. Әлде сіз «ص» (с) менен «ط» (т) қазақ тілінен шықса, басқалардан айырылып кетеміз дейсіз бе? Тілімізде басқалық жоқ болып, хәріфтерімізді басқаласақ, онда хәріфтеріміздің басқалығы арамызға жік салады, арамыз ашылады дер едік. Тіліміздің арасында жік болса, оны хәріфпенен бітеп, жасыра алмаймыз. «ص» (с)-ны шығармай тұрғанда жазатын едік: «сол, солай», енді «ص» (с)-ны шығарған соң жазамыз «сол – солай». Татарлар жазады: «шол-шолай»; «сол» – «шол» һәм «сулай» – «шулай» деген сөздерін қазақ пенен татар түсініп жүрсе, «сол» – «шол» һәм «сулай» – «шулай»

деген сөздерді түсіну олардан қиын болар ма екен? Біріміздің тіліміздегі бар сөз, біріміздің тілімізде жоқ. Сол сөздерді түсінуден «س» (с) менен «ت» (т)-менен жазып басқалаған сөздерді түсіну оңайырақ шығар деймін. Қысқасы «ص» (с), «ط» (т) бұл екі хәріфті қазақ тілінен шығарғандағы жазуымыздың басқаланғаны тіліміздің басқалығынан артық болмайды. Бұрын да екі тілдің сөзіне хәрфіне хәріф қойып бірдей жазғанымыз жоқ. Мұндай басқалық «иер» – «иар», «ауысбақ» – «аушмақ», «домалатпақ» – «тегеретмек», «жуасымақ» – «иуашламақ», «сылдырамақ» – «чылдырамақ». Бұрында да барды, тілімізді біріктіріп хәрфіне хәріф қойып жазалық десеңіз, ол басқа әңгіме, ол болмай «құр хәріфіміздің саны бірдей болса бірге боламыз, саны басқа болса, бөлек кетеміз» деген тіреусіз сөз.

Енді көресіз бе, Шаһзаман мырза?! Аузыңыз босқа көпіргенін. Айтқан көп сөзіңіздің бірі сұраған мәслихатымызға тура келмейді.

Менің білгенім осы, мұның дұрыс емес жерін көрсетіп, қалай түзету ақылын айтып беріндер деп сұрадым. Білетін адамдар білімдеріңнен қарасындар дедім. Сіздей күлкіге көтермей, кекетпей-ақ, сізден білімі кем емес адамдар да, ақылын жай айтты. Мысалы: Бөкейханов әфенде айтты: «жарты дауысты «ه» (и) һәм ح (ү) Англие тілінде де бар, оларға өз алдына басқа хәріфтер алынбайды, неге десең, дауысты дыбыстардың соңынан келетін «ه» (и) һәм ح (ү) жарты дауысты болады деген қағидалары бар» дейді. Сол қағиданы біздің тілімізге кіргізуге болады: жарты дауысты «ه» (и) һәм ح (ү) үшін хәріф белгілеп, арнамаймыз, екі хәріф кемиді, осындай орныменен айтқан



ақылдан «етек-жеңімізді түріп қашпаймыз». Орынсыз айтылған нәрсені, сіздің көзіңіз шатынағанымен, істемейміз. Мен ойлаймын: «бұлғалақ-шырғалақ» деген сөзді оқыған соң-ақ, атыңыздың айылы шабына кетіп йаки ері бауырына түсіп, тулауменен болып, жайғасып отырып ойланбадыңыз ғой деп; иә болмаса: «жау келіп қалған екен» деп, атыңызға міне, найзаңызды ала, айақтарыңыз салақтап, етектеріңіз далақтап, шаптыңыз ғой, жалғыз мақсат – жауды мұқатуда болып, бар өнеріңізді соған жұмсадыңыз деймін.

Жау жоқ, найзаңызды тастаңыз! Жайғасып отырып мәслихат беріңіз! Құрал сайлау керек дегенде – жауласудың құралы емес, оқудың құралын айтамын, оқу құралын сайлау оңай емес: Сіз болып, біз болып, өнерімізді осыған жұмсап, осы істі айақтандыралық. 28 хәріфпенен жазып, бір-бірімізді түсініп жүрміз ғой деген сөз, қазақтың балаңды оқыт дегенде: «оқымай да өлмей, күн көріп жүрміз ғой» деп, айтатын жауабы сықылды. Жазуымызда тәртіпсіздік, кемшілік барлығын жалғыз мен емес, басқалар да айтады. Еш кемшілік болмаса, һешкім сөз қылмас еді ғой. Қазаққа «пәлен ет, түлен ет» деп, солар күн көре алмай жүргеннен айтпаймыз, тіршілігінде кемшілік, ретсіздік болғаннан – түрлен, реттен дейміз ғой. Сондай кемшілік, ретсіздік жазуымызда да бар, оны реттеу, жөндеу керек.

Жазуымыздың тәртіпсіздігі – оқу кітабын шығаралық десек, алдымыздан көлденең келеді. Бала оқытсақ, оқуға оралғы болады. Қазақша грамматика шығаралық десек, қадам бастырмайды. Сіз айтасыз – осы 28 хәріфпенен де оқу кітаптары таралып жатыр деп, оныңыз рас. Бірақ ол кітаптар да кемшілік бар ма – жоқ па, педагогике, методикеден хабары бар адамдар

байқайтын шығар. Қысқасы мынау ғой: қытайша жазу үйрену қиын дейді, сонда да оқып біледі, бірақ қиын оқуменен оңай оқу бір емес. Біріне уақыт көп кетеді һәм көп қиналады, біріне уақыт аз кетеді һәм аз қиналады.

28 хәріппенен жазғанымыз жарамды-ақ болсын, соныменен жазылып шығып жатқан кітаптар оқуға қолайлы-ақ болсын, бірақ жақсыдан да жақсыны іздеу – алға басу. Ілгері басу керек емес дейсіз бе? Таркидің де негізгі мағынасы: жақсыдан да жақсыны іздеу емес пе? Ауырды жеңілту, қиынды оңайлау емес пе? Бұл неше түрлі машина, от кеме, от арба жақсыдан да жақсыны іздегеннен табылған. Жел кемесі болса да, от кемені іздеген, ат арбасы болса да, от арбаны іздеген, енді көк кемесін іздеп жатыр. Осының бәрі де жақсыдан да жақсыны іздеу – тарқи жолы.

Қыңыр келмеңіз, мырза, түзу келіңіз. Жазу түзету бірімізге емес, бәрімізге керек нәрсе ғой, «битке өкпелеп, тонын жаққан» сықылды, бір-екі хәріфті қазақ тілінен шығарғаныма өкпелеп, ғұмуми істен қол сілкіп, безбеңіз! Жүк қасындағы «аққу, шортан, шайан» үшеуіне ұқсамалық!

*А.Б.*

*«Айқап» журналы,  
№9, №10, №11. 1912 жыл.*

## ҚАЗАҚ

Орынборда жеті сайын шығады

Мінекей, қалың қазақ: қара, түре!  
«Бұл кім?» деп жатырқама түрін көре!  
Жас «Қазақ» жаңа талап, жарық ойлы  
Келіп тұр, қол қусырып сәлем бере.

Алыстан іздеп келген бауырларын;  
Халіңнің сырттан көріп ауырларын  
Жеңілту жайын соның кеңесуге,  
Қазақтың бас қостырмақ қауымдарын.

Жылына бір-ақ тоқты сыбағасы  
Ол жейтін бір-біріңнен қонағасы.  
Атында, затында да бөтендік жоқ,  
Білгенге бұл да Алаштың шын баласы.

## ХҰРМЕТЛУ ОҚУШЫЛАР!

«Заманына қарай амалы» деген сөз бар. Мұның мағынасы: заманының түріне қарап іс істеу. Төңірекке қарасақ, түнерген-түнерген бұлттар көрінеді. Түбі қандай белгісіз; не боларын білмейміз. Нұр болып жауып, жерімізді көгертіп, несібемізді молайтар ма? Болмаса, дауыл боп соғып, үйімізді жығып, үй ішімізді шашып тастар ма? Көзіміз бұған жетпейді. Жалаң аяқ, жалаң бас, жеңдеріміз киіусіз, етектеріміз жиығусыз ашылып, шашылып, қамсыз жатқан халықпыз. Күннің

For Khamat  
publishing office at Moscow  
Telephone No. 1000  
10-11-12-13-14-15-16-17-18-19-20-21-22-23-24-25-26-27-28-29-30-31-32-33-34-35-36-37-38-39-40-41-42-43-44-45-46-47-48-49-50-51-52-53-54-55-56-57-58-59-60-61-62-63-64-65-66-67-68-69-70-71-72-73-74-75-76-77-78-79-80-81-82-83-84-85-86-87-88-89-90-91-92-93-94-95-96-97-98-99-100

چارلۇ بىلىسى:

مەدەنىيەت سەنئەتلىرىنىڭ ۹ قىسىمى ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم

اڭلان بىلىسى:


پىرىت سەنئەتلىرىنىڭ ۹ قىسىمى ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم

پىلىت بىلىسى:

پىرىت سەنئەتلىرىنىڭ ۹ قىسىمى ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم

پىلىت بىلىسى:

پىرىت سەنئەتلىرىنىڭ ۹ قىسىمى ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم



جاۋا بىلىسى پىلىت كىتەپخانىسى

(تەتقىقات مەزگىلى)  
پىلىت كىتەپخانىسىنىڭ مەدەنىيەت سەنئەتلىرىنىڭ ۹ قىسىمى ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم

اورىپىيە خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ

خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ  
خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ  
خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ

پىلىت كىتەپخانىسىنىڭ مەدەنىيەت سەنئەتلىرىنىڭ ۹ قىسىمى ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم

پىلىت كىتەپخانىسىنىڭ مەدەنىيەت سەنئەتلىرىنىڭ ۹ قىسىمى ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم  
۱۰ توم ۹ قىسىم ۷۵ توم ۷۵ توم ۷۵ توم

خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ

خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ  
خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ  
خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ

خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ

خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ  
خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ  
خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ ئورنىنى خەلىپىسىنىڭ

не боларына көзіміз жетіп тұр. Дауылды жауын ету қолымыздан келмесе де, үйлеріміз құламай, үй ішіміз шашылмай қалуына амал ету керек емес пе? Сол амалға кіруге жұртқа мұрындық болатын нәрсенің бірі – газета. Халыққа газетаның керегі қандай екендігін айтып өткеніміз ұнамсыз болмас.

Әуелі газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа да газета сондай керек. Газетасы жоқ жұрт, басқа газетасы бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ. Бүтін дүние жүзіндегі халықтар телеграм, телефон, пошталардың ортасында, бір-бірімен хабарласып, газета арқылы жұртқа қарап, бір үйдегі адамдай сөйлесіп отыр; дүниеде болып жатқан істер, айтылып жатқан сөздер – кімге пайдалылығын, зарарлы екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса шаттанып, зарарлысынан сақтанып тұрады.

Екінші, газета – жұрттың әулет басына қызмет ететін нәрсе. Олай болатын мәнісі: жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газета арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп басшылық етіп тұрады.

Үшінші, газета – халыққа білім таратушы, олай дейтініміз газетадан жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, іс те жеттікпекші.

Төртінші, газета – халықтың даушысы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтар газета арқылы халықты сөзін

сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шұқытпасқа тырысады. Халыққа газетаның осындай пайдалы қызметтері бар екендігін білген жұрттар газетаны киетін киімі, ішетін тамағы, үстіндегі үйінен соңғы керек нәрсеге санайды. Газетаның пайдасын білімді, өнерлі халықтар көбірек біледі. Сондықтан неғұрлым білімді, өнерлі халық болса, соғұрлым газета, журналдары көп. Оны мынадан байқауға болады.

1909 жылғы санаққа қарағанда, Америкада шығатын газета һәм журналдың есімі – 12 435, Франсиада – 8940, Германиада – 8000, Италиада – 3120, Русиада – 2058 екен. Ең білімді һәм һөнерлі халық Америка, сол Америкада газета мен журнал бәрінен де көп. Америкада «Сон» деген газетаның үйі 23 қабат, биіктігі 61 сажен. Ондай үйдің бағасы әлденеше миллион боларға керек. Неге десең, ол үй тұрған қалада үй орнының жері ғана екі-үш миллион сом тұрады.

Газетаны жұрт керек қылмаса, миллиондап капитал ол үшін жұмсамас еді. Осыдардың бәрі де газета керек нәрсе екендігін көрсетеді.

1907 жылғы санаққа қарасақ, Русиада сол жылы 2173 есімді газета һәм журналдар шыққан екен. Оның 1396-сы орыс тілінде, 867-сі басқа тілде. Сол 867-нің ішінде біздің татар қандастарымыздың 30 шамалы газета, журналдары болды. Бізде біреуде болмады. Онан бері 5 жыл өтті. Сол 5 жылдың ішінде газета, журналдардың саны бұрынғыдан да өсті. Біз де құр қалғанымыз жоқ: «Айқап» жорналы шықты. Ол бұрынғыдан гөрі жақсырақ болса, ілгері басқанымыздың белгісі. Бірақ бір адым ілгері басып, соныменен тұрып қалсақ, оныменен алысқа ұзай алмаймыз. Ілгері

басқанның үстіне ілгері басарға керек. Озғандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек. Дүниенің төріне тырмысқандар төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай, төрге тырмысалық. Басқалар төрге қалай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік.

Басқалардың заманға қарай етіп жатқан амалын көруімізге газет журналдар керек.

«Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар» деген нақыл бар. Бұзуға құдіреті келетін сөздің, түзеуге құдіреті келеді. Сөз – қару, бұны бұзуға жұмсасақ, бұзады, түзеуге жұмсасақ, түзейді. Сөзін жұртты түзеуге жұмсай бастаған жұрттың өзі түзеуге бет алғанын көріп тұрмыз. Алыстан іздемей, жақыннан-ақ алайық. Күні кеше өзімізбен шамалас, қатар халық татар қандастарымыз, сөзін жұртты түзеуге жұмсай бастап еді, түзеліп ілгері зарығып бара жатыр. Русша оқығаннан басқа, жастарыңды оқытып, көздерінді ашып отырған татар.

Бұл татардың бізден ілгері кеткендігі. Олар бізден емес, біз олардан үйреніп жатқанымыз білім дәрежесінде біздің төмендігімізді көрсетті.

Ал Алаштың азаматтары! Ақсақ қойдай басқадан кейін қалғанымыз ба? Жоқ, қалмас амалын іздеп қамданамыз ба? Қалмаймыз десең, қарап жатпалық. Көп істе көп болып жабылайық! Саңлаулы, саналы халық азаматтары көмек етіп, күш қосып демер деген үміт зор. Қолымнан не келеді деп қорынбандар! Ұлтыңа қызмет етуге ниет болса, жұмыс табылғандай. Көп жұмыстың ішінде ауыры да, жеңілі де болады. Қазақтың бітіп, тынып тұрған нәрсесі жоқ. Нәркім әлінен келер жұмысын алсын. Жадымызда болсын! Аз

нәрсе көпке себеп болмақшы. Сол демеу, зорға сүйеу болады. Ұлық іс ұсақтан ұлғайады. Кірпіш зор емес, қаласаң қандай зор үй шығады. Шөпшектеп жиып, шөмеледей илеу істейтін құмырсқаны көрмейміз бе? Ұлық іс ұсақ істен құралып, зор болатындығын осылардан аңғаруға болады.

Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген ұранымыздың ұлғайуына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет.

Халыққа қызмет етемін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, өмір қысқа, қолдан келгенін өмір жеткенінше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өліміне күлмейік.

Миллет халін ойымызға алып, қызмет етуді мойнымызға алып, талаптанған бір ісіміз. Құдай сәтін салғай, «әмин» деп қол жайып, «әуп» деп күш қосып, «Алла» деп іске кіріселік!

*«Қазақ» газеті, №1. 2 феурал 1913.*

## ОРЕНБУРГ, ФЕУРАЛ 10

«Қазақтың» бастапқы нөмірінде төңіректе түнерген бұлттар көрінеді дедік. Ол айтқанымыз түнеріп шыққан бұлт сықылды «Мынау қалай болар» деп кісіге ой түсіретін нәрселер еді. От басының уайымын қойып, жұрт басының қайғысын ойласақ ой түсіретін нәрселер әр тараптан көрінеді. Қалыпты шаруамыз өзгеріліп, қалпымызда өзгерілейін деп тұр. Қалпымыз өзгеленсе қалай болатынымыз белгісіз, іргеміз тұтас



ыдырамай, бірыңғай жатқан халық едік. Енді арамызға бөтендер келіп кірісейін деп тұр.

Бөтендер кіріскенде халіміз қандай болар? Тарих жолына қарағанда келімсек жұрт күшті болса, тұрғын жұрт аяқ асты болып, азып-тозып жоғалмақшы. Тұрғын жұрт күшті болса, келімсек жұрт сіңіп тұрғын жұрттың торына түсіп, бөтендігі жоғалмақшы. Екеуі де тең болса бір-бірінен кем болмай, біріне-бірі жем болмай қатар тұрып күнелтіп, әрқайсысы өз алдына ұлт болып тұрмақ.

Қазақ енді бірыңғай, іргесі тұтас қалпында, бұл күйінде тұра алмайды. Егін шығатын жерге егіншілер келіп орнап жатыр, мал бағатын жерге мал өсірушілерді алып келіп орналастырмақшы, балығы бар жерге балықшыларды қондырмақшы. Қысқасы ол жолмен, бұл жолмен болсын қазақ арасына бөтен жұрттар кірейін деп тұр.

Істің бәрі жалғыз-ақ тамақ асырап күн көруге қалса, өз бетінен күн көре алмаса, өзге жұрттың есігінде жүріп, малайлықпен тамақ асырап, қазақ тіршілік етер ғой. Біз қазақ тіршілігін ойланып, қалай болар деп қам қылатын тіршілігіміз ол тіршілік емес. Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық едік. Арамызға әртүрлі жұрт кіріскенде, солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра алармыз ба? Осы бізді төсекте дөңбекшітіп ұйқымызды бөлетін нәрсе. Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиаты) бар жұрттар ғана тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы, еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақта-

луына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда һәм мұнан былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып, жоғалуға ықтимал. Біз келісек жұрттан кем болмас үшін оқымай тұра алмаймыз. Оқыма-сақ басқалармен қатар тіршілік ете алмайтынымыз, сүттей ақ, күндей жарық. Оқығанда ісіміз осы қалыбында болса, тіліміздің азып, жоғалуы да анық. Қазақтың балалары қалай оқып жүр? Елде оқыса, он жыл оқып хат жазуды білмейтін ескі жолмен оқиды. Шаһарда оқыса иа сарт, иа ноғай медреселерінде оқиды. Рус школында оқитыны русша кітап, үйренетіні русша жазу. Қазақша көбі оқып та, жаза да білмейді. Мұсылман медреселерінде оқығандардың естігені әдеби тіл, оқығаны әдеби тіл мен жазған кітап, жазғанда да сол кітаптардың тіліне салып еліктеу. Ол әдеби тіл деген қандай тіл? Араб, парсы сөздері көп кіріскен тіл. Неғұрлым араби, парсы сөздері көп қосылса, неғұрлым қара халық түсінуге ауыр, хатты тіпті түсінбейтін болса, соғұрлым, әдебилірек болады деп тұтынған жолдан шыққан тіл. Бұл тіл халықтан тумай жаны жоқ тіл. Мұсылманша оқығандарымыз әдеби тілмен сөйлейміз, әдеби тілмен жазамыз. Қазақша жазсақ әдеби болмайды деп қазақ тілімен жазуға ұялады, қорынады. Русша оқығандарымыз қазақ тілімен пікірімізді толық айта алмаймыз, жетпейді, русша жазғанымыз оңай дейді. Қысқасы русша, мұсылманша

оқығандарымыз қазақ тілімен жазуға қорынып, біреуі русша жазады, біреуі әдеби тілмен жазады.

Бұлардың өз тілінен қорынып, жерінетін себебі не? Менің ойлауымша бұл әдеттенуден біреуі русша оқып, бірі әдеби тілмен оқып қазақша жазу әдетінде болмағандық. Әдетте жоқ нәрсе қалыптан тысқары болып, басында ерсі көрінеді. Қазақ тілімен жазу әдетінде болмаған соң русша һәм мұсылманша оқығандарымыз қорынады. Бір-біріне жазған хаттарында қазақша жазбайды. Бұлай істеулері ұнамды емес. Бірақ, қазақ балаларын аталары осы күнгі оқытуына қарағанда «Бұл неге солай?!» деп ғажаптанар да іс емес. Сегіз-тоғыз жасынан оқуға түссе, оқыған тілі басқа болса, оқитын кітабы басқа тілде болса, жазғанда сол кітаптардан үлгі алып жазса, олар қайдан қазақша жазуға әдеттенер? Мұнан бұлай да осы бетімізбен жүре берсек, ықтисадта қазақ тілі азып-тозып, бірте-бірте тұтынудан шығып, әуелі қазақша жазу ұят көрінер, сонан-соң қазақша сөйлеу ұят көрінер, онан әрі не болары белгілі. Оқыған жастарымыз қазақ тілінен жиренсе, қарттарымыз мың жасауға болмаса, қазақ тілі жан сақтайтын орын жоқ. Сондықтан бұлтақтамай осы бастан істің бетін тура жіберу үшін анықтап ашатын нәрсе мынау: Қазақ тілін сақтау керек пе? Болмаса русша болсын, басқаша болсын сөйлесуге жараған соң бәрі тіл ғой, қазақ тілі жоғалса жоғала берсін дейміз бе?

Біздің газетамыздың таңбасы «Қазақ» йағни қазақтығымызды сақтау. Қазақтық әрине аты мен тілі жоғалмаса сақталады.

Бұл айтқанымыз русша, иә басқаша оқымасын деген емес русша тілді де білу керек, бірақ өз тілінен

жиренбеске керек деген сөз. Тұтынбаған нәрсе жоғалады. Он жыл, он бес жыл еңбек етіп, қиналып орыс йаки әдеби тілді үйренгендерге өз тілімен жазуды үйрену қиын деп нешкім айта алмас. Русша білудің де, әдеби тілді білудің де орындары бар: біздің қарауымызша оларды өз орындарына жұмсау тиіс. Ақырында айтатынымыз: әдеби тілді сүйетін бауырларымызға газетті қазақтың қара тілімен жазғанымыз ұнамсыз көрінсе, ол кемшілігімізге кешу өтінеміз. Жұрт үшін шығарылған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс. Аспандағанмен жерден алыс кете алмаспыз, артылдық дегенмен елден алыс кете алмаспыз.

*«Қазақ» газеті, №2. 10 феурал 1913.*

## СОҒЫС ЖАЙЫНАН

Газетамыздың 2-нші феуралда шыққан бірінші нөмерінде Түркие менен Балқан үкіметтері арасында болып жатқан соғыстың жайынан мағлұмат беріп едік. Соғыстың басталғанынан бері қарай қандай уақиғалар болғанын сөйлеп едік. Түркияда жас түрік партиасы қарт түрік партиасын іс басынан қуып, үкімет ісін өз қолдарына алғандығын айтып едік. Жас түрік партиасы істі өз қолына алу менен соғыстың түрі екінші қалыпқа түскендігін көрсетіп едік. Енді сонан бері бір жеті ішінде қандай өзгеріс болғандығын айталық. Қазір соғыс төрт орында болып тұр: бірі Едірне шаһары (Адрианопол) жанында бітім болмай соғыстың жаңадан басталуы Едірне шаһарын алу үшін еді. Сондықтан соғыстың қатты жері Едірнеде болуға тиіс. Едірнені қамаған дұшпан (балғар) әскері алпыс

мың шамасында. Қамауда жатқан түрік әскері отыз мыңнан артық емес дейді. Балғарлар соңғы соғысты бастағанда Түркияның хәлін нашарға санап, Едірне ішіндегі әскерді жүдегенге шамалап, Едірнені тез ғана ала қойыуға ойы бар еді. Балғарлар бар күштерін салып ұмтылса да Едірне болмай тұр. Едірнені қамаған балғар әскерінің қырылуы шамадан тыс дейді. Бұл күнге дейін тыйу дұшман жағынан болып, түріктер жалғыз-ақ қарсы тұрушы еді. Енді түріктер өздері шаһардан шығып балғарға тие бастады. Мәселен, 29-ншы ғинуарда түрік әскері шаһардан шығып, балғарлардың көп әскерін қырыпты. Едірне шаһары төрт жақтан дұшпан әскеріменен қамаулы болып, Түркия хүкіметі әскер үшін азық, соғыс құралы, қару жарақ кіргізе алмай тұр. Сөйтсе де Түркиядағы азық һәм құрал және екі айға жетерлік бар деді.

Соғыстың екінші орны Стамбұлдан түстік жерде Шаталжа һәм Калибули маңайында. Түрік әскері Шаталжада жүз алпыс мың, Калибулиде елу мың бар. Дұшпан әскері де сол шамада дейді.

Бұл соғыс басталғаннан бері Шаталжада түріктер жеңілген жоқ және бір адым кейінде шегінген жоқ. Әр күн балғарларды қамалдарынан қуып шығып азда болса ілгері аттап бара жатыр. Шаталжада зор соғыс болған жоқ. Бірін-бірі аңдысып тұр. Түріктер Калибули жағынан ілгері жүре беріп, балғар әскерінің артын орап алуға ойы бар дейді. Бұл пландары іске асса Едірнені құтқаруға да мүмкіндік болады. Сондықтан Калибули төңірегінде соғыс болып тұр. 3-нші һәм 4-нші феуралдағы қатты соғыста бір мың екі жүз балғар солдатын түріктер тұтқынға алыпты.

Соғыстың үшінші орны «Ашқудра» шаһары жанын-

да. Бұл шаһарды Қаратау хукіметі аламын деп мейлінше тырысып жатыр. Қаратау хукіметі Ашқудраға қарсы шауып-шауып барлық әскерін қырдырып болды. Сондықтан Ашқудра жанындағы соғыс тоқтап тұр. Екі-үш күн ішінде кішкентай ғана Қаратау әскерінен алты мың адамы қырылып, тиыш болды. Мұнда түріктің он екі мың әскеріне қарсы дұшпанның алпыс мың әскері бар.

Соғыстың төртінші орны «Ианиа» шаһары жанында. Бұл шаһарды Иуінан (Грек) әскері қамап, аламыз деп жатыр. Иуінанлардың да хәлі Қаратаулардікінен оңды емес. Қаратау менен Иуінан әскеріне берілмей жатқан түрік қазилары Жауид патша командасында, азғантай ғана дейді.

Түркие хукіметінің басына жас түріктер келген соң бағы оң қарап тұр. Соғыс сапындағы әскер бек ықыласпен соғысып, балғарларды жеңіп дұшпанға қайрат көрсетіп тұр. Бастапқы соғыстағыдай тура қашпай, тұтқынға түспей, бар құтынша қарсыласып, дұшпанды жеңбей қоймайды.

Түркианың қазынасында ақшасы таусылып қалғандығын жазып едік. Соғыс басталғанда ақша табылмай қала ма деген қауып зор еді. Бірақ, жас түріктердің біркесінде ақшаға қысылу болмаса керек. Соғыс басталғаннан бері іштен һәм сыртқы мұсылмандардан берілген жәрдем мол-мол болса керек. Жалғыз Мысыр мұсылмандары бір жұма күнінде жүз алпыс мың теңге жәрдем жинап жіберіпті. Жас Түрік хукіметі өз ішінен он миллион сом қарыз алмақ болыпты.

*«Қазақ» газеті, №2. 10 феурал 1913.*

## ОРЕНБУРГ, 18 ФЕУРАЛ

Бұл күнде Балқанда болып жатқан істің тегіне түсінуге аз да болса арғы түбінен хабар бергеніміз мақұл болар. Дүниедегі адамдардың өздері де, істеген істері де бір-біріне байласулы, жалғасулы. Бірі туысқан қанымен, бірі ұстаған дінімен, бірі көретін күнімен байласып, матасып жатыр. Арқанның бір ұшы мұнда жатса, екінші ұшы әлдеқайда жатқан сықылды.

Газетада сыртқы да, ішкі де хабар жазылып тұратын болған соң азда болса алыстағы жұрттардың жайынан қазаққа мағлұмат бергеніміз теріс болмас.

Жер жүзі суға һәм құрлыққа бөлінеді. Құрлық беске бөлінеді: Азия, Еуропа, Африка, Америка, Аустралия. Қазіргі уақиғаның зоры Еуропада болып жатыр. Сондықтан Еуропаны қолға алып, сондағы патшалардың жайын сөйлейміз.

Еуропада 20 шамалы патшалық жұрт бар. Олардың аттары: Русия, Аустро-Венгрия, Германия, Франсия, Испания, Шуетсия, Норвегия, Англия, Италия, Туркия, Румения, Балғария, Португалия, Гретсия, Сербия, Шуетсария, Дания, Нидерландия, Белгия, Қаратаулық. Бұлардың ішінде қазірінде дәуірлеп, Еуропаға ықпалын жүргізіп, басқа жерлерге де шеңгелін салып иә жәйіп тұрған патша алтау. Осы алтауының бірінен хабарсыз Еуропада һешкім іс ете алмайды. Төрт ұсақ патша түрікпен соғысқанда, ұлық патшалардың бірінің ақылымен соғысып отыр. Оның кім екендігін төмендегі сөзден аңғаруға болады. Алты патша осы күнде екі жақ болып үшеу-үшеуден бөлініп, таразының табақтарын тең басқандай қалыпта тұр. Русия, Франсия һәм Англия бірыңғай, Германия, Аустрия,

Италия бір жақ, (бір одақ). Екі жағы да тең болған соң, бұлардың арасында көптен бері соғыс болған жоқ. Бұлар бірме-бір соғыспайды. Одақ қалпынша соғысады. Еуропадағы ең ұлық алты патша, соғысқаны – күллі Еуропа соғысқанына есеп. Бұл күндегі соғыстың шығыны, қырғыны адам айтарлық емес. Жеңсе де қырылып барып жеңеді, жеңілсе де қырылып жеңіледі. Адамың да, ақшаның да шығыны діңкесіне тиіп, титықтары құрып, екі жағы да әлсіреп қалады. Олар әлсіресе өзгелер күшейіп кетеді. Сондықтан бұлар өзді-өзі соғыспай, өзгелерді соғыстырып, олжасына ортақ болып, сыбағаларын алып, тыныш тұрғанын артық көруші еді. Жоғарыда аты аталған патшалардың бәріде христиан. Арасында басқа дінді, басқа қанды патшалық жалғыз Түркия. Өзгелері қандас һәм діндес. Түркия келіп, Стамбұлды алып, Айасофианың кресін алып тастап, ай орнатқаны христиан жұртының есінен кетпейді. «Шарқ мәселесі» деген араларында сөз бар. Оның түп мақсұты түрікті Еуропадан қуып, Стамбұлды алып, ай орнына кресті қайта орнатпақ. Түрік дәуірлеп тұрған уақытта мұны істеуге қолдарынан келмейді. «Крес аттанысы» деп ат қойған Түркиямен болған соғыстар, бәрі сол крес үшін болған жұмыстар. Талай келіп, талай қырылып жеңе алмай қайтқан. Түріктің бағы қайтқаннан бері христиан патшалары бірауыз болса, түрікті қуып әлдеқашан мақсаттарына жетер еді. Бірақ түрік турасында бірауыз бола алмайды. Бола алмайтын себебі, түріктің Еуропадан қуылғаны бұл патшалардың біріне пайдалы, біріне зарар. Түркия меңгеріп тұрған жердің халқының көбі слауиан. Олар орыспен тұқымдас, діндес. Түрікті қуғанмен бұлар қуылмайды.



Бұлар түріктен құтылған соң күшеймекші. Олар күшейсе, олармен жақын орыс та күшейеді. Орыс пен бұлардың күшейгені жағымды тимейтін басқа патша бар. Ол Аустрия, Аустрианың қол астындағы жұртың көбі орыспен һәм Түркия қол астындағы слауианмен қандас. Түркиадан құтылған слауиандар күшейсе, Русия оларды қолдаса, Аустрия слауиандарды қол астына басып ұстап отыруы қиын. Сондықтан түрікпен соғыс болып, түрікті Еуропадан қуамыз деген жерде Аустрианың крест намысын қойып, түріктің қуылмас жағына шығады. Түрік қол астындағы бауырларын құтқару үшін деп орыс түрікпен талай соғысты, бәрінде де Аустрия түрік жағында болды. Осы Балқан соғысында балғар патшасы христиан жұртының намысын қоздыру үшін «Ай мен крест соғысы» деп айқайлап крест ұранды шақырса да, оған қызбай түбіндегі бар зарарын көздеп Аустрия крест намысына шаппады, түрікке тілектес болды. Түрікпен соғысқан патшалармен соғыспаққа Аустрия әскерін де жиып еді, басқа патшалардың ыңғайына қарап тоқтады. Осы уақытта Еуропа патшалары қару-жарақтарын сайлап, әскерлерін дайындап тұрғандары газеталарға жазылады. Еуропаның қазіргі күйі мылтықтың дәрісі сықылды. Ұшқын түссе лап беруге тұр. Балқан соғысының отынан аман еді. Румыния менен Балғарианың жер дауы күшейіп тұр. Бұл дау соғысқа айналса, оның отынан Еуропа дәрісі тыныш қалуы қиын.

Еуропа жайын осымен бітіреміз. Басқа жерлердің жайынанда қысқалап мұнан былай хабар берерміз.

*«Қазақ» газеті, №3. 17 феурал 1913.*

## СОҒЫС ЖАЙЫНАН

Газетамыздың 10-ншы феуралда шыққан 2-нші номерінде Түркия – Балқан соғысының төрт орында болып тұрғандығын жазып едік. Сонан бері бір жеті ішінде соғыс майданында айтарлық жаңырыққан хабар жоқ. Газеталардың айтуы: Түркияның Калибули һәм Такфур тауы жағынан шыққан әскері менен Шаталжадағы әскердің сол қанаты табысып, бірігіпті. Оң қанаттыңда жуырда бірігуге ыңғайы бар дейді. Әскердің бәрі бірігіп алып Едірне жолындағы «Лоле Борғас» дейтін жерде қатты соғыс болуы күтіледі деседі. Түріктер «Иә, Құдай!» деп сол соғысқа қарап тұр дейді. Сол соғыста дұшпанын жеңе алса, Едірнені құтқарып, бітім түрік пайдасына болмақшы. Балғарлардың Едірнеге топ атуы тоқталған жоқ. Бірақ, шаһарға зиян жоқ дейді.

*«Қазақ» газеті, №3. 17 феурал 1913.*

## СОҒЫС ЖАЙЫНАН

Түріктер менен балғарлар арасындағы соғыс майданында бір кез қалыңдығы қар жауғандықтан он шақты күн ішінде айтарлық зор уақиғалар болған жоқ. Балғарлардың халі төмендеп, сербтерден күш-көмек күтіп тұрғандығы белгілі. Түріктер түнеугі қалпыменен тоқтаусыз ілгері қарай жүргенде балғарларды жеңіп, Едірнені құтқарамыз ба деген үміті бар еді. Соғыс майданында жауған қалың қар түріктер үшін пайдалы болған жоқ. Өйткені, қар еріп сай-сайдың

бәріне де су толып, тасқын себебінен әскердің жүруіне бөгет болып тұр. Балғарлар осындайдан пайдаланып, Сербиядан солдат, мылтық зеңбірек келтіріп, күшін жиып жатыр. Сербиядан жуырда және 56 зеңбірек жіберіліпті.

Газеталардың жазуына қарағанда, қазір Едірне күйлі, ішінде 40 000 түрік әскері бар, азығы мол деп айтады. Анда-санда қамалдан шығып балғар әскеріменен соғысып, көбін қырып, бірсыпырасын тұтқынға алғыштап тұр.

Ашқудра (Скутари) жанында Қаратау әскері қырылып болған соң қалған әскеріне жәрдем үшін Сербия хукіметі 35000 әскерменен 40 зеңбірек жіберіп еді. Сербия әскерінінде өндірген еш нәрсесі көрінбейді. Жақын арада болған бір соғыста Сербиядан 1200 әскердің қырылғандығы расталды.

Сербия менен Қаратау қосылып Ашқудра шаһарын алмай қоймақ емес. Өйткені, Сербия хукіметі әскер һәм соғыс құралын тасып жатыр. Салуниктен Ашқудраға және 27000 әскер жіберіліпті.

Соңғы телеграммаларда Ианиа шаһарын қамаған иунан әскері түріктерді жеңіп, шаһарды алды деген сөз бар. Ианиадағы 32000 түрік әскері тұтқынға түсіпті. Түріктердің 132 топтарын иунан әскері олжа қылыпты. Соғыс басталғаннан бері иунанға тұтқын болған түрік әскерінің саны 80000 бар дейді.

*«Қазақ» газеті, №4. 1 март 1913.*

## НАУРЫЗ

Наурыз қазақша жыл басы, бұрынғы кезде әр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп кәрі-жас, қатын-қалаш бәрі де мәз болып көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді. Наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында әртүрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың 1-де, екіншілер тоғызында келеді деседі. Әр жұрттың белгілі күнде жаңа жылы туады. Ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт нәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді.

Орыстың жаңа жылы қыс ортасында, нағыз сақылдап тұрған суықта келеді. Біздің жаңа жылымыз наурыз-марттың басында болсын, ортасында болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынасымен Жаңа жыл деп айтуға лайық. Күн жылынып, қарайып, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп көңілденген кез. Шаруа адамдарының бейнеттен қолы шешіліп, алты ай қыс баққан арықтарын үмітті күнге жеткізіп, дем алып отырған кез. Ағаш, шөптер қар астынан сілкініп шығып гүлденіп, жасаруға даиәрланып, күнде қыстай бір бүйірлеп жүруін қойып, жоғары көтеріліп бүтін ғаламға нұрын шашып, үйсізді үйлімен теңгеріп, баймен жарлыға бірдей сәуле беруге тұрған кез. Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерісінің кезеңінде біздің жаңа жылымыз – наурыз туып, ата ғұрпымызды ұмытпай белгілі бір күнді жыл басы қылып алсақ, ұнамды іс болар еді.

Осы туралы білетін адамдар «Қазаққа» жазса екен, біздің жаңа жыл – наурыз анық жылдың қай айында һәм қай күнде басталады.

Біз оқушыларымызды жаңа жылмен құттықтауға наурыздың анық қай күні туатынын біле алмадық, ғафу өтінеміз.

*«Қазақ» газеті, №5. 9 март 1913.*

## **СЫРТ ПАТШАЛАР ЖАЙЫНАН**

Газетамыздың 3-ші нөмерінде Еуропада қандай патшалықтар бар, олардың мықтылары қайсысы һәм мықтыларының аралары қандай екендігін және де Еуропа патшаларының арасында бөтен дінді, бөтен текті Түркия патшалығының жайы қандай екендігін айтып едік. Енді Азияда қандай патшалар бар һәм олардың хәлдері қандай, қысқалап айтып өтелік. Мұның бізге керегі не деп айтатындар да болар. Оларға айтатынымыз мынау: қазірде біз газетаға көбінесе сыртқы хабарларды жазып жатырмыз. Олай етіп тұрғанымыз – қазіргі уақиғаның зоры сыртта болып жатқандықтан. Бүгін Еуропада болып жатқан уақиға ертең Азияда болуға ықтимал. Жер жүзінде тіршілік етіп тұрған адамдар, болып жатқан уақиға, істеліп жатқан жұмыс, жұмсалып жатқан қулық, сұмдық бәрінен де хабардар болмақ керек.

Неге десек, дүниедегі адамдардың пайда, зарары матасулы. Біз Русиада тұрған соң, біздің пайда, зарарымыз Русиа істерімен матасулы. Русианың пайда зарары басқа патшалардың істерімен матасулы. Русианың

ішінде сыртында болған істердің бар шарапаты иа кесапаты бізге де тимей тұрмайды. Сондықтан сыртқы патшалармен Русианың арасы қандай екенін қазақтарға біліп тұру керек.

Азиада өз билігі өзінде болып тұрған патшалықтар аз. Мысалы, Жапония, Қытай, Ауған, Сиам, Персия (Қызыл бас). Басқаларын Еуропа патшалары иа әбден билеп алған, иа ыңғайлап алған. Мәселен, Белужестан, Бирма, Хинди патшалықтарын Англия алған. Бұқара, Хиуаларды Русия меншіктеп тұр. Өзге Азия жұрттарын меншіктеген Еуропа патшалары толып жатыр.

Өз алдына патша болып тұрған Азиадағы жұрттардың мықтылары Жапония һәм Қытай. Олардан соңғы халқы аз болса да күші барырағы Ауған. Персияның хәлі нашарланып тұр. Мұның оңтүстік жағын Англия, Солтүстік жағын Русия меншіктеуге тұр. Ауған аз халық, аз да болса әскері ретті, істері тәртіпті болып бет алған халық, оны ала қойамын деп шеңгелін жайып тұрған Еуропа патшасы жоқ. Қытай бір ұйықтап жатқан алып еді, Еуропа халқы оны да түрткілеп ойатты. Ойанғанының белгісі мәнжүр тәсілінен басқа текті патшаны түсіріп, өз нәсілімізден қойамыз деп, жасақ жиып, жарақ асынып патшасымен екі жылдай соғысып, ақырында мәнжүр нәсілді патшасын тақтан түсіріп, өздерінің қалаған адамын қойды. Ондай қалап қойған адамды «президент» дейді. Патша емес, президент билейтін патшалықты «республика» дейді. Қытай 1912 жылдан бері республика қалпына түсті.

Бұл жаңа қалыбы бекіп, әлі шыныққан жоқ. Қай халықта да болса жаңа қалыпқа түсерде бірсыпырасы

ескілікті жойып, жаңалықты сүймекші, бірсыпырасы ескілікті сүйіп, жаңалыққа қарсы болмақшы. Осындай ескі қалпын сүйетіндерге манжур нәсілді патшаны түсіргенге намыстанып, манжур халқы қосылып қытай ішіне алалық кіріп, өз аралары жанжалсыз емес. Қытай патшасын тақтан түсіріп республика ретіне түсірген кезде Қытайға қарап тұрған байәғы Шыңғысханның елі Моғолстан жұрты «өз алдына патша боламыз» деп доңыз жылы 10 декабрьде сөз шығарды. Қытай оның бөлініп шығуына риза болмай, қол астына қайыруға әскер жіберіп еді. Мағолдар соғысып, көп адамы шығындады. Оларды Қытай әлі қол астына қайырған жоқ. Қайыра алмай тұрғаны мағолдарды Русиа сүйейді. Русианың оларды сүйейтін себебі, Моғолстанды өзіне икемдейді. Қытай қол астында тұрғанда онан тартып алу қиын, бөлек шықса Русиаға қоса салу оңай. Моғолстан өз алдына патша болып тұра алмайды иа Қытайға қайта кіреді иа Русиаға қарайды. Өйткені, Қытай мен Русианың ортасында тұрып, біріне бағынбай тұруға көп әскер керек. Көп әскерге көп расход керек, ондай расходуна шыдайтын Моғолстанда байлық жоқ. Сондықтан иа Қытай зорлықпен өзіне қайта қаратады, иа Русиа икемдеп еппен қаратып алады. Қазірде Қытай осы жаз әскер жіберіп Моғолды бағындырып қайта қол астына кіргізбекші. Русиа Моғолстан әскерін үйретуге офицерлерін беріп жатыр және де Моғолды Қытай қиратып, жаншып бара жатса Русиа көмек беруденде тайынатын емес. Олай бітсе Русиа мен Қытай арасында жанжал болып қалуы да ықтимал. Қазірінде Қытайға риза болмай «бөлінеміз» деп тұрған үш бұқпағы бар. Біреуі осы Моғолстан, екіншісі Тибет, үшіншісі Манжуриа. Бұлар бөлінсе,

меншіктеуге аңдып тұрған үш патша бар. Моғолстан бөлінгенін Рүсия аңдиды. Тибет бөлінгенін Англия аңдиды, Манжурианы Жапония һәм Рүсия екі жағынан аңдып тұр. Қытай жаңа қалыпқа түсіп, ісінің бәрін жаңа тәртіпке салып жатыр. Бұл жаңа қалыбы шынығып жеттіккенше, аңдығандар аларлығын алып қалуға тырысып жатыр.

Азия патшасының ең мықтысы Жапония болып тұр. Жапон қандай халық екені Рүсиямен соғысқанда көрінді. Оны білмейтін қазақ кем шығар. Жапон мұнан қырық жыл бұрын Қытай секілді ұйықтап жатқан жұрт еді. Оны да Еуропа халқы түрткілеп ойатты. 20–30 жылдың ішінде ісінің бәрін Еуропа қалпына түсіріп күшті патшалардың бірі болып, 1894 жылы Қытаймен соғысып оны жеңді. 1904 жылы жер жүзіндегі зор һәм күшті патшаның бірі Рүсиямен соғысып мұны да жеңіп бас патшалардың бірі болды. Жапония күшейе бастаған соң Еуропа жұртының көңіліне қорқыныш кіре бастады. Бұл «сары қорқыныш» деп ат қойған күншығыстағы сары терілі жұрттар ойанса Еуропа халі қауіпті болатын жайының мәселесі. Бұл қорқыныштың мағынасы мынау: Жапонияның ойанып, күшейгенін көріп Азиядағы басқа жұрттар ойанады. Азия ойанса, 50 млн. Жапон жұрты, 400 млн. Қытай жұрты, 300 миллион үнді жұрты ақыл біріктіріп, күшін қосып Еуропаға жабылады дейді. Азия оған жетсе Еуропа халі мүшкіл: оған төтепкі боларлық Еуропа әскер шығара алмайды дейді. Қазір дүние жүзіне Еуропа араны жүріп тұр. Азия ойанса Еуропа айақ асты болып, Азия дүниені билейді деген құп. Азияның ойанғаны Еуропаға жағымсыз, оны ойатпасқа керек. Ойанғанының арасына алалық кіргізіп бытыратып,



аздырып, берекесін кетіру керек деген Еуропа білімділерінің пікірлері бар. Осымен сыртқы патшалардың арасындағы әңгімелерін бітіреміз. Бұларды жазғандағы мақсатымыз асылы хазірде патшалар арасында болып жатқан иа алдымызда болатын уақиғалардың түп тамыры халыққа түсінікті болсын деген.

*«Қазақ» газеті, №5. 9 март 1913.*

## **5 МЫҢ ДЕСАТИНА ЖЕР**

Русиада құрт ауруға қарсы қару ететін жәмиғат (общество) бар. Құрт аурулыларды дала қымызымен емдеу үшін қазақ жерінен қымызхана ашпақшы болған. Қымызханаға керек 5 мың десиатина жерді хукімет тарапынан сұрап алмақшы болған. Бұл алатын жері Бершүгір стансасының қасындағы Ырғыз уезінің Шеңгел болысының қарамағындағы қазақтар пайдасындағы жер. Өткен жаз землемер шығып, жерді өлшеп, бороздасын тартып алуға әбден даиәрлап қойса керек. Бұл 5 мың десиатина жерде 13 үйдің қыстауы бар, басқа қазақтардың жайлауы бар. Ол қазақтар жерін алғанына риза ма, жоқ па, беймәлім. Бұл жер мұжықтарға алынған секілді зорлықпен алынып жатқан шығар. Қазақтың жерін басқалар талап алып жатыр деп біздің де талау жолымен алғанымыз лайықсыз. «Басқалардан қазақтың жері жылдан-жылға тарылып жатқанда біз де бір жағынан жармалап жер аламыз дегеніміз жарамайды» - деп, жәмиғаттың кей ағзалары қазақ жерін алуды мақұл көрмеген. Бұл мақұл көрмеген жағы Мәскеудегі жәмиғаттың бас соуетіне қазақ жерін алу лайық емес дегендігін білдірген.

Жерді алу-алмасы талас болған соң, қай жағының сөзі дұрыс екендігін ашу үшін Мәскеудегі бас соует тарапынан Орынборға бір адам келген. Осы марттың 6-нда Орынбордағы ағзалардың жиылысы болды. Ішінде Мәскеуден келген адам да болды. Осы жер туралы сөз болатын болған соң мен де барып едім. 5 мың десиатинаны алу-алмас турасында көп сөздер сөйленді. Біреулері бұл жерді алу керек, мұнан қазаққа пайда болмаса зарар жоқ деді. Біреулері алмасқа керек, қазақтың іске асатын жақсы жерлерін мужыққа беріп құртып жатыр, онын үстіне біз секілді жәмиғаттар келіп тағы алса, қазаққа не қалады деді. Ақырында көптің пікірі жерді алуға айналды. Мәскеуден келген адам бұлардың сөзін тыңдап болып айтты: «Сіздердің пікірлеріңізді естіп болдым. Майдың 13-нде бұл турасында айтылған пікірді Мәскеу соуетінің жиылысына саламын. Мен жалғыз-ақ біле алмай тұрғаным, бұл жер турасында қазақ пікірлері. Жері алынатын қазақтардың пікірін білсем екен» -деді. Орынборда «Қазақ» газетасы бар екен, сол арқылы сұрап білуге болмас па екен деді. Газета арқылы сұрау керектігін мен де қуаттап, қазақтардан сұрап, олардың газетамызға жіберген пікірлерін Мәскеу соуетіне жеткізу міндетін мойныма алдым.

13-нші майға шейін бұл турасындағы пікірлер Мәскеу праулениесіне барып, даиәр болып тұрарға керек. Сонда қаралып, һәркімнің пікірі саналып, жерді алар-алмас мәселе бекіп, тәмам болады.

Енді біздің өтінетініміз, сол Бершүгір стансиасынын жанындағы алуға ынғайлап қойған жерде 13 үйдің қыстауы болса, қыстап һәм жайлап отырған қазақтар сол жерді алуға риза ма, жоқ па? Осыны солар бізге

білдірсе екен. Білдіргенде сенімді һәм қуатты болуы үшін 13 үйдің адамдары тегіс қол қойып не таңбаларын салып, ауылнай, би йаки болыс секілді адамдардың бірі мөрін басып жіберсе екен. Және де пікірлерін жіберетін адамдардың есіне салатындарымыз мынау: бұл қымызхана салынғанда қазаққа болатын пайдасы қанша, зарары қанша екенін салыстырып, өлшеп, жерді беру-бермес пікірді соған тіреп айтарға керек. Пайдасы, зарары қанша екенін мұнан байқауға болады: қымызхана жүз ауруға шамаланып жасалады. Олай болғанда жүз аурулы адамдар қымыз ішіп жатуы ықтимал. Жүз ауруды бағатын доктор, фелшерлері болмақшы. Ол қымызхана үйлерін жуып, тазартып тұратын жұмыскерлер болмақшы. Ауруларға һәм оларды бағатындарға қымыз керек. Ет керек. Олардың бәрін қазақтан алмақшы. Олай болғанда биесі барлар 5 мың десиатина жерге биесін бағып, сүтін сатпақшы. Қой-қозысы барлар қойын-қозысын сатпақшы. Малы жоқтар жұмыскер болып, жалданып мал таппақшы. Бұл кәсіп жағынан қазаққа боларлық пайдасы. Мұнан басқа пайдасы болуға ықтимал жақын жердегі қазақтардың ауруларына құрт аурулы иә басқа аурулы адамдарға жақын жерден дәрігерлер табылып тұрмақшы, мұның бәрі пайдалы жағы. Енді зарарлы жағын алалық. Қазаққа мұнан зарар болады, егер де қыстауы бар қазақтардың қыстап отырған жері жақсы, шаруаға қолайлы болып, көшіргендегі алатын жері бұрынғы жерінен төмен болса, екінші, бұған кететін жайлаулық жерлер суы тұщы, шөбі мол жайлауға қымбат жер болса һәм оны жайлап жүрген елдердің мұнан басқа қолайлы жайлаулары болмаса. Үшінші, ақша табуға қызығып құлындарын қатырып, биелерін жүдетіп,

қыс күні қырып алып жүрсе. Мұнан басқа қандай зарары болар. Қазақтың өздері шамалап білер. Біз сырттан қараған боларлық зарарларын һәм пайдасын айтамыз. Және де айтатынымыз бұл жер басқа осындай нәрселерге, болмаса мұжыққа алынбайтын жер. Қазақ риза болмаса, жоғарыда айтылған жәмиғат халықты ренжітіп, зорлықпен жер алмайды. Бұл жәмиғаттың ішінде сендердің ризалығыңды керек қылатын адамдар көп.

*Ахмет Байтұрсынов.  
«Қазақ» газеті, №6. 16 март 1913.*

## **ЖЕР МӘСЕЛЕСІ**

Ол күнде қазақтың қажеті һәм кемшілігі қай жағынан болса да көп, солардың арасында ең бірінші – жер мәселесі. Біз бұл туралы мұнан бұрын жазған жоқ едік. Жазбағанда, ұмытып кеткендіктен, йаки керексіз деп білгендіктен емес, һәркім жер деген сөзді жеңіл түсініп жүрген секілді. Бұл терең ойлап, тексере қарайтын іс. Бұл күнде һәркім өз істеген ісін ұнатып жүр. Қала салғандар қала болуды, қала болмағандар көшпелілікті мақтап жүр. Көлденең ақылшылар жай ақылға салып қала болған жұрт қандай, болмаған жұрт қандай, қазақ қала болмаса, бар жақсы жерінен айырылып қалды. Сондықтан осы күні өздері жер кестіріп, қала болу керек деді. Осы айтқандардың бірі де қазақ жері турасында толымды дәлел келтіріп, қазақтың халін һәм жерінің жайын жете білгендігін көрсеткен жоқ. Екі жылдан бері «Айқап» жор-

налы қазақ қала болу керек деп жазды. Қала болған қазақ оған қарап қала болған жоқ. Болмаған жұрт артық қобалжыған жоқ. Егер біздің газетамыз әлгі айтылған екі ақылдың бірін айтқанда, қазақтың сүттей ұйып тыңдай қойыуына біздің де көзіміз жетпейді. Сөйтсе де істің асылын түсіндіру, түйінін шешу бір басқа, сол түсіндірген нәрсені орындау басқа. Біздің мақсұтымыз, жер хақындағы ойымызды бастан-айақ түгел байандап жазбақ һәм жазылған сөзді бекітетін толымды дәлелдер көрсетпек. Біздің жер хақында жазуға асықпай жатқанымыз да сол, оқушыларымыздың есінде болсын.

*Басқарма.*

*«Қазақ» газеті, №10. 12 апрел 1913.*

## ҚАЗАҚ ЖАЙЫ

Ілгергі нөмірлерде Еуропа, Азия патшаларының жайынан һәм Русианың ішкі, тысқы істерінің жайынан қысқа-қысқа сөйлеп, аз да болса мәлімет бергеннен кейін, енді қазақ істері жайынан сөйлемекпіз.

Қазақтың кемтігі, керегі көп, кемтігін толтырып, керегін табуға істегені аз болған жоқ. Біздің керегіміздің көбі бұрынғы күйімізде болмаған, осы күнгі жайымызға қарай керек болып тұрған нәрселер. Бұрын бізге ғылымда, өнерде қажет емес еді. Кең далада еркін жүріп, еркін тұрып, мал бағып, бар керегіміз малдан табылып, басқа нәрселерді керек қыла қоймаушы едік. Заманында сол қалпымыз жайлы да, жақсы да еді. Заман қазір де сол қалыпты болса, қазаққа ғылым,

өнер керек болмас еді. Адам ғылым мен өнер үшін жаратылған емес, ғылыммен өнер адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. Не нәрсені де болса адам керегі болса іздеп жоқтайды, қажеті жоқ нәрсені кісі жоқтамайды.

Бұрынғы күйімізде бізге оқудың тіпті керегі жоқ еді. Дүниемізге керек еді деуге – керегіміздің көбі, мәселен, тамақ, киім, үй бәрі малдан табылушы еді. Олай болғанда күн етуімізге оқудың қажеті жоқ еді.

Басқа жұмыстарға керек болды деуге бұл күнгідей уездный, крестьянский нашалніктерге мировой судия, окружной сот, губернатор, министр, сенатқа арыз беру қазақта жоқ еді. Ісі бар адам ауыл ақсақалына айтушы еді. Онан асса биге түсуші еді. Биден асса ханға барушы еді. Олардың бәрі де арызыңды қағазға жазбасаң һәм русша жазбасаң алмаймыз демеуші еді. Һәркім арызын өзі айтып, өзі сөйлесіп, бітіп, айтылғаннан тану-тайу жоқ еді. Тану жоқ болған соң, книгаға тіркеудің де қажеті жоқ еді.

Книгасын қолға алып, қай жағынан мол түсер деп, жалақтап біреудің ажарына, біреудің ақшасына сатылып, билік айтатын осы күнгі «Торсық емген топыраш» топас народный судиалар ол заманда жоқ еді. Табынан талассыз озып шыққан әр елдің білімді көсем һәм шешен билері болушы еді. Олардың билігіне книгаға жазылмаса да жұрт тоқтаушы еді. Жазу-сызусыз жұмыс бітетін болған соң билерге де, биге жүгінушілерге де оқи иа жаза білудің қажеті жоқ еді.

Қазақтың дүниесіне керек емес оқудың ақыретіне де керегі аз еді. Неге десең ол күндегі қазақтар намаздың сабағын білмей: «Ақ қойдың келдесі, қара қойдың

келдесі, мен Құдайдың пендесі» деп намаз оқыса да, олардың жүректері осы күнгі он қабат орап басына қазандай сәлде салып, көзін сүзіп, көлгірсіп отырған моллалардың көбінің жүрегінен таза еді. Құлшылық қабыл болуына таза жүректен артық нәрсе жоқ.

Қазаққа оқудың керегі жоқ кезде, өнердің де керегі аз еді. Өздеріне керек өнерді білетін адамдары араларында болушы еді. Үйшісі, ұстасы, етікшісі, ершісі өзінде еді. Сауық үшін керек өнерлерден де қазақ құр алақан емес еді. Ақыны, шешені, аңшысы, күйшісі өзінде еді.

Қазаққа қыстың қысандығы болғанмен, жазы жайлы мейрам есебінде өтуші еді. Қар кетіп, көк шыққан соң, қазақтың ағы молайып, астананың қазаны құрылып, ел тойынып, еңсесі көтеріліп қыстың қысқаны тез ұмыт болушы еді.

Онан әрі қымыз шығып, ел жайлауға көшіп, мейрам қызығы басталып, түйелері боздап, жылқылары кісінеп, сиырлары мәңіреп, қойлары маңырап, бәрі оркестрше үн қосып, ел музыкалатып келіп қонған сықылды болушы еді. Шалғынды жерге үй тігіп, салқын үйде сапырулы сары қымызды ішіп, түк жұмыс жоқ, бейнеттен азат шаһар адамдарына мейрамда іздесе табылмайтын райысты қазақ үйінде отырып көруші еді.

Ол заман қазақтың көбінен өтті. Өтпегендерден енді өтеді. Қазақ сол күйін ғылымды, өнерлі жұрттың кент қалыбының қандайына да болса, өз еркімен сатпас еді. Ол қалыбынан қазақ амалсыз айрылайын деп тұр. Бұрынғыдай кең даланы қазақ жалғыз меншіктеп отырған жоқ, басқалар да келіп тығылды. Басқалармен араласу енді көбейді һәм жылдан жылға көбейіп барады. Олармен араласқан соң біздің бұрын керек

қылмаған нәрселеріміз енді керек бола бастады һәм жылдан-жылға керегі білінер. Өзгелерден кем болмай тең боламын деген жұрт, қатарынан қалмасқа тырысады. Тең болмағанда адам болсын, жұрт болсын білімі өнері мен тең болады, қалыспаймын дегенде осыларымен қалыспасқа тырысады.

Тіршілік – бәсеке, жарыс, дүние – бәйге үлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. Жарыстың алды боп келген бәйгенің алдын алады, ортасы боп келген ортасын алады, соңында қалған бәйгеден тіпті құр қалады. Дүниенің ісі осылай болған соң адамнан адам, жұрттан-жұрт, ұлттан-ұлт озсам дейді. Озғанның ісі қай орында да болса, үстін тосып, қалғанның ісін баспақшы. Ғылымы, өнерімен асқандар білімсіз, өнерсіздері білімімен жығып аиәғына баспақшы. Малымен асқандар байлығымен қамыттап жұмысына жекпекші.

Біз өзімізбен болып, басылып бара жатқанымызды, батып бара жатқанымызды байқамай, батып болған соң бірақ білетін көрінеміз. Бізде ғылым жоқ, өнер жоқ, кәсіп жоқ. Бұлардың бұрын жоқтығы керегі болмағаннан еді, енді де керек емес пе? Бұларды енді керек қылмасақ, күн бұрын өзімізді, құдайға айтқан малды, басқалардың есігіне арнап қойыу керек. Оқымаған, өнерсіз, кәсіпке айыбы жоқ адам басқаларға жалданған малайлықтан басқа неге жарайды? Өзінде ғылым жоқ, өнер жоқ, кәсіп жоқ жұрттыңда өзге ғылымды, өнерлі, кәсіпшіл жұртқа малайлыққа жалданғаннан басқа қолынан келері жоқ. Оның шет жағасын байқаған адамдар көріп те отыр. Неге басқалардан қазақ есігіне жүріп малай болушылар аз, басқалардың есігінде қазақтан жалшылықта жүрушілер көп. Бұл басқалардың ісінің үстіндегін көрсетеді. Осыған осы бастан көз



салып, ойланарға керек. Бұл жеңіл жылы қарап, көздің қырын салып қана өтетін емес, көп тоқтап қарап, мықтап ойланатын нәрсе. «Басыңның сауында бер садақасын, ұшалмас салсаң бүркіт томағасын» дегендей, бәледен басқа келмей тұрғанда сақтанбасақ, томаға киілген соң, жөн тауып ұшу қиын болар.

Біз осы уақытта тайғақ кешу, тар жолда тұрмыз. Мұнан аман өтсек, жұрт болғанымыз, Алаштың азама-ты көптеп-көлемдеп ақылын қосып, білімін біріктіріп, ұлтын кешуден аман өткізуге жол көрсететін жері осы. Білгенін айтып, қолдан келгенін істеп, жұртын сүйемелеп тар жерден аман өткізуге қайрат қылатында кез осы.

Бізде негізгі бір зор адасқандық өз ісімізді өзіміз жай жатып сұрай берерлік дейміз де, сұрай береміз. Сұрағанын алмақ түгіл, қазақ әлі алдырумен келеді. «Жығылған күреске тоймас» деген, алмаса да қазақ сұрауын қоймайды. Сұрауда да парық бар екенін есінеде алмайды. Бір сұрау бар, ол есікте тұрып, еңкейіп бас ұрып, жыламсырап, айаныш түсіріп, көңілін жібіту жөнмен сұрау. Бұл қайыршылардың сұрауы, оған ойланбай, қамданбай осал-оңтай нәрсе, тиын-сиын бере салады. Бұл елеусіз сұрау. Екінші түрлі сұрау бар – ол төрде отырып, төбесін тік ұстап, қадіріне сүйеніп сұрау. Бұл елеулі сұрау. Бұлай сұрағанның қолқасы ескерусіз жерде қала қоймайды. Сұрағанын береді бермеседе ойланып қиналады.

Қазақтың сұрауы бұл екі сұраудың қай түрі екенін өздері біледі. Біздің айтатынымыз: «Қазақтың сұраудан арманы да жоқ, сұрағаннан алғаны да жоқ. Сонда да әлі сұрасақ молығар едің» деп қамтамада.

Сұрағаннан молықса, қайыршылары молығар еді. Қайыршылықтан байығандар бек сирек. Есіктен

есікке жүріп қайыршылықпен күнелткен тіршілік қандай, өз бетінен кәсіп қып, мал жиып, өз еңбегімен күн көрген тіршілік қандай? Қайыршылықпен күн көремін деген оңбайтынын адамның ісі, сұраумен молығамыз деген оңбайтын жұрттың ісі.

Біз осы күнге шейін сұраумен келдік, берер деген үмітті бақтық. Сұрағанымыз көп, алғанымыз қанша, есепке салып байқау керек емес пе? Сұрауымыз көп болып, алғанымыз жоқ болса, сұрауда не мағына бар? Өзгеге сенбей, өлмес жағымызды өзіміз көздеп ойла-нып, қамдану керек емес пе? Жоқ әлде болса сұрауымыз жетпеген жері бар десек, толықтырып сұралық.

Сұрағанымыз қанша, сұрағаннан алғанымыз бар ма, сұралмай тағы қалғанымыз барма, білу үшін кейінгі нөмірлерде соның жайын жазып өтпекпіз. Сонан соң сұралмай қалған мынадай нәрсе бар екен десек, сұрау жайын кеңесерміз. Сұралмай қалғанымыз жоқ екен. Сұрасақ та бермейді екен, сұрағаннан еш нәрсе өнбейді екен десек, өнбейтін істі қуып, өзге жолын қарас-тырып, ақылдасуымыз тиіс емес пе?

*«Қазақ» газеті, №10. 12 аңіріл 1913.*

## ОҚУ ЖАЙЫ

Бұл күнде оқудың керек екенінен һешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі, ойлап қараса, біздің қазаққа мәлімсіз емес. Бұл заманда не

нәрсе машинаға айналды. Қазақ биыл 5 жыл теңгеге сатқан нәрсесін, келер жылы өзі 10 теңгеге қайта сатып алады. 10–11 сомға алып отырған былғары былтырғы 4–5 сомға өзі сатқан терісі. Кезі 6–7 сомдық шұғалар, трикелер қазақтың бір пұтына 3–4 сом алып сатқан малының жүні.

Қазақ осы күні сатып алмайтын нәрсесі жоқ, сол алған нәрселерінің бірін де қазақ өзі істеген емес. Қазақ пайдаланып отырған шөп шабатын, киім тігетін машиналар, соқа-сайман, арба-шана, киім-кешек, ыдыс-аяқ, бәрі де зауыт, фабрикаларда істеліп шыққан. Бұл істеп шыққан нәрселердің сүйегінен іс ақысы он есе қымбат. Бұлай болғанда, басқа жұрттың өнерін қымбатқа сатып алып отыр. Мұнан 20–25 жыл бұрын қазақ Бұқар, Ташкентке түйемен кіре салып қанша пайда қылушы еді. Темір жол түскен соң ол пайда да қазақ қолынан кетті. Басқа жұрттарда өздерінің істеген нәрселері өз ішінде сатылып, жұмсалған ақша өз елдерінде қалып шетке кетпейтін болса, оны жұртқа шығын деп есептемейді, тек бірінен-біріне ауысқанға санайды. Қазақ малының басқаларға кетпейтін орны жоқ. Жоғарыда айтылған шаруа туралы болсын, партияға мубтала болсын, бәрінде де қазақтың ісі көлденеңгі көк аттыларға түсіп, соларға жем болады.

Қазақтың шаруасына бір жақты надандықтан кемшілік келгенде, екінші жақтан болымсыздығын көріп тұрғандар басынып елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қианат етіп тұрғаны, санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қол жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында

жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік.

Осы замандағы жан таңырқарлық нәрсенің бәрі де ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшқызыған, суда балықтай жүздірген ғылым. Дүниенің бір шеті мен бір шетінен шапшаң хабар алғызып тұрған ғылым, отарба, от кемелерді жүргізген ғылым. Осыларды істеп отырған жұрттың бәрі де әуелден сондай болмаған. Бұлар да басында біздей, тіпті бізден де өнерсіз болған. Халық жүре, оқи, талаптана келе осыншаға жеткен. Әуелгі замандарда жұрт шаһар дегенді білмейді екен, далада оңаша өсіп-өніп жүріпті, араларында «менікі-сенікі» болмапты, аңнын терісін киім, етін тамақ, тарамысын жіп, сүйегін ине қылыпты, екі ағашты біріне-бірін егеп от шығарыпты. Жазу-сызуды көпке шейін білмей, соңынан оны да ойлап тауып, басында аңнын терісіне жазып жүріпті. Сөйткен жұрттар осы күні қандай тамаша іс қылып тұр!

Енді біздің қазақта оқудың көп ұзын мөлшері үшін мынау есепті көрсетерміз. Әр жердегі қазақтың өнер-білімі қаралас, сол себепті бір облыс, йаки бір уезд елдегі оқудың таралуын көрсетсек, күллі қазақтағы оқуды шамалауға болады.

Торғай облысында 1912-ші жыл 1-ші ғынуарға шейін 470109 қазақ болған, қазақ баласы оқитын 132 школ болған(\*). Бұлай болғанда әрбір 3561 кісіге бір школдан ғана келеді екен.

Қостанай уезінде 1909-шы жылғы есеп (\*\*) (\*\*) бойынша 60594 еркек, 52063 әйел, барлығы 112657 қазақ болған. Бұлардан қазақша оқыған (хат танитын) еркек – 2065, русша хат танитын – 690. Қазақша хат танитын әйел – 379, русша хат танитын – 29. Бұл

есептен көрінеді, Қостанай уезінде қазақша хат танитын еркек әрбір жүз кісіден алтау, русша хат танитын әрбір мың кісіден алтау. Қазақша хат танитын әйел әрбір 300 кісіден біреу, русша хат танитын әрбір 4000-нан біреу екен. Бұл сифрлар қазақта оқудың тіпті аздығын көрсетеді. Қостанай қазағынан кейбір жердің қазақтары кем де оқиды.

Қазақта, русша болсын, қазақша болсын, оқу ісі жақсы тәртіпке қойылмаған. Қостанай уезіндегі 132 школдың 109-ы ауылный школ. Қай жерде болса да қазақ үшін ашылған школдардың көбі аулный школ. Мұнда оқыған балалар ілгергі школдарға кіріп оқы-маса, тіршілікке пайдалы білім алып шыға алмайды. Азғантай үйренген русша жазу-сызуынан қарайып, тілін тіпті ұмытып қалады. Қазақ баласы тәуірірек оқырлық школдарда қазыналық орын аз, өз күшімен оқытуға һәркімнің шамасы келе бермепті. Екі класты школдар әр уезде бір-екеуден, оларға 30-дан артық қазақ баласын алмайды. Орта және жоғарғы школдарда қазыналық орын бұл кезде жоқтың қасында. Әр облыс-тың қазақтары үшін университет, институттардан 2–3-тен артық орын жоқ. Бұрынғы ашылған орындар әртүрлі сылтаумен кеміген. Сөйтіп, тәуірірек оқитын орындардың қазақ үшін есігі бекіп, жолы жабылған.

Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке қойылып жет-кен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программы жоқ, белгілі оқу жолы жоқ, салынған мектептер жоқ, мұғалімдерге арнал-ған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылы-мын үйрететіндер Дар-әл-мұғаламин жоқ.

Русша һәм қазақша оқудың екеуінен де керегінше пайдалану үшін, қазақ әуелі әр нәрсенің асылына түсініп іс етерге керек. Үкімет қазаққа қазақша мектеп салып бермейді, қазақтың қазақша оқуын тіпті тілемейді. Соның үшін мектептерімізді тәртіпке қойыу, қазақша оқуды халыққа тарату өз міндетіміз.

Жалпақ жұрттың қолы русша оқуға түгел жетсін, оқымаған жан қалмасын, орта һәм жоғарғы школдардан көбірек оқылсын десек, қазақтан қазынаға деп жиылған ақшалардың нендей орынға, оның ішінде оқу жолына қанша жұмсалатынын, үкіметтің осы күні қазақты оқытуға жұмсап отырғаны бізден жиылып тұрған ақшадан артық па, кем бе соны білу керек. Егер кем болса, кінәні үкіметке аудармай, кемін толтыру керек, ақшаны артық төлеп пайдасын кем көретін болсақ, лайықты жолымен есептесіп школдарды көбейттіріп һәм жоғарғы школдардан молырақ орын аштыру тиіс.

Қазақ халқында бұл күндегі русша һәм қазақша оқу жайы осы. Мұнан былай оқу һәм оқыту мәселесі «Қазақта» түгел жазылып тұрмақшы.

*«Қазақ» газеті, №11. 21 аңіріл 1913.*

## ҚАЗАҚ КЕРЕГІ

10-шы нөмірде қазақ жайынан жазып, келесі нөмірлерде үкіметтен қазақтың сұрағандарын һәм сұрап алған-алмағандарын жазбақшы болып едік. Қай жердің қазағы қай уақытта қандай орындарда үкіметке мұңын айтып, мұқтаж халін білдіргенін теріп жазсақ, газета түгіл әлденеше кітап қып жазып сыйдыралмас едік.

Сондықтан біз жеті облыс қазақтың бәрінің қай уақытта үкіметке берген қандай арыздары болды, ол арыздарында не жайынан сұрады, оны теріп жазбаймыз. Оны теріп жазбағанымыздан көп кемістік бола қоймас, өйткені қай жерде қандай қазақ болса да қалыптары бір, діні, тілі, тіршілік шаруасы, мұңы, мұқтаждығы бір. Бір облыстағы қазаққа керек нәрселер, екінші облыстағы қазақтарға керек болмайтын орындары тіпті аз. Бір йаки екі облыс қазақтары жайынан сөйлесек барша жеті облыс қазаққа керек нәрселерді соның ішінен табылады. Солай болған соң әр облыстың сұрағанын басқа-басқа апарып жазудың қажеті де жоқ. Біз мәселен, Ақмола, Семей облыстарының сұрағандарын жазсақ, басқа облыстардың қазақтары: «Бұлардың сұрағандарының бізге керегі жоқ екен» деп айта алмас. Біз тым алшақ кетпей, жақын замандарда сұралған һәм ескірмей осы уақыттада керек болып тұрған нәрселер жайынан сұрағандарын жазбақшымыз.

Жапон соғысы Рүсияға жағдайсыз тиіп, іс жаманға айналып, бітеу жара сықылды іштегі нәрселер, 1905-ші жылы тесіліп сыртқа шықты.

Русианың Жапониядан жеңілгені үкімет ісінің азғындығын көзге көрсетті. Түзету керек деген дауыстар күшейді. Үкімет ісі түзелу үшін оған қараған халықтың ісі түзелу керек. Иа халықтың ісі түзеледі, шаруасы, тіршілік қалыбы жақсы, жайлы болса. Үкімет ісін түзетуге халықтың халін жақсы білерге керек. Оны білуге халықтың керегін өз аузынан есту қажет. Халыққа керегін халықтан артық кім біледі?

1905-ші жылғы 18-ші феуралда патшадан указ шықты. Ол указда халық ісінің түзелуі үшін не істеу керек йағни әр халық керек деген нәрселерін айтып

петиция (топтап беретін арыз) беруге рұқсат етті. Рұқсат болған соң әр халықтан шоқ-шоғымен арыздар қарша жаумасын ба? Қатардан қалмай, қазақ та керегін сұрады. Дін, оқу, жер һәм бағыныс жайында кемтігі, керегі қандай барын сұрады. Бірі толық, бірі кем жұрттың бәрі бірдей сұрамаса да көбінің сұрауы бір жөннен шықты. Толық сұраулары Ақмола, Семей облыстарында болды.

Сондағы берілген арыздардың ішінде қазақ керек деген нәрселерінің арасында өте керектерін іріктеп айырып білу үшін, дала генерал-губернаторы (степной генерал-губернатор) Надаров 1907-ші жылы халық ортасынан қалап шығарған адамдарын жиып, кеңеспекші болды.

Ақмола, Семей екі облыстағы қазақтан уезд басына екі адамнан сайлап кеңеске жіберуге бұйрық қылды. Сайланғандар (уполномоченныйлар) жиылған соң 20-шы майда кеңес басталды. Ол кеңесте не сөйленіп немен біткенін, сол кеңесте болған сөздерді жазған һәм генерал-губернатордың өзі қолайлап бастырған кітабынан алып жазамыз.

Кеңестің басында председателі генерал-губернатор болған. Қазақтың керек деп сұраған нәрселері төртке бөлініп, әрқайсысына өз алдына басқа-басқа комиссия сайланған. Мәселен, дін ісінің комиссиясы, оқу комиссиясы, құқық (право) комиссиясы һәм шаруа комиссиясы. Дін комиссиясының председателі генерал-губернатордың кеңсесінің бастығы Диэченко болған, оқу комиссиясының председателі екі облыстағы школ бастығы Алекторов болған, Құқық комиссиясының председателі окружной соттың прокуроры Фролов болған, шаруа комиссиясының председателі Омск



казенный палатаның бастығы Гуселников болған. Комиссиада қаралған істер кеңсесінің қарауына келіп түсіп, сонда территориясы айтылмақшы болған. Қазақ жағынан кеңесте 12 уполномоченный, орыс жағынан 20-шақты шенеуніктер болған.

Кеңес ашарда генерал-губернатор айтқан: «Бұл кеңесте ұнатып, ұйғарылған нәрселер сол күйінше іске асып, жолға жарап, жораға жүріп кетпейді. Өйткені бұл от басындағы әңгіме сықылды хусусы ғана кеңес. Бірақ түбінде қазақ жайынан закон, проектілері қаралған да қазаққа жақын тұрып жайын білетін адамдардың пікірі ескерусіз қалмайды, қазаққа заңды осындағы пікірлерден қорытып, шығарады» деп.

Әр комиссияда қаралған істер жайынан не сөйленіп, немен тынғанын кейінгі нөмірлерде айтармыз.

*(Былайғысы бар.)*

*«Қазақ» газеті, №11. 21 аңіріел 1913.*

## КӨРГЕН-БІЛГЕН

Осы кезде қазақ баласы, русша болсын, мұсылманша болсын оқып келеді. Балалардың ата-аналары да, елі – жұрты да олардан үміткер. Бірақ кей уақытта бұлардың үміттері босқа шығып, оқығандардан көңілдері қайтатыны да болады. Әсіресе жұрттың көңіліне тоқ санап, қазақ көшін оң бастай ма деп жүрген жұлдыздарымыз – студенттер, шамдарымыз – учител, мұғалімдер, гүлдеріміз – жас талаптар. Осылардың көбі ел ішіне шыққанда ерсі мінез көрсетеді.

Соңғы жылдарда қазақ ішіне малдың, жанның есебін алатын отрядтар шығып жүргені һәркімге

мәлім. Солардың бір бөлімі біздің Орал жағын аралап жүргенде, сонда қызметпен шыққан қазақ жігіттері жайынан көрген-білгенім мынау: үкімет оларды, қазақ болған соң, қазағының халін, жайын, тілін, ғұрпын біледі, бұлардан жұрт жатырқамайды ғой. Сондықтан бұлардың әкелген есебі де дұрысқа жақын болар деп жалование беріп шығарды ғой. Бұлардың көбі үкіметтің мойындарына артқан міндетін орнына келтірудің орнына, қазаққа жұмсақ мінезбен, ақырмай, жекірмей, зәресін алмай, түсіндірудің орнына мынадай ерсіліктер көрсетті: қазақ көрінгенде қабақтарын түйіп, тұнжырап көзінің үйшігімен қарап, жауап берушінің зәресін алып, «Балаң қатыныңнан неше жас үлкен?» деп бейшараларды сықақ қылып әурелеп, біреулерге «Қызыңның беті қандай?» деп сұрағандар болды. Нендей әдепсіздік! Молла болса «мұртыңды неге күзедің?» деп күліп, тағы да неше түрлі қағазға жазуға ұят сөздер көп естідік. Біреудің байлаулы тұрған атына міне салып шапқылап айағын ақсатып беру оларға онша қиын жұмыс болмады. «Шырағым, әуре қылмай, тезірек босатсаң екен, намаз уақыты өтіп барады» деген кейбір ақсақалдар да сыбағасын алып қайтып жүрді.

Бұларды көріп тұрған жұрттың оқушылардан қайтіп көңілі қайтпасын? Русша оқығандар осындай болатын болса, мұнанда оқымағаным көп артық демей ме қазақ. «Бұлардан орысымыз көп артық» дегендерді естідік. Оқығандар халыққа өрнек болып, халыққа пайдасын тигізсе, мүләйімдікпен білгенін кекіреймей-ақ үйретсе, түсіндірсе, қазақ жек көрмес еді. Мұндай мінезді жігіттер жоқ емес, оларды қазақ оң көзіндей, өз баласындай көреді.

Оқығандардың көбі, өзінің қазағынан жиреніп, оларды жаратпай мазақ қылғанша, өздерінің де сол жаман, надан қазақтың балалары екенін ұмытпай, өзі шыққан жарыққа бейшара қазағын да бастау керек емес пе?

*Байқаушы.*

*«Қазақ» газеті, №12. 28 аңіріл 1913.*

## ҚАЗАҚША ОҚУ ЖАЙЫНАН

Қазақ ішінде әр жерде бала оқытатын адамдардан бала оқытуға програсы (жосық) көрсетілсе екен деген өтініштер келеді. Бұл күнде қазақ арасындағы оқу жосықсыз һәм жосық жасауға болмайды да. Үйткені қазақтың бастауыш мектебінде оқитын кітаптар белгіленбек түгіл, әлі шыққан да жоқ. Жаңа ғана әліфба шыға бастады. Оның да қайсысы оқылары белгіленген жоқ. Әліфбаден әрі оқытатын кітаптар әлі шыққан да жоқ. Дін жайынан оқытатын, есеп оқытатын, жағрафия һәм тарихтан қысқалап хабар беретін кітаптар әлі жоқ. Сондықтан програм деген сөз әзір ертерек. Әуелі бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс.

Бұл сөзді қойа тұрып, мұнан бұрынырақ ескертетін бір жұмыс бар. Ол мынау: бір нәрсені істегенде сол істі істей білетін адам істесе шапшаң да, жақсы да істейді. Бұл жалғыз қол ісі емес, ми ісінде де солай. Мал бағатындар мал бағуын жақсы білерге керек, ел бағатындар ел бағуын жақсы білуге керек. Бала

оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынан хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы<sup>1</sup>... керек. Бұл күнгі ғылымды жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқып шыққан адамдардың қолында. Сол ақылға да дұрыс. Содиа содиалық ғылымды оқығаннан болғанда, доктыр доктырлық ғылым оқығаннан болғанда, мұғалім мұғалімдік ғылымын оқып шыққан адамдардан болуы тиісті.

Біз болысымыз, басқа жұрттың болысындай, елді баға алмайтын мінін айтып жатырмыз, билерімізде содидай әділдік жоқ, мінін айтып жатырмыз, дәрігерлеріміз, бақсыларымыз доктырдай ауруды емдей алмайтын мінін айтып жатырмыз, халқымыздың басқа жұрттай білімді емес, надандық мінін де айтып жатырмыз. Бұлардың мінін айтқанда бала оқытуымызда қандай мін барын да айтып, әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та – оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастарымыздың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық түзелуінің

---

<sup>1</sup> Оқылмаған (өшкен, жыртылған) жерлерге көп нүкте қойылды.

үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріліп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс.

Қазақтың оқу жұмысы бұл күнде шkolда: қазақ балаларының бір парасы русша оқып жүр, бір парасы ескі молдалардан оқып жүр, бір парасы соңғы замандарда ғана жаңа жолмен оқи бастады. Русша оқығандарды оқыту һәм тәрбиелеу ғылымы оқыған адамдардың қолында. Русша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда қазақша оқығанның үстіне керек. Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе русша да білу қажет. Ескі жолдың оқуын сөз қылып, қозғамаймын. Бүгін бар, ертең жоқ болатын нәрсе. Дүниа тегеріші кейін айналмайды. Ескі мен жаңаның оқытуға шыдамдылығы бірдей емес. Ескі әлі-ақ тозып, жыртылып, пара-пара болып тұтынудан шығады.

Жаңа жолдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жаңа. Ниеті – жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таиәнғанын жұртынан аиәр қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебіндегі жұмысын қолдарына алуға лайық адамдар. Әр жайдан хабардар, дүниада не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол. Қысқасы, қазақ арасына білім нұрын жайуға нағыз қолайлы адамдар.

Бұлардың бір кемшілігі сол: бала оқыту ғылымын оқығандары ішінде кем болады. Сондықтан көбіне бала оқытуында кемшіліктері – қазақ мұғалімдері түгіл, ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айыру жағына шорқақ көрінеді. Дыбысты жақсы білмей, усул сотие жолыменжақсылап бала оқытуға болмайды. Менің көрген медресе «Ғалиа», медресе «Хұсиниадан»

шыққандардың азы болмаса, көбі қазақ тілінде қанша һәм қандай дыбыстар бар екенін жақсы білмейді, көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб харыфына қарап есептейді. Араб харыфы дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде де бар болса да, жоққа санайды. Қазақ тіліндегі дыбысты жақсылап білмей, қазақ балаларын усул сотие жолымен жақсылап оқытуға болмайды.

Екінші кемшілігі – қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін иә білмегендік, иә білсе де істеп көрмегендік. Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы.

Осы айтылған кемшіліктерін түзеу мұғалімдерге қиын емес. Қазақ тіліндегі дыбысты қазақ сөздерінің ішіндегі дыбыстарды айырып байқаумен білуге болады. Дыбыспен жаттықтыруды олай оқыта білетін адамдардың оқытқанда істеген ісінен көріп үйренуге болады иә білетін адамдардан 10-15 күн сабақ алып үйренуге болады.

Бұлардың бәрі де балаларды қинамай оңай оқытуға керек нәрселер. Қиналмай оқыса, оқуға балалар қызықпақшы, балалары тез хат білсе, ата-аналары балаларын оқытуға ықыластанбақшы. Ата-анасы баласын оқытуға ықыластанса, оның оқуына керек расходты шығынсынбас еді. Сүйтіп, мұғалім жақсы оқыта білгені қазақ ішіндегі оқушыларды көбейтіп, оқу ісінің шапшаңырақ ілгері басуына күш берер еді.

*«Қазақ» газеті, №14. 16 май 1913.*

## БІЛІМ ЖАРЫСЫ

Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге қосылатындар білімділер, өнерлілер. Оларға бәйге тігіп, жарыстыратындар бай адамдар иа обществолар. Бәйге тігу, жарыс істеу біздің қазақтарда да бар. Қазақта бай адамдар иа қуаныш нәрсеге той істеп, ат шаптырады, иа өлген адамына ас беріп ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына қарай, іс пен тойдың үлкені де, кішісі де болады. Зорлығы бәйгеге тіккен малынан көрі, шақырған елдердің санынан, сойылған малынан байқалады.

Бұдан көбіне ас зор болады. Асқа сойылған малды, шәй-қантына шығатын пұлды, ішілетін қымызды, тігілетін бәйгені ақшаға аударып есептегенде зор астарға талай мың жұмсалады. Соның бәрі жұрт жиылып, бір-екі күн ішіп, жеп кету үшін істеледі. Не жұртқа келер онан пайда жоқ, не ас берушіге тиер сауап жоқ, құр далаға кеткен бір мал болады да қалады. Ақылдың әуенімен сынағанда, істің шын мағынасы босқа мал шашу болып шығады. Ат шаптырып, ас берді деген бес-он жылға ат қалады. Қазақ жомарттығының түрі һәм оның ақырғы тиімі осы.

Білімді жұрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсаты да басқа. Ол бірнеше болыс ел жиып, бір-екі күн дуылдап, ет жеп, қымыз ішіп кету үшін ғана жасалмайды, бүтін ұлт иа дүниадағы бүтін жұрт үшін һәм көпке қаларлық іс үшін істеледі. Дүниада күн көріп, тіршілік етудің ауырын жеңілту үшін, жеңілін рахатқа айналдыру үшін істеледі. Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рахатын молайту үшін

шығарған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын дүниеде бейнет кемімекші. Осыған ақылы жетіп, ісі өнген жұрттар ғылым мен өнерді бірден бірге асыруға тырысады. Асыру үшін һәркім істер істейді. Сол істердің бірі – білім жарысы.

Білім жарысы деген мынау: бай адам пәлен мың сом ақшаны бәйгеге тігеді де мәлім етеді: «Осы ақшаны пәлендей іс істеген кісі алады деп. Мысалы, пәлен ауруға ем тапқан, иа пәлен ғылымнан йаки өнерден жаңа жол тапқан, иа пәлен турасында жазып кітап шығарған адамдарға беріледі» дейді. Ал бәйге тігілді. Енді ат жарысы болса, һәркім атын жаратып бәйгеге қосар еді. Білім жарысы болған соң білімділер бәйгеге қосылады. Бәйгеден дәмесі бар білім жүйріктері бірінен-бірі озуға жүйріктігін аиәп қалмайды. Тап дегенді табуға ойланады, істе дегенді істеуге қарманады. Ақырында һәркім істегенін, тапқанын сынға жібереді.

Сыншылары ғылым ордасында тұрған білімді ғалым адамдар болады. Бұлар қарап, сынап бәйге кеседі. Еуропада мысалы, Нобелевский білім жарысы бар. Бұл жарыста бәйгені ғылым ауданында иа әдебиет ауданында еңбек етіп озған адам иа соғысқа қарсы һәм халық арасын жақындастыруға пікір жайған адамдар алмақшы.

Жылда Рождестуо мейрамының алдында швед жұртының астанасы Стокгөлім шаһарында білім жарысынан озғандарға бәйге аталады. Өткен 1912-нші ...(\*)<sup>1</sup> бәйгелерін алған адамдар: 1) Инженер Дәлен ғылым үкіметтен көрсеткен үздік біліміне алды; 2) Профессор Каррел дәрігерліктен көрсеткен үздік біліміне алды; 3) Неміс жұртының атақты драма жазғыш жүйрігі Кауфман әдебиет жүзінде үздік біліміне алды; 4) Саба-

---

<sup>1</sup> Оқылмады.



тие һәм 5) Гриниер француз ғылымдары ғылым химиядан көрсеткен үздік білімдеріне алды.

Осылардың һәм басқалардың жылда озғанда алатын бәйгелері шведтің Нобел деген бір инженерінің білім бәйгесіне деп шығарған 18 миллион ақшасы.

Осындай жұртқа пайдалы үлгі аларлық жақсы істі жұрттың құлағына салып, біздің айтайын деп отырғанымыз мынау: білім жарысын істеу әр жұрттың қолынан келетін іс. Істейін десе қазақтың да қолынан келеді. Еуропадай зор істеуге болмаса, бойымызға шағындап, «Сабасына қарай іспегі, мұртына қарай іскегі» дегендей етіп істеуге болады. Еуропада ғылым, өнер толық. Қазақта олардың жұрнағы да жоқ. Олар асқанның үстіне асыру үшін істеп отыр, біздер жұрнағы болу үшін істеу керек. Мың жылқысы бар байлар, оның үстіне мал іздегенде бір аты жоқ жарлы мал іздемей қарап отыруы дұрыс па? Ғылым, өнер турасында біздің жайымызда сол жарлының халі секілді. Ғылымның жаңа жолын табуға іздемек түгіл, тапқан ғылымға қолымызды жеткізерлік бізде еш нәрсе жоқ.

Жұртқа ғылым үйренумен, көрумен, білумен жайлады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына әуелі оқу үйренетін орындар сайлы болу керек, екінші білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі білім жарысы.

Білім жарысының басқадан артық бір жері мынау: бұған шығарған ақша далаға кетпей, көздеген мақсатқа тура тиеді. Егін салсаң, шықпай қалып, босқа шығындау ықтимал. Мал жисаң, өліп қалып, босқа шығындау ықтимал. Білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды. Пайдасы боларлық істі істемей,

бәйгеге ешкім қол созбайды. Солай болған соң бұған шығарған ақша босқа кетуге тіпті орын жоқ.

Еуропа байлары мұндай іске ақшасын басы бүтін қиып, жомарттық етеді. Ақшасын пайда қылып, сонымен малын көбейтуге шығармайды, әуелден-ақ жұрт үшін, көп үшін қайтпас қайыр құрбаным деп шығарады. Біздің қазақ байларын да Еуропа байларындай мол байлық жоқ, аз байлықпен халінше жомарттық қылатын байлар қазақта аз-жоқтың қасында. Біреудің малы көп болса да, саңылауы жоқ болады. Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын қазақта адамдар аз болады. Себебі жұрт жұмысы деген қазақтың әдетінде болған емес. Өзге жұрттан оңаша жұрт, қазақ басқа халықтармен бәсекелесіп жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы деген сөз қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе. От басына келерлік бәле болмаса, жұрт басына келерлік бәлені ойлап, уайымдамайды. Қуанышы, қайғысы от басынан аспайды.

Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі екі ауылдың, екі таптың, иа екі рудың намысы деп ұғады. Басқадан кемшілік көрсе намыстанбайды, кектемейді, бір-бірінен кемшілік көрсе кегін жібермейді: ауылын шауып, адамдарын сабаса, жауын мұқтатып, мақсатына жетіп болғаны. Халықтың көбі сондай болған соң, сол көптің ішіндегі байлар қайда барсын?! Сондақтан қазақ байлары білім бәйгесіне ақшасын Еуропа байларындай басы бүтін бере алмайды. Еуропаша істе деп айтуға ауымыз бара алмайды. Осыны есімізге алып, Еуропа үлгісін, қазақтың мүшесіне лайықтап, артығын мінеп, қазақ байларының алдына саламыз.

Қазақ байлары білім бәйгесіне ақшасын басы бүтін шығармасын, өзіне қайтаратын етіп бәйгеге тіксің. Оны

былай етуге болады. Жоғарыда айтылды білім жарысы қазақ арасына білім тарататын кітаптар шығаруға болсын деп. Білім туралы болады. Білімнің әр түрін бірдей жақсы білетін адамдар аз болады. Бір түрін жақсы білетіндердің табылуы қиын емес. Докторлық ғылымын оқығандар денсаулық жайынан керек кітаптар жазуға мүмкін нәрсе. Шаруа жайын оқығандар шаруа жайынан қазаққа керек жақсы кітаптар жазуға мүмкін нәрсе. Оқыту жайын жақсы білетіндер мектеп кітаптарын жақсылап шығаруға мүмкін нәрсе. Әдебиет ауданында жүйріктер халықтың құлқын түзетуге керек, бар жақсы романдар уа ғайри сондай сөздер шығаруға мүмкін нәрсе.

Осындай кітаптарға бәйге тігілсе, ол бәйге нағыз жақсы шығарған кітаптарға ғана берілсе, тігілген бәйгеге қарай, бәйге берілген кітапты бір иа екі рет бай бастырып, ақшасын өндіріп алатын болса, сонан кейінгі бастырулары жазушының өз еркіне берілсе, осы шартпен білім жарысы істелсе, әуелі бәйге тігуге жомарттық көп керек болмас еді. Неге десен, сауда өтіп, жақсы деп бәйге берілген кітап өтпей қалады деп қауіптенуге орын жоқ. Екінші, жазушыға да қолайлы. Шығарған кітабы жақсы болса, еңбегіне тиісті даиәр ақшаны алып, онан әрі тағы жақсы кітап шығаруға кірісер еді. Еңбегіне ақысы татымды болған соң ол орын сол жұмысқа алаңсыз жігер еді. Әр жерден сондай жазушылар шықса, білім жұмысын айдап алға бастырмай қоймас еді.

Бәйге тігушіге де, бәйге алушыға да тынышты, жұрттың білім турасындағы істерін алға сүйреуге қолайлы һәм нағыз керек жолдың бірі біздің ойымызша осы. Бұған басқалар һәм байлар, не айтасыздар?

*«Қазақ» газеті, №16. 31 май 1913.*

## БАС ҚОСУ ТУРАСЫНДА

Бас қосу керек деген мәселені жыл басында «Айқап» журналы қозғап еді. Сол «Айқаптың» 10-ншы нөмірінде Р.Мәрсеков мырза да бас қосу керек дейді. Темір уезінен үш кісі: Жұбакін Тілеубергенов, Омарғали Хангерейұлы, Сәуірбай Тоқбайұлы бас қосу турасындағы пікірлерін жазып «Қазаққа» басуға жіберіпті. Олар да «бас қосу керек» дейді. Біз бұл турадағы басқалардың пікірін басудан бұрын өз пікірімізді айтып өтуді мақұл көрдік.

Бас қосуды біз де керек нәрсе дейміз. Керек болса да «бас қосалық» деп айта алмаймыз. Кейбір істі істеу керек бола тұра, істеуге болмайды. Бас қосу қазір сондай істің бірі. Істейміз деп бастасақ, онан келтірер пайдамыздан зорымыз он есе зор болуы ықтимал. Министрдің кешегі бұйрығы естеріңізде бар ма? Қазаққа қандай ілтипат бөлген? Бас қосу .....(\*)<sup>1</sup>

Мұны ескеру керек емес пе? Бас қосудың орнына басымызды сақтарға орын таба алмай жүрмелік. От пен суды қазақ тілсіз жау дейді. Оларға қосарлық үшінші тілсіз жау бар. Оны да ойлау керек.

Біз кірсіз пікір, таза амалмен жұмыс істеу үшін мысалы, мұң-мұқтаждарымызды кеңесіп, дертімізге ем қарап, ісімізге жөн қарап, жоғамызды іздеуге, барымызды сақтауға ақылдасу үшін жиыламыз дейміз. Басқалар оған не мағына беріп, не көзбен қарар? Өзгелер бас қосуымызға сенімсіз көзбен қарайтын болса, оларға көмекші өзімізден табылар. Ағашты кесетін балта, балтаның сабы ағаш. Соның мысалы

---

<sup>1</sup> Оқылмады

басқа нәрселерде де бар. Адал кәсіппен күн көре алмайтын, иа арам жемесе басы ауратын иттер қай жерде де болса табылады. Айтпағанды айтты деп, етпегенді етті деп, оттайтын хайуандар әсіресе біздің қазақта көп. Былтыр ноғайларға жұмысымыз түсіп барғанымызда «Орынборда 5-6 қазақ бар. Оның жартысы шағымшы, тыңшы» деп бізді ұялтқан. Оны .....(\*)<sup>1</sup> ның бірі. Білмей, сезбей, босқа айтар ма? 1907-нші жылғы Надаров шыққан кеңесте де онан соң Қарқаралы істерінде иттік қылған қазақтар болмады ма? Осының бәрін көре, біле тұрып, үкіметтің сенбестік көңілін байқап тұрып, бас қосалық деп едік деп, әуелі сұрап, рұқсат алуымыз қиын. Екінші тыныш отырып, тыңғылықты жұмыс істеп, аман елге қайтуы екі талай. Қайтса да, қарақшылы түйедей болып қайтуында шек жоқ.

Қане! Осыған ерік етіп жиылатын қазақ табыңдаршы. Әкімдер шақырса, таласып барар. Ол шақыруда қорқыныш жоқ, біздер шақырсақ әлде не істейін деп жүр деп, қорқа соғады. Өзі үркіп тұрған жұртты үркітуге ықтималы бар кезде бас қостырамыз деп әлде қалай бола қалса, онан соң ондай жұмыстан бездіріп алып жүрмелік. Нақ осы кез бас қосу қанша керек болғанмен бас қосуға қолайлы кез емес.

Біз шаруа кеңесіне жиылсақ та, құбыжығы бар шығар деп сенімсіз көзбен қарайтын кез. Солай болған соң бас қосуға рұқсат берсе де, кеңесті орыс тілінде құру керек деп шарт қойыуға ықтимал. Русша пікірін түгел айта алатын қазақтар жиылса жақсы. Ондай қазақтар келе алмаса, тілсіз кеңес қалай құралмақшы.

---

<sup>1</sup> Оқылмады

Русша білетін қазақтардың әуелде бірі болмаса, көбі қызметте, ат сықылды арқандаулы. Қазығынан босанып келе алар ма?

Іске қарасақ, оның түрі әсіресе русша білетін қазақтарды керек қылатын көрінеді. Жиылғандар құр сан көбейту емес, жұмыс істей білетін, жол айтып, жөн сілтеуге жарайтын білімді көсемдер болмақ керек. Жалғыз қазақ қалпы емес, басқа жұрттардың да жайы-күйімен таныс, басқа жұрттардың ісінен үлгі табарлық мағлұматы мол кісілер болуы тиісті. Ондай адамдар оқыған адамдардан шықпақшы. Білімнің тарауы, саласы көп. Солардың бір тарауын жақсылап жете білген .....(\*)<sup>1</sup> бір-бірден адам боларға керек. Мысалы, йурист, дәрігер, мал дәрігері, инженер, аграрном, техниктер, учителдер, мұғалімдер. Бұлардың мұғалімдерден басқалары русша оқығаннан табылмақшы. Бұлар бас қосуға келе алар ма? Олардың келуіне қазіргі күйде ерік пен жомарттық қабат керек.

Ал бұлар келе алмады. Көбі оқымаған жабайы қазақтан жиылады, ішінде бірен-саран оқығандары, білімділері болды. Олардан оқымағандары істеуге керек жұмыс бар екенін, іздеуге тиісті жоқ бар екенін білді де, бет-бетіне елдеріне тарасты. Мұнан еш нәрсе өнер ме? Жұмыс қолға алып істесе бітпекші, жоқ артынан қалмай іздесе табылмақшы. Айтқан-айтқан жерде қалып, үйлеріне барып тыңқиып-тыңқиып жатып алса, жұмыс өзінен-өзі істеле ме? Сиезде жиылған адамдар елге қайтқанда сиезде керек деген жұмысты қолға алып, тастамай істеп, басқаларға басшылық етіп өнеге көрсететін болса екен. Сонда сиезден мағына шығар.

---

<sup>1</sup> Оқылмады

Ол болмаса, құр сиезде жиылып «анау керек, мынау керек, олай ету, былай ету тиісті» дегеннен еш нәрсе өнбейді. Халықтың ісі машинаның тетігі емес, бұрап қалса басқа жөнге түсетін. Жұрт жұмысы құмырсқаның илеуіндегі жұмыс сияқты. Құмырсқаша жабыла, тынбай істесең өнеді. Бірі оны, бірі мұны істеп, илеуде қарап тұрған құмырсқа болмайды. Жұрт жұмысын да солай істесе алға басады. Әр құмырсқа бәріне керек илеудің өсуі үшін күші жетіп көтерген шөпшегін апарып салады. Ұлтын керек қылып халыққа қызмет етеміз деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып толықпақшы. Қазақтың іс қолынан келмейтіндеріне сөз жоқ, іс қолынан келетіндері де қарап жатыр.

Осы күні қазаққа керек нәрсенің көбі һәркімге-ақ мағұлым. Қазаққа не керек екенін білмегеннен істей алмай тұрған (.....) һәм айтылар да. Жұртқа керегін білетіндер көп, істейтіндер аз. Білушілеріміз білгенімен қоймай істеуге кірісе екен. Білушілеріміз істеуші болса, оларды көріп өзгелер де істер еді. Сөйтіп көсемдер көбейсе, ерушілер де көбейер еді.

Біреу жұмыс қыламын десем, тұрған жерім жаман дейді, біреу маңайымдағы елім жаман дейді. Бұлардың бәрі де бос сөз. Абақтыдан жайсыз орын жоқ. Онда да отырып жұмыс істеуге болады.

Расын айтқанда біздің қазақ балаларының жұрт жұмысын істеу әдетінде жоқ. Карта ойынына жұмсағанымызды қызықтырақ көреміз. Сондықтан ойыншымыз көп, жұмысшымыз аз.

Сөздің қысқарып тынарында айтатыным: бас қосуға

бұл күнде қолайсыз шақ. Оны басқа кезге қарата тұру керек. Қазақтың керегін өзге жолмен сөйлесе тұралық бұрынғыдай емес қазақта қазірінде бір журнал, бір газета бар. Сифанынша солар арқылы кеңеселік, симағанын хатпен сөйлесуге де болады. Сиезде сөйлесіп, кеңескен мен де түбі барып істеушілерге тіреледі. Ісімізді істеушілер, жоғымызды іздеушілер көбейсе, ойлаған пікір, көздеген мақсұд жан бітіп тірілмекші. Һәркім қолдан келгенін сор сақтап, түбінде үйіп-төгіп бір молықтырамын демей, аз-көбіне қарамай істей беруге әдеттенсе екен. Қазақ керегінің көбі Һәркімге-ақ мағлұм ғой. Біз кейін қалған халық. Алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай Һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.

Менің сиез турасындағы бұл сөзім көбіне құр тартыншақтық, сары уайым болып көрінер. Солай көрінсе де, уайым сол. Айтқанымды тексеріп, адасқанымды көрсетіп, бас қосу мәселесін қайта қорғап басшылық ететіндер болса, қосшылық етіп, көмегінде болуға мен даиәр.

*«Қазақ» газеті, №18. 16 иуін 1913.*



## КӨШПЕЛІ ҺӘМ ОТЫРЫҚШЫ НОРМА

Біздің басқармамызға әр жақтан хабарлар келеді: «Қай нормамен жер алғанымыз жағымды» деп? «Біреулеріміз көшпелі норма көп болған соң – мұны алғанымызды жағымды көреміз. Екіншілеріміз отырықшы норма түпкілікті дегенге оны алғанымызды қолайлаймыз. Соңғыларымыздың сөзін переселеншиноуніктері де қуаттайды» деген хаттар көптеп-ақ келіп жатыр. Бірақ біз жер сөзін ашып айтарлық қолайлы мезгілге қаратып жүр едік.

Бұл мәселе турасында қазақтың білем деген адамдарының пікірлері екіге бөлінуші еді. Бірі – отырықшы норманы ұнатушы еді. Отырықшы нормамен де болса жер алып қалғанымыз дұрыс. Жақсы жерді алып кетіп, жаман жерге қамалып қаламыз деген пікір. Бұл пікірді ұнатушылар жұртқа басшы болу үшін әуелі өздері отырықшы норманы қабыл етіп, жер алды. Жұрт тоғытатын қой сықылды. Серкесі суға түссе, топырлап бәрі тоғытқа түседі. Атақты, біледі деп жүрген адамдар алып жатқан соң, ол білмей алып жатқан жоқ шығар деп, отырықшы норма сұраушы қазақтар көбейді. Сол жылы-ақ переселен праулениесінің хабарына қарағанда, отырықшы нормамен жер сұраушы қазақтардың саны Торғай мен Орал облыстарында 16 мың 441 үйге толып қалған. Оның 11 мың 490 үйі Орал қазақтары. Осы пікірді қазақтың русша, мұсылманша оқыған жастарының көбі қуаттады. Бұлар қуаттағанда көбінесе шаруадан бөтен жағын ойлап қуаттады. Мәселен, қазақ отырықшы нормамен жер алып, қала салып отырса, қазақ арасына ғылым, өнер таралуына

жақсы болады деген ой. Бұл пікірдің дұрыс-бұрысы тағы бірде айтылар. Енді екінші пікірге түселік.

Екінші пікір – қазақ отырықшы нормамен күн көре алмайды дейді. Қазақтың жеріне келіп мұжықтар күн көре алмай, көбіне патшалықтың асырауымен ғана жан сақтап отыр. Қазақ жерінде отырықшы норманы алу керек нағыз жері жақсы қазақтар иа жерді арықпен суаратын қазақтар, иә жаман патшалықтан асырар деп дәме қылатын қазақтар. Осындай жері жоқ қазақтар иә олай дәмелі болмайтын қазақтар отырықшы нормамен күн көре алмайды. Онымен жер алдым деп жаманатты болғанша, қарап отырған жақсы дейді. Бұл пікірді қуаттаушылар айтушы еді: «Отырықшы норма қазақ сонымен күн көреді деп көзі жеткендіктен шығарған норма емес, қазақтың жерін көбірек алу үшін шығарған һәм көбірек алғанда қазақтың ырзалығымен алдық деп көрсету үшін шығарған норма» деп.

Осы екі пікірдің бастапқысын көбі қолайлылап, соңғысын әншейін наразылықпен айтатынға санайтынқырайтын еді.

Өткен 11-ші иуінде Думада айтылған сөздерден мағлұм болды: қай пікірдің дұрыс-бұрысы. Депутаттар қазақ жерлері жолсыз алынып жатыр дегенде, переселен упраулениясінің бастығы Глинка қазақ жерін жолмен алып жатқандығын көрсетуге отырықшы норманы қазаққа не үшін шығарғандарын жасырмай, ашып айтып берді. Ол айтты: «Біздің қазақ турасында істеп отырған ісіміз жолды. Біздің жолымыз екеу-ақ. Бірі қазақтан артық жерді алу, екіншісі қазаққа тиісті жер беріп орналастыру. Қазақтың артық жерін алып жатырмыз, артық жерді алсын деген закон бойынша.

Қазаққа жер беріп, орналастырып жатырмыз өздерінің тілегі бойынша. Қазаққа істеп отырған жолсыздық емес ебіміз, әдісіміз бар: қазаққа тиісті жер беріп орналастыру турасында думаға закон жобасын кіргізбей отырмыз. Кіргізбей тұрғанымыздың мәнісі мынау: көшпелі қалпында жер беріп орналастырсақ қазаққа көп жер тиеді. Артыларлық жер аз болмақшы. Оны Дума арқылы законмен бекітіп қазаққа берген соң ала алмаймыз. Қазақ жері қазақтан көп артылып қалу үшін, йағни переселендерге қазақтан жерді көбірек алу үшін біз әдіс істеп отырмыз. Әдіс қылу жолсыздық емес, ептілік. Біз министр соуетінен ептілік етуге рұқсат алып, қазақты ебімізге түсіруге қайырмалап едік, топ-тобымен топырлап түсіп жатыр. Ол істеген ебіміз мынау еді. Қазаққа отырықшы болып жер алуға риза болсаңдар, сендерге де мұжықпен қатар 15 десиатинадан еркек басына жер береміз дедік. Айтуымыз-ақ мұң екен, қазақтар отырықшы нормамен жер бер деп жабыла сұрап жатыр. Өткен жылда отырықшы нормамен қазақтарға 700 мың десиатина жер бердік...».

Міне, переселен упраулиениесінің министрден соңғы бастығының сөзі. Бұл құпиалап қана досына айтқан сөзі емес, государственный Думада күллі депутаттардың алдында айтқан сөз. Мұның айтқанын шылғи өтірік деп айта алмаймыз.

Жоғарыдағы сөздің қорытқандағы қысқасы мынау: переселен упраулиениесі қазақ жерін жолмен алып жатқан болады. Артық жерді алсын деген закон бар. Қазақтан жер көп алынып жатқаны – ол қазақтың өзінің тілегі бойынша болып жатыр. Қазақтан отырықшы нормамен жер алушы неғұрлым көбірек болса, соғұр-

лым жер көбірек артылмақшы һәм переселендерге көбірек алынбақшы.

Отырықшы норманы қазаққа не үшін шығарғандығын, отырықшы нормамен қазақтар жер алғанын переселен шиноуніктері не үшін қуаттайтындығын, қазақтарға түсіну енді қиын болмас шығар. «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас» деген. Тісі шыққан адамдарға айтылып отырған сөз ғой. Переселен шиноуніктері алушы, қазақтар беруші. Алушыға көп алғаны жағымды, берушіге аз бергені жағымды. Қазақ әуелден осыны ойлау керек еді. Олар өзіне жағымды жағын көздегенде қазақтар да өзіне жағымды жағын көздеу тиіс. Құр пәленше пәлен етіп жатыр деген дақыртқа жүгірмей, істің түбінен ойлау керек. Көшпелі һәм отырықшы норма турасында біздің естіген, білгеніміз осы. Ендігісін өздерің білесіңдер. Отырықшы нормамен күн көрерлік болсын, болмасын отандас орыстарымызға қарасалық десендер, отырықшы нормамен алып, жерлеріңді орысқа көбірек қалдырыңдар. Жоқ оны алып күн көре алмаспыз десендер, көшпелі нормасын алыңдар. Берушіге бес көп, алушыға алты аз. Жағымдысын ойлаңдар.

Біздің мұнан соң айтатынымыз, қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар. Адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс етіңдер.

Екінші қазақтың байлары, күштілері! Жарлы-жақыбай, нашарларыңды жермен теңгеріңіздер. Бір-асуға да болса құлдық дейтіндер көбінесе солардан болады. Үшінші, алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істендер. Сендер адасаңдар, аттарыңмен Алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар.

*«Қазақ» газеті, №20. 29 июні 1913.*

## ЖАЗУ МӘСЕЛЕСІ

Қазақ дыбысына қарай хәріп түзету турасындағы ойым: бұл хәріф түзету деген бүгін ғана басталған сөз емес. Шаһ Тахтински «уау» орнына сифырлар да салып қараған. Бірақ оны қауым қабыл алмаған соң, қалған және біздің хәрфіміз – араб хәрфі. Оны өзгертуді жұрт ұнатпайтындығы белгілі болған. Қауым қабылдамаған хәріф қала берген де. Жолы болған «Г, Ң, Ж» секілділер ретке кіріп кеткен. А.Б. мырзаның хамзасы (ء) мен қос нүктесін (:) жұрт қабылдағанын-ақ ұнатамын. Бірақ хамза әліф орнына жүруші еді. Оны басқа хәріпке қоймаймыз деп әуре қылар-ау деп шошимын. Сірә, солай қыла қалса, менің ойыма келетұғыны баспа машинасына реті келсе, кейде үтір орнына үлкен «уау» салсақ, жазуымыз едәуір түзелер еді деп ойлаймын. Біздің тілде екі үст бар: бірі (-), бірі (!), йағни бірі харакат, бірі әліф, мұның әуелгісі жіңішке, сонғысы жуан айтылған хәріфтерге харакат болады. Мысалы, бірі – һәммасы, бәрі – болғаны дегендей. Бізде үш түрлі аст бар: бірі болар-болмас білінетұғын русша «ы» секілдірек, менің ойымша мұндайға түк салмасқа керек. Бірақ сасды-сасды, асды-асды деген сықылдылар да не аст, не сәкінмен ғана білдірілсін. Егер де мұндай «ы» секілді аст сөздің аиәғына келсе «ى» қойылсын. Себебі, ондайды біз «ы» қылып оқимыз, ноғай һәм басқа түріктер «и» қылып оқиды. Екеуіне де бөгет жоқ. 2-нші аст «е» секілді, оған «ي» қойу керек. Егер де сөз айағында келсе «ө», йағни қай рәсмие қойыу керек. 3-нші «и» сықылды екі йағни «يي» салу керек. Мысалы, сииыр, қиисық дегендей.

Бізде үтір екі түрлі. Мысалы, бүр ағаштың бүрі, бор-ақ топырақ. Сіздер «у» бар дерсіз, жоқ! Ол «уауға» сәкін болады. Мысалы, бу – байла, бура – түйе дегендей. Бірақ бұл үтір «уаулар» жуан-жінішкеге бірдей хәріфтерге айтылғанда һәр қайсысы екі түрлі болып, төрт түрлі дыбыс шығады. Мысалы, бүр – ағаш бүрі, бір айналдыр, бор – ақ топырақ, бөрі қасқыр. Міне, байқасаңыз жуанына уау. жінішкесіне үтір салдым.

*Шәһкәрім.*

Шәһкәрім ақсақалдың бұл сөзіне һәм «Айқап» журналының -<sup>9</sup>ншы, 10-ншы нөмірлерінде жазылған Ғ.Мұса мырзаның сөзіне қысқалап, сөз қайырып өтемін. Шәһкәрім ақсақалдың керек деп отырған хәріф үстіне, астына қойылатын үтір, аст, сүкін, аст һәм «уау» жалғыз жазғанда ғана емес, басқа сөзге де қойыларға керек. Баспа жүзінде оның қолайсыздығы мол. Егер де осы күнгі тұтынып жүрген матбұғат тастарымен харақат қойып бастырсақ, бастырған нәрсеміз екі есе қымбат түседі. Олай болатыны харақатпен бастыру қиын, екінші орын көп алады. Харақатсыз баспаның екі жолын харақатты баспаның бір жолы алады. Егер де оған тағы хәріф үстіне хәріф қойыуды қоссақ, мысалы, «بور», «بر» онда тіпті орынды көп алмақшы, бастырған нәрсені ол тағы көбірек қымбаттандырмақшы. Қымбат басылған нәрселерді қазақтың алу жағын да ойламай болмайды. Жүз бет боларлық нәрсеміз екі жүз бет болса, екі жүз елу бет болса, оған матбұғат екі есе, иә екі есе жарым қымбат алады. Сондықтан бұл қолайсыз болып табылады. Егер де матбұғаттың бұл күндегі тұтынып жүрген тастарынан басқа тас істеп бастыратын болсақ, йағни

үтір, үст, сәкін һәм «уау» - бәрін де хәріф тастарымен бірге құйдырсақ, мысалы, «ۇ» сияқты еткізіп. Онда ол орынды осы күнгі жолдарымыздан көп алмайды. Бірақ оның қолайсыздығы басқа жағынан болады. Сол айтылған бес белгі бір ғана хәріфке емес, барша дауыссыз дыбыстардың хәріфтерінің бас болып, орта болып, құйылатын тастарының тұруының бәрімен бірге құйылмақшы. Олай болғанда осы күнгі матбұғат тастарынан басқа құйдыру керек болады мынадай тастарды: «(асты-үстіне сәкін қойылған сегіз түрлі «б») әрпін жазып көрсетеді – ред.) бұл бір ғана «б»-ға керек болатын тастардың өскені. Жалғыз «б» үшін матбұғаттың хәріф құйатын ұйасының көбейуі он болды. Бұрынғы төрт ұйасымен «б» хәріфінің ұйасы он төрт болмақшы. Тек қосылатын хәріфтердің һәр қайсысына сондай ұйа болмақшы. Тек қосылатын хәріфтер: ب (б), پ (п), ت (т), ج (ж), چ (ш), س (с), غ (ғ), ق (қ), ك (к), گ (ң), ل (л), م (м), ن (н), و (и), йағни он төрт хәріф. Бұлардың һәр қайсысының бұрынғы төрт ұйасына жаңадан он ұйа қосылып, бұрынғы ۵۶ ұйаның орнына ۱۹۶ ұйа болмақшы. Тек қосылмайтын хәріфтер төртеу: د (д), ر (р), ز (з), ي (у). Бұлардың бұрынғы ұйасы екі-екіден сегіз болса, жаңадан һәр қайсысына он ұйа артық қосылып, ۴۸ ұйа болады. Қысқасы, жоғарыда айтылған бес белгіні хәріф тастарына қосып құйдырсақ, бұрынғыдан басқа ۱۸۰ түрлі тас қойылмақшы. Матбұғаттың бұрынғы ұйаларына ۱۸۰ ұйа жаңадан қосылмақшы.

Матбұғаттың хәріф ұйалары көбейсе, хәріфке шығаратын ақшасы көбеймекші, екінші хәріф жыйу жұмысын қиындатып, жұмыс жағын қымбаттатпақшы. Бұрынғы хәріфтердің ұйасы мысалы жүз болса, енді оған жүз сексен қосылса, 280 болмақшы. Жүз жерден теру мен екі жүз сексен жерден теру бірдей болар ма?

Қысқалап айтқанда, бұлай харакаттарды хәріфтермен бірге құйдырсақ та бастырған нәрселеріміз жай бастырудан екі есе, хатта үш есе қымбат түспекші. Және де соңғы уақытта мұсылман матбұғаттары осы күнгі хәріфтердің баспа жүзінде қиыншылығы көп деп, оңай етуге жол қарастырып жүр. Қиындығы – ұйасының көптігі. Орыс хәріфі 35, оған 35 ұйа керек. Хәріф басына бір-бір ұядан хәріфтің 35 хәріфінің азайтқанда жүз шамалы ұйа керек. Хәріф басына екі иә төрт ұядан. Мұны қиынсынып жүргенде оған тағы 180 ұйа жаңадан қосып хәріф қойдырсақ, онда өзіміз матбұғат алмасақ, басқа матбұғаттарға олай етіп бастыра алмаймыз. Бұлардан басқа Шаһкәрім ақсақалдың жете ойламаған жерінің бірі мынау: қазақ тіліндегі дыбысқа қарап ат қоймай, хәріфке қарап дыбысқа ат қоймақшы. Мысал, аст, уст, үтір, сүкін деп. Сондықтан «у» жоқ, оған сүкін бар дейді де жазады «وُ», «اُ» деп.

Біз ежік балалардың басын қатырады деп, сол саутиә жолына «звуковой» түсеміз деп жүрміз. Сол саутиәмен бала оқытсақ, қазақ тіліндегі дыбыстарды өз қалпында айтпай «үтір» деп оқытсақ, онда ол қалай сол саутиә болады? Егер де «үтір» демей, дыбысын айтып оқытсақ, онда қалай «у» жоқ болады? Мысал, «وُ» (буу) деген сөзде «у» жоқ десек, «б»-ның үстіндегі не дыбыс деп айтамыз һәм оның артындағы екінші сүкін қойғанын дыбыс деп айтамыз?

Біз мұның екеуін де «у» дейміз, бірақ екеуінің арасында орыстардың «и» дыбысы мен «й» дыбысының арасындағыдай айырмасы бар дейміз. Балаларды ежікке қайырып түсіреміз десек, шыны да сол. Ежікпенен де балаларды оқытуға болады. Бірақ жолы



қиын, усул саутиә жолы оңай. Оңайдан қиынға түскеніміз қанша қолайлы? Ғ.Мұса мырзаның сөзіне қарайтын жауап келесі нөмірде болар.

А.Б.

*«Қазақ» газеті, №22. 16 шілде 1913.*

## ШАРУА ЖАЙЫНАН

Қазақ жеріндегі шаруалық мал бағу мен егін егу. Мал бағу қазақтың көптен істеп келе жатқан ісі, ата кәсібі. Мал бағу жайын һешкімнен үренбей-ақ, өзіміз де білеміз деп жүр. Қазақ мал бағу жайын білмейді деп біз де айтпаймыз. Бірақ, білім дәрежесі неше қабат. Қазақтың мал ұстау турасындағы білімі ең төмен қабатында. Қазақтың бұл білімі жердің молшылығында ғана білім болып жүр. Жер тарылса бұл білімімен мал бағып, күн көруге болмайды.

Қазақ егін егуге кіріскелі де біраз жыл болды. Егін турасындағы білімді де қазақтар біліп болдық деп жүр. Егін жайында һешкімнен үйрене қойатын емес. Біздің қарауымызша егін турасындағы білімді мал турасындағы білімі сияқты жердің молшылығында білім болып жүр. Жер азайса, ол біліммен алыс кетпейтін болар. Қазірінде қазақтардың сұрып жерлерді еркінше жыртып, соныдан-соныға түсіп отырғанда, мұжықтан егіні төмен шығады. Ол жер дәрежесінің төмендігінен емес, білім дәрежесінің төмендігінен. Қазақтың көбі егін жайынан: егін егуге жер жырту, тырмалау, тұқым шашу керек екендігін ғана біледі. Осымен егін білімі тамам деп ойлайды. Қашан, қалай һәм қанша рет жырту керек, қалай етсе шашқан тұқым-

ға жер жайлы болады, не нәрсе оған зарлы, не нәрсе пайдалы. Пайдалы нәрселерден пайда тийу үшін, зарлы нәрселерден зар келмес үшін не істеу керек, ол жағынан қазақтың білімі тіпті нашар. Ол білімнің нашарлығы қазір жердің молшылығында сезілмейтін шығар. Жер таршылыққа айналса, тез-ақ сезілер. Аз жерді осы күнгі қалпында тұтына бастаса, жерін тез-ақ тоздырмақшы. Тозған жер жаңарып жетілуіне қазақ даласында 15-20 жыл керек. Қала боламыз деп ер басына 15-тен жер алғандар бұрынғы молшылық қалыппен іске, оған өлшеулі жері шыдар ма, жердің бәрін тоздырып алып, ол жер түзеліп жеткенше 15-20 жыл жел оба ма?

Бұл сөзді қалай боламыз деп өлшеулі жер алған қазақтардың кейбір істен хабар алып, жазып отырмыз. Әуелі қала болудың мәнісі не екенін білмей, көптің дүрмегімен кіріп қалып, енді не екенін көзімен көрген соң, адасқанын біліп, қалай бетін түзерін біле алмай жатқандар бар көрінеді. Қалай боламыз десе де малсыз күн көре алмайтын болған соң, мал бағуға қалаға деп өлшеп берген жер жетпейтін болған соң, істейін деп жатқан амалдары мынау: екі-үш участка қосылып, жерлерін біріктіріп, бірін қыстау, бірін жайлау істемекші-мыс.

Бұлары әншейін далбаса ғой. Адасқанын байқаған соң абдырағанынан істейін деп тұрған іс қой. Әйтпесе он бес десиатинадан алған ұлтарақтай жерлерді құрастырып жайлау, қыстау дегенмен есебі баиәғы бір он бес қой. Қалай қарай тартсаң да жер созылып молаймайды ғой.

Әуелі малсыз күн көре алмайтын болғанда «Сау басыңа сақина тілеп алмасқа» керек еді. Қала болу не екенін білмей беріп, шорға түсіп қалсаң, ендігі істей-

тін іс, біздің ойлауымызша бұрынғы «жайлау» деген атты жоқтау болмасқа тиіс. Өткен өтті. Іздегенмен таптырмайды, қуғаныңмен жеткізбейді. Өткенді қуғанды қуып, осы күйінді түзеуге жөн іздеу тиіс. Ендігі істейтін іс: участкаларды құрастырып, мынау жайлау, мынау қыстау деп, ат қойып, құр көңіл жұбату емес. Көрпең қысқа болса, көсілуге жетпейді. Созғаныңмен молаймайды. Көрпе жетсін десең, істерлік жалғыз-ақ амал бар: көсілуді қойып, аяқты жийу. Сондай-ақ, аз жерге істер жалғыз-ақ амал бар: жердің таршылығына істейтін амалға түсу керек. Ол амал аз жерден көп жердің пайдасын шығара білу. Олай етуге бұрынғы мал бағумен егін етуге жарап жүрген білімдеріңнен басқарақ білім керек. Ол көп малдың есесін аз малдың асылын ұстап толықтыратын білім, аз жерді аздырмай, көп жердің орнына тұтынатын білім. Бұл екеуі де қазақ қолданып көрмеген білімдер.

Малдың асылын ұстау үшін қазақ қолындағы малын асылдандыру керек. Асыл малдың ішінде қазақ жерін жерсінетін, жерсінбейтіндері болады. Оны да біліп алу керек.

Аз жерді аздырмай, көп жер орнына тұтыну үшін асыл малға керек білімнен де көбірек білім қажет. Бірақ сол білімнің бәрі де білгісі келген адамдарға табылатын білім. Білу үшін әуелі керек қылу шарт, екінші, ыждаһат ету шарт.

Бұл жоғарыда айтылған сөз қазақтың бәрі үшін, әсіресе арасындағы қала боламыз деп, қамытқа басын сұғып қалып, қайта шығара алмай, адырап тұрғандар үшін. Аз жерге істейтін амал жалғыз-ақ осы.

Егін егу, бағу жайын жақсы білетін адамдардың сөздерін мұнан былай әр уақыт газетаға жазып тұрамыз.

*«Қазақ» газеті, №24. 31 иұл 1913.*

## РУСША ОҚУШЫЛАР

5-нші ағұста Оренбургтағы киргизский учителский школаға кіремін деп келген талапкерлерге емтихан болды. Кіруге келген 80 кісі еді. Оның жартысы қазақ, жартысы орыс балалары. Жаңадан бала аларлық қазына һәм стипендия орны алтау-ақ екен. Келген 80 кісінің алтауынан басқалары, ауқаты көтерсе өз жанынан оқымақшы. Өз жанынан оқитындар пәтерде тұрып, сонан келіп оқып жүреді, иа жылына 150 сом төлеп, школадан тамақ ішіп, киім киіп, сонда жатып, оқуға да болады. Бай адамдарға жылына 150 сом көп ақша емес, кедейларға күшінен келмейтін көп ақша. Солай болған соң дұрысы былай істемек еді: бай балалары өз жанынан оқып, жарлы балаларына қазына орнын беру еді. Оны істейтін біздің Торғай мен Орал облысында байлар жоқ. Қазына орнына бай балалары жарлы балаларымен таласа кіреді. Қазақ байларының қалыбын істемей тұрған Мамановтар көрінеді. Медресесінде оқып жүрген балалардан зерек-зерек балаларды таңдап алып, жылына 300 сом ақша расход кесіп, русша, мұсылманша болсын оқу оқып қайтуға жібереді екен. Сондай жіберген баланың бірі бұ киргизский учителский школаға кірді. Бұрын медресе «Ғалиада» оқып, былтырдан бері русша мұғалімдік ғылымын білу ниетпен учителский школа иа семинарияға кіру үшін русша оқыған екен. Талапкерлерге керекті ақшасын беріп оқуға жіберіп жүрген байлар да олардың ақшаларын адалдап орнына жұмсап жүрген бала да жарайды. Бір жыл русша оқып, бірден соңғы болып школаға емтихан беріп кірді.

Жоғарыда айтылған алты бос орынның үшеуі қазаққа, үшеуі орысқа екен. Маманов талапкері қазақтан

тиісті орнын емтиханнан 5-нші болып келген бір жарлы баласына беріп, өзі Мамановтардан алатын ақшасының 150 сомын төлеп, школада жатып оқитын болды. Сөйтіп биыл қазақтан келген қырық баланың төртеу-ақ кірді. Басқалары өз күшімен оқуға ауқаты жоқ болған соң, қазына орны жетпеген соң еліне қайтты. Жылда учительский школаға 40-50 бала келеді. Төртеу-бесеуі йағни оннан бірі көп, басқалары оқуға орын таба алмай еліне қайтады. Бұлар городской, көбіне екі класты селский школа бітіргендер. Олар барып оқырлық орындар шамалы: учительский школа, семинариа, адам фелдшері иа мал фелдшерінің школалары. Торғай мен Орал облысында фелдшерский школалар жоқ. Семинариаларда қазақ стипендиасы иа тіпті жоқ, иа бар болса аз, жоқ есебінде. Киргизский учительский школада қазына орны 60. Оның жартысы қазаққа, жартысы орысқа деп, ауыл жағынан да үлкен, ауыл үлкендігін қылатын көрінеді. Торғай мен Орал облысының қазағы дендеп, көбірек оқитын орны киргизский школа. Бұған кіре алмай қайтқаны, оқи алмай қалғаны. Бұлардың 5-6 жыл оқып білгені шала-шарпы орыс тілі, шала-шарпы мұсылманша хат біледі, білмегендерінде о да жоқ. Переводчик, хатшылық орын-мұрын табылса, жарады, табылмаса елде тұрып тіл де, жазу да ұмытылып, оқымаған қалыбына түседі. Сана, саңылау түскендей иа мұсылманша, иа русша жете оқыған жоқ: «Аз білімін көпсініп, көп қазаққа епсініп» переводчик иа хатшы болса, пысықсып тікектейтіндер осылардан шығады.

Жоғары һәм орта оқуларымыз аз болса да шолақ оқуларымыз, тәуір бар. Ең аз болса әр облыстан шолақ оқумен қалатын қазақ баласы 50-60 болады. Бұлардың

қызметке кіргендері қазаққа епсінумен болады, үйінде тұрғанның оқығанынан жұрнақ қалмайды. «Асыл тастан, өнер жастан» деуші еді, шырақ ұстап, жұрт алдына түсіп, түзу жолға бастайтын адамдар шығар деп, үміт ететін жастарымыздың жайы осы. «Русша оқығандарымыздан пайда жоқ деп» қазақ өкпелейді. Сондағы оқығандарымыз дейтіні шолақ оқулылар болса, оларға өкпе жүре ме? Егер де оқығандарымыз деп жоғары иа орта оқуларды айтса, олар тіпті аз-ақ есепте емес пе? Ұлт жұмысы үлкен жұмыс, үлкен жұмысқа, көп жұмысшы керек. Үлкен үй салуға да қанша жұмысшы керек, жеті облыс қазақтың жұмысы үй жұмысынан ұлығырақ емес пе? Жұмысшы аз болса жұмыстың өнімі де аз, көп болса өнімі де көп болмақшы. Егер де оқу іздеген талапкерлеріміздің қырықтан төртеуі ғана оқырлық орын тауып, басқалары қаңғырып далада қалып отырса, жұрт жұмысшысы көбейіп мандыр ма, жұмысшы көбеймесе, жұрт жұмысы ілгері басып өнер ме? Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп, өкпелеу жөн бе? Бұ да сол сияқты емес пе?

Сол қаңғырып қалып тұрған балалар бір ұлттың ұлы емес пе? Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын! Бала деп бағып, оқытып, адам қылғаннан кейін жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ. Жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баққан қазына, қазынаға борыштымыз деп жүр. Жастарды оқыту расхodyнан қашып қазынаға борышты қылып қойса, жаста да не жазық бар? Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең, құл болмақшы. Айып балада ма? Егер де осы күнгі

русша, мұсылманша оқығандардың арасында жұртым деп шығып жатса, жұрттың өткізген борышын төлеу үшін емес, адамшылық борышты басынан атқару үшін. Мойнындағы борышты білу – білім ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі. Білім мен адамшылық екі басқа нәрсе. Бірақ, борышын төлеушілер көбейсе, төлеушілер де көбейуі ықтимал.

Жоғарыдағы айтылған сөздердің аптығы мынау: әуелі, қазақ, жұртшылық етіп оқимын деген жастарыңды бүйтіп қаңғыртып қоймас үшін қам қылыңдар! Ол үшін әр жердегі оқитын орындарда көбірек стипендия ашу керек. Оны ашу қиын да емес, қымбат та емес. Баланы оқыту ата-анасына ауыр болғанмен жұртқа жеңіл. Екінші стипендияларды түрлі школаларда, қанша стипендия ашу керек. Қандай школдарда қанша стипендия ашу һәм қалай ашу жайын тағы да жазармыз.

*«Қазақ» газеті, №26. 15 август 1913.*

## **АУРУ ЖАЙЫНАН**

Басқармаға келген кейбір қаттарда: пәлен адам, пәлен жылдан бері ауру, жақындағы докторлар жаза алмады, алыстағы докторлардың жақсысын қайдан табуға болады дейді. Ауру адамның түрлі жерінен жабысады. Олай болған соң, олардың емі де түрлі болмақшы. Неше түрлі аурудың түрінің бәрін тегіс жақсы білетін докторлар сирек болады. Көбі азының емін ғана жақсы біліп, көбінікін нашар біледі.

Шет жерлерде, кішкене қалаларда аурудың әр түрін жақсы білетін докторлар болмайды. Ондай жерлерге

орын таба алмаған, оңбаған, қай-қайдағы жаман барады. Үлкен шаһарларда жақсы докторлармен қатар, дәрігерлік ете алмайтын нашарлары тайып шетке шығып кетеді. Сол себепті жақсы доктор іздейтіндер зор шаһарлардан іздеу керек. Ондай шаһарларда докторлар біреу-екеу емес, әлденешеу болады. Іздеп келген аурудың еміне бірі болмаса, бірі жетік болып шығады. Ауқаты кемдер екі бастан алыстан доктор іздей алмайды, ауқаттылар жанынан малын аямайтын болса, істейтін іс мынау: әуелі, зор шаһардың біріне барып, науқас адамын көрсету, не ауру екені анықталып болу; оны білмей тұрып, пәлен докторға емдет деп айтуға болмайды. Ауруды анық таныған соң ғана ол ауруға пәлен доктор жақсы деп көрсетіп, жөн сілтеуге болады. Ол, доктор, бәлкі, сол шаһардың өзінен табылар, онан табылмаса, басқа жерден табылады. Бірақ не ауру екенін анық білмей тұрып, пәлен докторға емдет деп һешкім айта алмайды. Ауру жабысқанына көп жыл болып ескірсе, оны емдеуге де көп уақыт керек. Көп емдетуге қазақтың көбі төзбейді. Тәуір бола бастаса, жазылғандай көріп, емдетуден қаша бастайды. Емдеу тоқтаған соң, жеңіліп, әлсіреп келе жатқан ауру қайтадан күшейе бастайды. Қазақтың көбі неше жылдан бері орнығып, бойға сіңген ауруға бірер сауыт дәрі алып тұтынып, сонымен ауру жазыла қоймады дейді. Олай дейтіндері аурудың мәнісін білмегендіктен. Қазақ дәрігерлері ауруды бірден жойамыз деп күшті дәрі береді. Онысы ауру мен дене арасында не қикмет бар екенін білмейтіні.

Ауру – денеге зарарлы нәрселерден болатын бүліншік. Ол зарарлы нәрселерді микіроб дейді. Микіроб денеге орнап, көбейе бастаса, тәнге зарар келтіре бастайды. Тәннің қалыпты істеп тұрған істерін бұзып,



бүлдіріп, денеге зарарлы улар жайа бастайды. Қысқасы, зарарлы, микіробтар дененің дұшпаны, жауы. Микіробтар көп, олар дем алатын ауамызда да, ішетін суымызда да, жейтін тамағымызда да болады. Өздері көбейгіш, өсімтал келеді. Жайлы орын тапса, тез өсіп өнеді, олардан құтылу қиын, күтініп, қарсы қару жұмсап, жеңдірмес ғана шарасы бар. Жау тиерін білгенде қандай күтінеді, бұнан да сондай күтіну керек. Жаудан күтінгенде жолына кедергі болғандай қорғандар тұрғызады, қарсы қару қылғандай мықты әскерлер қояды. Ауруға да соны істеу керек.

Құдірет денеге зарарлы нәрселерді жаратқанда, олардан қорғайтын, денеге достығы бар, пайдалы нәрселерді де жаратқан. Тәнімізді зарарлы нәрселерден қорғау үшін теріден қорған жасап қойған, ол бүтін тұрғанда микіробтар онан өтіп зарар келтіре алмайды. Зарарлы микіробтарға қарсы пайдалы микіробтар жаратқан, олардың жайатын уына қарсы басытқыларын жаратқан. Құдіреттің ісінің бәрі оңды, бәрі жөнді. Жөнді істі жөнсізге айналдыратын кінә өзімізден. Зарарлы микіробтарға тәнімізге кіруге жол ашып беретін өзіміз. Денемізді нашар ұстап, ауруға алдыратын өзіміз. Тән қаруын мықтасаң, сырттан кірген ауру микіробтары оңайлықпен орнығып, тыныш өсіп, өне салмайды. Тән мен микіроб арасындағы соғыс – күнде болатын соғыс. Тән жеңіп отырса, бізге сезілмей кете береді, микіроб жеңіп, тәнді ауру басқан кезде ғана білеміз. Сонда ғана денеміз сау еместігін біліп, дертке ем іздей бастаймыз. Емнің асыл түбі – ауруды аздырып, тәнді күшейту, иағни ауру мен дененің алысқан жерінде дене жағына болысу; ауруды әлсіретіп, жеңіп беру. Ол мақсат науқас адамды бағумен һәм дәрі берумен табылады. Дәрінің көбі улы нәрсе-

лерден жасалады, улы заттар мерзімді өлшеуімен жұмсалса, тэнге пайдасы тиеді, өлшеуінен асса, зарарлы. Қазақ дәрігерлері аурудың тұқымын бірден құртамыз деп, дәріні науқастарға күшті қылып береді. Оның пайдасы мен зарары бірдей: күшті дәрі микробты әлсіретуге жақсы болғанмен, тэнге жайсыз болады. Дәрі жайсыз болса, тэн азады. Тэннің жүдегені емдеудің .....(оқылмады – Құрастырушы.) мағынасына хылаф келеді.

Берген дәрі тэнге пайдалы болып, микробтарға жайсыз болса, пайдасы бар. Ғылымды дәрігерлердің емдеуі солай болады. Докторлар дәріні дертті әлсірету үшін беріп, тэнді күшейту үшін аурудың бағуын жақсылайды. Емдеу жұмысында дәріден де гөрі бағуда көп мағына бар. Бағуын келістірмей, дәрінің күшімен ауруды жазуға болмайды, дәрі бермей, бағуын келістірумен жазуға болады. Докторлардың көбі дәрімен емес, бағумен жазады. Бағым жақсы болса, тэн күйлі болады, күйлі тэн күшті болып, ауруды жеңеді. Бағымның жақсы болуына керек нәрселер: жағымды тамақ, жайлы орын, таза ауа. Бұлардың мәнісін қазақтың оқымаған, дәрігерлік ғылымынан қабары жоқ емшілері қайдан білер? Докторлар, фелідшерлер қазақ ішінде аз, жоқ есебінде. Қаладағы докторларға емдетуге уезд басына бір ғана ауруханадан болады, онда 10 шақты ғана орын болады, ол орын қайсысына жетер? Пәтерде тұрып емдетуге көбінің ауқаты көтере алмайды, көтерсе де, шығынын көпсінеді.

Сондықтан қазақ обылыстарында земство ашылып, денсаулық жұмысы жөнделгенге шейін елдегі емшілерге емдетпей қазақтардың шарасы жоқ. Қазақтардың емшілерге емдетіп жүргені докторлардың, фелідшерлердің қазақ арасында кемдігі, жоқтығы. Тіпті,

емдету керек емес десек, ол басқа сөз; емдету керек десек, елдегі емшілерге емдетпендер деп қазірінде айта алмаймыз. Емдетіндер, бірақ талғап емдетіндер. Оқымағанмен, «Құдай еңсесіне құйған» дегендей жақсы емшілерде бар шығар. Оқыған дәрігердің арасында не ауру екенін айыра алмайтын докторлар толып жатыр. Ауруды танымаған доктор әліпте ол ауруды емдеуді де білмейді. Қазақ арасында жақсы сынықшылар бар, жақсы оташылар бар, олар болғанда, жақсы емшілердің де болуы ықтимал.

«Бәрін айт та, бірін айт, сөздің тұрар жерін айт» деген сөз топшысында айтарлық мынау: Әуелі, аурудан күтіну үшін не керек, сол жағынан қалық қабардар болуға керек. Екінші, ауруды әлі бар адамдар, алыста да болса, докторларға емдету керек, әлі жоқтар ел ішіндегі емшілерге емдетпей шарасы жоқ.

Үшінші, қазақ емшілері күшті дәрімен аурудың тұқымын құртамыз деп ойлайтын пікірлерін тастау керек, оның пайда-зианы бірдей екені жоғарыда айтылды ғой. Және де қазақ емшілері иа пышақ жұмсаудан тиылу керек, иа пышақпен тілген жердің жарасы жазылғанша оны микіробтан қорғау керек. Оны қорғау үшін докторлар күн сайын дәрімен тазартып жуып, орауышын жаңалап отырады. Оны қазақ пышақшылары істей алмайды. Жараға микіроб түссе, пышақтан қағынды дейтін сонда болады, ол бек қауіпті іс.

Төртінші, қазақтың дәрігер ғылымын оқыған адамдарды аурудан күтіну жайынан һәм жеңіл-желпі емдер жайынан жазып, елге ұсақ кітапшалар таратса екен. Көбіне қазақ ішінде жеңіл-желпі аурулар зор ауруға ұласып кетеді.

*«Қазақ» газеті, №27. 25 август 1913.*

## ОҚЫТУ ЖАЙЫНАН

Таһир Жомартбаев сұрайды: «Әуелі қазақша оқытуға керек кітаптар дайар ма? Дайар болмаса, ноғайша кітаптарды аламыз ба? Олардың қайсысы жақсы?» деп. Екінші: «Ноғайлардың тәртіпті мектептерінде тұтынып жүрген программаларын сол күйінде аламыз ба? Йаки қазаққа лайықтап ыңғайлаймыз ба?» деп.

Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы – кітаптар жоқ. Ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейді. Екінші, қазақ мектебіне түзелген программа жоқ. Онсыз оқу бір жөннен шықпайды. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мағлұмдар аз. Осы үш кемшіліктің үшеуі де есімізден тастамай, ойлап жүрген нәрселердің ең басы. Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді. Оқу ісін түзеуге көп нәрсе керек. Оның бізде бұл күнде бірі де жоқ. Ай мен күндей хәмеге бірдей, білім көп ортасындағы мүлік. Онан сыбаға ала алғандар алып жатыр. Ала алмағандар құр қалып жатыр. Сол құр қалып отырғанның бірі біздің қазақ. Құр қалғанын қазақтың өзі де сезіп, баласын оқытуға, білім үйретуге ықылассыз емес, бірақ жаңадан басталған жұмыс тәртіпке түсе алмай жатыр. Қос жүре түзелер деген, түбінде түзелмей қалмас, түзетуге жұрт азаматы кам қылса. Оқуды керек қыла бастағаны, жұртқа ес кіре бастағаны. Халықтың есі енуі баланың есі енуі сияқты бірте-бірте ақырындап болмақшы. Аспанда құстай ұшып жүрген, теңізде балықтай жүзіп жүрген, жылдық жерден сағатта хабар алып, жүз шақырым жерлерден ауызба-ауыз сөйлесіп отырған жұрттар сол күйге бірден емес, бірте-бірте жеткен. Барамын деген

жерге бетің түзу болса, тоқтамасаң барасың. Жұрт жұмысы да беті түзу болса, аз-аздан ілгері басқызып, оны қозғаушылар болса, көңілдегі жеріне жетеді. Сол жұрт ісінің бірі – оқу. Оқуды керек қылмай жүрген қазақтар оқу керек нәрсе екенін бұл күнде білмей тұрған жоқ, бірақ оқудың жөнді болатын мәнісін, ретін білмейді. Көбіне оқиды деген құр аты болса, соған қанағаттанады. Қалай оқытып, не білдіріп жатқанымен жұмысы жоқ. Екі жыл, үш жыл оқып, хат танымаса да баланың ата-анасы ойына кіріп шықпайды.

Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі: бірі – ақшаға, бірі – құралға, бірі – мұғалім. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаңдамай, ауытқымай түзу жүреді. Ол үшеуі тең болмағандағы оқу жұмысы аумалы жүк сияқты, орнықсыз. Жүгі аумалы көштің жүрісі оңбайды. Орнықты оқу болмай қалт-қалт етіп, оқытқан оқу-білім үйретіп жарытпайды. Жоғарғы айтылған оқу жұмысының үш тіреуі де біздің қазақта бұл күнде сау емес. Бірақ бірте-бірте сайлы болып жөнделер деп үміт етеміз.

Әуелгі тіреу – ақша. Ол жұрттан шықпайды. Қазақ оқу керек екенін біле бастады. Баласын оқытпайын дейтін қазақ жоқ. Бірақ жұрт баласын жұрттық қылып, жұрт үстінен оқытатын дәрежеге қазақ әлі жеткен жоқ. Һәркім өз баласының ғана оқығанын ойлайды. Әр баланың басын қосып, құраса, бәрі жұрт баласы болатындығын, ол жұрт баласын оқыту, жұрт міндеті екендігін айыратын іс қазаққа әлі кірген жоқ. Мұны білерлік қазаққа іс кіргенше оқудың ақша жақ тіреуі орнықты болмайды. Екінші тіреуі оқуға керек құралдар. Ол құралдардың ішінде ең қымбаты оқу кітаптары. Оқу құралдары сайлы болмаса, оның ішінде

оқу кітаптары оңды болмаса, оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер еш нәрсе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды. Сондықтан қазақта оқу құралы кітаптар болмаса, ноғай кітаптарымен оқытпасқа шара жоқ. Қазақ балаларын ноғай кітаптарымен оқытуда қолайсыздық кемшілік көп, бірақ амалсыз ол кемшіліктермен келісеміз. Ноғай кітаптарымен оқытқан соң, олардың программаларын алмасқа да болмайды. Программасын қазаққа ыңғайлаумен, қазақша құралдар сай болмаған соң, программа бір жаққа, оқуы екінші жаққа, екеуі екі жаққа кетеді. Программада керек деген нәрселердің бәрі болмаса да, көбі оқу құралдарынан табыларға керек. Ноғайдың тәртіпті мектебіндегі программасын ала тұратын болған соң, оқу кітаптарын да сол тәртіпті мектептерінен аларға тиіс.

Оқудың үшінші жағының тіреуі мұғалім. Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді. Басқа жағының кемшілігі болса, мұғалімнің жақсылығы жабады, білдірмейді. Мұғалім нашар болса, сайлы мектепте отырып сабақ бере алмайды. Мұғалімдік оңай нәрсе емес. Тәртіппен жасалған оқу құралдарымен оқытуға, тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек. Оны білмейтін мұғалімдер тәртіппен жасалған құралдар орнында тұтынады. Асылды, асылсыз құралдарды біз сияқтысы тұтынса, асылды құрал шығаруда не мағына бар. Асылды құралдар балаларға оқуды жеңілдету үшін шығарылады. Оқыту жайын білетін мұғалімдерге тәртіпті құралдармен оқытқанда өзіне де, балаларға да оқыту жұмысы оңай болып, екі жағы да қиналмайды. Оқыта білмейтін мұғалімдер оқу жұмысының салмағын балаға ғана артып, өзі «әй, оқындар!» деп тыныш

отырады. Ондай оқу мұғалімге тыныш екені рас, бірақ оқудағы мақсұт нәрсе мұғалімнің тыныштығы емес, балалардың білім үйренуі ғой. Оқыта білетін мұғалімдердің белгісі осы: «Әй, оқындар!» бұлардан балалар білім үйреніп жарымайды. Бұлардан басқа асыл жәдид мұғалімдері бар. Бұлардың өздері де екі түрлі оқытады: біреулері асыл мәдие, біреулері асыл сүтие жолымен, бұл екеуінің жақсысы асыл сүтие жолы. Оны бірақ жақсы білетін мұғалімдер аз. Сондықтан көбі асыл мәдиеменен оқытатындар да оқуы екі түрлі басталды. Біреулері төте хәріфтен бастайды. Біреулері дыбыспен жаттықтырғаннан кейін балаларға хәріф көрсетеді. Бұл екеуінің абзалы дыбыспен жаттықтырғаннан соң хәріф көрсету, асыл сүтие тәртібінің негізі дыбыспен жаттықтыру. Оны дұрыстап, орнықты етіп істегеннен кейін, онан арғы оқу, жазу жұмысының бәріне сол тіреу болады. Бірақ қазыргі бір зор кемшілік мұғалімдердің көбі дыбыспен жаттықтыру жөнін білмейді. Білмеген соң онан қашады. Төтелеп хәріфтен бастағанын оңай көреді. Онысы дұрыс емес. Рас, дыбыспен жаттықтыруға білім көбірек керек, ондық оқыту, жазу жұмысына онан келетін жеңілдік көп. Мұғалімдердің көбіндегі кемшілік қазақ сөзіндегі дыбысты айыра білмейтіндік. Ол кемшілік түзелместей нәрсе емес. Оны жоғалту оңай. Ол жоғалмай тұрғанда асыл сүтие жолымен, әсіресе дыбыспен жаттықтырып бала оқыту қиын. Сондықтан мұғалімдер қазақ тіліндегі дыбысты жақсы білерге керек. Оны өздері сөзді айыра-айыра үйренуге болады. Онымен біле алмағандары білетіндерден үйрену. Ол үшін көп болса, бірер жеті білер.

Сөздің тұрар жері мынау: қазақ мектебінде оқытылатын қазақ тілінде әліфбалерден басқа қазір кітап

жоқ. Бірақ олардың бәрі де болады. Қазақ мектебіне оқу үш жылдық болуы қолайлы. Сол үшін жылға керек кітаптар шығуына талап етіп жатқан адамдар бар. Олар шыққанша мұғалімдер де өз тарапындағы кемістік жерлерін толықтыруға қам қыларға керек. Екінші мұғалім алатын қазақтар жоғарғы айтылған түріне қарай мұғалім аларға керек. Өзі тыныш отырып «Әй, оқындар!» деген мұғалімдерге жоламасқа керек. Олардан балалар еш білім үйренбейді. Оқырлық шағы заиә кетеді. Олардан басқа мұғалімдердің арасында таңдау асыл сүтие, оның ішінде де дыбыс пен жаттықтыра білетін, мұғалімдерге түсерге керек. Асыл сүтиелік табылмаса, асыл медиеліктерді алу керек. Жақсы мұғалім табылғаннан кейін мектепке керек құралдардың бәрін сайлап беру тиіс. Дүкенсіз ұста еш нәрсе істей алмайды. Мұғалімдер де қандай жақсы болғанмен құралсыз балаларды оқыта алмайды.

*«Қазақ» газеті, №29. 7 сентиабр 1913.*



## ОБЩЕКАЗАХСКИЙ<sup>1</sup> СЪЕЗДЪ

21–26 іюля 1917 года въ г. Оренбургъ просходилъ общекзахскій сѣздъ, на которомъ присутствовали представители отъ казаховъ Акмолинской, Тургайской, Уральской, Семирѣченской, Сыръ-Дарьинской, Ферганской областей и Внутренней Букеевской Орды.

Президіумъ сѣзда: предсѣдатель Халѣль Досмухамедовъ, товарищи его Ахмедъ Байтурсуновъ и Альмухамедъ Кутебаровъ, секретари Асылъ-Бекъ Сеитовъ и Миръ-Якубъ Дулатовъ.

Сѣздомъ выношены резолюціи по ряду вопросовъ.

Форма государственнаго управленія въ Россіи признана демократическая федеративная парламентарная республика, при чемъ казахскія области должны получить автономію.

По земельному вопросу принято слѣдующее постановленіе:

1) До окончательнаго поземельнаго устройства самихъ казаховъ изыятіе казахскихъ земель должно быть немедленно пріостановлено.

2) Въ виду недостатка удобныхъ земель для казахской степи немедленно должны быть возвращены казахамъ изыятые изъ ихъ пользованія участки дворянскіе, скотоводческіе, торгово-промышленные, курортные, монастрскіе, незаселенные переселенческіе отруба, оброчные статьи, участки, отданные частнымъ лицамъ подъ названіями показательныхъ полей въ дѣйствительности не существующихъ, и земли отведенныя гарнизонамъ и теперь освободившіяся съ уходомъ или уменьшеніемъ количества гарнизоновъ.

<sup>1</sup> В оригинале «Общекиргизскій». - Прим. составителя.

3) Немедленно должна быть прекращена запись зачисления въ свободные участки.

4) Въ заселенныхъ участкахъ незаполненныя доли должны быть возвращены казахамъ.

5) Зимовки, изъятыя изъ изпользованія, но еще не оставленныя ихъ владѣльцами, должны остаться за казахами; переселившимся крестьянамъ могутъ быть наръзаны недостающія доли изъ другихъ участковъ путемъ новаго размежеванія.

6) Должны быть возвращены также казахскіе покосы, находящіеся въ дачахъ единственнаго владѣнія казны. Казахамъ должна быть разрѣшена пастьба скота на опушкахъ казенныхъ лѣтнихъ дачъ.

7) Дачи единственнаго владѣнія казны, не имѣющія общегосударственнаго значенія, должны перейти въ вѣдѣніе земства.

8) По земельному вопросу казахи должны выработать свою программу.

9) Соглашеніе съ разными партіями по аграрному вопросу представляется депутатамъ въ Учредительномъ Собраніи.

10) За основаніе землеустройства казаховъ должна быть принята норма, выработанная для казаховъ степныхъ областей-экспедиціей Щербины – скотоводческаго и скотоводческо-земледѣльческаго хозяйства соотвѣтственнаго райономъ.

11) Киргизы Букеевской Орды должны получить надѣлы по мѣсту жительства по нормѣ одинаковой съ казахами сосѣднихъ областей.

12) Въ Туркѣстанѣ казахи должны быть наделѣны не только землей, но и достаточнымъ количествомъ воды.

13) Землепользованіе среди казаховъ должно быть на общинныхъ началахъ (Два представителя Ферганской области голосовали за подворное владѣніе).

14) Величина земельной общины должна быть по возможности мелка и должна опредѣляться мѣстными землеустроительными учрежденіями.

По вопросу объ организациі народной милиціи принято, что вмѣсто постоянной арміи должно быть создано народное ополченіе.

Въ отношеніи земства принята резолюція:

1) По закону, выработанному Временнымъ Правительствомъ, въ степныхъ областяхъ волостное земство вводится только въ осѣдлыхъ волостяхъ, а въ кочевыхъ, по усмотрѣнію будущаго областного Земскаго Собранія. Подъ словомъ «кочевыми областями» съѣздъ признаетъ тѣ казахскія волости, большинство населенія которыхъ перекочевываетъ изъ одного уѣзда въ другой. Съѣздъ находитъ необходимымъ, чтобы волостное земство въ кочевыхъ волостяхъ вводилось немедленно, какъ въ осѣдлыхъ волостяхъ.

2) Выборы волостныхъ и уѣздныхъ гласныхъ должны производиться одновременно.

3) Въ волостной земской управѣ число членовъ должно быть не больше пяти.

4) Уѣздныя и областныя земства у казаховъ должно быть общія съ русскими.

5) Для руководства выборами на мѣстахъ областныя комитеты должны командировать особыхъ инструкторовъ.

Далѣе постановлено, что необходимо всеобщее начальное обученіе, при чемъ въ первые два года только на родномъ языке.

Затѣмъ рѣшено уничтожить существующій казахскій народный судъ, а взамѣнъ упраздняемаго суда, создать особый судъ, соотвѣтствующій условіямъ казахской жизни.

Для выработки проекта новаго суда должно быть организовано въ каждой области судебная комиссія изъ компетентныхъ лицъ; проекты областныхъ комиссій должны быть переданы на разсмотрѣніе общекзахской судебной комиссіи, составленной изъ представителей всѣхъ казахскихъ областей по одному члену отъ каждой областной судебной комиссіи. Общекзахская судебная комиссія должна закончить свои работы къ 1 февраля 1918 г. Проект казахскаго суда долженъ быть разсмотрѣны общекзахской комиссіей совмѣстно съ казахскими депутатами и переданъ въ Законодательное Учрежденіе для его санкціи.

До выработки положенія о новомъ судѣ въ киргизской степи долженъ дѣйствовать существующій народный судъ въ реформированномъ областными сѣздами видѣ.

Уголовныя дѣла, возникающія между казахами двухъ уѣздовъ или областей разрѣшается народнымъ судомъ по мѣсту совершения проступка, а гражданскія дѣла разбираются народнымъ судомъ той мѣстности, гдѣ живетъ отвѣтчикъ.

По женскому вопросу вынесена разалуція:

1) Въ политическихъ правахъ женщины должны быть равноправны съ мужчинами, и имъ предоставлена полная свобода жениха или мужа; калымъ (выкупъ) за невѣсту долженъ быть уничтоженъ; свататься можно только за дѣвицу достигшую 16 лѣтъ; мулла можетъ вѣнчать нѣвесту не моложе 18, причемъ обрядъ

вѣнчанія долженъ совершаться муллою только въ личномъ присутствіи жениха и нѣвесты; вдова можетъ выходить замужъ по своему желанію, за кого угодно; вторую жену можно брать только съ согласія первой жены, въ случаѣ ея несогласія, мужъ долженъ дать ей разводъ и содержать ее до выхода замужъ; не должно быть браковъ между родственниками ближе 7-го колѣна.

Затѣмъ съѣздъ намѣтилъ по каждой области кандидатовъ въ члены Учредительнаго Собранія.

Отъ Тургайской области намѣчены: Байтурсуновъ, Дулатовъ, Беремжановъ, Турмухамедовъ, Уразовъ, Жаманмуруновъ, Кадирбаевъ.

## РЕВОЛЮЦИЯ И КИРГИЗЫ

Насколько понятна была киргизам (здесь и далее читать «казахи») Февральская революція, настолько же непонятной показалась им Октябрьская (социальная) революція.

С какой радостью они встретили первую революцію, с таким же ужасом пришлось им встретить вторую. Такое отношеніе киргизов к той и другой революціи весьма естественно и понятно тем, кто знаком с киргизским народом. Первая революція была правильно понята и с радостью встречена киргизами потому, что, во-первых, она освободила их от гнёта и насилий царскаго правительства и, во-вторых, подчеркнула у них надежду осуществить свою заветную мечту — управляться самостоятельно. Но, что вторая революція показалась киргизам непонятной,

объясняется просто: у киргиз нет ни капитализма, ни классовой дифференциации; даже собственность у них не так резко разграничена, как у других народов: многие предметы потребления считаются у них общественным достоянием. Наводила же на киргизов ужас октябрьская революция своими внешними проявлениями. Как происходило большевистское движение в центральных частях России, - киргизам было неизвестно. На окраинах же оно сопровождалось повсюду насилиями, грабежом, злоупотреблениями и своеобразной диктаторской властью. Говоря короче, движение на окраинах часто представляло собою не революцию (как обычно она понимается), а повлекшую анархию.

5-13 декабря в гор. Оренбурге был созван общекиргизский съезд, объявивший Киргизский край автономным и организовавший народную милицию. Тогда же было выбрано временное правительство под названием Алаш Орда из 15-ти киргизов с председателем Букейхановым (известный всему Киргизскому краю общественный деятель). Местом пребывания временного правительства был указан гор. Семипалатинск. Члены Алаш Орды, на первом своём заседании в гор. Оренбурге постановив собраться в г. Семипалатинске к 10-му января 1918 г., разъехались.

В назначенный срок члены правительства Алаш-Орда по разным причинам съехаться не могли. Между тем, во всех городах Киргизского края, в том числе и в гор. Семипалатинске, власть взяли в свои руки советские организации, куда под видом большевиков прибыли разные авантюристы из киргизов, которые именем советской власти творили безобразие. Например, киргизские деятели публично объявлялись вне за-

кона, причём за голову каждого из них назначалось до 25-ти тысяч рублей. При таком положении группа киргизской интеллигенции, которая стояла близко к Алаш Орде лишена была возможности непосредственно сноситься с центральной советской властью, а попытки её вступать в переговоры через посредников не привели ни к чему. Так, члены Алаш Орды в марте 1918 года по прямому проводу вступили было в переговоры с центральной властью, но переговоры эти были скоро прерваны полным молчанием в ответ на предложенный Алаш Ордой проект условий соглашения. Так как в этом проекте соглашения не было ничего выходящего из пределов основных положений, объявленных советской властью в декларации прав народов России, то прекращение переговоров полнейшим молчанием советской власти показалось правительству Алаш Орда, по меньшей мере, непонятным и сделало дальнейшие попытки в этом направлении совершенно бесполезными.

С наступлением весны началось движение против большевиков, и образовалось сперва Сибирское правительство, затем Самарский комитет членов Всероссийского учредительного собрания. Оставаясь верным основным началам, принятым на общекиргизском съезде, правительство Алаш Орда обратилось к вновь образовавшемуся сибирскому правительству с предложением о взаимном признании автономии Сибири и Киргизского края. Так как у сибирского правительства с самого начала его появления была явна буржуазно-империалистическая тенденция, т. е. тенденция возродить Россию в том самом виде, в каком она была до октябрьской революции, то ему нелегко было согласиться на предложение Алаш Орды, и,

благодаря этому, переговоры между двумя правительствами тянулись очень долго. Между тем, появилось новое правительство – самарский комитет – с демократическим направлением и с претензией на всероссийскую власть. После выяснения физиономии и направления нового правительства, представители Алаш Орды прервали переговоры с сибирским правительством и вступили в переговоры с самарским комитетом, предложив ему признать автономию Киргизского края, на что комитет охотно согласился. Вскоре после этого состоялось уфимское совещание, избравшее директорию из 5-ти лиц. На совещании представители мусульман, в том числе и киргизы, шли вместо эс-э-рами и эс-деками-меньшевиками. Директория перед самой своей смертью упразднила центральное правительство Алаш Орда, оставив действующими местные, т. е. областные и уездные его организации.

Упразднение автономного правительства Алаш-Орда и появление вслед за тем «верховного правителя» Колчака ясно показало киргизам, к чему клонится всё. Вчерашний царский слуга Колчак предстал перед киргизами во всём своём величии военного диктатора и со всеми прелестями царизма, которые ещё не изгладились из памяти народа.

Я, пишуший эти строки, являюсь представителем той группы киргизов-интеллигентов, которые, как сказано выше, руководили киргизской национальной политикой при царском правительстве и боролась с последним. Что пережили киргизы при царизме известно нам более, чем кому бы то ни было. Благодаря существованию у киргизов своеобразного социализма и коммунизма, вызванных жизненными условиями и бла-



годаря отсутствию у них классовой дифференциации и строгой разграниченности в предметах собственности, киргизский народ ещё не ощущал особенной нужды в социалистическом строе. Об идеально-теоретическом же социализме и коммунизме думать и мечтать им не приходилось, ибо они фактически не удостоились ещё и тех гражданских прав, которыми даже при царском правительстве пользовались рабочие и трудовое крестьянство русского происхождения. Хотя за киргизами декларативно признаны все права гражданства, но на деле они не освобождены ещё от гнёта и насилия старых поработителей. Если раньше кучка людей под именем царских чиновников безответственно угнетала и чинила над киргизами всякого рода насилия, то такую же деятельность проявляла на окраинах кучка тех же и других людей, прикрываясь именем большевиков-коммунистов. Я и мои единомышленники, не мирившиеся с таким положением раньше при царской власти, не могли мериться и теперь, и, думая, что подобные дела творятся повсюду в Советской России, были против признания советской власти. Однако появление Колчака с тенденцией монархической власти заставило нас подумать о той и другой власти, и мы, как убеждённые в том, что заветная мечта киргизского народа может получить своё осуществление, когда бы то ни было слева, а не справа, предпочли перейти на сторону советской власти, хотя последнюю мы по действиям большевиков представляли себе не в очень привлекательном виде.

Прибыв в Центральную Советскую Россию в качестве делегата от Тургайской группы алаш-ордин-

цев, пославших меня для переговоров с центральной властью, и увидев государственный порядок во всём и соответствующее провозглашённым в декларации прав народов России началам внимательное отношение к киргизскому национальному вопросу, я могу от чистого сердца сказать и успокоить моих товарищей, что предпочитая советскую власть колчаковской, мы не ошиблись. То, что делают на окраинах поддельные большевики, противно и духу и целям, преследуемых большевиками в центре. В виду этого я и другие, находящиеся в настоящее время в Москве, киргизы признали правильным начать работу по осуществлению автономии Киргизского края с центра, образовав Киргизский Ревком (Революционный комитет) из представителей киргизов и центральной власти. Таким образом, до созыва общекиргизского съезда, где киргизы, согласно объявленной советской властью декларации прав народов России, вольны решать свою судьбу, как им желательно, представители киргизов и центральной власти будут работать вместе, по-братски помогая друг другу в деле освобождения трудового киргизского народа от его угнетателей, привыкших чувствовать себя в отношении киргизов безответственными.

*А. Байтурсунов.*  
*«Жизнь национальностей»,*  
*№ 29. 03.08.1919. – С. 3.*

ҮШІНШІ БӨЛІМ

# ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІК

## ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІК

Ахмет Байтұрсынұлының он екі томдық шығармалар жинағының екінші кітабына «Маса» атты өлеңдер жинағы енді. Ақынның бұл өлеңдер жинағы үш рет: 1911 жылы Орынборда 92 бетпен, 1914 жылы Қазанда 95 бетпен, 1922 жылы Қазанда 95 бетпен жарық көргендігі туралы мәлімет бар.

Екінші томды баспаға дайындау барысында ағартушы ғалымның аяулы есімі ресми ақталғаннан кейін, атап айтсақ, 1989, 1991, 2003, 2013 жылдары қайта басылым көрген жинақтардағы өлең мәтіндері қарастырылып салыстырылды.

Негізінен, осы уақытқа дейін басылым көрген кітаптарда өлеңдер жинағының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба және текстология орталығында сақталған 1922 жылғы басылымының фотокөшірмесі қазіргі емлеге қопарылып, оқырман назарына ұсынылып келді. Өкініштісі, бұл маңызы зор фотокөшірме заманауи форматқа түсірілмегендіктен, фотоқағаздағы нұсқасының сапасы көнеріп тозған. Бұл томдықта ҚР Ұлттық кітапхананың Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қызметі қорындағы «Маса» кітабының Қазан мемлекеттік университетінің Н.И.Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасынан алынған PDF көшірмесі негізге алынды.

А.Байтұрсынұлы әдеби шығармаларының 1989, 1991 жылдары қайта басылған жинақтарындағы мәтін салыстырылып, ондағы өзгеріске түскен тұстары бастапқы қалпына келтірілгені жөнінде тұлғаның алты-томдық жинағында басты назарда болды. Түпнұсқадағы өлеңдер мен 13 аударманың орналасу тәртібі

қаз-қалпында берілді. Ал кейінгі басылымдардағы өзгерістер анықталып, салыстырулар рет-ретімен жіктелді. Бұл жинаққа 13 аударма, 22 өлең енген. Мұнан бөлек, «Байқаушы» бүркеншік есімімен жарық көрген өлеңдері де осы жинаққа топтастырылды.

«Жадовскаядан». «Мінсіз таза меруерт» тәржімасы туралы кейінгі 1989 жылғы басылымда: «...автор бұл өлеңді Ю.Жадовскаядан (1824–1883 жж.) аударған, 1911 жылы «Маса» жинағына енгізген. Содан кейін екі рет осы кітаптың қайта шыққан басылымдарында жарияланды» деген түсінік берілген (316-б.). Аударма туралы «20–30 жылдардағы қазақ әдебиеті» атты зерттеуде Ж.Ысмағұлов: «...екі шумақ сөз өрнегінің бұл күнге дейін ел ауызында Асан қайғы атына байланыстыра айтылып, қастерленіп келгені. Ахметтің Жадовскаядан аударған осы бір шағын толғауы енді өзіне қайтарылып отыр» деп жазды (Б. 410–423). Ал, әдебиеттанушы С.Мақыров «Таза мінсіз асыл тасты» енді шатастырмайық» деген танымдық зерттеу мақаласында өзіне дейін дәлелденген аудармаға не себепті қайта оралғанын былайша таратады. 1989, 1997-ші жылдары аударма туралы айтылған түсініктерге және кейінгі басылымдарға қарамастан БАҚ-та жарияланған «Асан қайғы жырларының көркемдік әлемі» деген мақалада «Ш» деген автордың бұл өлеңді Асан қайғының туындысына жатқызғанын айтады. Сол себепті де әдебиеттанудағы адасушылықтың алдын алу үшін Ахметтің аудармасы туралы тағы бір толғақты талдаудың әлі керектігіне байланысты өлеңнің тарихын түпнұсқасынан қарастырады. Орысша мәтіні:

«Лучший перл таится,  
В глубине морской.  
Зреет мысль святая  
В глубине души.  
Надо сильно буре  
Море взволновать,  
Чтоб оно в борении  
Выбросило перл?  
Надо сильно чувству  
Душу потрясти,  
Чтоб она в восторге,  
Выразила мысль»

деген жолдарды көркемдік-стильдік тұрғыдан шұба-лаңқы, балаң жеткізілген туынды дейді. Бірақ ағартушы әрі ақын Ахметтің бұл өлеңге философиялық тұрғыдан келгенін және «перлді» меруерт деп баламалаудағы негізгі ойдың пәлсапалық мәнде екенін айтады. Жадовскаяның үш шумақты шашыраңқы ойын А.Байтұрсынұлы «...тігісін жатқызып, ойын әрлендіре, жандандыра екі шымыр шумаққа жинақтап, қазақы өлеңнің қалыбына салып, таза ұлттық пішіндегі төлту-ма деп санауға лайық әсем аударма жасаған», – дейді.

Шындығында, қос өлеңді қатар оқысаңыз, екі өлең-нің мазмұны бір-бірінен алшақ жатыр. Ал өлеңге «Жадовскаядан» деген мәлімдеме берілмесе, өлеңді Байтұрсынұлыныкі деп қабылдарымыз хақ.

Жадовская Юлия Валериановна – орыс жазушысы. Лирикалық өлеңдердің, «Стихотворения», «Отсталая» повесінің, «В стороне от большого света», «Женская история» романдарының авторы. Жарияланған жинақ-тары: Полн. собр. соч. Т. 1-4. СПб, 1894; Избр. стих., Ярославль, 1958. Добролюбов Н.А. Стихотворения Юлии Жадовской. Собр.соч. т. 3. М-Л., 1962.

«Нәбек аты». Бұл шығарманың атауы түпнұсқада осылай берілген. Ал, 1989, 1991 ж.ж. жинақтарда атау сөз «Нәбік» деп өзгертілген. 2003 ж. жинақ түпнұсқадағы қалпына келтірілген, соңғы нұсқасы берілді.

Түпнұсқадағы «Малы көп, түрлі бұйым бәріне сай» деген сөйлемдегі «бәріне» деген сөз 1989, 1991 ж.ж. басылымда «бәрі де» деп берілген. Түпнұсқадағы «Үстіне сылқым-сылқым киіп алып» деген өлең жолы «Үстіне салқам-салқам киім іліп» деп өзгертілген. Түпнұсқалық қалпы 2003 жылы түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Сорлы болған мұжық». Түпнұсқадағы «Қаншығым балалады күні кеше» деген тармақтағы «балалады» деген сөз 1989 ж. жинақта «күшіктеді» деп өзгертілген. Түпнұсқа 2003 жылы қалпына келтірілді, осы жинақ бойынша берілді.

«Қаздар». Түпнұсқадағы «Пайдасы, базар өтіп, кетер жерде» деген тармақ 1989, 1991 жылғы жинақтарда «Базар өтіп, пайдасы кетер жерде» деп өзгеріске түскен. Түпнұсқада «Біздің бе (\*)... жоқ өткізген еңбегіміз?» деген тармақтағы «біздің» деген сөзден кейін жұлдызша қойылып, осы беттің астына «ойланып, ойланып» деген автор сілтемесі берілген. Сілтеме 1989 ж. жинақта жоқ. Осы жолдан кейінгі «Әше жөн» деген сөз 1991 ж. басылымда «Әсте жөн» деп өзгертілген. Түпнұсқа бойынша 2003 жылы түзетілді, осы жинақ негізге алынды.

«Есек пен үкі». Бұл өлең 1991 ж. басылымда «Қырық мысал» жинағының 36-ншы мысалы ретінде берілген. Түпнұсқаға сүйенсек, аударма «Маса» жинағында жарияланған. Сондай-ақ, түпнұсқада «Есек пен үкі» мысалының түйіні ретінде берілген ғибрат:

«...Жазған сөз жаным ашып Алашыма:  
Алаштың адасқан аз баласына.  
Қаннан қан еткен інім, бауыр жұртым!  
Қараған «Қара таудың» қаласына.  
Іші лас, сырты таза залымдардың  
Алданып құр сыртының тазасына.  
Мәз болып байғазы алған балаларша  
Сатылып жылтыраған танасына.

Әбілдің зиаратын аттап өтіп,  
Қабылдың бата қылма, моласына.  
Қорыққанға қос көрініп, қойдай үркіп,  
Тығылып дажалдың итханасына.

Ес кетіп, сабыр қалмай сасқалақтап,  
Қорыққаннан көзің сыймай шарасына.  
Ұмытып Құдайды да, Құранды да,  
Бас ұрма Лат, Манат ағашына»

төрт шумақтың алдында келетін яғни «Тал түсте лақты деп соны айтып жүр» деген тармақпен тәмамдалған бөлігі «Аудармалар» деген тарауға, ал жоғарыда келтірілген «Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген тармақтан басталатын алдыңғы мысалдық бөлікте айтылған ғибраттық ойды білдіріп тұрған қорытынды бөлігі «Өлеңдер» атты тарауға топтастырылған. 2003 ж. басылымда бұл мысал түпнұсқадағы қалпына келтірілді.

«Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген тармақтан басталатын жоғарыда келтірілген үзінді «Ақ жолға» (1991) енбей қалған. Түпнұсқадағы «Тығылып дажалдың итханасына» деген тармақ 1989 ж. жинақта «Тығылып тажалдың бұтханасына» деп берілген



және түпнұсқадағы «Бас ұрма Лат, Манат ағашына» деген тармақ 1989 жылғы жинақта «Бас ұрма ланат-манат ағашына» деп өзгертілген, бұл өзгертулер түзетілді. Лат, Манат, Ғузза – арабтардың ислам дінін қабылдаған уақытқа дейін табынған пұт мүсіндері.

«Қазақ қалпы». Түпнұсқада бұл атау «Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған» деп басталатын өлеңдікі. Ал 1989, 1991 ж. жинақтарда бұл өлеңнің аты «Қазақ салты» деп өзгеріске түскен. Түпнұсқа бойынша «Қазақ салты» атты өлеңі «Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ» деп басталады. 1989, 1991 ж.ж. жинақтарда соңғы өлең «Қазақ қалпы» деп аталады. 1922 жылғы нұсқада «Қазақ қалпы» өлеңі бірінші, «Қазақ салты» екінші берілген. Түпнұсқалық қалпына 2003 жылы келтірілді.

«Қазақ салты». Осы өлеңдегі «Жақынмен ырылдас-тық иттей үрдік» деген тармақтағы «ырылдастық» деген сөз «Ақ жолда» «араздастық» деп өзгертілген. Бұл сөз түпнұсқадағы қалпына 2003 жылы түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Жиған-терген». Түпнұсқада «Мақтады ұлық – болды мәз!» деген тармақтағы «ұлық» деген сөзге А.Байтұрсынұлы «ұлық – хакім» деген түсінік берген. Түпнұсқада сонымен қатар «Арендаға алып па» деген тармақтағы «арендаға» деген сөзге де автор «жалдауға» деген сілтеме берген. Ал бұл түсініктер 1989, 1991 жж. жинақтарда негізге алынбаған. Түпнұсқадағы «Жан-жақты бұлт торлады» деген тармақ 1989, 1991 жж. жинақтарда «Көкті бұлт торлады» деп өзгеріске түскен. Түпнұсқадағы: «Қазағым, елім, Қайқайып белің» деген тармақтағы «қайқайып» деген сөз «Ақ жолда» (79-б.) «қайқиып» деп өзгерген. Осы

келтірілген тармақтың соңына жұлдызша қойылып, сілтеме түрінде: «Соңғы 8 жол өлең төңкерістен бұрын шыққан «Масаларда», цензура рұқсат етпегендіктен басылмаған. А.Б.» деген түсінік берілген. Бұл түсінік 1989, 1991 жж. жинақтарға енбей қалған. Және 1989 ж. жинақта: «1922 жылғы Қазаннан шыққан басылымында:

Қазағым, елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып.  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш, көзіңді, оянып!  
Қанған жоқ па, әлі ұйқың,  
Ұйықтайтын бар не сиқың? –

деп келетін 8 жол өлең қосылыпты» деген түсінік берілген (311-б). «Ақ жолдың» алғысөзінің авторы да осындай түсінікті өз атынан берген. Өзгерген тұстар түпнұсқа бойынша 2003 жылы түзетілген.

«Жауға түскеннің сөзі». Өлең атауы түпнұсқада 1989, 1991 жж. жинақтарда «Жауға түскен жан сөзі» деп өзгеріске ұшыраған. Түпнұсқадағы өлең атауы 2003 жылы қалпына келтірілді, осы жинақ негізге алынды.

«Адамдық диқаншысы». «Көңілін көгертуге құл халықтың» деген тармақтағы «көгертуге» сөзі «Ақ жолда» «көтеруге» деп өзгертілген. Бұл сөз түпнұсқадағы қалпына 2003 жылы түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Көк есектерге». Түпнұсқадағы: «Мүбтала ғып салғандай бұл азапқа» деген жолдың бастапқы сөзі 1991 ж. жинақта: «мұншама» деп өзгертілген. Бұл

өлең 1989 ж. жинаққа енбеген. «Мұбтала» – араб сөзі, «душар болу», «бір нәрсеге ұшырау, жолығу» деген мағынада қолданылып тұр. Түпнұсқа бойынша 2003 жылы түзетілді, осы жинақ негізге алынды.

«Қа... қаласына». Түпнұсқада қысқартылған қала аты 1991 ж. жинақта «Қарқаралы» деп толықтырылған. Түпнұсқа 2003 жылы қалпына келтірілді, осы жинақ негізге алынды.

«Жұбату» (Қазақтың бала жұбату өлеңі). Түпнұсқадағы: «Нулы, нулы Жерің қайда?» деген сөйлемнің бастапқы сөзі «Ақ жолда» (72-б.) «Тулы» деп өзгертілген. Ал, «Сулы, сулы» деген тармақ «Сулы, шулы», «Ел қорғаны» деген тіркестер 1991 ж. жинақта «Ел қорыған» (72-б.) деп өзгертілген. Түпнұсқадағы: «Сулы көлден сұсты айырды» деген сөйлемдегі «сұсты» деген сөз 1989, 1991 жылғы жинақтарда «кұсты» деп өзгертілген.

Осы төрт буынды өлеңнің түпнұсқадағы: «Биің болды» деген тіркес 1989, 1991 жж. жинақта «Биің болды» деп өзгеріске түскен. Ахмет түзген «би» мен «биің» деген сөздің мәнін аңғару үшін осы жолдарды:

37. «...Би орнына
38. Биің болды,
39. Би деу бірақ
40. Қиын болды...»

зер салып, үңілсек «бұрынғы бидің» орнына «би болғанның» билігі «би» деп айтуға келмейтінін қоғамға аңдату. Өлеңнің 41-тармағындағы: «Қаралды би» «Қараны би» (73-б.) деп, ал «Қараны жан» деген тіркесі «Параны би» деп өзгеріске түскен. Бұл өлең жолдары түпнұсқадағы қалпына 2003 жылы түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Н.Қ. ханымға». «Ақ жол» жинағында «Н.Қ-ханымға» өлеңінің атауына құрастырушы тарапынан «Нәзипа Құлжановаға арналған» деген сілтеме берілген. Түпнұсқада анықтамалық-сілтеме берілмегендіктен, 2003 ж. жинақта түпнұсқалық қалпы бойынша берілді.

«Ақын ініме». 1922 ж. түпнұсқадағы: «Азырақ құлағың сал, ақын інім! Ойымыз, рухымыз жақын, інім» деген жолдар 1991 ж. жинақта: «Аз сөзге құлағың сал, ақын інім! Ой, пікір, рухымыз жақын, інім» десе, «Аузымен орақ орып бәрін де етер» деген тармақ «Аузымен орақ орып бәрін де істер» деп, «Қымыз бен еті жоқ құр татыр білім» деген соңғы жолы «Еті мен қымызы жоқ – тақыр, інім» өзгеріске түскен.

Өлеңнің Міржақып Дулатұлына арналғандығына құрастырушы сілтеме берген. Өзгертеулер түпнұсқа бойынша 2003 жылы қалпына келтірілді.

«И.Б. жездем хатынан». Бұл өлең 1991 ж. жинаққа кірмеген, ал 1989 ж. жинақта 11 жолы түсіп қалған. Шумақ мәтіні мынадай:

«...Мода болды кіділік,  
Сал сөзді елегіш.  
Бір жөнге тарту жоқ,  
Шалқайақ ерегiс,  
Алалықтан күш бөлу –  
Бұл қанша керек іс?  
Шемен бар әуе дерлік,  
Сасық бар бүйе дерлік  
Замана түрленді,  
Жақсылар кірленді,  
Азасынан у жерлік».

Осы өлеңдегі «мода» деген сөзге А.Байтұрсынұлы

«ресім» деген балама берген. 1989 ж. жинақта бұл ескерілмеген. Түпнұсқаның бастапқы қалпы 2003 ж. жинақта толығымен берілді.

«Жауап хаттан». Бұл өлең «Ақ жол» жинағына енбеген. Түпнұсқадағы: «Жолдан мен де шықпайын, Сөзбен сыйлап мықтайын» деген тармақтар 1989 ж. жинақта: «Жолдан мен де шықпаймын, Сөзбен сыйлап мықтаймын» деп өзгертілген. Өлең жолдарындағы өзгертулер түпнұсқадағы қалпына 2003 жылы түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Ғылым». Бұл өлең 1991 ж. басылымда жоқ. Осы өлеңде: «Сөз емес арнап жазған дос пен қасқа» деген жолдардан кейін келетін:

«Ғылым бар бет жууда талай, – дедік.  
Жуған жөн бұлай бастап, бұлай – дедік.  
Жусандар солай етіп, сауабы көп,  
Жаза бар жұмағанда олай, – дедік.

Шарттар көп, – дедік, – ғұсыл құйынғанда,  
Шаһуат пәлендей боп құйылғанда,  
Қалайша көзде(...) деп айтпады екен?

Үйрет, – деп, – мұның бәрін, бұйырғанда!»  
деген екі шумағы 1989 ж. жинаққа кірмеген. Өзгертулер мен өлең шумақтары түпнұсқадағы қалпына 2003 жылы түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Надсоннан». Надсон Семен Яковлевич – петерборлық орыс ақыны. Азаматтық, ғашықтық тақырыптардағы және табиғатты бейнелейтін лирикалық өлеңдерімен қатар «Христианка» (1878), «Көктемгі ертегі» (1882) атты поэмалардың, «Проза. Күнделіктер. Хаттар» (1912) атты кітабына енген прозалық шығар-

малардың, «Софья патшайым» атты өлеңмен жазылған драмалық туындының авторы. Шығармалары мынадай басылымдарда жарияланған: 1. Полн. собр. соч. Т. 1-2. Петербург, 1917; Полн. собр. стих. М.-Л., 1962; С.Я.Надсон. (Сб. статей), СПб., 1887.

Бұл аударма өлең 1991 ж. жинаққа енбеген. Түпнұсқадағы: «Бұзықтық түзіктікті таптағанға» деген тармақ 1989 ж. жинақта «Бұзықтық түзуінді таптағанға» десе, «Жүре алмай, дымы құрып, сонда әрі» деген тармақ «Жүре алмай, демі құрып сонда әрі» өзгертілген. Бұл жолдар түпнұсқадағы қалпына 2003 жылы түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Бақ». Түпнұсқадағы: «Жаңа түсіп басылған» деген тармақтағы «жаңа» сөзі 1989 ж. жинақта «ана» болып өзгеріске түссе, «Гүл қамауда сеніп тұр» деген тармақ 1989, 1991 жж. жинақта «семіп» десе, «Қашан көңіл жасарар» деген тармақ 1991 ж. жинақта «Қашан көңіл жарасар» деп берілген. Бұл сөздер түпнұсқадағы қалпына 2003 жылы түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Пушкин (Вольтерден)». Бұл өлең – А.С.Пушкиннің «Стансы (из Вольтера)» атты туындысының аудармасы. Пушкин шығармаларының 10 томдық толық жинағында 1817 жылы жазылған бұл шығарма жөнінде: «При жизни Пушкина не печаталось. Вольный перевод стансов Вольтера Сидевиллю» деп жазылған (А.С.Пушкин. Полное собрание сочинений в десяти томах. Издание четвертое. Том первый. Стихотворения. 1813-1820. Ленинградское отделение Ленинград: Наука, 1977. Стр. 471).

Вольтер (бүркеншік аты, шын аты мен фамилиясы – Мари Франсуа Аруэ. (21.11.1694, Париж – 30.5.1778, сонда) – француз жазушысы, философ, тарихшы.

«Стансы» терминіне М.В.Гаврилов: (франц. «stance», италиянша «stanza шумақ», сөзбе сөз мағынасы: тұрған жер, аялдама) XVIII-XIX ғ. поэзиясында шағын көлемді шумақтар түрінде жазылған (әдетте төрт тармақ, көбінесе 4 бунақты ямб), әрқайсысынан соң міндетті кідіріс (нүкте), мазмұны көбінесе медитативті. Орыс әдебиетінде А.С.Пушкиннің «Стансылары» кеңірек танылған. С. жанрлық белгілері айқын емес, XIX ғ. өшеді», – деп түсінік берген (Литературный энциклопедический словарь. Москва: Советская энциклопедия, 1987. Стр. 419).

1991 ж. жинақта аударма-өлең атауындағы «Пушкин» деген сөзі көрсетілмеген. 2003 ж. жинақта түпнұсқа бойынша «Пушкин. (Вольтерден)» деп түзетілді. Түпнұсқадағы: «Қыздыр дейсің, топ, жиынды жан дейсің» деген тармақ 1989, 1991 жж. жинақта «Қыздыр дейсің мәжілісті, жан дейсің» деп өзгертілген. Бұл өзгеріске түскен өлең жолдары түпнұсқадағы қалпына 2003 жылы түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Ат». Түпнұсқадағы: «Әбзелмен жарқыраған әсем басып» деген тармақтың «басып» сөзі 1989, 1991 жж. жинақта «басқан» деп өзгертілген. Бұл сөз түпнұсқадағы қалпына 2003 жылы түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Данышпан Алектің ажалы». Бұл аударманың атауы 1989, 1991 жж. жинақта «Данышпан Аликтің ажалы» деп берілген. Бұл өлең А.С.Пушкиннің «Львов жылнамасындағы» жылнамалық әңгіме негізінде жазылған. 1825 жылы жарияланған «Песнь о Вещем Олеге» атты шығармасының аудармасы.

Түпнұсқадағы: «Царград – Станбул қаласының бұрынғы аты. Сауыт Царград – сонан шыққан сауыт».

«Перун – дінсіздер табынатын пұт» деген А.Байтұрсынұлының берген түсініктері 1989 ж. жинақта: «Царград – қаланың аты. Сауыт – сонан шыққан сауыт. 2. Перун – дінсіздер табынатын пұт» болып, ал «Ақ жолда»: «Пұт, дінсіздер табынатын» деп, «перун» сөзіне ғана түсінік берілген. Осы өлеңдегі: «Қалқаның қақ басында Царградтың» деген тармақ 1989, 1991 ж.ж. жинақта «Қалқанның – қақ басында Царградты» десе, ал «Күңіркеп дұшпандарың көре алмайды» деген тармақ «Күңкілдеп, дұшпандарың көре алмайды» деп, «Әйтсе де, ой мен жүзі торғылданар» деген «Әйтсе де ой мен жүзі тарғылданар» деп өзгеріске түскен. Өзгертілген өлең жолдары түпнұсқадағы қалпына 2003 жылы түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Балықшы мен балық». А.С.Пушкиннің 1833 жылы жазылған «Сказка о рыбаке и рыбке» поэмасының аудармасы.

Түпнұсқадағы: «Деп ұрысты: «Миы ашыған, қу, көк сақал» деген тармақ 1989, 1991 жж. жинақта «Алжыған, миы ашыған, қу көк сақал» деп өзгертілсе, осы туындыдағы: «Зумрет, березелі бар білезік» деген тармақтағы «зумрет» – «зумруд» деп, «Жеткен жоқ жаным әлі ризалыққа» дегендегі «ризалыққа» – «ырзалыққа» деп өзгеріске түскен.

Ал түпнұсқада берілген 3 шумақ 1989 ж. жинақта бар, «Ақ жолға» енбей қалған:

«...Шал айтты: – «Құтырдың ба? Түзу ме есің?

Болмасын астамшылық, мұның кесір!

Білмейсің іс ретін, сөз мәнісін,

Жұрт күлер: «Қор болған, – деп, – бақыт, есіл!»

Бұл сөзге кемпір қатты ашуланып,

Жіберді шалды жаққа салып-салып.



Қалайша маған қарсы сөз айтасың?  
Сен мұжық, мен ақ сүйек, қой – деп, танып!  
Сөз айтар шалда хал жоқ, жөнеледі,  
Қарайып теңіз беті, түнереді:  
Шақырған шал даусына балық келіп,  
«Ақсақал, не айтасың? Сөйле!» деді».

Бұл шумақтар және өзгеріске түскен сөздер түпнұсқадағы қалпына 2003 жылы түзетілген, осы жинақ негізге алынды.

«Алтын этеш». А.С.Пушкиннің 1834 жылы жазылған «Сказка о золотом петушке» атты өлеңінің аудармасы.

Түпнұсқадағы: «Арқадан да, Құбыладан» деген өлең жолы «Ақ жолда» «Сырттан десе, Құбыладан» деп, «Қыз: «Хи-хи-хи! Ха-ха-ха!» деген тармақтан кейінгі «Қорықпайды екен обалдан. Күлген болды һәм Дадан» деген тармақтар «Дейді: «Батыр хан Дадан, Қорықпас білем обалдан» 1989, 1991 жж. жинақта өзгертілген. Бұл өзгертулер түпнұсқадағы қалпына 2003 жылы түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Лермонтовтан». Бұл туынды «Ақ жолға» енбеген. Түпнұсқадағы: «Отрывок из поэмы Лермонтова», «Мцыри», «Монах – сопы» деген түсінік-сілтемелер 1989, 1991 ж.ж. басылымдарда ескерілмеген. «Тифлис шаһарына өтіп кетті» дегендегі қала аты 1989 ж. жинақта «Тиблис» деп, «Мейілі шаппағанын дәм-тағамға» деген тармақтың бірінші сөзі «Тәбеті» деп өзгертілген. Бұл өзгеріске түскен сөздер мен сілтемелер түпнұсқадағы қалпына 2003 жылы түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Маса» жинағындағы «Сөз иесінен» атты аңдатуындағы «маса» деп отырғаны өзі екенін, Ахмет Байтұрсынұлы былайша баян етеді:

«Ызындап ұшқан мынау біздің маса,  
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.  
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,  
Дегенмен, қара йаки қызыл маса.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,  
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша,  
Ұйқысын, аз да болса, бөлмес пе екен,  
Қоймастан құлағына ызындаса?!».

Жинаққа «Маса» аңдату-шумақ ретінде, 1.«Сөз иесінен» беташары іспетті, өз тарапынан 2.«Жазушының қанағаты» атты ғибраты орын алып, 3.«Туысыма», 4.«Жазған сөз жаным ашып Алашыма...», 5.«Қазақ қалпы», 6.«Қазақ салты», 7.«Достыма хат», 8.«Жиған-терген», 9.«Анама хат», 10.«Тілек батам», 11.«Жауға түскеннің сөзі», 12.«Адамдық диқаншысы», 13.«Көк есектерге», 14.«Қа... қаласына», 15.«Жұртыма», 16.«Жұбату» (Қазақтың бала жұбату өлеңі) 17.«Н.Қ. ханымға», 18.«Ақын ініме», 19.«И.Б. жездеме», 20.«Жауап хаттан», 21.«Ғылым», 22.«Бақ», 23.«Тарту» сынды өлеңдері енген. Сонымен қатар, Ю.В.Жадовская, С.М.Надсон, Вольтер, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов өлеңдерінен аударған 13 мысалы енгенін жоғарыда атап өттік. Ақын өлеңінің жазылу тарихына және қай жинақтарда жарияланғаны туралы әдебиетші Сәрсенбі Дәуітов 1989-шы жылғы басылымда түсінік берген. Ахметтің бұдан бөлек, «Ер Сайын» жинағының беташары ретінде жазған 1.«Атақты Сібір ұлы қарт Потанин», «Байқаушы» бүркеншік атпен жарық көрген: 2.«Туған тілім», 3.«Дағдарыс», 4.«Қойан» деген өлеңдері бар. Әзірге бізге белгілісі – 27 өлең.

Академик С.Қирабаевтың «Ахметтің ақындығы» талдау мақаласында: «қайраткерді әлеуметтік шын-

дықтың ақыны, дәуірлік құбылыстарды нақ сыпаттаған, жаңашыл ақын әрі ойшыл сүгіреткер» екендігі оның өлеңдерін талдап, тарату арқылы сараланады (Б.3–10). Зерттеуші «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Жиған-терген» атты өлеңдердегі «бейнелілікке» баса назар аударып, қиын-қыстау кезінде – алаш азаматының бәрін ««таразыға тартып», сыннан өткізген сүгіреткер-ақын» дейді (Б.3–10). Мәселен, «...Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған, Сахара көлге қонып салқындаған. Бір өртке қаудан шыққан душар болып, Не қалды тәнімізде шарпылмаған» деген шумақтағы үшінші жолдағы «өрт» сөзінен «отаршылдықтың өрті», осыған қарсы тұратын қазақта кім бар? деген ақынның «жанайқайын» аз сөзге сыйдырғанын, халқына ызалана, күйіне отырып та, оның болашағы мен азаттығына бар өмірін арнағанын айтады. Абайша қайғырып, Абайша толғанады. Ахметтің «Масасы» талай елді оятты. ...Ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды. Олар «ұстаз ағасының ісін жалғастырып алып кетті» деген пікір айтады. Бірақ, Ахметке олармен жарысып, поэзияда қызмет істеу қажет болмай қалды. Ахметтің ақындығы осымен тәмам болып, ол өзін халқына қажетті ең өзекті мәселеге жұмсады. Йәғни, оның «ақындығын ғалымдығы» жеңіп кетті. Әрине, бұл Ахметтің ақындығын, азаматтық поэзиясындағы талантты туындыларын жоққа шығара алмайды. Қайта, қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста «жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашанда да тарих биігінде тұрады» деп түйіндейді тұжырымын (Б.3–10).

Ақынның «Мінсіз таза меруерт» тәржімасы туралы кейінгі 1989-шы жылғы басылымда: «...автор бұл өлеңді Ю.Жадовскаядан (1824–1883 жж) аударған,

1911-ші жылы Орынборда жарық көрген «Маса» жинағына енгізген. Содан кейін екі рет осы кітаптың қайта шыққан басылымдарында жарияланды» деген түсінік берілген (316-б.). Бұл аударма туралы профессор Ж.Ысмағұлов: «...екі шумақ сөз өрнегінің бұл күнге дейін ел аузында Асан қайғы атына байланыстыра айтылып, қастерленіп келгені. Ахметтің Жадовскаядан аударған осы бір шағын толғауы енді өзіне қайтарылып отыр» деп жазды (Б.410–423). Ахметтің романтикаға бой алдырғанын, оның Пушкин, Лермонтов, Надсон шығармаларына жүгінуінен аңғаруға болады дейді. Ж.Ысмағұловтың аударма жөніндегі ой-тұжырымына сүйенген әдебиеттанушы С.Мақыров «Таза мінсіз асыл тасты» енді шатастырмайық» деген танымдық зерттеу мақаласын жазды. Бұл мақала зерттеушінің «Қазына» атты монографиялық зерттеу еңбегіне енді (Б.44–45). С.Мақыров өзіне дейін дәлелденген аудармаға не себепті оралғаны жөнінде: «1989, 1997-ші жылдары аударма туралы айтылған түсініктерге» және кейінгі басылымдарға қарамастан БАҚ-та жарияланған «Асан қайғы жырларының көркемдік әлемі» деген мақалада «Ш» деген автордың бұл өлеңді Асан қайғының туындыларына жатқызғанын айтады. Сол себепті де, әдебиеттанудағы адасушылықтың алдын алу үшін Ахметтің аудармасы туралы тағы бір толғақты талдау-түсініктің оқырманға әлі де керектігіне байланысты, өлеңнің тарихын орысша нұсқасынан қарастырады. Нақтысы, Жадовскаядан туындысынан бастайды:

«Лучший перл таится  
В глубине морской;  
Зреет мысль святая  
В глубине души.

Надо сильно буре  
Море взволновать,  
Чтоб оно в бореньи  
Выбросило перл;  
Надо силно чувству  
Душу потрясти,  
Чтоб она, в восторге,  
Выразила мысль», -

деген жолдарды «көркемдік-құрылымдық тұрғыдан шұбалаңқы, балаң жеткізілген туынды» дейді. Бірақ, ағартушы әрі ақын Ахметтің бұл өлеңге философиялық тұрғыдан келгенін және «перлді» – «меруерт» деп баламалаудағы негізгі ойдың пәлсапалық мәнде екенін айтады. Жадовскаяның үш шумақты шашыраңқы ойын Ахмет «...тігісін жатқызып, ойын әрлендіре, жандандыра екі шымыр шумаққа жинақтап, қазақы өлеңнің қалыбына салып, таза ұлттық пішіндегі төлтума деп санауға лайық әсем аударма жасаған» дейді (Б.44–45). Шындығында, қос өлеңді қатар қойып оқысаңыз, екі өлеңнің мазмұны бір-бірінен соншалықты алшақ жатыр. Қазақша нұсқасы:

«Мінсіз таза меруерт  
Су түбінде жатады.  
Мінсіз таза асыл сөз  
Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан зат  
Жел толқытса шығады.  
Ой түбінде жатқан сөз

Шер толқытса шығады» (18, 65-б.).

Егер Ахмет Байтұрсынұлы бұл туындысына «Жадовскаядан» аударғанын жазбаса, өлеңді өзінікі деп қабылдарымыз хақ.

## ТАБЫЛҒАН ТУЫНДЫЛАРЫ

«Табылған туындылар» атты бұл тараудың осылай аталуының өзіндік ерекшелігі мен түрлі себебі бар. 1). Ахаңның есімі ақталғаннан кейін шығармаларын қайта бастыру жұмыстары қолға алынды. Жинақтар қысқа мерзімде басылғандықтан, ғалым мұрасы мұрағаттардан жинастырылып үлгермеді. Жабық қорлар тіркеуіндегі кейбір мұраға арнайы мекеменің ұлықсаты қажет болды. 2). Тәуелсіздік кезеңдегі ғалымдар арасында Ахаң емлесін танитындар некен-саяқ болғандықтан, Алаш мұрасын танып-оқуға, зерделеуге, сараптауға біршама уақытпен қатар, пайымдаулар керек болды. Өйткені, кітаптар төте (арабша) жазумен басылғандықтан, оқып шығуға «екінің бірінің тісі батпайтын». 3). Гуманитарлық білім саласында ізденіп жүрген кейбір жас зерттеушілердің БАҚ-та тұлғалардың тың туындылар туралы мақалалар жарияланғанына қарамастан, ғылыми ортада бұл деректер бірде еленсе, бірде еленбеді. Оған басты себеп, алынған материалдың дерек көзі анық көрсетілмеуі, біржақты баяндалуында болды.

Сонымен қатар, кейбір көрсетілген сілтемелердің ала-құлалығы: тура аталмауы, мұраларды сараптауда, оның ғылыми айналымға түсуіне біршама кедергілер келтірді. Мәселен, «Байқаушы» бүркеншік есімін зерттеушілер бірде «Міржақыптыкі» десе, тағы бірде «Ахметтікі», не «Әлихандыкі» деген болжамдар ұсынып отырды. Десек те талай жылғы ғылыми-зерттеулерді салыстырылуы негізінде, бұл бүркеншік аттың «Ахмет Байтұрсынұлына» тән екендігі анықталды. Әрі осы атпен 1915-1916 жылдары «Қазақ»

газетінде жарық көрген үш өлеңі, ғалымның бес томдық шығармалар жинағының 3, 5-ші томына енді. Бірақ, 2006 жылғы басылымның таратылу тиражы – 2000 дана ғана. 1989, 1991, 1992 жылдары қайта басылған туындылардың тиражы 10 000-20 000 данамен таратылса, кейінгі ХХІ ғасырға аяқ басқан тұста жарық көрген кітаптардың тиражы күрт қысқарды. Мұндай ауытқушылық кітапқа сұраныстың төмендеуінен емес, жаһандану заманындағы адамзаттың қоғамдағы жаңалықтарды қабылдауында ақпараттық жүйеге көбірек ден қоюынан болса керек. Өскелең ұрпақтың ғаламтордағы жаңа сипаттағы электрондық кітапқа жүгінуі себепті, баспаханалық кітаптың шығарылуы күрт төмендеді.

Жалпы, басылып шыққан кітаптар өміршең. Оған: мұрағаттардағы қатталған кітаптар куә. Мәселен, кітап бастыру жұмысы ХІХ ғасырдан бастап қолға алынғаны, 1807 жылы «Сейфул-Мәлік» кітабының тұңғыш рет басылғандығы туралы мәлімет бар. Бұл кітаптарды оқу қолайлы, әрі денсаулыққа қандай да зияны жоқ. Әлі осы кітаптарды «шырақ алып жүріп» іздейтін боламыз... Тасқа қашалған жазулар мен басылған кітаптарды мәңгілік десек, артық айтқандық емес. «Қаламмен жазылғанды, балталап өшіре алмас» деген осы болар, сірә! Сондай-ақ, Алланың сөзін хақиқат деп таныған киелі төрт кітаптың ұрпаққа жалғасуы баспа жұмысы арқылы іске асты емес пе?! Ендеше, кітап – біздің өткеніміз, бүгініміз һәм болашағымыз.

## ДАҒДАРЫС

Ой Алла, заман нендей түрленіп тұр,  
Айтуға тілің жүрмей күрмеліп тұр.  
Оң-теріс, обал-сауап құр сөз болып,  
Сан заттар «сап» деп жүрген кірленіп тұр.

Көпірген көп қиалдар жел болып тұр,  
Негіздік «күрес» пенен «бел» болып тұр.  
«Қанқұмар Шыңғыс пенен Темір еді,  
Несі одан бұ күнгінің кем болып тұр».

«Мысықтар» Арыстанға жем болып тұр,  
Көз жасы көртышқанның көл болып тұр.  
Айырылып атадан ұл, құстан сыңар  
Алысқан «ауру» «сау» тең болып тұр.

Бәйгеден қосқан жерде күш келіп тұр,  
Жолдасып қанша нәрсе істеліп тұр.  
«Ғайса» жоқ, «Мұхамбетті» қатал дейтін,  
Байағы «Абыл-Қабыл» тұс келіп тұр.

Мың қоссаң бәйгеден күш, мың келіп тұр,  
Өтірік қатарласып тең келіп тұр.  
Томардай үкі тағып, тұмар байлап,  
Қосқанмен алдында қай шын келіп тұр.

Жер жүзі қызыл қанға бойалып тұр,  
Ес кетіп, ескі намыс ойанып тұр.  
Үлгілі Еуропа ұлттарынан,  
Үлгі ал деп айтуға ауыз ұйалып тұр.

*(Қазақ, № 161, 1915).*



## ҚОЙАН

Мұз төсеп, қармен басып, құбан қып тұр,  
«Мал құтын ойсыратам, ойам» деп тұр.  
«Қабанды қоймен өтсе имену жоқ,  
Бір жайып жүрегінді қойам» деп тұр.

Ала көз қимасыңа жетіп алып,  
«Малды алып, адамыңды ашықтырып,  
Қырамын бәріңді де жойам!» деп тұр.  
Ал, Алаш, білге салып, бермен жібер!  
Ол қай бір-біріңе неге тобам» деп тұр.  
«Әй мұжық, сіз де мына біл!» деп отыр,  
«Сөзімді құлағыңа ал!» деп отыр.

«Қорқытып қазақтардан көп қолқа алғыш,  
Атақты мен ақ қойан жыл», деп отыр.  
Мұжықтар: «Мынау астық, анау пішен!  
Солардан өнгендей сен кім?» деп отыр.

«...» да адам қор нар аң ба әйді?» деп,  
Кемсініп, келемеж ғып, ендеп отыр.  
Қай қазақ нақ осындай балуан боп,  
Қойанға қарсылық қып үндеп отыр.

*(Қазақ, №163, 1915).*

## ТУҒАН ТІЛІМ

Кенің бай, келімің мол, туған тілім!  
Дыбыстың теріп сөз ғып, буған гүлін.  
Қайырған қайдағыны жүйрік ең сен,  
Мен тосып құтыла алмас құсам білім.

Қонып тұр, ордаң міне, жаңа жұртқа,  
Салып тұр ұлың «қазақ» көзін сыртқа.  
Жау болсаң, жақындама, аулақ жүр деп,  
Ел болсаң, есігім бос, ен деп ұлтқа.

Балықтай жүзіп адам, құстай ұшқан,  
Түндігің ашулы тұр күн-батыстан.  
Ғылым мен кереметтің кенін тапқан,  
Нұр кірер білім, өнер мол жақ тұстан.

Кірлетпей келген сақтап анам бұрын,  
Орданды шала қоймас енді құрым.  
Алыстан әлде қандай жат көргенсіп,  
Кіргендер тамсанатын танып сырын.

Біреулер мұнараға «мінетін-ді»,  
Құрындай деп жыр дегбеге күлетін-ді.  
Биіктен төмен түсіп қарағанда,  
Көзінің жаңылғанын білетін-ді.

Кемсініп көбің ордамды адасқандар!  
Тіліме жау боп найза қадасқандар!  
Бір айттым, екінші айтам, бұл үшінші,  
Жорта бер, жолың алыс, адассаңдар.

Мен болман болдырамын «татар» десең,  
Мен жатпан «бір бөлменде» жатар десең!  
Өтпеймін тамағыңнан «жұтам» десең,  
Жолым бір, қолым міне, «қатар» десең!».  
(Қазақ, №167, 1916).

**Райхан Имаханбет,**  
*Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі жетекшісі,  
«Тіл – құрал» оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу  
орталығының директоры*

\*\*\*

А.Байтұрсынұлының «Маса» жинағына енбеген, әлеуметтік маңызы зор өлеңдерінің арасында болуы тиіс, кейінгі жылдары табылған туындылары бар. 1922 жылы қайтадан басылған «Маса» өлеңдер топтамасына енбей қалған «Дағдарыс», «Қоян», «Туған тілім» өлеңдері 1915, 1916 жылдары «Байқаушы» атты бүркеншік есіммен «Қазақ» газетінде жарияланғанын ахметтанушы ғалымдар Ө.Әбдиманұлы, Р.Имаханбет өз зерттеулерінде жазды. А.Байтұрсынұлының бұл өлеңдері 2013 жылы шыққан алты томдық шығармалар жинағының 5-томында «Табылған туындылары» деген тараумен бөлек берілген. Кітаптың ғылыми түсініктемесінде 1989 жылы «Дағдарыс» пен «Туған тілім» өлеңін төте жазудан кириллицаға аударып бірінші рет зерттеуші Б.Байғалиев жариялағаны жазылған. Әдебиетші Б.Байғалиев осы туралы жарияланған мақалаларында дереккөздерге нақты сілтеме берілмегендіктен, туындылар ғылыми айналымға түспеген. Уақыт өте келе өлең авторы «Байқаушы» бүркеншік есімі

А.Байтұрсынұлына тиесілі екендігі анықталып, ақын шығармасына арналған кітап жинағына еніп отыр.

«1915 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақ» газетінде жарияланған «Дағдарыс» өлеңінің мазмұнынан сол кездегі әділетсіз биліктен көңілі қалып, заманның түрленуінен шошынған ақын бейнесін аңғарамыз», - дейді ахметтанушы Р.Сахыбекқызы (70, Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде): Диссертация. – Алматы, 2006.-130 бет). Алты шумақты айшық 24 тармақты қара өлең ұйқасымен жазылған. Заманның азғындағанын, құр сөзге әуес болып бара жатқан жұрттың кейпін бейнелеп, өлеңді былай бастайды:

Ой Алла, заман нендей түрленіп тұр,  
Айтуға тілің жүрмей күрмеліп тұр.  
Оң-теріс, обал-сауап құр сөз болып,  
Сан заттар «сап» деп жүрген кірленіп тұр.

Көпірген көп қиалдар жел болып тұр,  
Негіздік «күрес» пенен «бел» болып тұр.  
«Қанқұмар Шыңғыс пенен Темір еді,  
Несі одан бұ күнгінің кем болып тұр?! (5- том).

Ақын өлеңді қайталақтау тәсілімен, сұрай арнау арқылы жазған. «Тұр» етістігінің тармақ соңында сөздер ұйқастығымен сәйкес келуі ақын шеберлігінің бір айғағы. Сонымен қатар ақын өлеңде қарсы мәндес сөздерді (антоним) көптеп қолдану арқылы (оң-теріс, обал-сауап, ауру-сау, өтірік-шын) замандағы қарама-қайшылықты ашып көрсеткен. «Қанқұмар Шыңғыс пенен Темір еді, несі одан бұ күнгінің кем болып тұр» деуі арқылы әлемді қан қақсатқан хан Шыңғыс пен Әмір Темір, бірін-бірі өлтірген «Абыл-Қабыл»

заманын еске алып, заманның ол кезден кем түспей тұрғанын күйіне айтады. Шындықты көз алдына «томардай» қылып көрсетсең де, өтіріктің алдыңғы шепте екендігін айтады. Мұндағы «томардай» сөзі теңеу арқылы беріліп тұр. Өлеңнен әділетті күнді күткен қазақ қоғамымен бірге дағдарған кейіпкердің зарлы үнін, жер жүзін жайлаған жалғандықты бір құдіретке сеніп, жойылуын тілеген күңірену сарынын байқауға болады. Жұртпен бірге дағдарған ақын ол кейіпін мына жолдармен білдіріп, аяқтайды:

Жер жүзі қызыл қанға бойалып тұр,

Ес кетіп, ескі намыс ойанып тұр.

Үлгілі Еуропа ұлттарынан,

Үлгі ал деп айтуға ауыз ұйалып тұр (176).

Сол жылғы желтоқсан айының 31-і күні ақынның бүркеншік есімімен «Қоян» атты өлеңі жарық көреді. Төрт шумақты айшық 19 тармақты қара өлең ұйқасымен жазылған. Алдыңғы «Дағдарыс» өлеңімен жазылу стилі ұқсас. Ақын мұнда да «тұр», «отыр» етістіктерін ұйқасқан сөздермен тіркес жасау арқылы өлең мағынасын тереңдете түседі. Өлең мазмұны берілген кітаптың ғылыми түсініктемесінде өлең жарияланған газет өте көнеріп, ескіргендіктен, кейбір жолдардың өше бастағаны, сол себепті оқылмаған тұстарға көп нүкте қойылғаны жазылған. Сондықтан болар, кейбір сөздер бізге де түсініксіз болғандықтан, шумақтардағы толық мағынаны аша алмадық. Алайда ақын өлеңінен бұл қоян жылы екенін, мұжықпен бірлескендей бұл жылдың да елге зәбір көрсеткендігін байқаймыз:

«Қорқытып қазақтардан көп қолқа алғыш,

Атақты мен ақ қойан жыл» деп отыр.

Мұжықтар: «Мынау астық, анау пішен,

Солардан өнгендей сен кім?» деп отыр.

«...» да адам қор нар аңба әйді?» деп,  
Кемсініп, келемеж ғып, ендеп отыр.  
Қай қазақ нақ осындай балуан боп,  
Қойанға қарсылық қып үндеп отыр» (5-том).

Берілген өлең туралы алаштанушы Ө.Әбдиманұлы «қазақ жұртын қатты қыста қамсыз қалмауға шақырады», - деп қысқа түсінік береді (124). Қыс мезгілінде күшейер табиғаттың арпалысы қоян жылында күшейе түскендей. Ахметтанушы Р.Имаханбет өлеңнің мәні жайында: «Аталған өлеңде мұсылманша жыл қайыру атауына ие болған «Қоян» жылының қашанда елге жайсыз тигені жырланады. Өлең 4 шумақ, 19 жолдан тұрады. Жыл он екі айда қайталанатын табиғат апатына мұжықтың мазағы қосылған сұм уақытқа қазақтың қарсы тұрар қауқары болмағанына налиды. Өлеңнің құрылымы мен ұйқасынан гөрі, сол тұстағы «еңбексіз байлық тілеген адамның пиғылы» мен «табиғат апатының» арпалысы ақынды ашындырса керек», - дейді (71). Ақын өлеңде «Ал, Алаш, білге салып, бермен жібер!» деуі арқылы қазақ баласын бір жерге жұмылдырып іс істеуге, қамсыз жатпауға шақырады. Сонымен қатар өлеңдегі «Қорқытып қазақтардан көп қолқа алғыш, Атақты мен ақ қойан жыл» деп отыр» тармағынан қай кезде де қазақ үшін ауыр тимегендігін аңғарамыз.

А.Байтұрсынұлының 1916 жылы «Қазақ» газетіне жарияланған «Туған тілім» атты өлеңі де елінің қамы үшін жазылған туынды. «Барлық түркі тектес халықтар иен далаға кеңінен тарап, өріс алған татар тілін, жазуын қабылдасын» делінген өктем қысымды қазақ оқығандары ішінен ең алдымен А.Байтұрсынұлы мойындамай, қарсы тұрды (5-том). Өз жұрты-

ның жазу тілінің тарихы таласқа түскен бұл тұста ақын туған тілінің қаншалықты қымбат екендігін дәлелдеді.

Жеті шумақты, 28 тармақты, қара өлең ұйқасымен жазылған айшықтың алғашқы шумағында:

Кенің бай, келімің мол, туған тілім,  
Дыбыстың теріп сөз ғып, буған гүлін.  
Қайырған қайдағыны жүйрік ең сен,  
Мен тосып құтыла алмас құсам білім

- деген жолдарынан қазақ тілінің ежелден-ақ сөзге бай екендігін білдіреді. Бұл шумақтағы «келім» сөзінің мағынасы – кескін, келбет, пішін дегенді білдіреді (598, Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том / Құраст.: Б.Момынова, Б.Сүйеркұлова, А.Фазылжанова және т.б. – Алматы: Арыс, 2007. – 752 б.). Бар болмысы келіскен туған тілінің ерекшелігін әр дыбысты теріп, сөз қылып жасап, одан әдемі буған гүл шығарған деп теңеуінің өзі ақын қолданған ерекшеліктің бірі. Өлеңдегі берілген теңеулер «балықтай жүзіп», «құстай ұшқан» адам кейіпі, батыстан ашылып, білім, ғылым үйренуге ұмтылуға әзір түндікті ақын ерекше жырлайды. Аяғын енді-енді нық басып келе жатқан жаңа жұрттың, қазақ елінің болашағынан зор үміт күтетінін жеткізеді:

Кірлетпей келген сақтап анам бұрын,  
Ордаңды шала қоймас енді құрым.  
Алыстан әлдеқандай жат көргенсіп,  
Кіргендер тамсанатын танып сырын (177).

Мұндағы ақынның «орда» деп отырғаны қазақ шаңырағы, қазақ анасының сүтімен дарыған ана тілі. Ақын орданы енді құрым (күн қақтап, шаң қонып, әбден ескірген, тозығы жеткен киіз) шала қоймас дегені

– білімге, ғылымға ұмтылған қазақ кейіпін танытқысы келгендей. Қаншама жыл бодан болып келген туған тілдің тағдыры, келешегі, бар мүмкіндігі енді ашылып, түрленіп келе жатқаны жайлы үмітпен, сеніммен жазылған ақын өлеңін соңында былай түйіндейді:

Мен болман болдырамын «татар» десең,

Мен жатпан «бір бөлмеңде» жатар десең!

Өтпеймін тамағыңнан «жұтам» десең,

Жолым бір, қолым міне, «қатар» десең! (177).

Өз алдына ұлт болып қалыптасқан қазақ жұртын Кеңес үкіметі мойындамағаны белгілі. Сол уақытта қазақты «қазақ» демей, «қара қырғыз», «казак», «татар» деген түрлі ұлтпен атады. Қазақ оқығандары мұны мойындамастан, билікке қарсы шыға білді. Ақынның меңзеп отырған «татар болдырамын десеңдер де болмаймын!» дегені осы еді. «Бір бөлмеңде» жатпаймын» деп отырғаны – қазақ елінің өз алдына жеке ұлт екендігі, бір шаңырақ астында бірге емес, өз алдына мемлекет болатындығын меңзейді.

Ақын өлеңіндегі «мен» концептісі жекелей қолданылып тұрғанымен, оның артында бүкіл қазақ жұрты, ақын тебірене жырлаған елінің болашағы тұр. Өлеңдегі қаһарман кейіпкер ақын өзі бейнеленгенімен, өзі арқылы барша қазақ жұртының тағдырын бейнелеп отыр. Ұлты үшін еміренген арыстың тілінің тазалығын, өзге ұлтпен шұбарланып кетпеуі үшін қайғы жегенін көрсететін бұл өлеңнің әлеуметтік маңызы зор.

Қазақты «қазақ» демей, өзге ұлт атауымен атап, қорлық көрсеткен әділсіз билікке қазақ оқығандарының ерлік істері туралы ахметтанушы Р.Имаханбет мынадай мысал келтіреді: «XX-шы ғасыр басындағы әлеуметтік ортада ресми іс жүргізу тілінде қазақ



ұлтының атадан балаға мирас болған өз атауы қасакана аталмай, «қырғыз» аталып келгендігі қазақ оқығандарының жанын жаралауы заңды да еді. Сол себепті де туған халқының төл атын қайта жаңғырту мақсатында олар ұлт баспасөзін «Қазақ» деп атады. Бұл жөнінде жүрек зарын Ахмет қандас бауырларына: «...Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың әруақты аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық...» дейді үнпарақтың беташарына берген үндеу-мақаласында» (Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. – Астана: «Педагогика ПРЕСС», 2010. – 304 бет. Мұрағаттық суреттер, деректі құжаттардың ксеросканерлі көшірмелері.). Ақынның «Туған тілім» өлеңінің мазмұнына тереңінен үңілер болсақ, бұл оқиғаның қатысы барына көз жеткіземіз.

Ақын өлеңдерінің соңғы жылдары табылған тағы бір туындысы – «Ақтеңізден хат» өлеңі. Бұл туралы Алаш арысы М.Дулатұлының қызы Г.Дулатова былай деп көрсетеді: «Бүгін қолыма тиген «Қазақ» газетінің №16 (281) 7шілде 2006 ж. нөмірінде, Шығыс Қазақстан Қатон-Қарағай ауданында тұратын соғыс ардагері, Социалистік Еңбек Ері Башай Мектепбаевтың: «Ахаңның Ақтеңізден Алты Алашқа айтқан сәлемін» оқып, біраз деректерге қанық болдым. Сәлемхатты жеткізуші Серікбай Мамырханов деген азамат екен. (Серікбай Башай Мектепбаевтың әкесінің немере ағасы болып келеді). Жап-жас Серікбайды бай-бидің баласы деп, 1928 жылы соттап, он жылға кесіп Балтық-Ақтеңіз каналын қазуға Соловскіге айдапты. Бір-екі жылдан кейін сол лагерьге айдалып барған Ахаңмен кездеседі. Серікбай демалыс күндерінде Ахаңның

жатын орнына сәлем беруге, әңгімелесуге барып тұрыпты. Алғашқы жолығып жөн сұраса келе, Ахаң Алтайдағы Шыңғыстайдың Қаратай руынан шыққан өңкей жақсы мен жайсаңдарын білетінін сөз етеді. Оның ішінде Қаратай руының болысы Ережептің Әбдікәрімімен таныстығын айтады. Әбдікәрім Әлиханмен дайындық курсын бірге оқып бітіріп, академияға бірге түскен заманының үздік озаттарының бірі болғанын, Әбдікәріммен Семейде талай рет кездескенін, сыйлайтынын айтыпты, Ахаң. Оған қоса Әбдікәрімнің шешендігімен, білімділігімен аты шыққан ағасы – Рүстемнің Мұсасымен таныс екенін, бұл кісілерді Алаш партиясының облыстық комитетіне мүше етіп сайлағанбыз деген екен. Айдауда жүрген Ахаң Серікбайдың қойын дәптеріне 10 шумақ елге сәлемін жазып беріпті», - деп, А.Байтұрсынұлының сәлемін өз кітабында жариялайды (Дулатова Г.М. Алаштың сөнбес жұлдыздары: естелік-эссе / Гүлнар Дулатова. – Алматы: Мектеп, 2010. – 360 б.:сур.).

Он шумақты айшық 40 тармақты қара өлең ұйқасымен жазылған. Өлеңнің А.Байтұрсынұлынікі екендігіне біздің тараптан мынадай дәлел келтірер едік. Ақынның қашанда ел-жұртын, халқының қамын ойлайтыны белгілі. Өзі айтқан: «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» дегендей, алғашқы шумағын сол көпшіл қалпымен бастайды:

Талапты жастың бірі едің, балам,  
Келіпсің дәмің айдап Қаратайдан.  
Қалбақтап жел аударған қаңбақтайсың,  
Ел-жұрттан, туысқаннан кейін қалған.

Қазақ ұғымында «дәм айдап келді», «дәмі тартты» тұрақты тіркесі бар. Шындығында, дәм айдамайды.

Келген жердің асы, тамағы бұйырып тұр деген мағынада қолданылады. Сонымен қатар ақынның «Анама хат» өлеңіндегі «Қаңбақпен салмағың тең бұл бір заман, Ылаж жоқ, жел айдаса ермесіңе» тармақтары осы өлеңдегі соңғы тармақтардың мағынасымен үндес келеді.

Одан әрі ақын өзінің жігерлі, қайратты, рухты әуеніне салып, ер жігітті мойымауға, қажымауға шақырады. Ақынның «Қазақ салты» өлеңіндегі «Ұлы той көппен көрген жалғыз мен бе, Деп отыр, - не болса да жұртпен көрдік» тармақтарымен үндес өлең жолы кездеседі:

Басың жас, қызығың көп көрер алда,  
Мұнайма, бақсызбын деп бүгін таңда.  
«Ұлы той көппен көрген» – деген бар ғой,  
Байқасаң аман қалған адам бар ма?!

Алайда мұндағы «ұлы той» сөзі халық ұғымындағы думан, мереке мағынасында емес. Одан кейінгі тармаққа назар аударатын болсақ, көптің көрген азабын, қайғысын біз де бірге көрерміз, одан аман қалған адам жоқтың-қасы деген мағынаны білдіреді.

Ақынның бұл өлеңі сәлем хаттан көрі тілек, демеу өлеңге көбірек ұқсайды. Неге десеңіз, өзінің басынан кешкен қиын сәттерін есіне ала отырып, жас баланы ешнәрсеге өкінбеуге, әр істің бір қайыры бар екеніне, болып жатқан оқиғалардан ой қорытып, сабақ ала білуге үндейді:

Осының өзі олжа бәрі саған,  
Не көрді елде қалған өңшең жаман.  
Өкінбей мұндағы өткен өміріңе,  
Өрге жүз, өрнек алып осылардан.

Сонымен қатар ақын өлеңінде кеңістік ұғымын да еркін қолдана біледі. Кеңістікпен қатар уақыт

категориясы да орынды көрініс тапқан. Өмірінің өткен шағын аңсай отырып, келер уақытқа үмітпен қарайды. Ақ теңіздің тар қамаулы кеңістігін суреттей отырып, жұртына мұндағы қиыншылықтың ауыр екендігін сездіреді. Сонда да ойлайтыны қазағының қамы екенін айтады:

Айтарсың: «Ақ теңіздің аралында,

Айдалған ағаларың қамауында.

Баяғы көксегені сенің бағың,

Жүрсе де айдаушының қарауында.

Алғашқы екі тармақта ақын дауысты дыбыстар үндестігін ұтымды қолдана білген. Соңғы екі тармағынан ақынның қамауда жүріп, айдаушының күндіз-түні бақылауында болса да, ел-жұрты үшін, білімге, ғылымға ұмтылуы үшін әлі де еңбектеніп жатқандығын тұспалдап жеткізеді. Ақынның бұл ойынан қамауда жүргенімен, қазақ пайдасына асатын еңбек жазып жатқан болуы мүмкін деген де ой келеді. Бәлкім, Ақ теңізде жүріп ақын соңғы шығармаларын жазған да болар. Ол жағы бізге әзірге беймәлім. Өлең жайында Г.Дулатова: «Атакемнің (Ахаңның) бұл құны баға жетпес қымбат еліне арналған сәлем өлеңін соңғы шығармасы ретінде жаңа басылым кітаптарына енгізіп жіберсе, бүкіл халықтың қолына жете еді, жадында мәңгі сақталып қалар еді деген қиял ойыма келе қалды. Өзімнің де қолымда болуын қалап, газеттен көшіріп алдым», - деп түйіндейді.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлының заман озбырлығы көрініс тапқан «Дағдарыс», табиғат апатын суреттеген «Қоян», өзгеге мойынұсынбастан, өз жұртының байлығын артық қоя білген «Туған тілім», айдауда жүргенде жазылған «Елге хат» өлеңдері

«Маса» жинағындағы өзекті оқиғалармен үндес. Ақынның жұрт үшін баян еткен бұл туындылары бір жинақтан табылып жатса, ғылым үшін де жетістік болары сөзсіз.

Белгілі бір кездегі қоғамдық-әлеуметтік жағдай, қарым-қатынас нәтижесінде өзара көршілес, туыстас елдердің тілдері бір-бірімен тығыз байланысқа түсіп, жаңа сөздермен, атаулармен жаңғырып отырады. Араб, парсы тілдеріндегі әдеби шығармалармен етене таныс әрі білімі де жетік болған А.Байтұрсынұлы өз өлеңдерінде осы білімін орынды пайдалана білген. Алайда өзінің әдеби-теориялық еңбегі «Әдебиет танытқышта»: «Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу» деген қағидасын берік ұстанған. Шет тілдер сөздерін ойының мағынасын анық, нақты жеткізу үшін мейлінше саралап, аса қажет болған жағдайда ғана пайдаланған.

Сонымен қатар ақын өз жинағында халыққа түсініксіз болуы мүмкін деген сөздерге анықтама беріп отырған. Ахмет пайдаланған басқа тілдерден енген сөздерді жинақтап, зерттеу жұмысымызға енгізу – жұмыстың салмағын арттырып отыр. Сөздікті жасар кезде бас редакциясын академик Р.Нұрғали басқарған 1995 жылғы «Абай» энциклопедиясын негізге алдық. Негізгі әдебиет ретінде 2013 жылы «Ел-шежіре» баспасынан шыққан алты томдық шығармалар жинағының 1-томы, 5-томы пайдаланылды.

## А

Алла (араб) – тәңірі, құдай, жаратушы. «Аллалап», ал, кітапты қолдарыңа, Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған» (86)

Аренда (орыс) – жалдау, «Алланың мүлкін, Арендаға алып па?» (99)

Аят (араб) – Құранның өлеңі (сөзі), «Заманың түлкі болса, тазы боп шал», Деген сөз аятпенен бірдей маған» (114)

## Ғ

Ғамал (араб) – әрекет, «Аузында Алла, Молдаларда не ғамал?» (1, 99)

Ғафу (араб) – кешу, кешіру. «Адасқан ағаңыздың жері болса, Тілеймін ете гөр деп, ғафу, інім» (1, 111)

Ғұсыл (араб) – жуыну, тазару. «Шарттар көп дедік ғұсыл құйынғанда, Шаһуат пәлендей боп құйылғанда» (1, 115)

## Ж

Жәннат (парсы) – діни түсініктегі адам жанының о дүниеде мәңгілік рақатта болатын орны. «Үмітсіз шайтан болсын деген сөз бар, Жолдар көп жәннатқа да тарам-тарам» (1, 101)

Жұмлаңе (араб) – жалпыңа, бәріңе. «Милләтке қызмет, Жұмлаңе міндет» (1, 112)

## И

Имам (араб) – бас намазшы, дінбасы, діни лауазым. «Он екі имам әулие, Жиырма сегіз әнбие, Қолдай гөр өңшең, әруақ!» (103)

Иман (араб) – Аллаға сену, илану, діни наным, сауап. «Аштан өлген аталарың бар ма еді, Тамақ үшін сатқан иттер иманын» (106)

## К

Кәпір (араб) – ақиқатты жасырушы, білмеуші, сенбеуші. «Ғылымдар дүниелік сиқыр болмақ, Оқыған ол ғылымды кәпір болмақ» (114)

## Л

Лаухул-Махфуз (араб) – адам тағдыры жазылатын кітап, тақта. «Қаламда Лаухул-Махфуз ұмытқан ба, Жазбапты бұл орынды көрмесіме» (102)

Ләфүз (араб) – лебіз. «Сөз тергеуге төзімді, Көп мағына, аз ләфүз» (97)

## М

Мақсұд (араб) – мақсат. «Байға – мал, оқығанға – шен мақсұд боп, Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан» (95)

Миллат (араб) – ұлт, халық. «Миллат үшін еңбектері сіңген деп, Өсиет қып кейінгіге берермін» (106)

Мода (араб) – мүсін, сурет. «Мода болды кіділік» (112)

Молда, мулла (араб) – мырза, тақсыр, қамқоршы. «Молда сатса тиынға, Ол – Алла емес, сыйынба!» (99)

Мүбтала – араб сөзі, душар болу, бір нәрсеге ұшырау, азап шегу. «Не жазып ем, Құдай-ау, мен қазаққа? Мүбтала ғып салғандай бұл азапқа»

Мүшкіл (араб) – қиын жағдай. «Кіреді тентек есі түстен кейін, Мүшкілін халіміздің жаңа білдік» (95)

## П

Право (орыс) – құқық. «Ағалық правосын қолыма алып, Келемін айтайын деп ақыл, інім» (111)

## С

Сәлла (араб) – сәлде. «Басында сәлла, Аузында Алла, Молдаларда не ғамал?» (199)

## Т

Тілла – алтын ақша. «Пайғамбарды сатып отыр тіллә алған, Яһудамен бірге аттарың жазылар» (106)

## Ұ

Ұлұқ (араб) – әкім, төре, билеуші. «Мақтады ұлұқ, болды мәз, Қауым үшін қайғы аз» (98)

## Х

Хал (араб) – жағдай, күш, қуат. «Кіреді тентек есі түстен кейін, Мүшкілін халіміздің жаңа білдік» (95)

Хадис (араб) – әңгіме, кеңес, ізгі сөз. «Аят пенен хадисте, Адал ниет, ақ іске, Жаңылмасам, жоқ еді, Жаза тартсын деген заң» (102)

## Ш

Шарифат (араб) – заң ережесі, заңдар, мешіт заңы. «Зулатып шарифатты шарт жүгініп, Молдекең отырғанда мойнын толғап» (114)

Шаһуат (араб) – нәпсі. «Шарттар көп дедік ғұсыл құйынғанда, Шаһуат пәлендей боп құйылғанда» (115)

Шен, чин (орыс) – мансап, дәреже. «Байға – мал, оқығанға – шен мақсұд боп, Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан» (95)

## Я

Яки (араб) – немесе, болмаса. «Өзіне біткен түсі өзгерілмес, Дегенмен, қара яки қызыл маса» (1, 84)

Яһуда (араб) – пұтқа табынушылар. «Пайғамбарды сатып отыр тіллә алған, Яһудамен бірге аттарың жазылар», (1, 106)

**Жансая Сман,**

*филология ғылымдарының магистрі*



## ҚОСЫМША КЕСТЕ

### 1. ЖАДОВСКАЯДАН

| Ахметтен                                                                                                                                                                                      | Жадовскаядан                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мінсіз таза меруерт</b>                                                                                                                                                                    | <b>Лучший перл таится</b>                                                                                                                                                                                                                                      |
| Мінсіз таза меруерт<br>Су түбінде жатады.<br>Мінсіз таза асыл сөз<br>Ой түбінде жатады.<br><br>Су түбінде жатқан зат<br>Жел толқытса шығады.<br>Ой түбінде жатқан сөз<br>Шер толқытса шығады. | Лучший перл таится<br>В глубине морской;<br>Зреет мысль святая<br>В глубине души.<br>Надо сильно буре<br>Море взволновать,<br>Чтоб оно, в бореньи,<br>Выбросило перл;<br>Надо сильно чувствовать<br>Душу потрясти,<br>Чтоб она, в восторге,<br>Выразила мысль. |
| 2 шумақ, 8 тармақ                                                                                                                                                                             | 3 шумақ, 12 тармақ                                                                                                                                                                                                                                             |

### 2. ОҚУҒА ШАҚЫРУ

| Ахметтен                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                        |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
| <b>Оқуға шақыру</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                        |
| Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!<br>Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!<br>Шақырды тауық мана әлдеқашан,<br>Қарап тұр терезеден күн жылтырап.<br><br>Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,<br>Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:<br>Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,<br>Барады аралар да ұшып балға.<br><br>Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың орман,<br>Оянып жан-мақұлық түнде қонған, | Аудармасы<br>табылмады |

|                                                                                                                                                                                                                                  |                        |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
| Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ дауысы<br>Сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған.<br><br>Өзенде балықшылар ау қарап жүр,<br>Тоғайда орақ дауысы шаң-шұң орған.<br>«Аллалап», ал, кітапты қолдарыңа!<br>Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған. | Аудармасы<br>табылмады |
| <i>4 шумақ, 16 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                        |                        |

### 3. НӘБЕК АТЫ

| Ахметтен<br>Нәбек аты                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Иннокентий Анненскийден<br>Подражание арабскому                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Арабтың Нәбек деген жалғыз аты –<br>Сол екен болған малы, мүлкі, заты.<br>Озбайтын шапса жылқы асқан жүйрік,<br>Бітпеген өзге аттарға түр-сипаты.<br><br>Күн сайын жал-құйрығын сүзіп тарап,<br>Суарып мезгілімен, жемдеп, қарап,<br>Өткізбей күндіз ыстық, түнде суық,<br>Адамнан атын артық күтеді араб.<br><br>Бар екен Дайыр деген бір асқан бай,<br>Малы көп, түрлі бұйым бәріне сай.<br>Мұңы зор: сонша байлық ортасында<br>Аты жоқ жылқысында жарлы атындай. | В Аравии знойной поныне живет<br>Усопшего Межде счастливый народ,<br>И мудры их старцы, и жены прекрасны,<br>И юношей сонмы гяурам ужасны,<br>Но как затмеваются звезды луной,<br>Так всех затмевал их Набек молодой.<br><br>Прекрасен он был, и могуч, и богат.<br>В степях Аравийских верблюдов и стад<br>Имел он в избытке, отраду Востока,<br>Но краше всех благ и даров от пророка<br>Его кобылица гнедая была —<br>Из пламени ада литая стрела.<br><br>Чтоб ей удивляться, из западных стран |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Жүретін Нәбек һәмән жолын<br/>біліп,<br/>Үстіне сылқым-сылқым киім іліп,<br/>Ауру, халі мүшкіл, мүсәпірше<br/>Отырды жол шетінде, аһ-уһілеп.</p> <p>Оңаша, жолдасы жоқ, жалғыз өзі<br/>Нәбекті келе жатқан көрді көзі.<br/>Өтерде нақ қасынан<br/>бишарасып,<br/>Ыңқылдап, міне, Дайыр айтқан<br/>сөзі:</p> <p>«Е, жаным! Мен жолаушы,<br/>жолым алыс,<br/>Адам жоқ бұл маңайда маған<br/>таныс.<br/>Ауру, дәм татпаған үш күндей<br/>аш,<br/>Орнымнан жылжу маған қиын<br/>жұмыс.<br/>Атыңмен анау елдің ортасына<br/>Жеткізсең, берер едім көп-көп<br/>алғыс!».</p> <p>Тоқтатып, басын тартып,<br/>Нәбек атты:<br/>«Жарайды, мінгесе ғой, кел!» –<br/>деп айтты.<br/>Сөйлейді тағы Дайыр<br/>жыламсырап:<br/>«Халім жоқ, міне алмаймын,<br/>дертім қатты».</p> <p>Атынан бұл сөзді естіп, түсті<br/>Нәбек,<br/>Көтеріп мінгізді ерге сүйеп,<br/>демеп.</p> | <p>К нему притекали толпы<br/>мусульман,<br/>Язычник и рыцарь в железе и<br/>стали.<br/>Поэты ей сладкие песни<br/>слагали,<br/>И славный певец аравийских<br/>могил<br/>Набеку такие слова говорил:</p> <p>«Ты, солнца светлейший, богат<br/>не один,<br/>Таких же, как ты, я богатств<br/>властелин;<br/>От выси Синая до стен<br/>Абушера<br/>Победой прославлено имя<br/>Дагера.<br/>И, море святое увидя со скал,<br/>На лиру певца я меч променял.</p> <p>И вот я узрел кобылицу твою.<br/>Я к ней пристрастился... и, раб<br/>твой, молю –<br/>Отдай мне ее и минуты покою,<br/>На что мне богатства? Они<br/>пред тобою...<br/>Возьми их себе и владей ими<br/>век!»<br/>Молчаньем суровым ответил<br/>Набек.</p> <p>Вот едет Набек по равнинам<br/>пустынь<br/>Аравии знойной... И видит –<br/>пред ним<br/>Склоняется старец в одежде<br/>убогой:</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Тиюі тізгін қолға мұң-ақ екен,<br/>Жөнелді, бір тебініп, Дәкен шу<br/>деп.</p> <p>Шығып ап оқ бойы жер, қарап<br/>кейін,<br/>Ойлайды: бірдеме оған деп<br/>кетейін.<br/>«Әй, Нәбек! Кім екенім білдің<br/>бе енді?<br/>Атыңмен қоштас, аңқау, сорлы<br/>акпейі!»</p> <p>«Тұра тұр! – Нәбек айтты, –<br/>тоқтап солай,<br/>Атыма асық еді адам талай.<br/>Тілейтін жалғыз сенен тілегім<br/>сол –<br/>Адамға айта көрме – алдың<br/>қалай!»</p> <p>«Бұ не сөз? Не тілек!» – деп<br/>бай таңданды,<br/>Мәнісін білейінші деп<br/>ойланды:<br/>«Айтпа деп сонша өтініп,<br/>жалынасың,<br/>Көрерсің айтсам онан не<br/>залалды?».</p> <p>«Ойлама! – Нәбек айтты –<br/>арбайды деп,<br/>Қол жетпей, тілін құрап,<br/>жалғайды деп.<br/>Оқиға бұл секілді шықса<br/>аузыңнан,<br/>Білгейсің! Жайылмай, жай<br/>қалмайды деп.</p> | <p>«Аллах тебе в помощь и<br/>милость от Бога,<br/>Набек милосердный».- «Ты<br/>знаешь меня?»<br/>– «Твоей не узнать кобылицы<br/>нельзя».</p> <p>«Ты беден?» – «Богатство меня<br/>не манит,<br/>А голод терзает, и жажда томит<br/>В пустыне бесследной, три дня<br/>и три ночи<br/>Не ведали сна утомленные очи,<br/>Из этой пустыни исторгни меня».<br/>И слышит: «Садися ко мне на<br/>коня».</p> <p>«И рад бы, о путник, да сил уже<br/>нет, –<br/>Был дряхлого нищего слабый<br/>ответ.-<br/>Но ты мне поможешь, во имя<br/>пророка!»<br/>Слезает Набек во мгновение ока,<br/>И нищий, поддержан могучей<br/>рукой,<br/>Свободен, сидит уж на шее<br/>крутой.</p> <p>И старца внезапно меняется вид,<br/>Он с юной отвагой коня<br/>горячит.<br/>И конь, распутивши широкоую<br/>гриву,<br/>В пустыне понесся, веселый,<br/>игривый;<br/>Блеснули на солнце, исчезли в<br/>пыли!</p> |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Қалайша алғаныңды жұрт естісе,<br/>Қараспас шын пақырға алдайды деп».</p> <p>Мұны естіп, Дайыр жылдам аттан түсті:<br/>Ұққанға адал сөзден бар ма күшті?<br/>Құлашын жайып, қойнын ашып келіп,<br/>Нәбекті сүйіп Дайыр, мойнын күшты.</p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p>Ебі көп, дорбасы жоқ қайыршылар,<br/>Ебіне Құдай көнсе, байып шығар.<br/>Арымай алдырғанға Нәбекшілеп,<br/>Адам аз айтқанды ұғып Дайыршылар.</p> <p>Жақын бол, жақындықты ебім дейді,<br/>Бергенді алдым еппен тегін дейді.<br/>Қайтармай, қарыз алып қайбіреулер,<br/>Алдадым, бермей кеттім, жедім дейді.</p> <p>Осындай ер басына іс көп келер!<br/>Білмеспіз кімге қалай, кім дөп келер!</p> | <p>Лишь имя Дагера звучало вдали!<br/>Набек, пораженный как громом, стоит,<br/>Не видит, не слышит и, мрачен, молчит,<br/>Везде пред очами его кобылица,<br/>А солнце пустыню палит без границы,<br/>А весь он осыпан песком золотым,<br/>А груди червонцев лежат перед ним.</p> <p style="text-align: right;"><i>3 февраля 1855<br/>Санкт-Петербург</i></p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Сұмдығы сұраушының<br/>азаймаса,<br/>Не жөн бар? Қайырсыз деп<br/>жұртқа өкпелер?!</p> <p><i>*Пақыр – араб сөзі «кедей»,<br/>«жарлы» деген мағынада.</i></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| <i>18 шумақ, 76 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | <i>13 шумақ, 60 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>4. СОРЛЫ БОЛҒАН МҰЖЫҚ</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| <b>Ахметтен</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | <b>Крыловтан</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <p style="text-align: center;"><b>Сорлы болған мұжық</b></p> <p>Болған соң кәсібі ұрлық, ұры<br/>залым,<br/>Ұрлауға ұят дей ме жұрттың<br/>малын?<br/>Ойы арам, қаны қара, ол<br/>неғылсын!<br/>Біреуді зар жылатпақ, зор<br/>обалын!<br/>Құдай да, Құран да оған<br/>жалғыз қарын,<br/>Сол үшін қара жерге көмген<br/>арын,<br/>Ұры еніп бір Мұжықтың<br/>сарайына,<br/>Сыпырып кетіпті ұрлап,<br/>коймай бәрін.</p> <p>Мұжығым жатарда бай, тұрса<br/>сорлы,<br/>Байлықтың құр тып-типыл,<br/>қалған орны.<br/>Аһылап-уһілейді, ұры алған<br/>соң<br/>Терімен маңдайының жиған<br/>қорды.</p> | <p>К Крестьянину на двор<br/>Залез осенней ночью вор;<br/>Забрался в клеть и на просторе,<br/>Обшаря стены все, и пол, и<br/>потолок,<br/>Покрал бессовестно что мог:<br/>И то сказать, какая совесть в<br/>воре!</p> <p>Ну так что наш мужик, бедняк,<br/>Богатым лег, а с голью встал<br/>такою,<br/>Хоть по миру поди с сумою;<br/>Не дай бог никому проснуться<br/>худо так!</p> <p>Крестьянин тужит и горюет,<br/>Родно сзывает и друзей,<br/>Соседей всех и кумовей.<br/>«Нельзя ли, – говорит, – помочь<br/>беде моей?»</p> <p>Тут всякий с мужиком толкует,<br/>И умный свой дает совет.<br/>Кум Карпыч говорит: «Эх, свет!<br/>Не надобно было тебе по миру<br/>славить,</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Туысқан, көрші, құда-<br/>құрмаласын,<br/>Дос-жарын жиып, Мұжық<br/>жәрдем сұрады:<br/>«Қайғымды, – Мұжық айтты, –<br/>шағам, жұртым!</p> <p>Сендерден жақын кімді табам,<br/>жұртым!<br/>Ұшырап зор қазаға, жайым<br/>мынау!<br/>Не көмек бересіңдер, маған<br/>жұртым?»<br/>Жиылып келген өңшен<br/>жақындары,<br/>Мұжыққа ақыл айтып жатыр<br/>бәрі.</p> <p>Сорлыға бар мүлкінен жұрдай<br/>болған<br/>Мінеки, берген көмек-<br/>ақылдары:<br/>Карп деген бөлесі айтты:<br/>«Әуел баста<br/>Бай деп ат керек еді<br/>шығармасқа!»<br/>Құдасы Клим айтты: «Мұнан<br/>былай<br/>Сарайды үйден оқшау<br/>салдырмасқа!»<br/>Айтады көрші мұжық бір<br/>жасырақ:</p> <p>«Болғаннан емес қой бұл сарай<br/>жырақ!<br/>Қабаған кісі алатын<br/>төбеттерден<br/>Қораға қоймағаннан ит асырап.</p> | <p>Что столько ты богат».</p> <p>Сват Климыч говорит: «Вперед,<br/>мой милый сват,<br/>Старайся клясть к избе гораздо<br/>ближе ставить».<br/>«Эх, братцы, это всё не так, –<br/>Сосед толкует Фока, –<br/>Не то беда, что клясть далека,<br/>Да надо на дворе лихих<br/>держать собак;</p> <p>Возьми-ка у меня щенка<br/>любого<br/>От Жучки: я бы рад соседа<br/>дорогого<br/>От сердца наделить,<br/>Чем их топить».</p> <p>И словом, от родни и от друзей<br/>любезных<br/>Советов тысячу надавано<br/>полезных,<br/>Кто сколько мог,<br/>А делом ни один бедняжке не<br/>помог.</p> <p>На свете таково ж: коль в<br/>нужду попадешься!<br/>Отведай сунуться к друзьям,<br/>Начнут советовать и вкось тебе,<br/>и впрямь:<br/>А чуть о помощи на деле<br/>заикнешься,<br/>То лучший друг<br/>И нем и глух.</p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <p> Қаншығым балалады күні<br/> кеше,<br/> Ал, сонан аямайын керегіңше!<br/> Бірталай, үйшік толған күшігі<br/> бар,<br/> Ішінен табылатын қандай десе.<br/> Көршіме көңілі жарым<br/> қимаймын ба?<br/> Обалын мойныма артып,<br/> өлтіргенше!». </p> <p> Жүз ақыл берген шығар келген<br/> бәрі:<br/> Бірі олай, бірі бұлай деп жас-<br/> кәрі.<br/> Аямай тіл көмегін беріп, беріп,<br/> Бір адам қараспады сөзден әрі.<br/> Ей, Мұжық, жұртқа сенбе,<br/> өзіңе сен!<br/> Өледі аштан қонақ әрі-сәрі.<br/> «Ауызыңды құрғақ қасық<br/> босқа қажар»,<br/> Шығынға құр айтқан сөз<br/> болмас дәрі. </p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p> Бұл сөздің мағынасы емес<br/> терең,<br/> Сонда да қорытуын айтып<br/> берем;<br/> Өртүрлі сыналатын жер<br/> болмаса,<br/> Достықты, жақындықты шын-<br/> ақ дер ем.<br/> Жап-жақын жайшылықта көп<br/> дос-жарды<br/> Мен неге жамандықта сирек<br/> көрем? </p> |  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|



|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Тар кезең, талма жерде табылу жоқ,<br>Қалады құлақтары болып керең.<br>Осындай дүниенің ісін байқап,<br>Достық пен жақындыққа талғап сенем.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <i>12 шумақ, 54 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | <i>6 шумақ, 24 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>5. ҚАЗДАР</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>Ахметтен</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | <b>Крыловтан</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| <b>Қаздар</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <b>Гуси</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <p>Бір ұзын алып қолға мықты шыбық,<br/>Қаздарын қалаға айдап шықты мұжық.<br/>Қуалап, байғұстарды келеді ұрып,<br/>Асығып базар күнге жаны шығып.</p> <p>Тексерсек мұжық ісін байқап, ойлап,<br/>Оған да дұрыс емес кінә қоймақ.<br/>Асықты базар күнге, пайда көп деп,<br/>Қаздарды ұрды ма ол босқа ойнап?</p> <p>Десендер, олсыз базар тарамайды,<br/>Дер едім: мұжық ісі жарамайды.<br/>Пайдасы, базар өтіп, кетер жерде,<br/>Қаз түгіл, адамға да қарамайды.</p> | <p>Предлинной хворостиной<br/>Мужик, Гусей гнал в город продавать;<br/>И, правду истинну сказать,<br/>Не очень вежливо честил свой гурт гусиной:</p> <p>На барыши спешил к базарному он дню<br/>(А где до прибыли коснется,<br/>Не только там гусям, и людям достается).</p> <p>Я мужика и не виню;<br/>Но Гуси иначе об этом толковали<br/>И, встретясь с прохожим на пути,<br/>Вот как на мужика пеняли:<br/>«Где можно нас, Гусей, несчастнее найти?<br/>Мужик так нами помыкает,<br/>И нас, как будто бы простых Гусей, гоняет;<br/>А этого не смыслит неуч сей,</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Біздерше қаздар, бірақ<br/>сынамады,<br/>Оларға мұжық ісі ұнамады.<br/>Жолыққан жолаушыға бәрі<br/>шулап,<br/>Мұжықтың ісін айтып,<br/>кінәлады.</p> <p>«Бар ма екен, бізден сірә, соры<br/>калың?!<br/>Қожасып қуалайды мұжық<br/>жарым.<br/>Қорлайды ұрып-соғып,<br/>ойламайды,<br/>Мойнында қандай міндет,<br/>қарыз барын!<br/>Ойласа, қайдан біздің<br/>асылымыз?<br/>Румды құтқарған қаз нәсіліміз!</p> <p>Айт істеп атамыздың<br/>құрметіне,<br/>Өтпейді һәман онда жыл<br/>мейрамсыз!<br/>Таяқ жеп жай қаздарша,<br/>жүргеніміз<br/>Наданға душар болып бір<br/>білімсіз!».</p> <p>Қаздарға жолаушы айтты:<br/>«Тоқтандаршы!<br/>Ауысқан ақыны айтып,<br/>жоқтандаршы!<br/>Сендерді қадірлеуге не үшін<br/>міндет?<br/>Мұжықты айыпты қылып<br/>боқтандаршы!».</p> | <p>Что он обязан нам почтеньем;<br/>Что мы свой знатный род ведем<br/>от тех Гусей,<br/>Которым некогда был должен<br/>Рим спасеньем:<br/>Там даже праздники им в честь<br/>учреждены!»</p> <p>«А вы хотите быть за что<br/>отличены?» –<br/>Спросил прохожий их.<br/>– «Да наши предки...»<br/>«Знаю, И все читал; но ведать я<br/>желаю,<br/>Вы сколько пользы принесли?»<br/>«Да наши предки Рим спасли!»<br/>«Все так, да вы что сделали<br/>такое?»<br/>«Мы? Ничего!» – «Так что ж и<br/>доброе в вас есть?<br/>Оставьте предков вы в покое:<br/>Им поделом была и честь;<br/>А вы, друзья, лишь годны на<br/>жаркое».<br/>Баснь эту можно бы и боле<br/>пояснить -<br/>Да чтоб гусей не раздражить.</p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <p>«Істеген атамыздың ісі қайда?<br/>Румды құтқарғаны азғантай<br/>ма?»</p> <p>«Қоя тұр, – жолаушы айтты, –<br/>көрдегінді!<br/>Өздерің келтірдіңдер қанша<br/>пайда?»</p> <p>«Айттық қой атамыздың еткен<br/>ісін!<br/>Әлде өзің сөзімізге<br/>сенбеймісің?».</p> <p>«Сенемін һәм білемін атаң<br/>жайын!<br/>Сендерді қадірлеуге деймін не<br/>үшін?!</p> <p>Өткізді өз бастарың қандай<br/>еңбек?<br/>Атаңда көрде жатқан жоқ<br/>жұмысым».</p> <p>«Біздің бе?... жоқ өткізген<br/>еңбегіміз!»</p> <p>«Әне жөн, сыйламаса,<br/>көнбегіңіз:<br/>Мені де атам жақсы, қадірле<br/>деп,<br/>Таласып қиын болар<br/>жеңбегіңіз.</p> <p>Жақсы-ақ боп аталарың өткен<br/>шығар,<br/>Ісіне қарай құрмет еткен<br/>шығар.<br/>Қалдырмай асылынан<br/>артағыға,<br/>Өзімен жақсылығы кеткен<br/>шығар.</p> |  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                              |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Көрдегі көмек болмас<br/>бабаларың,<br/>Кем болса өздеріңнің<br/>бағаларың.<br/>Көніңдер, ұрса, соқса, сойса-<br/>дағы!<br/>Болған соң қуырдақтық<br/>шамаларың».</p> <p>Кетермін баяндасам алысқа<br/>бек:<br/>Лайық әр нәрсеге керек қой еп.<br/>Жайынан жат қаздардың<br/>сөйлеген сөз<br/>Көбіне жақын қаздың тиетін<br/>дөп.</p> <p>Бетіне көрдегінің көнін ұстап,<br/>Деп жүрген көріктімін<br/>қазақтар көп.<br/>Қысқартып, сөз аяғын<br/>тоқтатамын,<br/>Солардың өкпесіне қалармын<br/>деп.</p> |                                                                                                                                                                                                                                              |
| <i>14 шумақ, 68 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <i>5 шумақ, 42 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                                    |
| <b>6. ЕСЕК ПЕН ҮКІ</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Ахметтен</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | <b>Крыловтан</b>                                                                                                                                                                                                                             |
| <p>Үркектеу, үйір емес онша қолға,<br/>Бір Есек ұлы сапар шықты<br/>жолға.<br/>Есектің бойы тәуір<br/>болғанменен,<br/>Есепте қосылмайды есі молға.</p> <p>Және де бұл Есектің көзі соқыр,<br/>Басшысыз соқыр қалай жүрсін<br/>оңға?</p>                                                                                                                                                                                                                                                                    | <p>Слепой Осел в лесу с дороги<br/>сбился<br/>(Он в дальний путь было<br/>пустился).<br/>Но к ночи в чашу так забрел<br/>мой сумасброд,<br/>Что двинуться не мог ни взад<br/>он, ни вперед.<br/>И зрячему бы тут не выйти из<br/>хлопот,</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Лағып тура жолдан қаңғып кетті,<br/> Қисайып, қыңыржақтап,<br/> шығып жонға.<br/> Ішіне қалың орман барып кірді,<br/> Білмеймін, не жол тауып, неғып жүрді?<br/> Күн батып, қас қарайған уақытта<br/> Есектің лаққанын Үкі көрді.<br/> Үкі айтты: «Мінгіз Есек, мені, – деді,<br/> Мініп ап, мен бастайын сені, – деді.<br/> Жолды айтып, жөнді сілтеп, мен отырсам,<br/> Көзіңнің еш нәрсе емес кемі», – деді.<br/> Бір ауыз сөз қайырмай, Есек көнді,<br/> Мініп ап, Үкі отырды сілтеп жөнді.<br/> Жерлерден адыр-бұдыр аман өтіп,<br/> Ағаштың жиегіне жақын келді.<br/> Жол тапқан қараңғыда басшысына<br/> Ден қойып, бастағыш деп, Есек сенді.<br/> Бір кезде таң сарғайып, машырықтан,<br/> Ағаштың арасына сәуле енді.<br/> Үкілер күндіз соқыр, түнде көргіш,<br/> Есекең іс мәнісін білмей ергіш.<br/> Үгіден таң атса да айрылмайды,</p> | <p>Но Филин вблизиости, по счастью, случился<br/> <br/> И взялся быть Ослу проводником.<br/> Все знают, Филины как ночью зорки:<br/> Стремнины, рвы, бугры, пригорки,<br/> Все это различал мой Филин будто днем<br/> И к утру выбрался на ровный путь с Ослом.<br/> Ну, как с проводником таким расстаться?<br/> Вот просит Филина Осел, чтоб с ним остаться,<br/> И вздумал изойти он с Филином весь свет.<br/> Мой Филин господином Уселся на хребте Ослином,<br/> И стали путь держать; счастливо ль только? Нет:<br/> Лишь солнце на небе поутру заиграло,<br/> У Филина в глазах темнее ночи стало.<br/> Однако ж Филин мой упрям;<br/> Ослу советует и вкось и впрям.<br/> Остерегись! – кричит, – направо будем в луже».<br/> Но лужи не было, а влево вышло хуже. «Еще левей возьми, еще левее шаг!»<br/> И – бух Осел, и с Филином, в овраг.</p> |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <p> Деп ойлап: «Жарықта да жөн<br/> сілтегіш».<br/> Күн шықты, жарық болды<br/> дүние жүзі,<br/> Үкінің бұлдырайды көрмей<br/> көзі.<br/> Өзгеге жөн көрсетіп, бастау<br/> түгіл,<br/> Әлі бар отырарлық жай ғана өзі.<br/> Сонда да Есегіне сыр<br/> бермеске,<br/> Айтатын білгішсініп, міне сөзі:<br/> «Ал келдік жаман жерге! Енді<br/> сақтан!<br/> Жолама! Сол жақтағы өзенге<br/> аққан.<br/> Бетінді оң жағыңа сала жүріп,<br/> Аман өт! Мынау жатқан лай,<br/> қақтан...<br/> (Ол жердің өзені де, қағы да<br/> жоқ,<br/> Білмеймін, соқыр Үкі қайдан<br/> тапқан!)<br/> Есекті Үкі билеп, алып қолға,<br/> Салыпты нақ ғазазыл түскен<br/> жолға. </p> <p> Пәлен деп күн ілгері<br/> неғылайық,<br/> Түскені ондай жолға бақ па,<br/> сор ма?<br/> Бұл сөзді баяндаған болмас<br/> айып,<br/> Өркімнің ісіне бар сөз лайық.<br/> Көркем сөз мұнан артық таба<br/> алмадым,<br/> Тал түсте лаққанға жолдан<br/> тайып. </p> |  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <p> Көп білім, көпті үйретер<br/> болмаса да,<br/> Не пайда? Жабыққаннан құр<br/> мұңайып?<br/> Соқырға көрсеткенмен көре<br/> қоймас,<br/> Сонда да үміт үзіп,<br/> отырмайық.<br/> Арланбай, адасқанды<br/> әшкерелеп,<br/> Қоялық погоннойын жұртқа<br/> жайып.<br/> Болады ақылсыздың мысалы<br/> есек,<br/> Ғылымсыз надан адам соқырға<br/> есеп.<br/> Қалпынан есек асып ат<br/> болмайды,<br/> Қойса да қорасына асыл төсеп.<br/> Алтынды аяғыңа басқанменен,<br/> Болмайды асылы азып,<br/> балшық кесек.<br/> Жақсыны жақсы деген, мақтау<br/> емес,<br/> Жаманды жаман десең,<br/> болмайды есек.<br/> Қауымынан мұсылманның<br/> шыққан жолды<br/> Айып па, ғазазылдың жолы<br/> десек.<br/> Білгішсіп кей білімсіз жол<br/> айтып жүр,<br/> Байқасақ, не оңды жол ол<br/> айтып жүр?<br/> Халыққа надан адам басшы<br/> болып,<br/> Халықтың надандығын<br/> молайтып жүр. </p> |  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Наданға надандықпен жұрт<br>ерген соң,<br>Тал түсте лақты деп соны<br>айтып жүр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <i>9 шумақ, 36 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | <i>3 шумақ, 18 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <b>7. НАДСОННАН</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Ахметтен</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <b>С.Я. Надсон</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <p>Шайылған көз жасымен<br/>жердің бетін,<br/>Өткізіп тым өлшеусіз өкіметін,<br/>Жауыздық жалғандықпен<br/>қаптағанға,<br/>Адал жол, ақ ниетті арам жеңіп,<br/>Жазықсыз жанды қинап, қанды<br/>төгіп<br/>Бұзықтық, түзіктікті<br/>таптағанға.<br/>Қиналып, кім болсаң да,<br/>талыққандар,<br/>Түңіліп, үміт үзіп,<br/>жабықпаңдар!<br/>Қайтадан жақындық кеп,<br/>қастық қашып,<br/>Жарқырап жақсылыққа атар<br/>таң бар.</p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p>Еңкейіп, еңсесіне бейнет<br/>артпай,<br/>Шөгер тәж шынжыр киіп, азап<br/>тартпай,<br/>Жақындық келер күшті<br/>сәулетінде,<br/>Көз жасы – тірі мола, құлдық,<br/>қорлық,<br/>Дар ағаш, қылыш, қанжар,<br/>өштік, зорлық,</p> | <p>Быть может, их мечты –<br/>безумный, смутный бред<br/>И пыл их – пыл детей, не<br/>знающих сомнений,<br/>Но в наши дни молчи,<br/>неверящий поэт,<br/>И не осмеивай их чистых<br/>заблуждений;</p> <p>Молчи иль даже лги: созрев, их<br/>мысль найдет<br/>И сквозь ошибки путь к<br/>сияющей святыне,<br/>Как путь найдет ручей с<br/>оттаявших высот<br/>К цветущей, солнечной,<br/>полуденной долине.</p> <p>Довольно жалких слез!.. И так<br/>вокруг тебя<br/>Отчаянье и стон... И так<br/>тюремной двери<br/>Не замолкает скрип, и родина,<br/>любя,<br/>Не может тяжкие оплакивать<br/>потери...</p> |



|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|
| <p>Бірі жоқ жақындықтың<br/>дәулетінде.<br/>Жанға жұт, жарың сәуле, жоқ<br/>мұқтаждық,<br/>Сырт берер адамзаттың<br/>әулетіне.<br/>Артықша тасқан қайтып,<br/>толған солып,<br/>Құритын кез келмекші<br/>нәубетіне.</p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p>Демеңдер, жақсылық – тақ,<br/>жай үміт құр,<br/>Заман тар, жауыздық зор, тым<br/>қысып тұр.<br/>Айналаң қараңғы түн тым<br/>түнерген,<br/>Қиналып, талар дүние азап<br/>шегіп,<br/>Қалжыар жалмауыздар қанға<br/>бөгіп,<br/>Болдырар алыс-жұлыс жұлына<br/>ерген.<br/>Жүре алмай, дымы құрып<br/>сонда әрі,<br/>Соқпалы, содыр жолдан шығар<br/>бәрі.<br/>Талған күш, қиналған тән,<br/>ауырған жан<br/>Дертіне жақындықты етер<br/>дәрі.</p> |                                  |
| <p><i>3 шумақ, 30 тармақ</i></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <p><i>3 шумақ, 12 тармақ</i></p> |

| 8. ПУШКИН ВОЛЬТЕРДЕН                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ахметтен<br>Вольтерден                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Пушкиннен<br>От Вольтера                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <p>Қыздыр дейсің топ, жиынды,<br/>жан дейсің,<br/>Қыздыратын жасты қайдан ал<br/>дейсің?<br/>Өмірімнің таңын қосып<br/>кешіне,<br/>Бер қайтадан өткен күннің<br/>һәммесін!</p> <p>Бере алмасаң, кең салалық<br/>бейілді,<br/>Жас қызығын көрсін жастар<br/>кейінгі.<br/>Тәтті өмірмен нәпсі көңілін<br/>ауладың,<br/>Қалғанымен алданталық<br/>зейінді!</p> <p>Уа, дариға! Өттің бастан,<br/>қызық жас!<br/>Өзіңе жөн, өзгелерге бұзық<br/>жас.<br/>Қайғы, қасірет дертін жанға<br/>батырмай,<br/>Қайран жастық! Қызуымен<br/>кылған мас!</p> <p>Көрінбестен өмір көбі өткен<br/>шақ,<br/>Тіршіліктің сән, ләззаты кеткен<br/>шақ.<br/>Ойын, күлкі, мәжілістен<br/>қызықтан</p> | <p>Короче дни, а ночи доле,<br/>Настала скучная пора,<br/>И солнце будто поневоле<br/>Глядит на убранное поле.</p> <p>Что делать в зимни вечера?<br/>Пока не подавали кушать,<br/>Хотите ли теперь послушать,<br/>Мои почтенные друзья,<br/>Рассказ про доброго Роберта,</p> <p>Что жил во время Дагоберта?</p> <p>Из Рима ехал он домой,<br/>Имея очень мало денег.<br/>Сей рыцарь был хорош собой,<br/>Разумен, хоть и молоденек.</p> <p>В то время деньги<br/>И дабы впредь не смел<br/>чудесить,<br/>Поймавши истинно повесить<br/>И живота весьма лишить.</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Мезгіл қуып: «Шық!» – деп әмір еткен шақ.</p> <p>Жасың айтса, көнбегеннен не пайда?<br/>Уақыттың тілі шолақ: «жүр!», «айда!»<br/>Тұрлауы жоқ, өзгерілгіш өмірдің<br/>Өтпесіне еткен, сірә, кім айла!</p> <p>Мүмкін десек адамзатқа екі өлмек,<br/>Бірі соның – «жасым жетті» деп көнбек.<br/>Бұл елімнің ардақтысы, аруы,<br/>Мұнан кейін өлім бе, сол дем сөнбек?!</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| <i>6 шумақ, 24 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <i>4 шумақ, 18 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| <b>9. АТ</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| <b>Ахметтен</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | <b>Пушкиннен</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| <b>Ат</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <b>Конь</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <p>Сен неге, тұлпар атым, кісінейсің?<br/>Жабығып неден көңілің, түсті еңсең?<br/>Ерігіп, ауыздығың қарш-қарш шайнап,<br/>Бұ қалай, бұрынғыдай сілкінбейсің?</p> <p>Әлде мен бабың тауып, бақпадым ба?!<br/>Болмаса, жемнен қысып, сақтадым ба?<br/>Әйтпесе, әбзелдерің сәнді емес пе?</p>                                                                                 | <p>«Что ты ржешь, мой конь ретивый,<br/>Что ты шею опустил,<br/>Не потряхиваешь гривой,<br/>Не грызешь своих удила?»</p> <p>Али я тебя не холю?<br/>Али ешь овса не вволю?<br/>Али сбруя не красна?<br/>Аль поводья не шелковы,<br/>Не серебряны подковы,<br/>Не злачены стремяна?»</p> <p>Отвечает конь печальный:</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Жібектен тізгінінді тақпадым ба?<br/> Малдырып саф алтынға үзенгінді,<br/> Тағанды шын күмістен қақпадым ба?!</p> <p>Жауабы иесіне берген аттың:<br/> «Сұрайсың не себептен мен жабықтым?<br/> Алыстан құлағыма келер дүбір<br/> Һәм дауысы керней тартып,<br/> атқан оқтың.</p> <p>Кісінеп себебім сол мен аһ ұрған,<br/> Көп жүріп далада енді сейіл құрман.<br/> Әбзелмен жарқыраған әсем басып,<br/> Аз қалды сыйлы, сынды күндер тұрған.</p> <p>Жақында жаны ашымас жау кеп шабар,<br/> Қалдырмай әбзелімнің бәрін тонар.<br/> Соқтырған шын күмістен тағаларды<br/> Суырып аяғымнан, олжалаңар.</p> <p>Күйзеліп, жаным ашып,<br/> ауырып бек,<br/> Қайғырып, уайым ғып, тұрмын жүдеп.<br/> Орнына желпуіштің терінді әкеп,<br/> Терлеген бүйіріме жабады деп».</p> | <p>«Оттого я присмирел,<br/> Что я слышу топот дальный,<br/> Трубный звук и пенье стрел;</p> <p>Оттого я ржу, что в поле<br/> Уж не долго мне гулять,<br/> Проживать в красе и в холе,<br/> Светлой сбруей щеголять;</p> <p>Что уж скоро враг суровый<br/> Сброю всю мою возьмет<br/> И серебряны подковы<br/> С легких ног моих сдерет;</p> <p>Оттого мой дух и ноет,<br/> Что наместо чапрака<br/> Кожей он твоей покроет<br/> Мне вспотевшие бока».</p> |
| 6 шумақ, 26 тармақ                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | 6 шумақ, 26 тармақ                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |

| <b>10. ДАНЫШПАН АЛЕКТИҢ АЖАЛЫ</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Ахметтен</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <b>Пушкиннен</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| <b>Данышпан Алектің ажалы</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <b>Песень о вешем Олеге</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <p>Жар салып, жасақ жияр білімді<br/>Алек,<br/>Білімсіз хұзарлардан алмаққа<br/>кек.<br/>Қаласын, егіндерін ызасы үшін<br/>От пенен қойған арнап<br/>қылышқа деп.</p> <p>Қол бастап, киіп сауыт –<br/>Царградты,<br/>Сыр мінез таңдап мініп сенімді<br/>атты,<br/>Далада келе жатып, князь көрді<br/>Ішінен қалың орман шыққан<br/>қартты.</p> <p>Перунға көнген, берген<br/>ықыласын,<br/>Болжаған болар заман<br/>уақиғасын,<br/>Қасына Алек келді қарияның<br/>Өткізген құлшылықпен,<br/>балмен жасын.</p> <p>«Не болар, айтшы, бақсым<br/>Құдай сүйген,<br/>Ілгергі өтер жасым нендей<br/>күймен?<br/>Жауымды жан-жақтағы<br/>қуандырып,<br/>Топырақ тез басар ма, денеме<br/>үйген?<br/>Ашып айт, бүкпей бәрін, еш<br/>қаймықпа!<br/>Аласың таңдап жақсы ат<br/>айтқандыққа!».</p> | <p>Как ныне собирается вещий Олег<br/>Отмстить неразумным хозарам:<br/>Их сѣла и нивы за буйный<br/>набег<br/>Обрѣк он мечам и пожарам.</p> <p>С дружиной своей, в<br/>цареградской броне,<br/>Князь по полю едет на верном<br/>коне.</p> <p>Из тѣмного леса навстречу ему<br/>Идѣт вдохновенный кудесник,<br/>Покорный Перуну старик<br/>одному,<br/>Заветов грядущего вестник,<br/>В мольбах и гаданьях<br/>проведший весь век.<br/>И к мудрому старцу подъехал<br/>Олег.</p> <p>«Скажи мне, кудесник,<br/>любимец богов,<br/>Что сбудется в жизни со мною?<br/>И скоро ль, на радость соседей-<br/>врагов,<br/>Могилой засыплюсь землёю?<br/>Открой мне всю правду, не<br/>бойся меня;<br/>В награду любого возмѣшь ты<br/>коня».</p> <p>«Волхвы не боятся могучих<br/>владык,<br/>А княжеский дар им не нужен;</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Бақсылар князь сыйын қылмас қажет<br/> Һәм қорықпас болғандардан ие жұртқа.<br/> Олардың тілі еркін, сөзі хақ-ты,<br/> Құдірет әмірімен ынтымақты.<br/> Қараңғы таңдағылар танытпайды,<br/> Жүзіңнен саған деген көрем бақты.<br/> «Ұмытпай, ал жадыға сөзін қарттың,<br/> Батырға қымбат пұлы дабыс-даңқтың.<br/> Атың зор, айбының мол жау мұқатқан<br/> Қалқаның қақ басында Царградтың.<br/> Аямай берген саған бақ-талайды,<br/> Күңіркеп, дұшпандарың көре алмайды.<br/> Жер, су да – бәрі саған бағынулы,<br/> Толқыны көк теңіздің ала алмайды.<br/> Айбалта, оқ найза да, сом қанжар да,<br/> Ешбірі саған залал қыла алмайды.<br/> Астына көк сауытың жара түспес,<br/> Қорғаушың көрінбейтін бар бір сайлы.<br/> Қатерлі не бейнеттен қорықпас атың,<br/> Сезеді қозғалғанын қалай таңым.</p> | <p>Правдив и свободен их вещей язык<br/> И с волей небесною дружен.<br/> Грядущие годы таятся во мгле;<br/> Но вижу твой жребий на светлом челе.<br/> Запомни же ныне ты слово моё:<br/> Воителю слава – отрада;<br/> Победой прославлено имя твоё,<br/> Твой щит на вратах Цареграда;<br/> И волны и суша покорны тебе;<br/> Завидует недруг столь дивной судьбе.<br/> И синего моря обманчивый вал<br/> В часы роковой непогоды,<br/> И пращ, и стрела, и лукавый кинжал<br/> Щадят победителя годы...<br/> Под грозной бронёй ты не ведаешь ран;<br/> Незримый хранитель могущему дан.<br/> Твой конь не боится опасных трудов;<br/> Он, чуя господскую волю,<br/> То смиренный стоит под стрелами врагов,<br/> То мчится по бранному полю.<br/> И холод и сеча ему ничего...<br/> Но примешь ты смерть от коня своего».</p> <p>Олег усмехнулся; однако чело<br/> И взор омрачилися думой.<br/> В молчанье, рукой опершись на седло,<br/> С коня он слезает угрюмый;<br/> И верного друга прощальной рукой</p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>«Тұр!» десе – жауған оққа қимылдамас,<br/>«Шу!» десе – не қамалға кірер батыл.<br/>Суыққа, соғысқа да тұлпар шыдар,</p> <p>Ажалың бірақ осы аттан болар...»<br/>Сөзіне шалдың айтқан күлді<br/>Алек,<br/>Әйтсе де ой мен жүзі торғылданар.<br/>Көңілсіз ойдағы жоқ естіп істі,<br/>Үндемей ерге асылып аттан түсті.<br/>Сипалап, қасып, қағып мойынға атын,<br/>Айнымас доспен князь қош айтысты:<br/>«Бақыл бол, серік атым, ренжіме!<br/>Айырылар мезгіл жетсе, айырмас не?<br/>Дамыл ал! Қош аман бол! Мені ұмытпа!<br/>Аяғым тимес алтын үзеңгіңе.<br/>Келіндер, бозбалалар, атты алыңдар!<br/>Жетектеп, тоғайыма апарыңдар!<br/>Жабыңдар жабуына түкті кілем,<br/>Тазалап, жуып, бағып, баптаңыздар!<br/>Жеміне ең қалаулы сұлы алыңдар!<br/>Бұлақтың суымен һәм суарыңдар!»</p> | <p>И гладит и треплет по шее крутой.</p> <p>«Прощай, мой товарищ, мой верный слуга,<br/>Расстаться настало нам время;<br/>Теперь отдыхай, уж не ступит нога<br/>В твоё позлащенное стремя.<br/>Прощай, утешайся, да помни меня!<br/>Вы, отроки - друзья, возьмите коня!<br/>Покройте попоной, мохнатым ковром,<br/>В мой луг под уздцы отведите;<br/>Купайте, кормите отборным зерном,<br/>Водой ключевою поите».</p> <p>И отроки тотчас с конём отошли,<br/>А князю другого коня подвели.<br/>Пирует с дружиною вещей Олег<br/>При звоне весёлом стакана.<br/>И кудри их белы, как утренний снег<br/>Над славной главою кургана...</p> <p>Они поминают минувшие дни<br/>И битвы, где вместе рубились они.<br/>«А где мой товарищ, – промолвил Олег:<br/>– Скажите, где конь мой ретивый?<br/>Здоров ли?»</p> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Князға, атын алып, тосты  
басқа ат,  
Өтеді мұнан кейін неше  
жылдар.

\* \* \*

Басында бір қорғанның Алек  
тойлап,  
Жасақпен жанындағы күліп-  
ойнап,  
Қайғы жоқ, қасірет жоқ, ішіп  
бәрі,  
Күндерді бастан кешкен  
сөйлер ойға ап.  
Ескерді бір мезгілде атын Алек,  
Сұрайды: «Есен-сау ма һәм  
қайда? – деп  
Жүрісін, жүйріктігін таңған  
жоқ па,  
Жабығып қалмады ма, – дейді,  
– жүдеп?  
Қайда деп жоқтаған соң Алек  
атын,  
Айтады біреу тұрып: «Князь  
батыр!  
Басында биік қырдың  
әлдеқашан  
Тыныштық алып, атың  
ұйықтап жатыр».  
Мұны естіп, Алек жерге ұзарап  
төмен,  
Ойлайды: «Оттап босқа шал не  
жеген?!  
Қу бақсы! Өтірікші, алжыған  
шал,  
Атымды айырыпсың босқа  
менен».  
Көруге аттың сүйек-саяқтарын,  
Ертіп ап Игорь менен  
қонақтарын,



|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <p>Сарайдан шығып Алек келе<br/>жатыр,<br/>Жағалап Днепрдің алаптарын.<br/>Қуарған жатыр сүйек қыр<br/>басында,<br/>Селеулер жел құбылтқан тұр<br/>басында.<br/>Құм көмген, жаңбыр жуған<br/>сүйектердің<br/>Аралап князь Алек жүр<br/>қасында.</p> <p>Ақырын аяғын сап шығып<br/>басқа,<br/>Сөз сөйлер князь тұрып өлген<br/>досқа:<br/>«Жат, достым! Кәрі иеңнен<br/>қайтқан бұрын,<br/>Қүдірет қарамайды көп, аз<br/>жасқа.<br/>Жазыпты сені асыма<br/>сойғызбасқа,<br/>Қаныңмен топырағым<br/>тойғызбасқа.<br/>«Ажалың аттан болар» деп<br/>сандалып,</p> <p>Шал мені қорқытқаны осы бас<br/>па?!»<br/>Білдірмей, бас ішінен жылжып<br/>шығып,<br/>Князьға қара жылан шапты<br/>ысқырып.<br/>Оралып аяғына, шаққан кезде<br/>Батырдан шықты дыбыс, жаны<br/>ышқынып.<br/>Алекті жоқтап, жұрты көп<br/>жылайды,</p> |  |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Өлген соң, жылағанға ол тұрмайды.<br/> Днепр жағасында асын беріп,<br/> Көпіршіп саптыаяқтар быжылдайды.<br/> Ольга мен князь Игорь дөң басында,<br/> Тойлаған жасақтары һәм қасында.<br/> Күндерді бастан кешкен сөйлей түсер,<br/> Саптыаяқ жүрген сайын ортасында...</p>                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <i>26 шумақ, 104 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | <i>4 шумақ, 37 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>11. БАЛЫҚ ПЕН БАЛЫҚШЫ</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>Ахметтен</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <b>Пушкиннен</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Балықшы мен балық</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <b>Сказка о рыбаке и рыбке</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <p>Теңіздің жағасында кемпір мен шал,<br/> Тұрыпты отыз үш жыл нақ дәлме-дәл.<br/> Күн көрген бейшаралар балық аулап,<br/> Болмапты төрт түліктен ырымға мал.</p> <p>Үсті шым, асты шұңқыр жерден жырған<br/> Баспана мекенінің сиқы тұрған.<br/> Бала жоқ қолғанат екеуінде,<br/> Иіріп кемпір жібін, шал ау құрған.</p> <p>Бір күні шал апарып ауын салды,</p> | <p>Жил старик со своею старухой<br/> У самого синего моря;<br/> Они жили в ветхой землянке<br/> Ровно тридцать лет и три года.</p> <p>Старик ловил неводом рыбу,<br/> Старуха пряла свою пряжу.<br/> Раз он в море закинул невод, –<br/> Пришел невод с одною тинной.</p> <p>Он в другой раз закинул невод,<br/> Пришел невод с травой морскою.<br/> В третий раз закинул он невод,<br/> –<br/> Пришел невод с одною рыбкой,<br/> С непростой рыбкой, –<br/> золотою.<br/> Как взмолится золотая рыбка!</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Балық жоқ, ауға оралған<br/>балдырды алды.<br/>Салғанда және ауын екінші рет,<br/>Теңізге бітетін бір шөп оралды.</p> <p>Тағы да үшінші рет ауын<br/>салып,<br/>Сүйретіп шығарды бір алтын<br/>балық.<br/>Шал байғұс өз көзіне өзі<br/>сенбей,<br/>Аңырайып тұрды біраз аң-таң<br/>қалып.</p> <p>Жарқырап үсті-басы, оттай<br/>жанып,<br/>Адамша сөз сөйлейді алтын<br/>балық:<br/>«Жанымды бір шыбындай қи,<br/>ақсақал!<br/>Бар болса не қажетің менен<br/>алып».</p> <p>Шал сасып, абдырайды, есі<br/>кетіп,<br/>«Балық, - деп, – бұ неғылған<br/>тілге жетік?!»<br/>Керемет мұндай, сірә, көрген<br/>емес,<br/>Ау салып отыз үш жыл кәсіп<br/>етіп.</p> <p>Ойланып: «Тегін емес балық,<br/>- дейді,<br/>Қалмайын киесіне алып, -<br/>дейді.<br/>Еш нәрсең керек емес, жолың<br/>болсын,</p> | <p>Голосом молвит человечьим:<br/>«Отпусти ты, старче, меня в<br/>море,<br/>Дорогой за себя дам откуп:<br/>Откуплюсь чем только<br/>пожелаешь».</p> <p>Удивился старик, испугался:<br/>Он рыбачил тридцать лет и три<br/>года<br/>И не слыхивал, чтоб рыба<br/>говорила.<br/>Отпустил он рыбку золотую</p> <p>И сказал ей ласковое слово:<br/>«Бог с тобою, золотая рыбка!<br/>Твоего мне откупа не надо;<br/>Ступай себе в синее море,<br/>Гуляй там себе на просторе».</p> <p>Воротился старик ко старухе,<br/>Рассказал ей великое чудо.<br/>«Я сегодня поймал было рыбку,<br/>Золотую рыбку, не простую;<br/>По-нашему говорила рыбка,<br/>Домой в море синее просилась,<br/>Дорогою ценою откупалась:<br/>Откупалась чем только<br/>пожелаю.</p> <p>Не посмел я взять с нее выкуп;<br/>Так пустил ее в синее море».<br/>Старика старуха забранила:<br/>«Дурачина ты, простофиля!<br/>Не умел ты взять выкупа с<br/>рыбки!<br/>Хоть бы взял ты с нее корыто,<br/>Наше-то совсем раскололось».</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Сайран ет теңізінде, барып, - дейді.<br/> Балықты жіберді де, үйге қайтты,<br/> Не ғажап көргенінің бәрін айтты.<br/> «Жібердім еш нәрсе алмай», деген соң-ақ,<br/> Кемпірі шалға көзін бажырайтты:</p> <p>«Ақымақ, - дейді – алжыған, кеткен есің!<br/> Былжырап айтып тұрсың сөз деп несін?<br/> Жаңа астау тым болмаса алсан едің,<br/> Астаудың жарылғанын білмеймісің?»</p> <p>Балыққа шал жөнелді жолықпаққа:<br/> Ыдысқа астау алып молықпаққа.<br/> Жыбырлап судың беті шимайланып,<br/> Балық кеп: «Не айтасың?» - деді қартқа.</p> <p>Шал айтты қол қусырып, тағзым етіп:<br/> «Кемпірім ұрысып, әбден мазам кетіп,<br/> Жаңа астау сұрайын деп келдім, тақсыр!<br/> Жарамсыз астауымыз, жарық, кетік».</p> | <p>Вот пошел он к синему морю;<br/> Видит, – море слегка разыгралось.<br/> Стал он кликать золотую рыбку,<br/> Приплыла к нему рыбка и спросила:</p> <p>«Чего тебе надобно, старче?»<br/> Ей с поклоном старик отвечает:<br/> «Смилуйся, государыня рыбка, Разбранила меня моя старуха,<br/> Не дает старику мне покою: Надобно ей новое корыто;<br/> Наше-то совсем расколосось».</p> <p>Отвечает золотая рыбка:<br/> «Не печалься, ступай себе с богом,<br/> Будет вам новое корыто».<br/> Воротился старик ко старухе,<br/> У старухи новое корыто.</p> <p>Еще пуще старуха бранится:<br/> «Дурачина ты, простофиля! Выпросил, дурачина, корыто!<br/> В корыте много ль корысти? Воротись, дурачина, ты к рыбке;<br/> Поклонись ей, выпроси уж избу».</p> <p>Вот пошел он к синему морю,<br/> Будет вам новое корыто;.<br/> Воротился старик ко старухе,<br/> Стал он кликать золотую рыбку,<br/> Приплыла к нему рыбка, спросила:</p> |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>«Қайғырма, – балық айтты, – үйіңе бар!<br/>Сол болса бар жұмысың, оның болар!»<br/>Қуанып, шал үйіне қайтып келсе,<br/>Бір астау әп-әдемі жатыр даяр.</p> <p>Ұрады кемпір шалға келісімен:<br/>(Сақтасын долы қатын перісінен!)<br/>«Алыпсың астау сұрап, ақылы жоқ,<br/>Айырылған, ақымақ шал» дейді, – есінен!</p> <p>Деп ұрысты: «Миы ашыған, қу көк сақал!<br/>Астауда қызыққандай қанша еді мал?<br/>Қуанып қу астауға келген несі?<br/>Көп нәрсе әкеліпсің, адырағал!<br/>Үйіңнің үстіндегі сиқы мынау!<br/>Балықтан барып тәуір үй сұрап ал!»</p> <p>Тағы да шал жөнелді теңіз жаққа,<br/>Балыққа арыз айтып, мұң шақпаққа.<br/>Бұзылып судың түсі лайланып,<br/>Балық кеп: «Не айтасың?» - дейді қартқа.</p> <p>Шал айтты қол қусырып, тағым етіп:<br/>«Бәлеге қалдым, тақсыр!<br/>Мазам кетіп!</p> | <p>«Чего тебе надобно, старче?»<br/>Ей старик с поклоном отвечает:<br/>«Смилуйся, государыня рыбака!<br/>Еще пуще старуха бранится,<br/>Не дает старику мне покою:<br/>Избу просит сварливая баба».<br/>Отвечает золотая рыбака:<br/>«Не печалься, ступай себе с богом,<br/>Так и быть: изба вам уж будет».<br/>Пошел он ко своей землянке,<br/>А землянки нет уж и следа;<br/>Перед ним изба со светелкой,<br/>С кирпичною, беленою трубою,<br/>С дубовыми, тесовыми воротаи.<br/>Старуха сидит под окошком,<br/>На чем свет стоит мужа ругает.<br/>«Дурачина ты, прямой простофиля!<br/>Выпросил, простофиля, избу!<br/>Воротись, поклонися рыбке:<br/>Не хочу быть черной крестьянкой,<br/>Хочу быть столбовою дворянкой».<br/>Пошел старик к синему морю;<br/>(Не спокойно синее море.)<br/>Стал он кликать золотую рыбку.<br/>Приплыла к нему рыбака,<br/>спросила:<br/>«Чего тебе надобно, старче?»<br/>Ей с поклоном старик отвечает:</p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p>«Смилуйся, государыня рыбака!<br/>Пуще прежнего старуха вздурилась,</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>«Үй алмай, астау алдың,<br/>алжыған!» - деп,<br/>Барады сүйегімнен сөккені<br/>өтіп».</p> <p>Арызын ақсақалдың қабыл<br/>алып,<br/>«Қайғырма! Үйіңе қайт!» - деді<br/>балық...</p> <p>Орнында лашығының ағаш үй<br/>тұр,<br/>Келеді шал қуанып,<br/>таңырқанып.</p> <p>Салған үй салтанатты<br/>сәніменен,<br/>Бояған, оюлаған мәніменен.<br/>Сайраған бақшасында түрлі<br/>құстар<br/>Келтірер көңіл хошын<br/>әніменен.</p> <p>Асылып терезеге кемпір<br/>тұрып,<br/>Ұрсады келісімен шалға<br/>ақырып:<br/>«Балықтан барыпсың да үй<br/>алыпсың,<br/>Ақымақ, миың ашып, кеткен<br/>шіріп.</p> <p>Ізіңмен, үйге кірмей, қайт<br/>балыққа!<br/>Қадірсіз мұжық деген ат<br/>халыққа.<br/>Айтпасқа қарашекпен қатыны<br/>деп,<br/>Ақсүйек етсін мені, айт<br/>балыққа!»</p> | <p>Не дает старику мне покою:<br/>Уж не хочет быть она<br/>крестьянкой,<br/>Хочет быть столбовою<br/>дворянкой».</p> <p>Отвечает золотая рыбка:<br/>«Не печалься, ступай себе с<br/>богом».</p> <p>Воротился старик ко старухе.<br/>Что ж он видит? Высокий<br/>терем.</p> <p>На крыльце стоит его старуха<br/>В дорогой собольей<br/>душегрейке,<br/>Парчовая на маковке кичка,<br/>Жемчуги огрузили шею,<br/>На руках золотые перстни,<br/>На ногах красные сапожки.<br/>Перед нею усердные слуги;<br/>Она бьет их, за чупрун таскает.<br/>Говорит старик своей старухе:<br/>«Здравствуй, барыня сударыня<br/>дворянка!<br/>Чай, теперь твоя душенька<br/>довольна».</p> <p>На него прикрикнула старуха,<br/>На конюшне служить его<br/>послала.</p> <p>Вот неделя, другая проходит,<br/>Еще пуще старуха вздурилась:<br/>Опять к рыбе старика<br/>посылает.</p> <p>«Воротись, поклонись рыбке:<br/>Не хочу быть столбовою<br/>дворянкой,<br/>А хочу быть вольною<br/>царицей».</p> <p>Испугался старик, взмолился:</p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Балыққа шал келеді қайтып тағы,<br/>Кемпірдің мұң-мүддесін айтып тағы.<br/>Тағзыммен қол қусырып арыз айтып,<br/>«Азапты келдім, - деді, тартып тағы.</p> <p>«Қайғырма, балық айтты, болар, де<br/>Ақсүйек дәрежесі қонар», - деді.<br/>Қатыны қайтып келсе, болған ханым,<br/>Қасына шал қалайша жолар енді?</p> <p>Биік үй салтанатты, сәнді түрі,<br/>Бәрі мол, бәрі байлық, бәрі ірі.<br/>Үстіне неше түрлі асыл киіп,<br/>Паңсынып сыртқы есікте тұр кемпірі.</p> <p>Қолында толған өңшең алтын жүзік,<br/>Зумрет, березелі бар білезік.<br/>Үстінде қамзол ішік, тысы қамқа,<br/>Меруерт омырауы қойған тізіп.</p> <p>Аяқта сактияннан оюлы етік,<br/>Бұрынғы мұжықтығы естен кетіп,<br/>Жұмсап тұр біріне ұрсып, бірін ұрып,<br/>Ақырып малайларға әмір етіп.</p> | <p>«Что ты, баба, белены объелась?<br/>Ни ступить, ни молвить не умеешь,<br/>Насмешишь ты целое царство».<br/>Осердилася пуще старуха,<br/>По щеке ударила мужа.<br/>«Как ты смеешь, мужик, спорить со мною,<br/>Со мною, дворянкой столбовою? -<br/>Ступай к морю, говорят тебе честью,<br/>Не пойдешь, поведут поневоле».<br/>Старичок отправился к морю,<br/>(Почернело синее море.)<br/>Стал он кликать золотую рыбку.<br/>Приплыла к нему рыбка, спросила:<br/>«Чего тебе надобно, старче?»<br/>Ей с поклоном старик отвечает:<br/>«Смилуйся, государыня рыбка!<br/>Опять моя старуха бунтует:<br/>Уж не хочет быть она дворянкой,<br/>Хочет быть вольною царицей».<br/>Отвечает золотая рыбка:<br/>«Не печалься, ступай себе с богом!<br/>Добро! будет старуха царицей!»<br/>Старичок к старухе воротился.<br/>Что ж? пред ним царские палаты.<br/>В палатах видит свою старуху,<br/>За столом сидит она царицей,</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Шал келіп: «Сәлем бердік, ханым! - деді, Ризалық тапты ма, енді жаның?» - деді. Жаратпай шалдың сөзін, кемпірі ұрсып: «Әдепсіз, ақылы жоқ, жарым, - деді. Ат бақсын, ат қораға апарыңдар! Мұжықтың мына біреу шалын...» - деді.</p> | <p>Служат ей бояре да дворяне, Наливают ей заморские вина; Заедает она пряником печатным; Вкруг ее стоит грозная стража, На плечах топорики держат. Как увидел старик, - испугался! В ноги он старухе поклонился, Молвил: «Здравствуй, грозная царица! Ну, теперь твоя душенька довольна».</p>          |
| <p>***</p>                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| <p>Қанағат болды десек етер шағы,<br/>Құтырды өскен сайын кемпір бағы.<br/>Өткен соң бірер жұма,<br/>шақыртады<br/>Балыққа жібермекке шалды тағы.</p>                                                                                  | <p>На него старуха не взглянула, Лишь с очей прогнать его велела. Подбежали бояре и дворяне, Старика взаши затолкали. А в дверях-то стража подбежала, Топорами чуть не изрубила. А народ-то над ним насмеялся: «Поделом тебе, старый невежа! Впредь тебе, невежа, наука: Не садися не в свои сани!»</p> |
| <p>Айтады: «Қазір жылдам бар, балыққа!<br/>Жеткен жоқ жаным әлі ризалыққа.<br/>Ақсүйек дәрежесін азсынамын, Патша етсін, мені дереу бір халыққа!»</p>                                                                                  | <p>Вот неделя, другая проходит, Еще пуще старуха вздурилась: Царедворцев за мужем посылает, Отыскали старика, привели к ней. Говорит старику старуха: «Воротись, поклонися рыбке. Не хочу быть вольною царицей, Хочу быть владчицей морскою,</p>                                                        |
| <p>Шал айтты: «Құтырдың ба? Түзу ме есің? Болмасын астамшылық, мұның кесір! Білмейсің іс ретін, сөз мәнісін, Жұрт күлер: қор болған деп бақыт, есіл!»</p>                                                                              | <p>Чтобы жить мне в Окияне-море, Чтоб служила мне рыбка золотая И была бы у меня на посылках».</p>                                                                                                                                                                                                      |



|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Бұл сөзге кемпір қатты ашуланып,<br/>Жіберді шалды жаққа салып-салып.<br/>Қалайша маған қарсы сөз айтасың?<br/>Сен мұжық, мен ақсүйек, қой - деп, танып!</p> <p>Сөз айтар шалда хәл жоқ, жөнеледі.<br/>Қарайып теңіз беті түнереді:<br/>Шақырған шал дауысына балық келіп,<br/>«Ақсақал, не айтасың? Сөйле!» - деді.</p> <p>Шал айтты: «Өлдім әбден тынышым кетіп,<br/>Таянды жындануға кемпір жетіп.<br/>«Ақсүйек дәрежесін азсынамын,<br/>Бір жұртқа қойсын, - деді, — патша етіп».</p> <p>«Қайғырма!» балық сөйлеп,<br/>«кәрім!» - деді, —<br/>«Істермін айтқанындай бәрін», - деді.<br/>«Жүргізіп жұртқа әмірін мейілінше,<br/>Айбынды болар патша жарың», - деді.</p> <p>Шал қайтса, салтанатты сарайлар тұр,<br/>Ішінде сарайлардың кемпірі отыр.</p> | <p>Ничего не сказала рыба,<br/>Лишь хвостом по воде плеснула<br/>И ушла в глубокое море.<br/>Долго у моря ждал он ответа,<br/>Не дождался, к старухе воротился -<br/>Глядь: опять перед ним землянка;<br/>На пороге сидит его старуха,<br/>А пред нею разбитое корыто.</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <p>Жарқырап алтын киіп, оттай жанып,<br/>Патшасып кемпір отыр,<br/>ызғарланып.<br/>Ақсүйек, өңшең бекзат қызметінде,<br/>Ішкізіп арақ-шарап, азаптанып.</p> <p>Билетпей шалға бойы, буын құрып,<br/>Сарайға шал сескеніп келді кіріп,<br/>Бас ұрып кемпірінің аяғына:<br/>«Болды ма жаның риза!» - деді тұрып.</p> <p>Есіркеу кемпірде жоқ, шалын аяп,<br/>Адам деп елеп оған қарамай-ақ,<br/>Деп еді: «Шығарыңдар!» Сол-ақ екен,<br/>Жұдырық, жан-жағынан жауды таяқ.</p> <p>Желкелеп, сүйреп, жұлқып жұлмалайды,<br/>Ағына сақалының кім қарайды?<br/>«Ақымақ, әдебі жоқ, алжыған құл,<br/>Кірлейсің аяғыңмен, - деп, сарайды!» –</p> <p>Жұрт күліп, шал екенсің, - деді, жарым,<br/>Ақылың кем болған соң, кімге обалың?<br/>«Болмаса өзің шанаң, отырма» деп</p> |  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

\*\*\*

Бір-екі мұнан кейін жұма өтті,  
Тілейтін жаңа тоят кезі жетті.  
Қызығы патшалықтың тозды  
жылдам,  
Жарлық қып, кемпір патша  
шалды іздетті.

Шалды айдап алып келді  
дірдектетіп,  
Байғұстың түсі қашқан, өңі  
кетіп.  
Үстінде алтын тақтың кемпір  
патша  
Тапсырды шалға жұмыс, әмір  
етіп:

«Бек тығыз бұйырамын саған,  
- деді,  
Сөз қатсаң, жыртылады жаған,  
- деді,  
Мақсатым суды билеп, суда  
тұрмақ,  
Балыққа айт, менен көп-көп  
сәлем! - деді,  
Қаратып теңіздерді қол  
астыма,  
Шабарман болсын өзі маған»,  
- деді.

Өлі жоқ сөз қайыар, шал  
кетеді,  
Қорыққаннан жылдам жүріп,  
тез жетеді.  
Қара бұлт, қара дауыл  
толқынды айдап,  
Сапырып теңіз суын,  
желдетеді.

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                          |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Балықты шақырып шал, сөзін<br/>айтты,<br/>Жұмыстың тығыздығын, тезін<br/>айтты.<br/>Кемпірдің сұрағанын естіп<br/>балық,<br/>Бір соғып суды бетке, кейін<br/>қайтты.</p> <p>Балықтан жауап күтіп тұрып-<br/>тұрып,<br/>Шал қайтты кешке жақын әлі<br/>құрып.<br/>Көре алмай салтанатты<br/>сарайларды,<br/>Көз салды жан-жағына<br/>мойнын бұрып.</p> <p>Қараса, лашығында кемпірі<br/>отыр,<br/>Баяғы жарық астау жырық-<br/>жырық.<br/>Түсіріп таз кебіне бір-ақ күнде,<br/>Қойыпты қу қақбасты Құдай<br/>ұрып.</p> |                                                                                                                                                                                                          |
| <i>46 шумақ, 190 тармақ</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | <i>15 шумақ, 208 тармақ</i>                                                                                                                                                                              |
| <b>12. АЛТЫН ӘТЕШ</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                          |
| <b>Ахметтен</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <b>Пушкиннен</b>                                                                                                                                                                                         |
| <b>Алтын әтеш</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | <b>Сказка о золотом петушке</b>                                                                                                                                                                          |
| <p>Беріде емес, әріде,<br/>Пәлен жұрттың жерінде<br/>Болған жақсы хан Дадан.<br/>Талай көріп қауіпті,<br/>Талай жұртты шауыпты,<br/>Жасында боп бек мазан.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <p>Негде, в тридевяти царстве,<br/>В тридесятом государстве,<br/>Жил-был славный царь Дадон.<br/>С молодю был грозен он<br/>И соседям то и дело<br/>Наносил обиды смело;<br/>Но под старость захотел</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Жас жеткен соң жабығып,<br/>Аттаныстан жалығып,<br/>Жай жатуға ойлапты.<br/>Кәрі ханды қажалап,<br/>Енді өзгелер мазалап,<br/>Жай жатқызып қоймапты.</p> <p>Жаудан Дадан жерлерін,<br/>Қорғамакқа елдерін,<br/>Һәман тұтты көп әскер.<br/>Қолбасылар қалғымас,<br/>Түс-тұсынан шықты қас,<br/>Қайсысына жетісер?</p> <p>Оннан күтсе, жау солда,<br/>Қырдан күтсе, жау суда,<br/>Арқадан да, Құбыладан.<br/>Жан-жағынан жау ұрды,<br/>Жылап-жылап жіберді<br/>Ызасынан хан Дадан.</p> <p>Қатты күйді, қайғырды,<br/>Хан ұйқыдан айырылды,<br/>Һәман қауіп-қатерде.<br/>Ойлап, ойлап қарайды:<br/>«Не қылсам, деп, – жарайды?»</p> <p>Білмейді не етерге.<br/>Безген ат боп белінен,<br/>Һәр нәпсінің желінен,<br/>Бар екен бір данышпан<br/>Жұлдыз санап қарайтын,<br/>Сонан ақыл сұрайтын<br/>Сасқан яки адасқан.<br/>Арнап кісі шаптырып,<br/>Көп -көп сәлем айттырып,<br/>Шақыртады хан Дадан.<br/>Шақырғанға бұ барды,</p> | <p>Отдохнуть от ратных дел<br/>И покой себе устроить.<br/>Тут соседи беспокоить<br/>Стали старого царя,<br/>Страшный вред ему творя.<br/>Чтоб концы своих владений<br/>Охранять от нападений,<br/>Должен был он содержать<br/>Многочисленную рать.<br/>Воеводы не дремали,<br/>Но никак не успевали:<br/>Ждут, бывало, с юга, глядь, –<br/>Ан с востока лезет рать.<br/>Справят здесь, – лихие гости<br/>Идут от моря. Со злости<br/>Инда плакал царь Дадон,<br/>Инда забывал и сон.<br/>Что и жизнь в такой тревоге!<br/>Вот он с просьбой о помощи<br/>Обратился к мудрецу,<br/>Звездочету и скопцу.<br/>Шлет за ним гонца с поклоном.<br/>Вот мудрец перед Дадонем<br/>Стал и вынул из мешка<br/>Золотого петушка.<br/>«Посади ты эту птицу, –<br/>Молвил он царю, – на спицу;<br/>Петушок мой золотой<br/>Будет верный сторож твой:<br/>Коль кругом все будет мирно,<br/>Так сидеть он будет смирно;<br/>Но лишь чуть со стороны<br/>Ожидать тебе войны,<br/>Иль набега силы бранной,<br/>Иль другой беды незваной,<br/>Вмиг тогда мой петушок<br/>Приподымет гребешок,<br/>Закричит и встрепенется</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Алтын этеш шығарды<br/> Аузын шешіп дорбадан.<br/> Ханға тұрып сөйлейді,<br/> Сөйлегенде бүй дейді:<br/> «Мынау алтын этешім!<br/> Қондыр, сырың басына!<br/> Қой, сарайың қасына!<br/> Болар мықты күзетшің.<br/> Бұл отырса тып-тыныш,<br/> Жоқ еш жерде қорқыныш.<br/> Қатер болса бір жақта,<br/> (Соғыс па я әлдене?<br/> Болсын мейлі не бәле)<br/> Қарап этеш сол жаққа,<br/> Күдірейіп дауыстар,<br/> Ол – дегені «қауіп бар!»<br/> Риза болып, айтар хан:<br/> «Бұйым алтын, күміс пе?<br/> Басқа мүдде, жұмыс па?<br/> Тауаныңды қайтарман.<br/> Сенен немді аярымн!<br/> Қашан болса, даярымн<br/> Не сұрасаң беруге –<br/> Не десең де еткізіп,<br/> Не мүддеңе жеткізіп,<br/> Өз көңілімдей көруге».</p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p>Биік сырық басында,<br/> Хан сарайы қасында<br/> Қарауылдап халықты,<br/> Қатер болса, жұлқынып,<br/> Солай қарай ұмтылып,<br/> Этеш айқай салыпты:<br/> «Кіри-ку-ку, жат, ханым!<br/> Жатып жұртты бақ, ханым!»<br/> Дадан ісін асырды:<br/> Жауын ерте көрген соң,<br/> Ұрып, сыйын берген соң,</p> | <p style="text-align: center;">* * *</p> <p>И в то место обернется». <br/> Царь скопца благодарит,<br/> Горы золота сулит.<br/> «За такое одолженье, –<br/> Говорит он в восхищенье, –<br/> Волю первую твою<br/> Я исполню, как мою».<br/> Петушок с высокой спицы<br/> Стал стеречь его границы.<br/> Чуть опасность где видна,<br/> Верный сторож как со сна<br/> Шевельнется, встрепенется,<br/> К той сторонке обернется<br/> И кричит: «Кири-ку-ку.<br/> Царствуй, леж на боку!»<br/> И соседи присмирели,<br/> Воевать уже не смели:<br/> Таковой им царь Дадон<br/> Дал отпор со всех сторон!<br/> Год, другой проходит мирно;<br/> Петушок сидит все смирно.<br/> Вот однажды царь Дадон<br/> Страшным шумом пробужден:<br/> «Царь ты наш! отец народа! –<br/> Возглашает воевода, –<br/> Государь! проснись! беда!»<br/> – Что такое, господа? –<br/> Говорит Дадон, зевая: –<br/> А?.. Кто там?.. беда какая? –<br/> Воевода говорит:<br/> «Петушок опять кричит;<br/> Страх и шум во всей столице».<br/> Царь к окошку, – ан на спице,<br/> Видит, бьется петушок,<br/> Обратившись на восток.<br/> Медлить нечего: «Скорее!<br/> Люди, на конь! Эй, живее!»</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p> Жау тыйылды, басылды.<br/> Бір жыл өтті, екі жыл,<br/> Тапты рахат жұрт дамыл,<br/> Әтеш отыр жай, тыныш.<br/> Бір күн ұйықтап хан жатты,<br/> Сер әскер кеп оятты,<br/> Бар деп бәле, қорқыныш.<br/> Хан аша алмай ұйқысын,<br/> «Не бәле бар? Не қысым?» –<br/> Дейді отырып есінеп,<br/> Жауап берді сер әскер:<br/> «Әтеш көрген бар қатер,<br/> Жұрт қауіпте түйсініп».<br/> Хан қараса әйнектен,<br/> Әтеш отыр әндеткен,<br/> Күншығысқа қарапты.<br/> «Не тұрыс бар? Жүруге!<br/> Жылдам атқа мінуге!<br/> Алып қару-жарақты!»<br/> Хан әскерін айдайды,<br/> Үлкен ұлын сайлайды<br/> Бастық етіп үстінен.<br/> Әтеш тағы жай, тыныш,<br/> Қауіп-қатер, қорқыныш<br/> Шықты жұрттың есінен.<br/> Қол шыққалы жеті күн,<br/> Әскерден жоқ хабар-үн:<br/> Ашықты ма? Тоқ па әлі?<br/> Жеткен жоқ па? Жетті ме?<br/> Жау жатыр ма? Кетті ме?<br/> Соғысты ма? Жоқ па әлі?<br/> Міне, әтеш бақырды:<br/> Хан өзге қол шақырды,<br/> <br/> Кіші ұлына бастатты.<br/> Күншығысқа бет беріп,<br/> Қару, қапшық бөктеріп,<br/> Қосын артып, қол тартты. </p> | <p> Царь к востоку войско шлет,<br/> Старший сын его ведет.<br/> Петушок угомонился,<br/> Шум утих, и царь забылся.<br/> Вот проходит восемь дней,<br/> А от войска нет вестей;<br/> Было ль, не было ль сраженья,<br/> –<br/> Нет Дадону донесенья.<br/> Петушок кричит опять.<br/> Кличет царь другую рать;<br/> Сына он теперь меньшого<br/> Шлет на выручку большого; </p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p> Петушок опять утих.<br/> Снова вести нет от них!<br/> Снова восемь дней проходят;<br/> Люди в страхе дни проводят;<br/> Петушок кричит опять,<br/> Царь скликает третью рать<br/> И ведет ее к востоку, –<br/> Сам не зная, быть ли проку.<br/> Войска идут день и ночь;<br/> Им становится невмочь.<br/> Ни побоища, ни стана,<br/> Ни надгробного кургана<br/> Не встречает царь Дадон.<br/> «Что за чудо?» – мыслит он.<br/> Вот осьмой уж день проходит,<br/> Войско в горы царь приводит<br/> И промеж высоких гор<br/> Видит шелковый шатер.<br/> Все в безмолвии чудесном<br/> Вкруг шатра; в ущелье тесном<br/> Рать побитая лежит.<br/> Царь Дадон к шатру спешит...<br/> Что за страшная картина! </p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p> Этеш тыныш, сыбыс жоқ,<br/> Әскерден түк дыбыс жоқ,<br/> Тағы өтеді жеті күн.<br/> Жұрт айырылды сауықтан,<br/> Ел жайғаспай қауыптан.<br/> Этеш тағы берді үн.<br/> Үшінші қол шақырып,<br/> Тастайтындай жапырып,<br/> Құтты болғай деп қадам,<br/> Күншығысқа жол алып,<br/> Азық-түлік мол алып,<br/> Шықты өзі хан Дадан.<br/> Күн-түн демей жол жүріп,<br/> Бітті әбден болдырып,<br/> Ешбір белгі жолда жоқ –<br/> Мола да жоқ, көр де жоқ,<br/> Салық салған жер де жоқ,<br/> Соғыс та жоқ, қол да жоқ.<br/> «Бұ не хикмет! Не ғажап!» –<br/> Дейді Дадан ойға қап.<br/> Жетінші күн батыр хан<br/> Қолды жиып жүргізіп,<br/> Тау ішіне кіргізіп,<br/> Көрді жібек шатыр хан.<br/> Маңайында ел де жоқ,<br/> Ызыңдаған жел де жоқ,<br/> Жалғыз ғана сол шатыр.<br/> Өзектерде, ойларда,<br/> Жыбырлаған қойлардай,<br/> Қырып салған қол жатыр.<br/> Хан шатырға кірмекке,<br/> Бұ не ғажап білмекке,<br/> Жылдамырақ жүреді.<br/> Хан алдында екі ұлы,<br/> Жан шошитын бар сыны,<br/> Жатқандарын көреді.<br/> Бір-біріне қылышты<br/> Сұғып, тапқан тынышты: </p> | <p> Перед ним его два сына<br/> Без шоломов и без лат<br/> Оба мертвые лежат,<br/> Меч вонзивши друг во друга.<br/> Бродят кони их средь луга,<br/> По притоптанной траве,<br/> По кровавой мураве...<br/> Царь завыл: «Ох дети, дети!<br/> Горе мне! попались в сети<br/> Оба наши сокола!<br/> Горе! смерть моя пришла».<br/> Все завыли за Дадонем,<br/> Застонала тяжким стоном<br/> Глубь долин, и сердце гор<br/> Потряслося. Вдруг шатер<br/> Распахнулся... и девица,<br/> Шамаханская царица,<br/> Вся сияя как заря,<br/> Тихо встретила царя.<br/> Как пред солнцем птица ночи,<br/> Царь умолк, ей глядя в очи,<br/> И забыл он перед ней<br/> Смерть обоих сыновей.<br/> И она перед Дадонем<br/> Улыбнулась – и с поклоном<br/> Его за руку взяла<br/> И в шатер свой увела.<br/> Там за стол его сажала, </p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p> Всяким яством угощала;<br/> Уложила отдыхать<br/> На парчовую кровать.<br/> И потом, неделю ровно,<br/> Покорясь ей безусловно,<br/> Околдован, восхищен,<br/> Пировал у ней Дадон<br/> Наконец и в путь обратный </p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|



|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Хикмет – араб сөзі «даналық», «кемеңгерлік», «нақыл» деген мағынада.</p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p>Сауыт, қалқан – жоқ бәрі.<br/> Жапырылып жаншылған,<br/> Қара қанға малшынған,<br/> Шөпті жеп жүр аттары.<br/> Екі азамат сұлтаным!<br/> Екі лашын-сұңқарым!<br/> Ауға түскен, алданған.<br/> Маған күйік! Маған дерт!<br/> Маған өлім! Маған мерт!» –<br/> Деп жылады хан Дадан.<br/> Хан жыласа, қалар ма?<br/> Ерген жасақ – олар да<br/> Еңіресті, жыласты.<br/> Тау күрсініп, күңіреніп,<br/> Ой ыңылдап, ыңыранып,<br/> Бәрі бірге ұласты.<br/> Сонда шатыр ашылып,<br/> Нұры күндей шашылып,<br/> Шамаһанды билеген,<br/> Нөкері жоқ, жап-жалғыз<br/> Шыға келіп патша қыз,<br/> Ұшырасты ханменен.<br/> Қуыршаққа қуанған,<br/> Балаларша уанған,<br/> Жылағанын хан қойды.<br/> Сылаңдаған сызылып,<br/> Қызға көңіл бұзылып,<br/> Бөлмей, жармай, берді ойды.<br/> Керіле басып, кекектеп,<br/> Ханды қолдан жетектеп,<br/> Қыз шатырға әкетті.<br/> Дастарханды жаяды,<br/> Түрлі тағам қояды,</p> | <p>Со своею силой ратной<br/> И с девицей молодой<br/> Царь отправился домой.<br/> Перед ним молва бежала,<br/> Быль и небыль разглашала.<br/> Под столицей, близ ворот,<br/> С шумом встретил их народ, –<br/> Все бегут за колесницей,<br/> За Дадонем и царицей;<br/> Всех приветствует Дадон...<br/> Вдруг в толпе увидел он,<br/> В сарачинской шапке белой,<br/> Весь как лебедь поседелый,<br/> Старый друг его, скопец.<br/> «А, здорово, мой отец, –<br/> Молвил царь ему, – что<br/> скажешь?<br/> Подь поближе! Что<br/> прикажешь?»<br/> – Царь! – отвечает мудрец, –<br/> Разочтемся наконец.<br/> Помнишь? за мою услугу<br/> Обещался мне, как другу,<br/> Волю первую мою<br/> Ты исполнить, как свою.<br/> Подари ж ты мне девицу,<br/> Шамаханскую царицу. –<br/> Крайне царь был изумлен.<br/> «Что ты? – старцу молвил он, –<br/> Или бес в тебя ввернулся,<br/> Или ты с ума рехнулся?<br/> Что ты в голову забрал?<br/> Я, конечно, обещал,<br/> Но всему же есть граница.<br/> И зачем тебе девица?<br/> Полно, знаешь ли кто я?<br/> Попроси ты от меня<br/> Хоть казну, хоть чин боярской,</p> |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Көрсетеді құрметті.  
Әбден сыйлап бағады,  
Парша төсек салады,  
Тынықсын деп жол шеккен...  
Бір жұмадай тойлар хан,  
Басқаны жоқ ойлар хан,  
Басы айналған, ерік кеткен...

\* \* \*

Міне, қолын, қосын ап,  
Қызды өзіне қосып ап,  
Кейін қарай хан басты.  
Келмей жатып алдынан:  
Пәлен екен деп пәлен –  
Түрлі лақап сөз қашты.  
Таянғанда қалаға,  
Дулап, шулап далаға,  
Хан алдынан ел шықты.  
Жұрт жүгірер артынан,  
Хан, сағынған халқынан  
Алар сәлем, құлдықты.  
Көп ішінен көреді,  
Біреу сәлем береді,  
Ақ бөркі бар басында.  
Ет жоқ, ұрты суалған,  
Сақал, мұрты қуарған,  
Қара қыл жоқ шашында.  
Шал сәлемін хан алып,  
Кәрі досын тез танып,  
Жақын кел деп шақырды.  
Дейді: «Аман ба, қарт бабам?!  
Не қосасың, айт бабам!  
Данышпаным, ақылды?»  
Шал айтады: «Хан Дадан!  
Барды айтқан уағдаң  
Тілегімді беруге.  
Не десем де еткізіп,  
Ризалыққа жеткізіп,

Хоть коня с конюшни царской,  
Хоть пол-царства моего». –  
Не хочу я ничего!  
Подари ты мне девицу,  
Шамаханскую царицу, –  
Говорит мудрец в ответ.  
Плюнул царь: «Так лих же: нет!

\* \* \*

Ничего ты не получишь.  
Сам себя ты, грешник, мучишь;  
Убирайся, цел пока;  
Оттащите старика!»  
Старичок хотел заспорить,  
Но с иным накладно вздорить;  
Царь хватил его жезлом  
По лбу; тот упал ничком,  
Да и дух вон. – Вся столица  
Содрогнулась, а девица –  
Хи-хи-хи! да ха-ха-ха!  
Не боится, знать, греха.  
Царь, хоть был встревожен  
сильно,  
Усмехнулся ей умильно.  
Вот - въезжает в город он...  
Вдруг раздался легкой звон,  
И в глазах у всей столицы  
Петушок спорхнул со спицы,  
К колеснице полетел  
И царю на темя сел,  
Встрепенулся, клонул в темя  
И взвился... и в то же время  
С колесницы пал Дадон –  
Охнул раз, – и умер он.  
А царица вдруг пропала,  
Будто вовсе не бывало.  
Сказка ложь, да в ней намек!  
Добрым молодцам урок.

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <p> Өз көңіліндей көруге.<br/> Ақы алатын күн жетті,<br/> Мойнындағы міндетті –<br/> Өте, бүгін қарызды.<br/> Сүйсең көңілім тынуын,<br/> Бер, Шамаһан сұлуын!<br/> Қабыл ет, хан, арызды!»<br/> Хан таңданды бұл іске,<br/> Ойдағы жоқ ұлы іске.<br/> Шалға айтады: «Сен несің?<br/> Пері енді ме, түсіңе!<br/> Жын кірді ме, ішіңе?<br/> Алжастың ба, бар ма есің?!<br/> Мен саған шын қарыздар,<br/> Қарызда да шама бар –<br/> Қыз ол саған не қажет?<br/> Қой, шалым, тым зор тұтпа!<br/> Мен кім – оны ұмытпа!<br/> Міндеттен бар зор міндет.<br/> Сұра менен қазына! </p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p> Қарамаң көп-азына,<br/> Шен десең, шен беремін.<br/> Ат қала да, атымды ал!<br/> Зат қала да, затымды ал!<br/> Ел жарымын һәм беремін»<br/> «Керек емес, – деді шал, –<br/> Елің, шенің, бұйым, мал.<br/> Берсең, маған қызды бер!»<br/> «Түф!» деп жерге түкіріп!<br/> Хан айтады жекіріп<br/> (Қысылғаннан шықты тер)<br/> «Қуарған шал! Сый алмай,<br/> Қыз сұрайсың ұялмай,<br/> Соққан сені захмет.<br/> Түк нәрсе де бермеймін,<br/> Түк есепті көрмеймін. </p> |  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|
| <p>Сау тұрғанда, жоғал! Кет!»<br/> Ханға жауап қайырып,<br/> Таласуға бой ұрып,<br/> Шал айтқанша қамданып...<br/> Хан асамен маңдайға,<br/> «Таласатын қандай? Мә!» –<br/> Деп жіберді бір салып.<br/> Етбетінен шал түсті,<br/> Тәннен безіп жан ұшты,<br/> Қыз «хи-хи-хи! Ха-ха-ха!»<br/> Қорықпайды екен обалдан».<br/> Күлген болды һәм Дадан<br/> Жұрт ренжу, хан қапа.<br/> Не тұрыс бар далада?<br/> Хан кіреді қалаға,<br/> Жұрт көшеге толады.<br/> Сырығынан түсіп кеп,<br/> Алтын әтеш ұшып кеп,<br/> Хан басына қонады.<br/> Тұмсығымен қақты да,<br/> Ханның миын шақты да,<br/> Әтеш кетті аспанға.<br/> Арбасынан хан ұшты,<br/> Кеудесінен жан ұшты,<br/> Қалды барша жұрт таңға.<br/> Ғайып болды, қыз кетті,<br/> Сөз аяғы һәм жетті,<br/> Істеу шабан, айту тез.</p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p>Ертегінің шыны аз,<br/> Шыны аздың құны аз,<br/> Жанап айтқан жай бір сөз.</p> |                                    |
| <p><i>13 шумақ, 293 тармақ</i></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <p><i>46 шумақ, 227 тармақ</i></p> |

### 13. Лермонтовтан

| Ахметтен<br>Мтсыри                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Лермонтовтан<br>Мцыри                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Екі өзен – Кура, Арагуа ағып келіп,<br/>Кездесіп бір-біріне сәлем беріп.<br/>Жерінде екеуінің нақ көріскен,<br/>Аңсаған ағайындай бауыры еріп.</p> <p>Монастырь тұрушы еді<br/>бұрынырақ,<br/>Өзі жоқ, бұл күнде бар орны бірақ.<br/>Жаяуға таудан шыққан көрінеді,<br/>Бағандар қақпа орнында қалған құлап.</p> <p>Бұзылған шіркеудің тұр қабырғасы,<br/>Көрінбес қазір бірақ онда шырақ.<br/>Бұл күнде монахтарда да жоқ ішінде,<br/>Көп үшін дұға қылғыш тілек сұрап.</p> <p>Құлаған орнын қарап бағатын бір,<br/>Жан түгіл, өлім зорға табатын бір,<br/>Күзетші, жарымжан шал молалардың<br/>Тастарын сүртіп, шаңын қағатын бір.</p> | <p>Немного лет тому назад,<br/>Там, где, сливаясь, шумят,<br/>Обнявшись, будто две сестры,<br/>Струи Арагвы и Куры,<br/>Был монастырь. Из-за горы<br/>И нынче видит пешеход<br/>Столбы обрушенных ворот,<br/>И башни, и церковный свод;<br/>Но не курится уж под ним<br/>Кадильниц благовонный дым,<br/>Не слышно пенье в поздний час<br/>Молящих иноков за нас.<br/>Теперь один старик седой,<br/>Развалин страж полуживой,<br/>Людьми и смертью забыт,<br/>Сметает пыль с могильных плит,<br/>Которых надпись говорит<br/>О славе прошлой – и о том,<br/>Как, удручен своим венцом,<br/>Такой-то царь, в такой-то год,<br/>Вручал России свой народ.<br/>И божья благодать сошла<br/>На Грузию! Она цвела<br/>С тех пор в тени своих садов,<br/>Не опасаясь врагов,<br/>За гранью дружеских штыков.<br/>Однажды русский генерал<br/>Из гор к Тифлису проезжал;<br/>Ребенка пленного он вез.<br/>Тот занемог, не перенес<br/>Трудов далекого пути;<br/>Он был, казалось, лет шести,<br/>Как серна гор, пуглив и дик</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Сөйлейді тас жазуы<br/>өткендерін,<br/>Қайрылмай қандай дәурен<br/>кешкендерін.<br/>Мәселен пәлен патша пәлен<br/>жылы,<br/>Орысқа жұртын табыс<br/>еткендерін.</p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p>Бір жылы монастырға тұрған<br/>жолда,<br/>(Ішінде монахтары бар кезі<br/>онда)<br/>Келді де орыстың бір<br/>жандаралы,<br/>Қасында жау баласы түскен<br/>қолға.</p> <p>Тифлис шаһарына өтіп кетті,<br/>Баланы науқастанған тастап<br/>сонда.<br/>Шамасы бала сонда алты<br/>жасар,<br/>Қурайдай жіп-жіңішке, нәзік,<br/>нашар.</p> <p>Сықылды тау киігі<br/>жатырқағыш,<br/>Жоламай жанға жақын сырттан<br/>қашар.<br/>Батса да дерті жанға қанша<br/>кинап,<br/>Сыр бермей жатты бала күшін<br/>жинап.</p> <p>Қайыспас тұқымына біткен<br/>қайрат,</p> | <p>И слаб и гибок, как тростник.<br/>Но в нем мучительный недуг<br/>Развил тогда могучий дух<br/>Его отцов. Без жалоб он<br/>Томился, даже слабый стон<br/>Из детских губ не вылетал,<br/>Он знаком пищу отвергал<br/>И тихо, гордо умирал.<br/>Из жалости один монах<br/>Больного призрел, и в стенах<br/>Хранительных остался он,<br/>Искусством дружеским спасен.<br/>Но, чужд ребяческих утех,<br/>Сначала бегал он от всех,<br/>Бродил безмолвен, одинок,<br/>Смотрел, вздыхая, на восток,<br/>Томим неясною тоской<br/>По стороне своей родной.<br/>Но после к плену он привык,<br/>Стал понимать чужой язык,<br/>Был окрещен святым отцом<br/>И, с шумным светом незнаком,<br/>Уже хотел во цвете лет<br/>Изречь монашеский обет,<br/>Как вдруг однажды он исчез<br/>Осенней ночью. Темный лес<br/>Тянулся по горам кругом.<br/>Три дня все поиски по нем<br/>Напрасны были, но потом<br/>Его в степи без чувств нашли<br/>И вновь в обитель принесли.<br/>Он страшно бледен был и худ<br/>И слаб, как будто долгий труд,<br/>Болезнь иль голод испытал.<br/>Он на допрос не отвечал<br/>И с каждым днем приметно вял.<br/>И близок стал его конец;<br/>Тогда пришел к нему чернец</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Шынықты дертпен қатар іште<br/>ширап.<br/>Ауырып жатса-дағы өлім<br/>халде,<br/>Аңқылдап шакпас дертін еш<br/>адамға.</p> <p>Жалғыз-ақ ишаратпен<br/>білдіреді,<br/>Мейлі шаппағанын дәм-<br/>тағамға.<br/>Біреуі монахтардың<br/>жатсынбай-ақ,<br/>Қарады бақты есіркеп, баланы<br/>аяп.</p> <p>Емімен жаны ашыған<br/>жақындықтың,<br/>Өлімнен аман қалды барып<br/>таяп.<br/>Әуелі жүрді бәрін бөтенсініп,<br/>Бала боп жоқ ойнау еш<br/>жеңілшілік.</p> <p>Жатырқап жан адамға<br/>жоламастан,<br/>Үндемей дәйім оқшау бөлек<br/>жүріп.<br/>Сағынып туған жерін,<br/>күншығысқа<br/>Қояды қарап-қарап құр<br/>күрсініп.</p> <p>Сонан соң жат қолында<br/>жалғыздыққа,<br/>Көрінді үйренгендей тілін<br/>біліп.</p> | <p>С увещеваньем и мольбой;<br/>И, гордо выслушав, больной<br/>Привстал, собрав остаток сил,<br/>И долго так он говорил:<br/>«Ты слушать исповедь мою<br/>Сюда пришел, благодарю.<br/>Все лучше перед кем-нибудь<br/>Словами облегчить мне грудь;<br/>Но людям я не делал зла,<br/>И потому мои дела<br/>Немного пользы вам узнать, —<br/>А душу можно ль рассказать?<br/>Я мало жил, и жил в плену.<br/>Таких две жизни за одну,<br/>Но только полную тревог,<br/>Я променял бы, если б мог.<br/>Я знал одной лишь думы<br/>власть,<br/>Одну — но пламенную страсть:<br/>Она, как червь, во мне жила,<br/>Изгрызла душу и сожгла.<br/>Она мечты мои звала<br/>От келий душных и молитв<br/>В тот чудный мир тревог и<br/>битв,<br/>Где в тучах прячутся скалы,<br/>Где люди вольны, как орлы.<br/>Я эту страсть во тьме ночной<br/>Вскормил слезами и тоской;<br/>Ее пред небом и землей<br/>Я ныне громко признаю<br/>И о прощенье не молю.</p> <p>Старик! я слышал много раз,<br/>Что ты меня от смерти спас —<br/>Зачем?.. Угрюм и одинок,<br/>Грозой оторванный листок,</p> |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p style="text-align: center;">* * *</p> <p>Баланы шоқындырды поп<br/>папасы,<br/>Өскен соң монах кылмақ ер<br/>адасы.<br/>Таныспай дүниемен талақ етіп,<br/>Қалыпты қол тапсырар<br/>уағдасы.</p> <p>Бір түні жоқ боп шықты<br/>қашып зытқан,<br/>Айнала қалың орман, тауға<br/>шыққан.<br/>Үш күндей әуре болып іздеп,<br/>іздеп,<br/>Үмітті үзердей боп әрең<br/>тапқан.</p> <p>Таптық деп жатқан жерде есін<br/>танып,<br/>Қайтадан монастырға келісті<br/>алып.<br/>Тартқандай аштық, бейнет,<br/>дерт азабын,<br/>Бозарып, қатты жүдеп, қалған<br/>арып.</p> <p>Ешкімге сұраса да түк<br/>үндемей,<br/>Солады күннен күнге бейне<br/>гүлдей.<br/>Өлерге таянғанда қарт монах<br/>кеп,<br/>Үгіттеп, «кылмысың бар, —<br/>деді, — нендей?»</p> <p>Балаға шалдың сөзі болды<br/>қайрак,</p> | <p>Я вырос в сумрачных стенах<br/>Душой дитя, судьбой монах.<br/>Я никому не мог сказать<br/>Священных слов «отец» и<br/>«мать».</p> <p>Конечно, ты хотел, старик,<br/>Чтоб я в обители отвык<br/>От этих сладостных имен,—<br/>Напрасно: звук их был рожден<br/>Со мной. Я видел у других<br/>Отчизну, дом, друзей, родных,<br/>А у себя не находил<br/>Не только милых душ — могил!<br/>Тогда, пустых не тратя слез,<br/>В душе я клятву произнес:<br/>Хотя на миг когда-нибудь<br/>Мою пылающую грудь<br/>Прижать с тоской к груди<br/>другой,<br/>Хоть незнакомой, но родной.<br/>Увы! теперь мечтанья те<br/>Погибли в полной красоте,<br/>И я как жил, в земле чужой<br/>Умру рабом и сиротой.<br/>Меня могила не страшит:<br/>Там, говорят, страданье спит<br/>В холодной вечной тишине;<br/>Но с жизнью жаль расстаться<br/>мне.<br/>Я молод, молод... Знал ли ты<br/>Разгульной юности мечты?<br/>Или не знал, или забыл,<br/>Как ненавидел и любил;<br/>Как сердце билось живей<br/>При виде солнца и полей<br/>С высокой башни угловой,<br/>Где воздух свеж и где порой<br/>В глубокой скважине стены,</p> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|



|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p> Көтеріп жерден басын, көзі жайнап.<br/> Қатайып қалған бойда күшін жиып,<br/> Тарқатып шерді бала айтты сайрап:<br/> Сен келдің, өлерде айтар сыр тыңдауға,<br/> Ризамын, келгеніңе бұл тыңдауға.<br/> Көкірек жеңілткенім маған жақсы,<br/> Сөзімді керек болса, кім тыңдауға.<br/> Қылмыс жоқ, бәйре алып пайдаланар,<br/> Ісім бар, айтып өтер құр тыңдауға!<br/> Айтуға жан жарасын тіл жетер ме?!<br/> Сала бер құлағыңды, мұң тыңдауға!<br/> Дүние болды маған аз-ақ серік,<br/> Ол-дағы тұтқындықта, қамауда еріп.<br/> Бұл түрлі тіршіліктің екеуіне,<br/> Толық бір өмір алу сатса беріп.<br/> Жалғыз-ақ, ұлық тұттым ойдың күшін,<br/> Жалғыз-ақ, бір құмарды сақтады ішім.<br/> Жанымды құрттай жайлап, жегідей жеп,<br/> Күйдіріп сол құмар-ақ бітірді ісін.<br/> Шақырды құмар мені бұл орыннан,<br/> Бықырсып, пысынаған жылы орыннан. </p> | <p> Дитя неведомой страны,<br/> Прижавшись, голубь молодой<br/> Сидит, испуганный грозой?<br/> Пускай теперь прекрасный свет<br/> Тебе постыл: ты слаб, ты сед,<br/> И от желаний ты отвык. </p> <p> Что за нужда? Ты жил, старик!<br/> Тебе есть в мире что забыть,<br/> Ты жил, – я также мог бы жить!<br/> Ты хочешь знать, что видел я<br/> На воле? – Пышные поля,<br/> Холмы, покрытые венцом<br/> Дерев, разросшихся кругом,<br/> Шумящих свежеею толпой,<br/> Как братья в пляске круговой. </p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p> И близ меня перед концом<br/> Родной опять раздастся звук!<br/> И стану думать я, что друг<br/> Иль брат, склонившись надо мной,<br/> Отер внимательной рукой.<br/> С лица кончины хладный пот<br/> И что вполголоса поет<br/> Он мне про милую страну...<br/> И с этой мыслью я засну,<br/> И никого не прокляну!...» </p> |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <p>Қатерден қан қайнайтын жерге<br/>шық деп,<br/>Өлімге тіршілігі құл орнынан.</p> <p>Ой ұшты, адам құстай, азат<br/>жаққа,<br/>Өлім мен өмір қатар қабат<br/>жаққа.<br/>Таулары басын бұлтқа<br/>жасыратын,<br/>Ләззат мол тіршілікте ғажап<br/>жаққа.</p> <p>Сол құмар мен жасымнан<br/>баққан баптап,<br/>Айтпастан еш адамға іште<br/>сақтап.<br/>Асырап көз жасымен түн<br/>болғанда,<br/>Жасырын жұрттың бәрі<br/>жатқанда ұйықтап.<br/>Мұнымды жария ғып мойныма<br/>алып,<br/>Ешкімге жалынбаймын, кеш<br/>деп ақтап.</p> <p style="text-align: center;">* * *</p> <p>Жел жұлған жапырақтай ұшып<br/>келіп,<br/>Күн түспес күңгірт жерде<br/>солдым семіп.<br/>Өлімге ара тұрып, алып қапсың,<br/>Қажет не? Жақсы еді ғой<br/>қалған өліп.<br/>Тұнжырап тұщы жүз жоқ,<br/>өстім жалғыз,<br/>Сопылық, бала басым күнін<br/>көріп.</p> |  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|
| <p>Сүйікті «әке-шешем» дейтін<br/>сөздер,<br/>Оны айтпай еш адамға жан не<br/>төзер?!</p> <p>Жүрекпен бірге туған тәтті<br/>сөзден,<br/>Ұмытып жат қолында дедің<br/>безер.</p> <p>Жанмен бір туған үндер<br/>жоғалар ма?<br/>Қарасам үлкендерге,<br/>балаларға:<br/>Туысқан, үй, ұлты, дос-жары<br/>бар,<br/>Жоқ екен маған жақын<br/>молалар да.<br/>Төкпейін көздің жасын дедім<br/>текке,<br/>Ант ішіп өзімді-өзім салдым<br/>сертке.<br/>Болсада түсі қаның, туғаны<br/>бір,<br/>Төсімді таяп жақын көкірекке.</p> <p>Құмардан ерте-кеш пе, шықпақ<br/>едім,<br/>Өлетін болсам да нақ сол<br/>минутте.<br/>Дариға, ол қиялым баққан<br/>жастан,<br/>Жоғалды, енді артына<br/>қайрылмастан.<br/>Жат жерде, жау қолында<br/>жалғыз өлем,<br/>Жетімдік, тұтқындықтан<br/>құтылмастан.</p> |                                    |
| <p><i>29 шумақ, 134 тармақ</i></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <p><i>28 шумақ, 166 тармақ</i></p> |

## **Ахмет Байтұрсынұлы аударған өлеңдердің авторлары туралы қысқаша мәлімет**

1) Иван Андреевич Крылов (1769–1844 жж.) – орыс мысалшысы, ақын, бірқатар сатиралық-ағартушылық журналды басып шығарушы. Көзі тірісінде 9 жинағы жарық көрген. 236 мысал әңгіменің авторы.

И.А. Крыловтың шығармашылық мұрасын негізінен авторлық мысалдарымен бірге, Лафонтен мысалдарының сюжеттерін арқау еткен әңгімелері құрайды.

А. Байтұрсынұлы И.А. Крыловтың 43 мысалын аударды.

2) Александр Сергеевич Пушкин (1799–1837 жж.) - орыстың даңқты ақыны, драматург, реалистік бағыттағы әдебиеттің негізін салған прозаик, қазіргі орыс тілінің негізін қалаушы, әдеби сыншы, әдебиет теоретигі, тарихшы, публицист әрі журналист. XIX ғасырдың 30-жылдарындағы ең ықпалды әдебиет қайраткерлерінің бірі.

А. Байтұрсынұлы А. С. Пушкиннің үш туындысын қазақшалады.

3) Михаил Юрьевич Лермонтов (1814–1841 жж.) – орыстың танымал ақыны, прозаигі, драматургы әрі суретшісі. Гусар полкының лейб-ұланы поручигі (қазіргі аға лейтенант).

М.Ю. Лермонтовтың шығармашылығы орыс әдебиетінің дамуына серпін беріп, XIX–XX ғасырлардағы орыстың көрнекті ақын-жазушыларына зор ықпал етті. Оның шығармалары сурет өнерінде, театр және кино саласында кең көрініс тапты. Оның өлеңдері опера, симфония және романс шығармашылықтарына арқау болды.

А. Байтұрсынұлы М. Лермонтовтың әйгілі «Мцыри» поэмасын қазақ тіліне аударды.

4) Иван Иванович Хемницер (1745-1784 жж.) – орыстың танымал ақыны, аудармашы, дипломат, С.-Петербургтау училищесінің оқытушысы, Ресей императорлық ғылым академиясының мүшесі, Осман империясының

Смирна қаласындағы бас консулы. Орыстың И.А. Крыловқа дейінгі ең көрнекті мысалшысы.

А. Байтұрсынұлы И. Хемницердің бір мысал әңгімесін өлең жолдарымен аударды.

5) Юлия Валериановна Жадовская (1824–1883 жж.) – орыс жазушысы. Жазушы Павел Жадовскийдің қарындасы. Бірқатар роман мен повестің және өлеңдер жинағының авторы. Прозалық шығармаларының бас кейіпкері ретінде өзінің бақытсыз өмірін, қайғылы тағдырын, тұншыққан махаббатын суреттейді. Ю. Жадовскаяның прозасынан гөрі өлеңдері әлдеқайда терең әрі шебер жазылған.

Ю. Жадовскаяның 4-томдық толық шығармалар жинағын жазушы ағасы П. Жадовский жарыққа шығарды.

А. Байтұрсынұлы Ю. Жадовскаяның бір шығармасын қазақ тіліне аударды.

6) Иннокентий Федорович Анненский (1855–1909 жж.) – орыс ақыны, драматург, көркем аудармашы, сыншы. Әдебиет пен тіл зерттеушісі.

И. Анненский 4 пьесаның авторы, Еврипидтың 17 трагедиясы мен 1 сатиралық драмасын орысша сөйлетті. Өлең жолдарымен Гораций, Гете, Мюллер, Гейне, Бодлер, Верлен, Ренье, Сюлли-Прюдом және т.б. авторлардың шығармаларын орыс тіліне аударды.

Орыс поэзиясындағы символизмның ізінше пайда болған акмеизм мен футуризмге И. Анненский өлеңдерінің ықпалы өте зор болды. Оның «Колокольчики» атты өлеңі орыс поэзиясындағы тұңғыш футуристік өлең деп танылды.

А. Байтұрсынұлы И. Анненскийдің «Подражание арабскому» атты бір өлеңін «Арабшадан» деп аударды.

**Сұлтан Хан Аққұлы,**  
*«Алаш» мәдениет және рухани даму  
институтының директоры*

## МАЗМҰНЫ

### БІРІНШІ БӨЛІМ

|                   |   |
|-------------------|---|
| <b>Маса</b> ..... | 4 |
|-------------------|---|

### ЕКІНШІ БӨЛІМ

|                                  |     |
|----------------------------------|-----|
| <b>Мақалалар</b> .....           | 189 |
| Шаһзаман мырзаға .....           | 190 |
| Хұрметлу оқушылар! .....         | 203 |
| Оренбург, феурал 10 .....        | 208 |
| Соғыс жайынан .....              | 212 |
| Оренбург, 18 феурал .....        | 215 |
| Соғыс жайынан .....              | 218 |
| Наурыз .....                     | 220 |
| Сырт патшалар жайынан .....      | 221 |
| 5 мың десатина жер .....         | 225 |
| Жер мәселесі .....               | 228 |
| Қазақ жайы .....                 | 229 |
| Оқу жайы .....                   | 234 |
| Қазақ керегі .....               | 238 |
| Көрген-білген .....              | 241 |
| Қазақша оқу жайынан .....        | 243 |
| Білім жарысы .....               | 247 |
| Бас қосу турасында .....         | 252 |
| Көшпелі һәм отырықшы норма ..... | 257 |
| Жазу мәселесі .....              | 261 |
| Шаруа жайынан .....              | 265 |
| Русша оқушылар .....             | 268 |
| Ауру жайынан .....               | 271 |
| Оқыту жайынан .....              | 276 |
| Общеказакскій съѣздъ .....       | 281 |
| Революция и киргизы .....        | 285 |

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

|                                                                                  |         |
|----------------------------------------------------------------------------------|---------|
| <b>Ғылыми түсінік</b> .....                                                      | 292     |
| Табылған туындылары .....                                                        | 310     |
| Дағдарыс .....                                                                   | 312     |
| Қойан .....                                                                      | 313     |
| Туған тілім .....                                                                | 314     |
| <br><b>Қосымша кесте</b> .....                                                   | <br>329 |
| Ахмет Байтұрсынұлы аударған өлеңдердің авторлары<br>туралы қысқаша мәлімет ..... | <br>380 |

ISBN 978-601-337-715-5



9 786013 377155

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

*Он екі томдық шығармалар жинағы*

*Қазақ және орыс тілдерінде*

**Екінші том**

**МАСА**

Жауапты редакторы: *Райхан Сахыбекқызы*

Жауапты шығарушы: *Сұлтан Хан Аққұлы*

Редакторлары: *Абай Мырзағали*

*Гүлмария Тұрысбекқызы*

Корректоры: *Жансая Құрманәлі*

Техникалық редакторы: *Әділ Бауыржанұлы*

Көркемдеуші редактор: *Жамила Айдос*

Суретші: *Дархан Айтжан*

**ИБ №257**

Теруге 25.02.2022 ж. берілді.

Басуға 12.09.2022 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>.

Қаріп түрі «Times New Roman».

Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 20.

Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №7069.

Тапсырыс берушінің файлдарынан

Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат»

ЖШС-нде басылды.

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

Бұл тапсырыстың мазмұнына баспахана жауап бермейді.